

28 / 2009  
к 17882к

# Тіл-күретамыр

Әбдуәли ҚАЙДАРОВ,  
Зинаида АХТАМБЕРДИЕВА,  
Байтұрсын ӨМІРБЕКОВ

## ТҮР-ТҮСТЕРДІҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ





Әбдуәли ҚАЙДАРОВ,  
Зинаида АХТАМБЕРДИЕВА,  
Байтұрсын ӨМІРБЕКОВ

# ТҮР-ТҮСТЕРДІҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

АЛМАТЫ «АНА ТІЛІ» 1992

**Қайдаров Ә. ж. б.**

Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Ә. Қайдаров,  
З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков.— «Ана тілі»,  
1992.— 160 бет.

ISBN 5-630-00135-3

Кітапта қазақ халқының табиғи түр-түс жөніндегі ұғым-түсінігі, оны түйсініп қабылдауы ғылыми негізде әңгімеленеді. Сан алуан реңк беріп, құбылып тұратын түр-түстердің адамның көңіл күйіне, психикасына, еңбек пен шығармашылық қызметіне әсері, тұрмыстың әр саласында қолданылуы, сондай-ақ түр-түстердің тілдегі атаулары және олардың жасалу жолдары жайында айтылады.

Еңбек өнер зерттеушілерге, тіл мамандарына, студенттерге, көпшілік оқырманға арналған.

К  $\frac{4602020400-012}{415(05)-92}$  003-92

ISBN 5-630-00135-3

© Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З.,  
Өмірбеков Б., 1992

## АЛҒЫ СӨЗ

Табиғат бізге өзінің ерекше әсемдігімен, көркем сәнімен, бояу-нақышымен қымбат. Оның сұлулығы, көз тартар көркі ең алдымен түрлі түсті реңкіне байланысты. Бастарын қар шалған асқар таулар мен мұнартан зеңгір шыңдар, арайлап атқан таң мен алаурап батқан күн, толқынды теңіздер мен айдынды шалқар көлдер, жөнкі көшкен бұйра бұлттар мен күн сәулесімен көмкерілген кемпірқосақ, жасыл орман мен көгөрай шалғын дала, жеміс-жидек, гүл-бәйшешек, аспандап ұшқан аққу мен жерде жортқан алтайы қызыл түлкі т. т.—осының бәрі өз өңімен, өз реңкімен, бір-бірін қайталамайтын неше алуан түр-түсімен, нақыш-бояуымен көрікті де көркем, әсерлі де әсем. Көз қуанып, көңілге нұр ұялататын, жүректің нәзік сезімін тербетіп, жан-дүниенің эстетикалық ләззат сыйлайтын табиғаттың осы бір салтанатын, ерекше жаратылысын «Түр-түс әлемі» деп атап, оны арнайы зерттейтін болсақ, сыры мол, өмір үшін маңызы зор күрделі құбылыс екендігіне көз жеткіземіз.

Әдетте, аспан асты, жұмыр жер бетіндегі табиғат өзінің бар өнерін төге, шебер қолмен жасаған осы бір тамаша музей күнде көріп жүргендіктен бе, әйтеуір, бізге үйреншікті, әдеттегі құбылыс болып сезіледі. Сондықтан да болар, кейде түр-түс әлемінің небір ғажайып құбылысын көргенде, оған таңдай қағып, таңдана қарасақ та, сырын білуге көп қызықпаймыз.

Табиғат көркемдігін сую, сұлулығын сезіну, түрлі түсті ажырата білу жеке адамның өз басына ғана байланысты болғанмен, жалпы қоғам үшін түр-түс жайындағы мәлімет өте қажет. Осыған орай басқа да табиғи құбылыстар сияқты, түр-түс табиғатының тым күрделілігіне байланысты онымен бүгінде физика, физиология, психология, химия, оптика, астрономия, метрология, өнертану, лингвистика т. б. толып жатқан ғылым салалары шұғылданды. Солардың ішінде түр-түс табиғатын арнайы зерттейтін ғылым саласы орыс тілінде — «цветоведение» деп аталады, осыған сәйкес қазақшалап «түр-түстану» ғылымы деп алуымызға болады.

Түр-түс сырына осыншама мән берілуінің себебі — ең алдымен оның қоғамда, қоғам мүшелері үшін атқаратын қызметіне байланысты. Табиғаттағы түр-түс әлемімен таныс болу, оны қызықтап, эстетикалық ләззат алу бар да, оның тұрмыс-тіршілігімізде атқаратын аса қажетті қызметін білу тағы бар. Төрт түлік малын түстеп танитын қазақ үшін жал-құйрығы мен түгінде сәл ғана айырмашылығы бар торы ат пен күрең торыны, құла ат пен құлагерді, кер ат пен қарагерді шатастыру үлкен айып және малшы өмірінде бұл мәселенің маңызы аса зор.

Ал енді түр-түстердің бүгінгі мәдени өмірімізде алатын орны мен атқаратын қызметіне келсек, ол өз алдына бір мәселе. Түр-түстің табиғатын білу, құрамын, өлшемін, эталонын анықтау — өмірдің барлық саласында да қажетті, практикалық маңызы зор проблема. Түр-түстанудың өндіріс саласындағы қажеттігі, мәселен, химияда — неше түрлі бояу, сыр, лак жасауға байланысты болса, мата тоқуда — материалдардың түр-түсін белгілеуге байланысты, медицинада — адамның көру қабілетін, түр-түске деген психикалық реакциясын анықтауға, көркем-өнер саласында — адамның эстетика-

лық сезімін оятып, көркемдікке үйретуге, лингвистикада — түр-түс номинациясындағы заңдылықтарды ашып, олардың атауларын дұрыс қолдануға байланысты т. т. Мұның сыртында түр-түстің шартты түрде толып жатқан қоғамдық символикалары мен әр халықтың салт-санасына, әдет-ғұрпына, сенім-нанымына қатысты қолданыстары тағы бар.

Осының бәрі түр-түс әлемін тереңірек зерттеуді, яғни ғылыми негіздерге, оның бүгінгі қол жеткен табыстарына сүйене отырып, әрбір халықтың дүниетанымына, тіл ерекшеліктеріне сәйкес салыстыра зерттеуді талап етеді.

Көпшілік қауымға бағышталып жазылған біздің бұл еңбегімізде түр-түс табиғаты колориметрия тұрғысынан арнайы сөз етілмейді. Мақсат — айналамызды қоршаған табиғатта кездесетін неше алуан түр-түстер мен реңктер жайындағы белгілі жалпы мағлұматтармен қатар қазақ халқының өз танымын, көзқарасын, түсінігін, тіл фактілерін бір жүйеге келтіре отырып, көңілге түйген ойларды ортаға салып, пікір алысу.

Кітап төрт тараудан тұрады. Оның «Түр-түс табиғатын танып білу» деп аталатын бірінші тарауынан оқырман қауым түр-түсті сезіну мен қабылдаудың психофизиологиялық ерекшеліктері, оның ғылымда анықталған бірнеше заңдылықтары туралы белгілі дәрежеде мағлұмат ала алады. Сонымен қатар бұл тарауда колориметриялық шамалардың стандартты негіздері сөз болып, түр-түс атауларының ғылымдағы жасалуы көрсетілген.

Екінші тарауда түр-түс атаулары тіл байлығы ретінде қаралып, табиғаттағы түр-түстің, реңктердің тілдегі номинациялану заңдылығы, түр-түс атауларының пайда болуы мен олардың қолданылу аясы қаралады. Сондықтан біз бұл тарауда тілдің фактілеріне, атаулардың жасалу модельдері мен мағыналарына көбірек тоқталып, талдау жасаймыз.

Үшінші тарау түр-түстер мен реңктердің ауыс мағыналарда қолданылуына арналған. Бұл — түр-түс табиғатының өте қызықты жақтары. Өйткені, басқа тілдер сияқты, қазақ тілінде де түр-түстердің бәрі бірдей тек өзінің негізгі атау мағынасында ғана қолданылмай, бір қарағанда түр-түске қатысы жоқ мағына-мәнді жұмсалуды халықтың материалдық, рухани мәдениетіне, әдет-ғұрып, сенім-нанымына байланысты ұзақ тарихы мен өткен өмірінен елес береді.

Төртінші тарау түр-түстердің халық санасында қалыптасуына байланысты өмір-тіршіліктің барлық саласында қолданылуына арналған. Түр-түс өрнегі мен нақыш-бояуын біз өсімдікпен жануарлар дүниесінен де, аспан әлемі мен табиғи құбылыстардан да, тұрмыс салты мен қоғам салтанатынан да, адамның өзі мен өзгеге берілетін сын-сипатынан да айқын көреміз. Сондай-ақ халқымыздың төрт түлік малды түстеп тануға келгенде алдына жан салмайтын керемет зеректілігі мен өнер-өнегесі, қоғамдық символикаға айналған кейбір түр-түстердің тарихи тағдыры да осы тарауда арнайы сөз болады.

Осы орайда төрт түлік малға қатысты түр-түс атаулары, түр-түс атаулары қатысқан фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер де берілді. Пайдаланылған әдебиеттер мен шығармалардың көрсеткішін келтіруді де артық болмас деп ойладық.

Бұл тәрізді еңбек бұрын-сонды жарыққа шыққан емес. Сондықтан да бұл саладағы алғашқы қадамымызда белгілі олқылықтар мен кемістіктердің байқалуы ықтимал. Ол жайында айтылатын тілек, орынды пікірлерді авторлар ілтипатпен қабылдайды.

*Авторлар*

## Бірінші тарау

### ТҮР-ТҮС ТАБИҒАТЫН ТАНЫП, БІЛУ

Табиғаттағы неше алуан түр-түстер мен олардың реңктерін адам баласы екі түрлі жолмен танып, біле алады екен. Олардың бірі — ғылыми жол да, екіншісі — халықтық дәстүр, тәжірибе. Түр-түс әлемін ғылыми жолмен тану, әрине, осы құбылысты зерттеуге қатысты ғылым салаларының (колориметрия, физика, физиология, психология т. б.) дамуына байланысты болса, дәстүрлік тану белгілі бір қауымның ұзақ дәуір бойындағы өмір тәжірибесіне сүйенеді. Хронологиялық жағынан алып қарасақ, әрине, дәстүрлік тану ғылыми танудан бұрын тұруы керек.

Тану объектісі — табиғаттағы түр-түстер болғандықтан бұл екі жолдың екеуі де біз үшін қажет және бірінбірі толықтырып отыратын, біріне-бірі байланысты тәсілдер. Дәстүрлік ұғым нәтижесінде біз түр-түстердің жалпы қасиетін, көзге ұрып тұрған негізгі белгілерін байқасақ, ғылыми-теориялық зерттеу нәтижесінде олардың жай көзге байқала бермейтін негізгі де нәзік реңктерін аса бір дәлдікпен өлшеп, белгілеп, анықтай біледі екенбіз. Осыған орай, түр-түс табиғатын ғылым мен халықтық дәстүр негізінде тануда барлық жағдайда бірдей сәйкестік, үйлестік бола бермеуі мүмкін. Сондықтан да біз тілімізде халықтық дәстүр негізінде пайда болған, түр-түсті білдіретін сөздерді «түр-түс атаулары» деп алып, ал ғылыми негізде қабылданған, өзінің мағыналық дәлдігімен де, нақтылығымен де сипатталатын сөздер мен сөз тіркестерін «түр-түс терминдері» деп атауды ұсынған болар едік. Оның себебі: түр-түске байланысты сөздер мен сөз тіркестері күнделікті тілімізде де, көркем шығармалар мен саяси-әлеуметтік әдебиеттерде де өте жиі қолданылады. Сонымен қатар түр-түс табиғатын жалпылама емес, өте дәл беруді қажет ететін ғылым салалары да (мәселен, физика, химия, оптика, колориметрия, мата өндірісі, астрономия т. б.) аз емес. Осындай жағдайда бәрін болмаса да, түр-түс атауларының біразын ғылыми термин ретінде қалыптастырудың маңызы ана тіліміз үшін зор болса керек.

Бұдан бұрынғы «Сырға толы түр мен түс» деген еңбегімізде біз түр-түсті таза физикалық ұғым ретінде

қарастырып, жарық сәулесі мен түр-түстің өзара байланысын және оның адамның көру мүшесі — көзбен қабылдану жүйесін айтқанбыз. Жарық сәулесінің спектрге бөлінуі олардың толқын ұзындықтарының шамасына қарай хроматты жеті түске таралып, оптикалық құбылыстар арқылы түр-түстанудың физикалық негізін түзді дедік.

Ал физиологиялық тұрғыдан сөз еткенде көздің анатомиялық құрылысы мен қызметін айта келіп, түр-түсті көріп қабылдау жүйесіндегі «үш түсті көру теориясын» — жарық сәулесінің әуелі химиялық, содан барып биологиялық энергияға айналып, ми қабыршақтарына белгі беру арқылы түр-түс реңін ажыратуды — баяндадық.

Сонымен қатар түр-түстердің физикалық жолмен араласу заңдылықтары, оның тұрмыста, өндірісте және өмірде қолданылу тәжірибесінен қысқаша мәліметтер берілген еді.

Енді осы негізгі мағлұматтарға сүйене отырып түр-түс табиғатын танып-білудегі тағы бірқатар мәселелер төңірегінде сөз қозғамақпыз. Қазақ тілінде бұдан бұрын бұл тақырыпта жарық көрген әдебиеттер болмағандықтан еңбек танымдық тұрғыда «түр-түстану» ғылымына кіріспе оқу құралы ретінде болмақ. Қарастырылатын негізгі мәселелер — түр-түс көріністерін сезім арқылы қабылдаудан туатын ерекше құбылыстар мен заңдылықтар, оның қазақ тіліндегі көріністері мен түр-түс атауларының жасалу жолдары, мәні мен мағынасы.

Бұдан 60 жылдай бұрын австриялық атақты физика зерттеушісі — Эрвин Шредингер (1887—1961) түр-түстанудың екі саласын ажырата зерттеуді ұсынған еді. Олар бір-бірімен байланысты болғанымен ғалым түр-түсті сезім арқылы қабылдауды жоғары қойып, таза физикалық негізін екінші сатыға қойған. Өйткені түр-түсті сезім арқылы қабылдауда адам психологиясы мен физиологиялық ерекшеліктерінің мәні үлкен де сан-салалы.

**Түр-түсті сезіну және қабылдау.** Адамда пайда болатын сезімдерді зерттеу үшін негізгі психология ілімінде жататын көптеген құбылыстарды зерттеуге тура келеді. Мәселен, спектрдің тек қысқа толқындарынан тұратын жарық сәулесін көзінің ақауы жоқ адам көк түс ретінде көреді. Сол көк түсті сәуленің түсіп тұрған жазықтығы ықшамдау болып, оның айналасына көлемдірек етіп ашық жасыл сәулені түсірсек, жаңағы көк



түстің реңі күлгін қызылға айналып кеткенін байқау қиын емес. Ал жасыл сәуленің орнына күлгін-қызыл түсті сәуле бергенде жаңағы көгіміз жасылға айналып сала береді. Бұл құбылыстың негізі жарық сәулесінің өзгермейтін физикалық заңдылығында жатқанымен, оны өзгеріске енгізген көру мүшесіміздің қасиеті екені даусыз. Ендеше көк түстің өзгеруі — біздің қабылдау мүмкіндігіміз. Көк арқылы келген хабарды ми жүйеміздің «жасыл, көк, күлгін» деп саралауы — әрине, психологиялық процесс. Дегенмен, біз әр кезде түр-түсті таза физикалық жолмен көріп отыра алмаймыз ғой. Түр-түсті ажыратудың, оны көрудің басты жолы — әдеттегідей күнделікті өмірдегі жағдай. Олай болса, түр-түсті көріп қабылдаудың көптеген себеп-салдары бар, көру мүмкіндіктері бар. Оның көпшілігі адамның мінез-құлқына байланысты болса, кейде түр-түстің адам жүйкесіне әсерінен де туындап жатады.

Яғни, түр-түс көрінісін бағдарлау арқылы қабылдауды зерттеу — психология, физиология, эстетика және өнертану ғылымдарының міндеті. Ал түр-түстің физикалық негіздеріне сүйене отырып, әр түрлі ғылыми-техникалық шараларды жүзеге асыратын «түр-түстанудың» нақтылы ғылыми саласы «колориметрия» болып табылады.

Сонымен, түр-түс көрінісін бағдарлау арқылы қабылдау психофизиологиялық жағдай болғандықтан, оның өнер мен әдебиетте, тілде алатын орны ерекше. Белгілі ғылыми деректерде тілдегі түр-түс атауларының байлығы сол халықтың мәдени дамуының деңгейін көрсетеді делінеді. Үздік дамыған тілде негізгі түр-түстердің он бір атауы болатын көрінеді. Қазақ тіліндегі негізгі түр-түстердің атауларын санай келгенімізде он бірге жетті. Олар мыналар: *қызыл, сары, жасыл, көк, күлгін, қоңыр, қара, сұр, боз, ақ, көгілдір*. Бірақ төрт түлік малдың түр-түс атаулары өзінше де, басқа түр-түстер атаулары осы сөздерге қосымша, қосарлана айтылып және салыстырмалы түрде жасалып жатады. Ол туралы кейінірек сөз болады. Төл әдебиетіміздің қай шығармасын аясыңыз да түр-түс атауларының байлығы арқылы суреттелетін табиғат, адам сұлулығы, төрт түлік малдың әрқайсысына тән түрі мен түсін ажырататын атаулар бұған дәлел бола алады. Әсіресе, бейнелеу өнерінде түр-түс — бейнелеу мүмкіншіліктерінің ішіндегі ең негізгісі болып табылады. Сондықтан да түр-түсті көру, бағдарлау арқылы қабылдаудан туатын ерекшеліктер мен

заңдылықтар — шығармашылық процесінің үлкен бір құралы.

Ал енді оры ерекшеліктер мен заңдылықтарға тоқталайық. Ең алдымен әрбір түске меншікті қасиеттері — реңі, қанықтығы мен ашықтығы болады; түр-түстер өз-ара салыстырмалы қарама-қарсылықта (контраст) жұптасады және олардың түрі бірнешеу; жай көзге түр-түстер салыстырмалы жүйе — үйлесімділік (гармония) құрады да, эстетикалық тағлым алады.

**Түр-түс реңі.** Белгілі бір спектрлік құрамы бар сәуле адам көзіне түсіп, бір түсті сезінуге әсер етті делік. Егер осы сәуле энергиясы өзінің мөлшерін өзгертіп тұратын болса, онда соған сәйкес жаңағы адамның көзінде де көріп тұрған түр-түсті сезіну құбылмалы болады екен.

Міне, сол құбылыстарды тереңірек зерттеп келе түр-түс «реңі», «қанықтығы», «ашықтығы» деген терминдер, яғни түр-түсті үш түрлі сезіну анықталған. Бірақ сол «сезім» табиғатын айтып жеткізу қиын болғандықтан физикалық негіздеріне сүйену керек сияқты. Себебі бұрын айтқанымыздай түр-түс сезімін туғызатын — көзге түсетін жарық сәулесі ғой. Ал жай сөз арасында біз көріп тұрған түр-түстің реңін басқа біреуге жеткізу үшін өмірдегі бар заттармен салыстыра, байланыстыра отырып түсіндіреміз. Мысалы, көк түсті *көк шөптей* деп, қызыл түсті *қызыл алмадай* деп айтамыз. Бірақ бұдан түр-түсті сезіну мен көзге әсер ететін сәуленің арасында бірыңғай байланыс бар деген ұғым тұмау керек. Сәуленің әсерімен қоса түр-түсті сезінуге оны көріп, бағдарлау жағдайының да қосымша әсері мол. Мәселен, *шөп* — *көк* деп айтамыз да, оның нағыз реңінің қандай екеніне мән бермейміз.

Түр-түс реңі — ең басты сапалық фактор болып, түр-түс өңін анықтайды да, бізге *қызыл*, *жасыл*, *көк* деген атау беруге мүмкіндік береді. Түр-түс реңі — спектрдегі түр-түстердің толқын ұзындықтарына байланысты өзгереді. Әрбір реңге тиесілі толқын ұзындығы бар. Әдетте адам жай көзбен 2000-нан аса түр-түс реңдерін ажырата алады. Сонымен біз светофордың қызыл сәулесі жанғанда қызыл рең көреміз де, жасыл сәулесі жанғанда жасыл рең көреміз. Көру қабілетімізбен қабылдаған түр-түстің реңін «қызыл», «жасыл» т. б. деп атасақ, онда олар хроматты түр-түстер болады да, ал қара мен ақ түстер ахроматты делінеді. Яғни, ахроматты түстер реңсіз болады.

Көптеген хроматты түр-түстердің ішінде тек төрт түс қана өзіндік тазалығын сақтаған. Олар: *қызыл, жасыл, сары, көк*. Басқаларының барлығы осы төрт түстің араласуынан пайда болады: қызыл мен сары араласса — *қызылсары, сарғыш қызыл*; сары мен жасыл араласса — *сарғыш жасыл, жасыл сары*; жасыл мен көк — *жасыл көк, көк жасыл*; көк пен қызыл — *көкшіл қызыл, күлгін*  
т. с. с.

**Қанықтық.** Түр-түстің бұл қасиеті — «бояудың химиялық құрамының тазалығы» немесе «бояу түрінің қанықтығы» деген ұғыммен парапар келетін термин. Түр-түстің реңі сияқты бұл ұғым да олардың сапалық қасиетін көрсетеді. Яғни, мұны түр-түс реңінің қанықтығы деп те айтуға болады. Ойымыз түсініктірек болу үшін мынадай мысалға жүгінейік: қызыл және алқызыл екі түсті алып көрелік. Екеуі де қызыл реңнен тұрады да, көрер көзге тек біреуі таза, тұнық болып, екіншісі бұлыңғырлау болып көрінеді. Себебі қызыл түстің құрамында тек монохромдық қызыл мол және таза өзі ғана. Алқызыл түстің хроматты құрамы — төмендеу. Сондықтан да біз қызыл түстің қанықтығы жоғары, яки таза деп қабылдаймыз. Дегенмен, бұл жерде бір нәрсенің басын аша кеткен жөн. Әдетте, біз «қанықтық» дегенде тек көрер көзге байқалатын, физиологиялық процестің нәтижесін айтамыз. Ал түр-түстің «тазалығы» дегенге келсек, бұл колориметриялық ұғым болады да, объективті шама ретінде қарастырылады. Сондықтан бұдан арғы әңгіменің бәрінде біз түр-түске көрермен ретінде қарап, табиғат пен өмірдегі байланысын сана-сезім елегінен өткізе отырып қарастырамыз.

**Түр-түстің жарықтығы.** Біз әдетте айналамыздағы заттардың түр-түсін бағдарлай келіп — мынаның түсі қанық, бояуы қою, өткір екен — дегенде түр-түстің бір қасиеті — «қанықтығын» айтамыз да, ал «ашандау екен», «солғын екен» немесе «көмескілеу екен» дегенде олардың түр-түсінің «жарықтығы» (ашықтығы) деп аталатын түр-түстің басқа үшінші қасиетіне көңіл бөлеміз. Сонымен, «жарықтық» деген термин «түр-түстану» ғылымында жарық сәулесінің көзге әсерінен туатын сезім негізінде қабылданған. Олай болса, бұл шаманы жарық көзінің энергетикалық қуатына тікелей байланысты дегеніміз орынды болар. Өйткені жарық көзі неғұрлым күшті жарық берсе, немесе әлсіз болса, соған орай жарық сезімі де өзгеріп отырады ғой: Заттардың түр-түсі жарық сәулесінің мөлшеріне қарай ашық немесе көмес-

кілеу болып көрінеді. Ашық күннің жарығындағы шөп пен көлеңкедегі шөптің түрін еске алайықшы. Жасыл реңді шөп жарықтың екі түрлі әсерінен көрер көзге бір-де ашық жасыл боп, екінші сәтте қарақошқыл болып өзгереді. Бұл — түр-түстің жарық сәулесіне байланысты өзгеруі. Жарықтығына байланысты жеке түр-түстерді де өзара салыстыруға болады. Мәселен, «сары» — бүкіл хроматты түр-түстің ішіндегі ең жарығы (ашығы). Егер оны қызылмен, күлгінмен, не болмаса жасылмен қатар қойған кезде олардан әлдеқайда ашық екеніне көз жеткізу қиын емес. Осы сияқты басқа түр-түстерді де салыстыра келіп, жарықтың айырмашылығын байқауға болады.

Ахроматты түр-түстер бір-бірінен тек жарықтығы арқылы ғана ажыратылады. Ең жарық түс, ол — «ақ». Сондықтан басқа хроматты түр-түстердің жарықтығын ахроматты түстермен салыстыра өлшейді. Ол үшін шағылысу коэффициенті алдын ала өлшенген ахроматты түстердің шкаласы (сатылы өлшем бірлігі) қолданылады.

Сонымен, түр-түстің үш шамасы — реңі, қанықтығы және жарықтығы — олардың сапалық және сандық қасиеттерін толық анықтайтын сезім. Олай болса, осы үш шама белгілі бір түсті анықтауға, не болмаса графикалық бейнелеу үшін үш өлшемді жүйеге негіз болатыны анық. Мәселен, «түр-түс денесі» деп аталатын нұсқаны алып көрелік. Оны алғаш рет неміс суретші-ғалымы О. Рунге ұсынып, сол арқылы түр-түс құбылыстарын түсіндіре келіп, белгілі жүйе құрған. «Түр-түс денесі» — домалақ шар пішінді. Оның полюстеріне ақ пен қара түс орналастырылып, ось бойымен осы екі түстің араласуынан шығатын ақтан қараға дейінгі тізбегі — түр-түстің жарықтығы. Ал реңін анықтайтын хроматты түр-түстер шардың белдеуіне айнала орналастырылады. Осы орналасқан хроматты түр-түстердің қанықтығының өзгерісін білдіретін шама, ол — шардың дінгегі мен белдеудегі түстердің арасындағы қашықтық. Енді осы денені көз алдымызға келтіріп көрелік: дененің ортасынан өтетін дінгегі — тік сызық реңсіз, қанықсыз, яғни ахроматты түстерге тең. Олар тек жоғарыдағы төмен жарықтығын өзгертеді. Тік сызықтан көлбеу алыстаған сайын түр-түстердің реңі пайда бола бастайды да, белдеуге жеткенде толық реңін алады.

Түр-түстердің қанықтығы белдеуден не төмен — қараға, не жоғары — аққа жақындаған сайын өзгереді.

Сөйтіп, біз осы «түр-түс денесі» арқылы бүкіл түр-түстердің өзара араласуы мен олардың реңінің, қанықтығының, жарықтығының өзгеруін толық жүйе ретінде көре аламыз.

**Түр-түстердің өзара салыстырмалы қарама-қарсылықта болуы** (контраст). Адам белгілі бір түр-түс бейнесін ұзақ уақыт қараған соң көзі үйреніп, басқа түсті затқа кенет бұрылғанда ол заттың түсін бірден анықтай алмайтындай халде болады. Оның себебі көздің тор қабығында болатын жарық сезгіш анализаторлардың қызметіне байланысты. Біз қараңғы бөлмеден ашық күн астына шыққанда бірден жарыққа қарай алмай, көзімізді көлегейлей береміз. Тек біраз уақыттан кейін ғана көру қабілетіміз орнына келеді. Керісінше, жарықтан қараңғы үйге кіргенде де алғаш еш нәрсені бағдарлай алмай, тіпті көрмей қаламыз. Мұның себебі де сол көздің «таяқшалары» мен «колба тектес» жарықсезгіш анализаторларының жағдайға қалыптасуы (адаптация). Олардың әр түрлі заттардың бетінен шағылысқан сәулелерді қабылдай отырып, жарық пен қараңғыға, реңі әр түрлі түстерге қалыптасуы (адаптация) кезеңдерінде адам ерекше құбылыстар байқайды. Солардың бірі — түр-түстердің салыстырмалы қарама-қарсылықта (контраст) болуы.

а) **Өткен бейнеден болатын қарама-қарсылық.** Егер сіз күннің ашық кезінде терезеден сыртқа біраз уақыт қарап тұрып, содан кейін тез қабырғаға бұрылсаңыз, қабырғадан терезенің жақтауларын жарық, ал даланың жарығын қараңғы ғып көрген болар едіңіз. Міне, осындай көздің сезімдік құбылысын «өткен бейнеден болатын қарама-қарсылық» дейміз. Бұл бейне неғұрлым айқынырақ және көбірек сақталуы үшін көрер затымыздың жарығы мол, түсі қанық болса керек. Бұл жағдайдың табиғаты да — жоғарыда айтқандай, көздегі сыры мол құбылыстардың бірі. Өте жарық далаға терезеден қарағанда көздегі жарық сезгіш химиялық элементтер тез жұмсалып кетті де, қабырғаға қараған кезде оның солғын жарығын сезе алмай қалды. Егер жаңағы тәжірибемізді белгілі бір түр-түстер арқылы жасаған болсақ, онда — қызылдың орнына жасыл, жасылдың орнына қызылды көрген болар едік. Яғни, қызыл түсті қарап алып, қабырғаға бұрылғанда оған «қосымша» түс болатын жасылды көреді екенбіз.

Тәжірибемізді қиындата түсейік. Төртбұрышты жазық бетке төрт түсті — *жасыл, көк, сары, қызыл* бояуды

жағып, дәл ортасына көз тігіп біраз қарайық та, үстіне тез ақ қағаз қоялық. Қойған қағаз бетінен біз төрт түрлі бояудың қарама-қарсы бейнесін байқаймыз. Яғни, *алқызыл, сары қызыл, көк және жасыл*. Бұдан біз қарама-қарсылықтың көздің қалыптасу қасиетіне тікелей байланысты екенін байқаймыз. Өйткені, егер жанарымызды қағаз бетінен бұрған болсақ, ондағы бейне де біз бұрылған жаққа қозғалады.

Ал «қосымша» түр-түстер деп, өзара араластырғанда ахроматты қарасұр түс беретін екі қос түсті айтамыз. Олар түр-түс шеңберінде диагональ бойымен бір-біріне қарама-қарсы жатады да, жарықтығы мен қанықтығы жағынан әр түрлі болады. Олар мыналар: қызыл-жасыл; көк-қызыл; күлгін-сары т. с. с. Осы «қосымша» түстер болып жұпталған түр-түстердің негізгі қасиеті — олар бір-біріне өте үйлесімді (гармонично) болып келеді де, қатар орналасқанда бір-бірінің қанықтығын күшейтіп, өткір оң береді. Салыстырмалы қарама-қайшылық жағдайында әуелі біреуіне ұзақ қарап тұрып, содан кейін ақ қағаз бетіне қарағанда сол қараған түске қосымша болатын екінші сыңарын көреміз. Оның себебін жоғарыда айттық.

ә) **Бір мезгілді қарама-қарсылық.** Белгілі бір түске айналғасындағы түр-түстердің егер әсері де ерекше. Мысалы, ақ дастарқан үстіне қойылған алма мен қара түсті мата үстіне қойылған дәл сондай алманы салыстыра қарағанда, ақ түсті матаның үстіндегі алмадан қара түсті матаның үстіндегі алма әлдеқайда бозғылттау екенін ажырату қиын емес. Міне, осындай бір түсті көріп, сезінуде оған айналғасындағы түстің ететін әсерінен болатын құбылысты «бір мезгілді қарама-қарсылық» дейміз. Бұл құбылысқа, әсіресе жақсы мысал — сұр түстердің өзгеруі. Бірыңғай сұр түске боялған бірнеше төртбұрышты қағазды қиып алып, көлемі бұлардан 3—4 есе үлкенірек, қызыл, жасыл, көк, сары түске боялған қағаздардың үстіне қоялық. Енді қызыл түсті қағаздың үстіндегі сұр түс көкшіл жасыл, жасыл қағаздағы алқызылдау, көк қағаздағы сарғыштау, ал сарыға боялған қағаздағы сұр түсті төртбұрышымыз күлгіндеу сияқты құлпырып тұрғанын байқаймыз. Ал кейбір жағдайда, әсіресе бір түсті қоршаған басқа түстердің көлемі тым үлкендеу болғанда, алғашқы түс өзінің ахроматты түсін жойып, ахроматты — сұрғылт болып көрінуі де мүмкін.

Сөйтіп, күнделікті өмірде бізді қоршаған түрлі түсті заттар түр-түстері арқылы өзара қарым-қатынаста

болады. Біз олардың бірінен екіншісіне қараған кезде көз үйрену мүмкіншілігімізге қарай жаңағы айтқан салыстырмалы қарама-қарсылықтардың салдарынан түр-түстердің ауысу, өзгеру құбылыстарын сезініп, қабылдаймыз. Бір түстің өзі бірнеше сезімдік мағлұмат береді.

Түр-түсті физикалық жолмен қабылдау мен оны психологиялық — көріп, сезіну арқылы қабылдаудың айырмашылығы осында.

б) **Өң сезінудегі тұрақтылық.** Біз осы уақытқа дейінгі алған мағлұматтарымыздың негізінде түр-түс — заттардың сыртқы бетінің қасиеті деп түсінеміз. Яғни, түр-түс затқа түскен жарықтың мөлшеріне, зат бетінің сол жарықты шағылыстыру коэффициентіне байланысты. Енді сол заттың түр-түсін — заттың өңі деп қарастырайық. Үстіңіздегі көйлегіңіз көк өнді делік. Далада, күн сәулесі жарығында да көк көйлек дейміз. Үй ішіндегі электр шамының жарығында да көк көйлек киіп тұрмыз дейміз. Шын мәнісінде күн сәулесінің жарығындағы көк пен электр сәулесі астындағы көк — екеуі екі басқа. Себебі екі жарықтың спектрлік құрамы екі басқа. Ал біздің көк көйлектің өңі сол көк күйінде. Бұл — біздің санамызда қалыптасқан «көк». Заттарды бір-бірінен ажыратып алу үшін бізге өзгеріп тұратын түр-түсі емес, оның өңін білу өте қажет екен. Өйткені ол ұғым — жарық сәулесінің әсерінен өзгермейтін тұрақты сезім. Сөйтіп, адамның әр түрлі жарық сәулесінің әсеріне, соған орай түр-түстерінің құбылуына қарамастан керекті өңін ажырата алатын қабілеті «өң сезінудегі тұрақтылық» (константность восприятия окраски) деп аталады.

Мұның мәні адам санасында түр-түсті сезіндіретін сәулелердің спектралдық құрамының белгілі бір үлгісінің қалыптасуы мен оның әдетке айналуында жатыр. Біздің әр затты түр-түсі мен нұсқасы ұқсас болғанымен шатастырмай ажырататынымыз да сондықтан. Ал осы заматта ми қыртысында өте күрделі процесс — спектрлік сарап пен салыстырмалы тексерулер өтіп кеткенін өзіміз байқамаймыз.

### ҮЙЛЕСІМДІЛІК

Адам өзін қоршаған табиғаттан ғасырлар бойы үйлесімділіктің неше алуан көріністерін байқап, оның әсемдік пен әдеміліктің көзі, бастау бұлағы екенін ұққан. Әсіресе табиғаттағы түр-түс үйлесімділігі ғажайып әсе-

рімен адам баласын таңдандырып, оның мінез-құлқына, әдет-ғұрпына өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Біз әсемдік пен әдемілікті әр кезде гүлге, жастық пен балалықтың белгісін көктемнің жасыл шөбі мен көк шыбыққа теңейміз. Табиғаттың түр-түсі, өсуі-өнуі адамның қол өнеріне, ою-өрнегіне, жалпы өнер атаулыға бүгінгі күнге дейін арқау болып келді және бола бермек. Жауыннан кейінгі кемпірқосақ, солтүстікте болатын түрлі-түсті сағым біздің «түр-түс тану» ғылымының көрнекі тәжірибесі іспетті де, әрі үйлесімділіктің эталоны сияқты.

Табиғаттағы түр-түстердің үйлесімділігі, адамды олардың заңдылықтарын іздеуге итермеледі. Немістің атақты ақыны Гёте (1749—1832) де түр-түсті бейнелеу өнерімен байланыстыра зерттеп, психофизиологиялық ерекшеліктерін ашып берді. Сондықтан да болар, Гёте: «үйлесімділік — тек адам құқының нәтижесі» — деп еді. Ал қазір біз үйлесімділіктің негізі табиғатта екеніне дау айта алмаймыз.

Сонымен, «үйлесімділік» — эстетикалық проблема-лардың ішіндегі ең бір ерекшесі. Оның үндестік, тепе-теңдік және пропорционалдық деген негіздері болады. Музыкадағы дыбыс үндестігі, сәулет өнеріндегі пропорционалдық қатынастар түр-түстегі үйлесімділікті де бейнелейді. Мәселен, музыкада екі, үш, не төрт дыбыстан үндестік құратын заңдылықтар түр-түсте де бар. «Мажор» мен «минор» секілді психологиялық үндестікті түр-түстерден де байқаймыз. Мысалы, қызыл мен жасыл түстердің үйлесімділігі, екеуінің бір-бірін әсірелеп, айқындай көрсетуі «мажор» үндестігіне сәйкес. Ал бір-ыңғай көк пен күлгін түстердің үйлесімділігі, олардың солғын да салқын әсері «минорға» тән. Кезінде Леонардо да Винчи де үндестікті «құлаққа жағымды дыбыстардың қосындысы» деген болатын. Сол сияқты, түр-түстердің «үйлесімділігі» — көзге жағымды, әдемі әсер қалдыратын бірнеше түстердің үйлесуінен болатын жарасымдылық.

Ағылшын ғалымы А. Манселл (1859—1918) түр-түстердің үйлесімділігінің негізгі заңы бір-біріне ұқсас түстердің тізбегінде, яғни шеңбердегі қатар тұрған екі түс ең үйлесімді жұп деді.

Неміс физиологы Брюкке бұған қоса үш түстің үйлесімділігін айта келіп, қызыл, жасыл, сары түстерді ерекше көрсетті.

Неміс ғалымы В. Оствальдтың (1853—1932) еңбектері кезінде жоғары бағаланды. Оның 24 түстен тұратын



атласы көп уақытқа дейін суретшілердің негізгі көмекші құралы болды. Үйлесімділік заңдылығына оның ахроматты түстер туралы қосқаны — ең құнды еңбек.

Үйлесімділік жайында көптеген зерттеушілердің еңбектері жарық көрген. Кезінде оларға сын айтылып, кемшіліктері көрсетілді. Мәселен, Оствальд үйлесімділікті математикалық жолмен дәлелдеуге тырысты да, оның психофизиологиялық құбылыс екеніне мән бермеді.

Қазіргі кездегі зерттеушілердің ішінде А. Зайцевтің мынадай үйлесімділік принциптеріне көңіл бөлген жөн: 1. Түс реңінің ұқсастығы; жарықтығы мен қанықтығының алшақтығы. 2. Жарықтығының ұқсастығы, реңі мен қанықтығының алшақтығы. 3. Қанықтығының ұқсастығы; реңі мен жарықтығының алшақтығы. 4. Реңі мен жарықтығының ұқсастығы; қанықтығының алшақтығы. 5. Жарықтығы мен қанықтығының ұқсастығы; реңінің алшақтығы. 6. Үш қасиетінің алшақтығы үйлесімділік бермейді.

Бұл айтылған принциптерді қалай түсінуге болады? Айталық, көз алдымызда екі түске боялған зат бар дейік. Сөзсіз, бұл екі түсті біз бір-бірімен салыстыра қараймыз. Содан барып біздің санамызда қалыптасатын эстетикалық тұжырым осы екі түстің бір-біріне жақын, ұқсас не ұқсамайтынына байланысты болады. Олай болса, түр-түстер реңі, қанықтығы және жарықтығы жағынан бір-біріне жақын болуы мүмкін. Тіпті болмаса осы үш қасиетінің біреуі ұқсас болған жағдайда үйлесімділік қалыптасады.

Түр-түстің айырмашылығы — «түр-түстің» өзі сияқты сан мағыналы ұғым. Кейбіреулер үшін «түр-түс» деген сөз тек реңк ретінде, ал оның айырмашылығы әр түрлі реңкті тану болуы да мүмкін. Ал шын мәнісінде «түр-түс» — көру қабілетімізге байланысты әр адамға әр алуан психологиялық әсер қалдыратын, сан түрлі құбылысы бар сезімдік фактор. Сондықтан бұл тақырыпты баяндау үшін біз түр-түстің негізгі үш қасиетін — реңін, қанықтығы мен жарықтығын қарастырайық.

Көрерменнің табиғаттың фотосуретін қарап көруі мен түр-түсті фотометрмен өлшеп көруінде үлкен айырмашылық бар. Алғашқыда ол өзі көріп байқаған табиғат көрінісін оның фотосуретімен салыстыра отырып көреді де, ал екінші жолы белгілі жағдайда тек көзінің мүмкіндігі арқылы ғана баға бере алады.

## ТҮР-ТҮС АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АТАУЫ

«Түр-түс айырмашылығы» деген ұғым осы сияқты бірнеше топшылау жасауға өзінің дүдәмалдығымен себепші. Егер физик-фотометрист болса, «болар-болмас айырмашылық» дегенді айтар еді. Олай болса, үлкен айырмашылықтан бастап «болар-болмасқа» дейінгі айырмашылықтар бар екені рас қой. Ендеше негізгі айырмашылықтарды жай көзбен көрермен байқайды да, ал жаңағы «болар-болмастан» кейінгі ерекшелігін байқамауы мүмкін. Міне, айырмашылықтың осы шекарасын «айырмашылық шегі» (пороговое различие) дейді. Мәселен, бір көк түсті көріп тұрып, оған біртіндеп ақ бояу араластыра берсек, бір кезде ол өзінің көк түсін жоғалтады да, жай көзге ақтан айырмашылығы болмай қалады. Яғни, көк пен ақтың арасында олардың айырмашылықтары жатыр деген сөз.

Жалпы түр-түс айырмашылығын анықтаудың бес түрлі әдісі бар: фотометриялық, салыстырмалы, бірізді, уақытпен анықтау және еске сақтау. Осы айтылған әдістердің әрқайсысына лайық дәлдігі мен ауытқу шегі бар. Бірінші айтылған фотометриялық әдіс көздің бар психофизиологиялық мүмкіндігіне байланысты да, ал ең соңғы әдіс тек психологиялық салыстыруға, яғни тек еске сақталған бейнемен салыстыруға ғана негізделген. Басқа әдістердің барлығы да көзбен бағдарлау арқылы анықталатын түр-түс ерекшеліктерінің бір-бірінен айырмашылығын қабылдаудың психологиялық принциптеріне негізделген.

Енді осы психологиялық принциптер мен көру мүмкіндіктерінің ара жігін аша кетейік. Психологиялық принциптер деп біз түр-түстердің адамның мінез-құлқы мен жүйке бітіміне етер әсерін айттық қой. Сондықтан да біз түстерді «жылы — суық», «ауыр — жеңіл» деп ажыратып, оларды тікелей көз алдымызға әкелген кезде, тіпті қан қысымының өзгеруіне, мінез-құлыққа етер әсерін білеміз.

Ал осының бәріне көру мүмкіндігінің өзгеруі — жарық көзінің мөлшері, спектралдық құрамы, заттың бет-бедері мен оның жарық шағылыстыру қасиеті — өте үлкен әсер етеді де, шексіз өзгерістерге түсіп, түр-түсті ажыратуды қиындатады. Мәселен, тек бір түсті бояуға боялған екі заттың бет-бедері әр түрлі болса, онда көрер көзге екеуінің түсі бірдей емес, болмашы айырмашылығын байқау бізге қиын болмайды. Себебі біреуінің беті

жылтыр, екіншісі кедір-бұдырлау болса болғаны, оларға түскен жарық сәулесінің шағылысуы екі түрлі болады да, содан барып түр-түсі де бірінен бірі өзгешелеу келеді. Жылтыр заттың бетінен сәулелер түзу сызықтар бойымен шағылысады, немесе бір бағытта десек те болады. Ал беті бұжырлау заттан шағылысқан сәулелер бытырай (диффузиялы түрде) шашырайды. Олай болса, ол заттың бояуы (түрі) да көмескілеу болмақ.

Осы себеппен заттардың түр-түсіне анық та нақтылы баға беруде ол түр-түстердің айырмашылығын — ренін, жарықтығы мен қанықтығын белгілі бір шама арқылы белгілеуге бола ма? — деген сұрақ туатыны даусыз. Осы сұрақты қанағаттандыру жолында ғалымдар біраз еңбектеніп, мәселені жолға қоя білді. Соның алғашқысы — «түр-түс нұсқалары» (эталондары). Ол нұсқа болғаннан кейін оны түр-түстің өмірдегі кездесетін түрлерімен салыстыру керек қой. Сонда әрбір заттың түр-түсін анықтау үшін дәл сол заттың материалынан жасалған түр-түс нұсқалары (эталондары) керек. Олай болмаған жағдайда нұсқа мен салыстыратын заттың түр-түсінің арасында қарама-қайшылықтар болады. Олар: шағылысу коэффициенті, заттың физикалық қасиеттері т. с. с. көптеген ерекшеліктер. Сондықтан пластмасса өндірісінде әрбір шығаратын өнімнің сол пластмассадан істелген түр-түс эталоны болады. Сол эталон-нұсқа арқылы басқа өндіріс орындары өздеріне керекті пластмасса түріне жаңағы заводқа тапсырыс береді. Әрине, мұндай нұсқаларды өмірде керекті барлық заттар өндірісіне қолдана беру мүмкін емес. Қазіргі кезде осындай түр-түс нұсқа-үлгілері негізінен полиграфияда, мақта-мата өндірісінде және бояу-сыр жасауға ғана қолданылады. Ал осының бәріне ортақ эталон-нұсқа жасау мүмкін емес.

Шын мәнісінде түр-түсті анықтау үшін жоғарыдағы айтқан үш қасиетінің үстіне сол сияқты үш өлшемді бір-неше жүйе қолданбаса болмайтынына көз жетті. Ол жүйелерді бір-бірімен салыстыру тек колориметриялық әдіспен жасалады да, шағылысатын сәулелерді саралауға негізделеді. Басқа жүйелерге қарағанда «колориметрия» бір жүйеде кез келген түр-түсті анықтауға мүмкіндігі бар және олардың материалдық айырмашылықтары түр-түсін ажыратуға кедергі бола алмайды.

## КОЛОРИМЕТРИЯЛЫҚ МКО ЖҮЙЕСІ

**МКО** — международная комиссия по освещению — «жарық жөніндегі халықаралық комиссия». Бұл комиссия 1931 жылы құрылғандықтан «Халықаралық колориметриялық 1931 ж. жүйе» деп аталатын болды. Осыған орай А. Хардидің спектрофотометрді жасап, оны дүниежүзілік саудаға шығаруы сол 30-жылдардың өзінде түр-түсті өлшеу мен оны техникалық қолдануда өріс ала бастады.

Бұл жүйе бойынша түр-түсті үш координаты бойынша немесе қанықтығының екі координаты мен жарықтығы арқылы бейнелеу мүмкін болды.

Түр-түс координаты мен қанықтығының координаты спектрофотометриялық негізде есептелінеді. Ал түр-түстің реңі мен тазалығы ЖХК графигінде көрсетілген шамадан алынады.

Халықаралық колориметриялық жүйе түр-түстің оптикалық араласуының бірінші заңына сүйенеді. Оның мәні — кез келген түсті басқа бір-бірімен жақын емес үш түстің қосындысы арқылы алуға болады. Ендеше осы түр-түсті көрсететін үш өлшем қандай? Олардың мәнін анықтап көрелік. Алдында айтқандай «түр-түс координаты» деген не? — Ол — бір-бірімен байланыспайтын үш түстің өлшемі және өзара араласқанда басқа түс беретін шама. ЖХК 1931 ж. шешімі бойынша бір-біріне тәуелсіз монохроматты үш түсті: *қызыл* ( $R = 700 \text{ нм}$ ), *жасыл* ( $G = 546,1 \text{ нм}$ ), *көк* ( $B = 435,8 \text{ нм}$ ), шамасында қабылдады. Бұл үш түс оптикалық тұрғыда алынған соң біз оны сәуле ретінде қарастырып, негізгі түстер деп қабылдаймыз. Осының әрқайсысының сәуле ретінде өзіндік энергетикалық қуаты бар.  $R$  сәулесінің қуаты  $1 \text{ лм}$  (люмен),  $G$  сәулесінікі —  $4,6 \text{ лм}$ ,  $B$  сәулесінікі —  $0,06 \text{ лм}$ . Сонымен, біз негізгі үш стандартты түс бекіттік. Оларды  $R$ ,  $G$ ,  $B$  деп белгіледік. Бірақ бертін келе бұл жүйенің дамып, көп жағдайға пайдалануына байланысты  $x$ ,  $y$ ,  $z$  деп өзгертуге тура келді. Сөйтіп,  $x$ ,  $y$ ,  $z$  жүйенің сандық қосындысы белгілі бір түс береді деп есептеліп, ол модуль ( $m$ ) ретінде белгіленді, яғни  $x + y + z = m$ .

Ал кез келген заттың түр-түсін оған түскен жарықтың мөлшері көрсетпей ме? Сондықтан әрбір түр-түсті ажырату үшін оған белгілі бір жарық көзі керек. Ол тұрақты болмаса біздің көру қабілетіміз де соған орай

түр-түстің өзгеруін, құбылуын бағдарлайды. Ендеше жарық көзіне де стандартты өлшем керек екен. ЖХК жарық көзінің стандарты ретінде **А**, **В** және **С** деп үш жағдайды белгілеген.

**А** жарық көзі «абсолютті қара денені»  $2848^{\circ}$  қыздырғанда беретін жарығының спектралдық құрамына, **В** —  $4800^{\circ}$ -қа, **С** —  $6500^{\circ}$ -қа тең жағдайда алынған. Яғни, **А** жарық көзінің түр-түс температурасы —  $2848^{\circ}$ . Бұдан түр-түсті көру үшін жаңағы денені өне бойы  $2848^{\circ}$  қыздырып отыру керек деген ұғым тумау керек. Дәл сондай спектрлік сәуле беретін электр шамы болса болғаны, стандартты жарық көзі бар деп есептелінеді. Қалған **В**, **С** да сол сияқты.

Осымен біз колориметриялық жүйенің негізі — стандартты түстер мен оларды көруге арналған жарық мөлшерін баяндадық. Ал бұдан ары қарай колориметрия ғылымының теориялық мәселелерін жеке қарастырған жөн.

### КОЛОРИМЕТРИЯДАҒЫ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ

Түр-түс айырмашылығының мәселелері олардың атауларымен тығыз байланысты. Себебі сол түр-түс атаулары дегеніміз — олардың ерекше айырмашылықтарының негізінде берілетін сөз белгілері. Тек сол ерекше айырмашылықтары бар түр-түстер ғана жеке атау ала алады. Түр-түсті бір-біріне жақын екі әдіс арқылы сипаттауға болады. Бірінші әдіс — түр-түсті абсолютті негізде, яғни тек тікелей түр-түсті сезіну нәтижесі арқылы сипаттау. Ал келесі әдіс — екі түстің арасындағы айырмашылық немесе қанықтығы, реңі және жарықтығының өзгеру шамасына байланысты сипаттау.

Колориметриялық зерттеулердің үлкен маманы Д. Джадд түр-түстердің 10 млн-ға жақын айырмашылықтары бар екенін айта келіп, оларды сөзбен сипаттауға да болады дейді. Бірақ тілде соншалықты түр-түс атаулары жоқ екені бізге белгілі. Мэрц пен Паулдің түр-түс сөздігінде тиянақты зерттелген 4000-ға жуық түр-түс атаулары бар. Соның 36-сының түр-түсінің реңіне байланысты жеке атаулары бар; 300-ге жуығының атаулары қоспа, құрама сөздер; ал 90-ға жуығы белгілі түске боялған заттардың атымен аталады (орысшасы — *лимонный, золотистый, розовый* т. с. с.). Байқасақ, нақты өзгешеліктері мен айырмасы бар түр-түстер өте көп емес екен. Қазіргі кезде колориметрияда қолданылып

жүрген, бір жүйеге келтірілген түр-түстердің саны 300-ден сәл ғана асады.

Көптеген зерттеушілер түр-түстің реңктерін анықтауда және олардың сан алуан айырмашылықтарының атауын білу үшін әдеби шығармаларға көбірек жүгінеді. Ол туралы кейінірек нақтылы мысалдар келтіреміз.

Егер біз спектрдегі түр-түстерді мұқият қарап көрсек, басқалардан ерекшеленуі төрт түрлі түсті ажыратқан болар едік. Олар — *қызыл, сары, жасыл* және *көк* түстер. Ал басқа түстердің барлығында осы төрт түрлі түс араласып, өң беріп тұрғандай көрінеді. Сонымен бұл төрт түс негізгі «психологиялық түр-түстер» деп аталады да, басқа түстерді сипаттағанда, яғни атау беріп белгілегенде бұл төртеуісіз айтылмайтынын ескерген жөн. Дегенмен, осы түстердің арасында жататын, өз ерекшеліктерімен басқалардан айрықша аталатын түр-түстер бар. Егер оларды тізбектесек, мынадай болмақ: *қызыл, қызыл сары, сары, сары жасыл, жасыл, жасыл көк, көкшіл жасыл, көк, күлгін, күлгін-қызыл*. Бұл айтылған түр-түстердің барлығы хроматты және тек бір-бірімен ғана араласып, әр түрлі рең беріп жатыр ғой. Сонымен қатар, әсіресе суретшілік кәсібінде көбірек белгілі, түр-түстерді субтрактивтік жолмен араластырығанда пайда болатын көптеген реңктер бар. Соның ішінде ерекшеленетіндер — хроматты түстер мен ахроматты түр-түстердің араласуынан туатын реңктер. Мәселен, сары түске қара түсті араластырса (әрине, біз бояу түрін айтамыз) қара-қошқыл жасыл түс шығады, қызылға қараны қосса, қоңыр рең пайда болады. Міне, сол сияқты көптеген реңктер осы әдіспен де жасалады да, жеке атау алады.

1939 жылы түр-түс атауларын бір жүйеге келтіріп, стандартты белгілеу үшін америкалық ғалымдары Джадд пен Келлидің еңбегі жарық көрді. Мұндағы негізгі мақсат түр-түстің әр түрлі нұсқаларын жасап белгілемей-ақ, атаулары арқылы ғана реңктерін білетін жүйеге көшу еді. Бұл жүйе бойынша негіз ретінде мына атаулар алынды: *қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көк, күлгін, көкшіл* және «райхан гүлі түсті», «зәйтүн түсті», *қоңыр, ақ, қара, сұр* түстер. Яғни, 7 спектрлік түстер мен 6 қосымша түстер. Бұл — түр-түстер атауын анықтаудың бірінші сатысы деп алынды. Екінші сатыда түр-түс атауының тізімі 29-ға жетті. Себебі, алдыңғы 13 түстің арасынан қоспа жүзінде тағы 16 түрлі рең пайда болады. Сөйтіп, жаңағы «қызыл» деген рең атауы енді

бір жағында алқызыл, екінші жағында сарғыш қызыл болып үш рең берді. Сары да сол сияқты — қызғылт сары, сары, жасылдау сары болды.

Үшінші сатыдағы атаулар саны 267-ге жетеді. Мұнда түр-түстердің реңіне олардың жарықтығы мен өнінің тазалығын көрсететін сөздер қосылған.

Олар — *солғын, өте солғын, ашық, қанық*, т. с. с. сөздерден тұрады. Енді бағанағы «қызыл» түсті алсақ: «өте солғын сарғыш қызыл» деген тіркестерден тұратын ұғым болады. Бұдан арғы түр-түстердің реңі сөзбен атауға, белгілеуге келмейтіндігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Сондықтан колориметрияда бұл үш сатыдан жоғарғы дәлдіктерде цифр мен әріп бірліктері арқылы белгілейді. Бұл баяндалған жүйе АҚШ-тың басқармалар аралық түр-түс комиссиясының (ISCC) шешімі бойынша Манселл жүйесі негізінде **NBC** деп бекітілген. Немесе ISCC—NBC түр-түс атаулары делінеді.

Жалпы ғалымдардың айтуынша түр-түс атауларын белгілеу қоғамның мәдени өресіне, оның жеке мүшесі — адамның мәдени дәрежесіне және көру мен сезімталдық мүмкіншіліктеріне байланысты көрінеді.

## ТҮР-ТҮСКЕ ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕР

Бұл арада сөз болатын мәселе — түр-түстің өз атаулары емес, түр-түс әлемін зерттеуге байланысты жалпы лингвистикада, оның ішінде қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген, немесе бірінші рет қолданғалы отырған терминдер. Бұлардың өздерін жеке қарастырып, терминдік статусын, не шартты түрде алынған мағынасын анықтап алмасақ, айтылатын кейбір ой-пікірімізді көпшілік қауым түсінбей қалуы да мүмкін.

Алдын ала ескеретін жайт, мұндай терминдердің жалпы саны көп емес. Олардың біразы (колориметрия, хроматика, ахроматика, спектр, синтез, электромагниттік толқын, монохроматика, полихроматика, анализатор, синтезатір, колориметр, аддитивтік, субтрактивтік (араласу, байланыс), түр-түс эталоны түр-түс гаммасы, колориметриялық өлшем, тон, оттенок т. б.) — орыс тілінен қабылданған халықаралық терминдер мен аралас калькалар. Көпшілігі ғылыми еңбектер арқылы белгілі болғандықтан және біразы контексте ретіне қарай түсіндірілгендіктен бұл жерде арнайы тоқталып жатпай,

кейбіреулерін ғана сөз етеміз. Біздің қарастыратынымыз, негізінен, орыс тіліндегі кейбір колориметриялық ұғымдар мен терминдердің қазақ тіліндегі адекватты және шартты баламалары. Олар мыналар: *түр-түс, түр және түс, түр-түстану (ғылымы), түр-түс түрлері, түрлі түс, реңк және рең, түс реңкі, бір түсті, көп түсті, негізгі түс, қосымша, қосалқы түс, күрделі түс, мал түр-түстері, бояу, бояу түрі, бояу өңі, түс өңі, жалтыр, жылтыр, мөлдір, сәуле, сәуле көзі, қанық түс, қанықтық, солғын түс, солғындық, ашық түс, ашықтық, айқын, айқындық, айшық, айшықтық, жылы түс, суық түс, түр-түс атаулары, түр-түс қимылы* т. б.

**Түр-түс.** Қазақ тіліндегі бұл қос сөзді біз «колор», «цвет», «цвета» деген жалпылама, не көпше мағына беретін, табиғаттағы барлық түс пен реңктердің жиынтығы ретінде, колориметриялық термин мәнінде қолданып отырмыз. Осыған орай, шартты түрде болса да, «түр-түстен» бірнеше туынды терминдер жасадық. Олар: *түр-түстану, түр-түс түрлері, түр-түс спектрі, түр-түс гаммасы, түр-түс өлшемі, негізгі түр-түс, қосымша түр-түс, мал түр-түсі* сияқтылар.

**Түр-түстану.** Бұл — қазақ тіл білімі дәстүріне айналған термин жасау моделі бойынша (мәселен, өнертану, жаратылыстану, қоғамтану т. б.) алынған «цветоведение» мағынасындағы туынды термин. Сондықтан оны, егер тілімізде қалыптасып кетсе, халықаралық колориметрия терминінің синонимі ретінде де қолдануға болатын сияқты.

**Түр-түс түрлері.** Біз «түр-түс» қос сөзін жалпылама, жинақтау мағына беретін термин ретінде алып отырғандықтан, «түр-түс түрлері» деген тіркес орыс тіліндегі «разноцветие» («разные цвета») мағынасында беріліп отыр. Мәселен, түр-түс түрлерін малға байланысты («разные масти») мағынасында да қолдануымыз мүмкін.

**Түр-түс спектрі.** Бұл термин жартылай калька жолымен жасалып отыр. Оның құрамындағы «спектр» компоненті латын тілінен шыққан («spektrum»—«көрінетін», «көзге түсетін») жеке физикалық термин болып саналады. Мағынасы: «совокупность гармонических колебаний (или волн), создаваемых каким-л. источником»<sup>1</sup>. Басқаша айтқанда: жарық сәулесінен шағылы-

<sup>1</sup> Словарь иностранных слов. М., 1954, 654-бет.



сып көрінетін сан алуан түр-түстің жиынтығы. Сонда, түр-түс спектрі дегеннен біз табиғаттағы барлық түр-түсті, не олардың бір тұтас бөлегін ұғамыз. Бұл ұғымдарды кейде «спектр сызығы», «спектр шкаласы» деп те атайды.

**Түр-түс гаммасы.** Бұл да — жартылай калька жолымен жасалған термин. Оның екінші сыңары — **гамма** (грек сөзі) «белгілі бір тәртіппен орналасқан түр-түстердің сәйкестігі, үйлесімділігі» деген ұғым береді. «Түр-түс гаммасы» дегенде біз түрлі түстердің, реңктердің қалай болса солай емес, біріне бірі жақын, бірінен бірі туындайтын бірізділікпен орналасуын білдіреміз. Мәселен, Ньютонның 7 түс туралы заңы бойынша олар *қызыл, сары қызыл, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін* түстердің реті бойынша орналасады.

**Түр түс өлшемі.** Бұл — физикалық табиғатына байланысты түр-түстердің қанықтығын, солғындығын, ашықтығын, жарықтығын, реңктерін анықтай отыра, белгілі бір стандартқа жататын негізгі түрін-эталонын белгілеу. Бірінші тарауда айтылғандай, түр-түс өлшемінің әр түрлі параметрі әр түрлі арнаулы аспаптар (колориметр, компаратор, синтезатор, анализатор т. б.) арқылы белгіленеді.

**Негізгі түр-түстер.** Табиғатта жай көзбен және арнаулы аспаптар жәрдемімен байқауға болатын 2 мыңнан 30 мыңға дейін түр-түс бар екен. Ғылыми деректерге қарағанда бұлардың өзі табиғатына қарай түр-түстің негізгі түрлері және қосымша (немесе қосалқы, туынды) түрлері болып, үлкен екі топқа жіктеледі екен. Сонда түр-түстің негізгі түріне: жеті (*қызыл* — «красный», *сары қызыл* — «оранжевый», *сары* — «желтый», *жасыл* — «зеленый», *көгілдір* (кейде аспан көк) — «голубой», *көк* — «синий», *күлгін* — «фиолетовый») хроматты және үш (*қара* — «черный», *ақ* — «белый», *сұр* — «серый») ахроматты түстер жатады екен. Хроматты түстердің санын кейбір ғалымдар тоғызға, тіпті он беске дейін жеткізеді.

**Қосымша түр-түстер** деп түр-түс шеңберінде бір-біріне қарама-қарсы жататын, өзара араласқан кезде ахроматты сұр не қара түс беретін екі түстің жұбын айтады. Олардың негізгілері: *қызыл-жасыл, сары-күлгін, көк-қызылсары*.

**Малдың түр-түстері** — орыс тіліндегі «масти животных» деген терминнің баламасы ретінде алынды. Малға қатысты түр-түс атауларына қазақ тілі қаншама бай

## Екінші тарау

### ТҮР-ТҮС ТАБИҒАТЫН ДӘСТҮРЛІ ТҮРДЕ ТАҢУ

Түр-түс табиғатын әрбір халық, әрбір этностық топ өзінше танып, өзінше анықтап, өз тілінде ат қойып, айдар тағады. Бұл танымды біздің «дәстүрлік таным» деп атауымыздың себебі: ол ұзақ дәуірдің, халық болып жаралғаннан бергі дүниетанымының, өзін қоршаған тамаша табиғаттың түр-түсін меңгеруінің және оларды өз тілінде қалыптастыруының нәтижесі болып саналуында.

Ғылым мен техниканың қарыштап дамуы — әрине, кейінгі дәуірлердің жемісі. Сондықтан да біздің бабаларымыз колориметрия, физика, химия, оптика, физиология ғылымдарынан еш хабары болмаған сонау көне заманның өзінде-ақ көптеген түр-түсті анықтай білген, олардың әрқайсысын түстеп танып, ат қойып қолданып келген. Біршама түр-түс атауларын біз тас мүсіндерге сыналап жазған V—VIII ғасырлардағы орхон-енисей ескерткіштерінен, көне ұйғыр, манихей, брахма, араб жазуларымен жазылған бай тарихи-әдеби мұраларымыздан көптеп кездестіреміз. Мысалы, Орхон, Енисей, Талас өзендерінің бойынан табылған ескерткіштер тіліндегі *сарығ алтун, қызыл қан, ақ ат, боз ат, қара бұдун, қара тер, көк оңуғ, йерген* (жирен), *ат, торығ* (торы) *ат* сияқты түр-түс атаулары (Айдаров Ғ.) бүгінгі қазақ тілінде де, басқа түркі тілдерінде де көптеп кездеседі. Демек, түр-түс табиғатын танып, тіл арқылы белгілеу атамзаманнан келе жатқан ұзын сонар дәстүр екен.

Бұл дәстүр, әрине, әрбір халықтың рухани, мәдени өмірімен, тілімен бірге дамып, кемелденіп отырды. Осының нәтижесінде әрбір түркі тілінде, соның бірі — қазақ тілінде де, жүздеген түр-түс атаулары қалыптасып, мәдени өміріміздің әр саласында қолданыс тауып отыр.

Түр-түс табиғатын танудағы біздің қол жеткен табыстарымыз, әрине, бір кездің, не бір кезеңнің ғана нәтижесі емес. Бұл құбылысқа түптеп қарасақ, тамырының тым әріде жатқандығын, тіпті ол адамзаттың сонау балаң дәуірінен басталатындығын көреміз.

Табиғаттағы әрбір түстің өзіндік белгісін анықтап,

басқа түстен айыра білу үшін алғашқы адамдарға көзбен көру қабілеті жеткіліксіз болса керек. Ол үшін адам баласына толып жатқан табиғи құбылыстардың (атап айтқанда, күн сәулесінің, жарық күшінің, жыл мезгілінің, табиғи ортаның т. б.) әсерін, сырын білу, өмір тәжірибесінен (салыстыру, салғастыру, ұзақ бақылау, анықтау т. б.) алған мәліметтерге сүйену қажет болады. Олар осылайша ұққан табиғат сырын, түр-түс әлемі жайындағы білгені мен түсінгенін тіл арқылы, тілдегі атаулар арқылы ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп жеткізіп отырды. Түр-түс табиғатын дәстүрлі жолмен тану дегенде біз, міне, осы бір ұзақ тарихи жолды, өткен дәуірдегі дүниетанымымыздың бізге жеткен сілемдерін көз алдымызға тағы бір елестеткіміз келеді.

Неше түрлі түске, бояу-нақышқа бөленген табиғи музей — адам үшін сол табиғаттың, болмыстың өзі. Адам қоғамы, тілдік қоғам қауымдаса, топтаса тіршілік еткен күнінен бастап өзін қоршаған табиғатты тамашалады. Бірақ олар, басқа да табиғи құбылыстар сияқты, айналадағы түр-түсті де, оның сыры мен сипатын бірден ажыратып, тани алмаған болу керек. Өйткені бұл кереметтің бәрі де олар үшін әлі құпия сыр еді.

Бірақ түрлі түсті, бояу реңктерін көру қабілетіне, оларды тану, парқын ажырату мүмкіншілігіне көз арқылы не болған адам оларды өзінше түйсініп, өзінше сезініп, қабылдап отырғаны сөзсіз. Бұл жөнінде жобалап болмаса, көзбен көріп, қолмен ұстағандай етіп дәл айту, әрине қиын. Дегенмен, сол бір алыс дәуірлерді көз алдымызға елестетсек, алғашқы адамдар күннің де, айдың да, аспанның да түсін белгілі бір бояу түрінде қабылдап таныған. Танып, біліп қана қоймай, оларды өз тілінде белгілеген. Сол бабаларымызға төбеде тұрған күннің түсі не қызыл, не сары, арайлап атқан таңның түсі не сары, не боз, аспан әлемі көк, не көгілдір, аспан әлеміндегі бұлт бірде ақ, бірде қоңыр болып көрінуі мүмкін. Өйткені олар — адам үшін алғашқы ашылған жаңалық. Бара-бара олар алаулап жанған оттың түсі де қызыл, жанып жатқан оттың шоғы да қызыл, ұясына енген күннің түсі де қызыл, жер бетін қаптаған қызғалдақтардың түсі де қызыл, бауыздаған аңның қаны да қызыл деп түсінеді. Ендігі жерде олардың қызыл түстілерді өзара салыстыра, салғастыра келіп, бұлар «ұқсас түстес екен-ау» демегеніне кім кепіл. Осылайша бірыңғай ақ түсті, кара түсті, көк түсті, жасыл түсті, сары түсті заттар мен құбылыстарды өзара салыстыру адам

үшін түр-түс әлемін меңгерудің алғашқы қадамы болса керек.

Ол ендігі жерде кез келген түсті өзіне белгілі түстермен салыстыра отырып, мынау аспан түсіндей көк, мынау аңның қанындай қызыл, мынау жауған қардың түсіндей ақ, ал мынау түннің түсіндей қара деп оларды бір-бірінен ажырата бастауы мүмкін. Түр-түс проблемасын зерттеушілердің пікірі бойынша, алғашқы адамдар табиғаттағы түр-түстердің ең қанық, ең ашықтарын, көзге ұрып тұрған қызыл-жасылдарын танып, білген. Олай болса, олар негізгі доминант түстердің бәрімен ерте кезден-ақ етене таныс болған.

Түр-түсті танудың адам үшін қажетті үш элементі бар екен. Олар: біріншісі — тағдырдың адамға сыйлаған тамаша тартуы — көз, екі жанар, екіншісі — жер бетіндегі тіршіліктің қайнар көзі, әлемге жарық сәуле шашушы Күн, үшіншісі — бізді қоршаған табиғат, тіршілік, болмыс. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысты және бірінсіз бірін танып, білу мүмкін емес.

Дегенмен, адам баласы о баста күн сәулесімен жарқырап көрінген айналадағы табиғат құбылыстарынан нені көріп, нені тамашалады, нені бұрын аңғарып, нені кейін түсінді деген сұрақ тууы мүмкін ғой. Адамның ең алғаш байқап, түр-түсін ажыратқан құбылыстарына, әрине, Күн, Ай, Жұлдыздар, күннің құлақтануы; жұлдыздың ағуы, таң шапағы, көк тәңірі, аспандағы бұлт, шашылған сабандай құс жолы, кемпірқосақ, өртенген дала мен орман, жасыл жапырақ, ақ қар, көк мұз, алтын мен күміс, асыл тастар т. б. жатады.

Бұлардың бәрін бірден түсіну адам үшін оңай болмағанын жоғарыда айттық. Оңай болмаған себебі: әрбір табиғи құбылыстың шынайы сыры адам үшін күнгірт, белгісіз болғандықтан адам олардан алғаш қорықты, шошынды, олардың ғажайып күшіне, құдіретіне бас иіп, сиынды. Солардың бірі, мәселен, **кемпірқосақ**. Табиғаттың осы бір тамаша көрінісінің жеті түрлі түсті паш етуі ерекше назар аударады. «Жеті» санының кейбір мифологиялық, астрологиялық, діни, этнографиялық мән-мағынасына байланысты тіліміздегі: *жеті түн, жеті ата, жеті қабат жердің асты, жеті жарғы, жеті жетім, жүт жеті ағайынды, жетісің беру, жеті қарақшы* тіркестерінің қатарынан жеті түс те орын алатын сияқты.

**Кемпірқосақ** — жеті түсті, доға тәрізді атмосферадағы оптикалық құбылыс.

Ғылыми тұрғыдан алып қарағанда, кемпірқосақ «ті-

келей түскен күн сәулесінің жаңбыр тамшыларынан сынған және тамшы бетінен шағылған, толқын ұзындығы әр түрлі сәулелердің дифракциялануы мен интерференциялануы нәтижесінде пайда болады. Оның айқындылығы мен жарықтылығы жауын тамшыларының үлкен-кішілігіне байланысты өзгеріп отырады. Тамшы неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ та солғұрлым айқынырақ, жарық болып көрінеді. Негізгі кемпірқосақтан басқа, кейде онымен қабаттаса екінші кемпірқосақ байқалады. Оны қос кемпірқосақ деп атайды. Қос кемпірқосақ күн сәулесі тамшыға белгілі бір бұрыш жасай түсіп, оның ішінде екі рет шағылысуы нәтижесінде пайда болады. Ай сәулесінің әсерінен болатын кемпірқосақ ай кемпірқосағы деп аталады»<sup>1</sup>.

Бір ғажабы: кемпірқосақ барлық жерде де бірдей табиғи құбылыс бола тұрса да, әрбір халық оның табиғатын өзінше танып, пайда болу себептерін өзінше жорып, өзінше түсіндіреді және соған сәйкес оған ат қойып, айдар тағады. Мәселен, бұл құбылысты қазақтар *кемпірқосақ* десе, ноғайлар — *құртқашық*, тувалықтар — *челээш*, башқұрттар — *йәйғор*, түріктер — *alaimsema*, *gokkisagi*, *elemsagma*, ұйғырлар — *һасан-үсән*, хакастар — *тигір хуры*, *кугурт чолы*, қарашай-балқарлар — *джангкбылыч*, татарлар — *салават күпере*, чуваштар — *асамат кепере*, қырғыздар — *жаа* (садақ, доға мәнісінде), *асмандағы жаа*, *жез кемпирдин көгөнү*, *көк желе*, *асан-үсен* т. б. атап келеді. Осы атаулардың бәрінің де өзіндік мәні бар, олардың дәл солай аталуын дәлелдейтін діни-мифологиялық аңыз-ертегілер де халық арасында аз емес. Түркі тілдес халықтардың кемпірқосаққа байланысты осындай аңыз-ертегілерінде ұқсас мотивтер мен ерекшеліктер де аз емес. Жоғарыда келтірілген атаулардың арасындағы жалпы ұқсастыққа, мәселен, «кемпір», «аспан», «көпір», «белбеу», «желі», «қосақ» ұғымдарының қайталануын жатқызуға болады. Қазақтар арасындағы ертеден келе жатқан аңыз бойынша, бұл құбылыстың кемпірқосақ болып аталуы бір қора қойды араластыра байлаған кемпірдің қосағына байланысты-мыс. Ноғайлар оны «құртқашық»—«кемпірдің шығы» деп қараса, қырғыздар «жез (тырнақ) кемпірдің көгені» деп таниды; тувалардың «желісі» (челээш), қырғыздардың «көк желісі» (көк желе) номинация жағынан өзара сәйкес келіп жатса, хакастардың «тәңір бел-

<sup>1</sup> Қазақ совет энциклопедиясы. 5-том, Алматы, 1974, 360-бет.

беуі» (тигір хуры) мен осман түріктерінің «аспан бел-беуі» (гөкқұшағы), сондай-ақ татарлардың «салауат көпірі» мен чуваштардың «азамат көпірі» арасындағы ұқсастықтарға ешкім таласа алмаса керек. Бұлар, әрине, түркі халықтарының дүниетанымындағы, рухани, мәдени өміріндегі ортақтыққа барып саяды.

Солай бола тұрса да, осы ортақтықты білдіретін тілдік фактілерді әрбір халық өзінше түсіндіріп, оның тарихын өзінше таратады. Бір-екі мысал келтірейік. Жоғарыда айтылғандай, чуваш тілінде кемпірқосақ құбылысы «азамат көпірі» деп аталады екен. Оның себебін чуваштар өздерінің бір ертегісінде былайша түсіндіреді: Ертеде Арамазы тауының қаһарынан найзағай жарқылдап, нөсер жаңбыр жауады да, жер бетін су қаптап, Ұлып деген батырдың бағып жүрген малына қауіп төндіреді. Сонда ол өзінің күш-қайратына сеніп, жылқы, сиыр, қой-ешкілерін су жетпеген дөңдеу жерге арқалап, бір-бірден таси бастайды. Бірақ көп малдың бәрін көшіру қиынға соғады. Осы кезде Ұлыптың көршісі, әрі батыр, әрі ұста Азамат деген жігіт жеті күннің ішінде, жеті түрлі түр-түске боялған, әр түрлі ою-өрнектермен нақышталған темір көпір жасап, оның бір жағын Арамазы тауына артып, екінші жағын сулы алқапқа тіреп, малды көшіруге жәрдемдеседі. Жаңбыр басылып, су тоқтап, малдың бәрі көшіп болғаннан кейін көпір көзден ғайып болады. Бұдан былай ол көпірді тек жаңбырдан кейінгі жарқырап ашылған күн сәулесімен ғана көруге болады. Осыдан кемпірқосақты чуваштар «Азамат көпірі» деп атап кетіпті-міс (*Чуваш ертегілері*).

Кемпірқосақтың негізгі ерекшелігі — оның әр тілде әр түрлі аталуында емес, атмосферадағы оптикалық құбылыс ретінде жеті түрлі түстің спектр түрінде белденулене шоғырланған тамаша көрінісінде. Ертедегі қазақтар кемпірқосаққа мифологиялық, этнографиялық мән берсе де, оның 7 түрлі түсінен табиғаттың оған ұқсас 7 түрлі құбылысын көре білген. Олар: батқан күннің қызыл арайы, атқан таңның қызғылт сары шапағы, сағымды даланың сартап түсі, жасыл орман, көк күмбезі, тұңғыық терең теңіздің күлгін, күлгін көк болып құбылған айдыны т. б.

Халықтың түр-түс жайындағы дәстүрлік ұғымына, танымына негіз боларлық басқа да табиғи құбылыстар баршылық. Бірақ халық олардың бәрін жалпы түрде, ең басты қасиеттерін ғана қабылдаған. Мәселен, қазақтар *қызыл алма, көк қауын, сары қымыз, қара жер, ақ нан,*

*жасыл орман, сұр бет* деп айта береді. Ал енді өзімізге таныс осы заттар мен құбылыстардың түстеріне зер салып қарасак, олар шынында да дәл-сондай емес сияқты. Мысалы, көп алманың ішінен нағыз қызыл деген алматы апортын тандап алып қараңыздаршы. Алманың беті еш уақытта таза қызыл болмайды, тіпті әбден піскен алманың да әр жері көкшілдеу, көкшіл қызыл болып келеді. Сондай-ақ аталған басқа түстерді де сол түстердің ғылыми дәлелденген үлгі-эталонымен салыстыра қарасак, үлкен айырмашылық барын байқаймыз. Бұл мәселе түр-түс атауларының мағынасына байланысты кеңірек қаралады.

Бұдан шығатын қорытынды: түр-түсті тануда ғылыми тәсіл мен халықтық дәстүр арасында белгілі айырмашылық бар. Осыған байланысты түр-түс табиғаты мен түр-түс атаулары арасындағы сәйкестік ерекше назар аударады. Халықтық дәстүр негізінде танылған түр-түстердің аты-жөнін атау деп, ғылыми негізде анықталған түр-түстердің аты-жөнін термин деп айыруды ұсынғанда біз осы ерекшеліктерді ескереміз.

Шынында да табиғи түр-түс пен оның халықтық атауы арасында ешқашан толық сәйкестік болған емес және болмайды да. Оның басты бір себебі: түр-түсті танып, білуде адамдар арасында объективті бірлестік жоқ та, субъективті алшақтық мол. Бұл жеке адамдардың басында ғана емес, тіпті этнос, ел, халықтарға да тән ерекшелік екен. Бірнеше мысал келтірейік.

Мәселен, кейбір адамдардың түр-түсті анық ажырата алмайтын, немесе кейбір түстің түрін жекелеп тани алмайтын көзінің кемістігі болады. Енді біреулерге айналадағы заттар мен құбылыстардың бәрі не қоңыр, не сұр түсті болып көрінеді. Көздің осындай кемістігін дальтонизм дейді. Дальтоник адамдар көбіне-көп қызыл мен жасыл, не жасыл мен көк түсті анық ажырата алмайды. Ғылымда түркі дальтонизмі деп атанған.

Жасыл түсті көк түстен айыра алмайтындар, қызыл түс пен жасыл түсті анық ажырата алмайтындар басқа халықтардың арасында да кездеседі. Ғылыми деректерге қарағанда жалпы ер адамдардың 4—5 проценті, әйел адамдардың 0,5 проценті дальтоник болып келеді. Ондай адамдарға транспорттың қай түрін болса да жүргізуге болмайды және бұл кемістік право алуға байланысты өтетін медициналық тексеруде анықталуға тиіс. Дальтонизм іштен туа пайда болатын кемістік болғандықтан кісілердің өздері оны білмеуі де мүмкін.

Адамның түр-түсті тануындағы мұндай ерекшеліктер тек жеке адамның басына ғана емес, бүкіл этносқа, халыққа тән қасиеттерге де жатады дедік. Мәселен, ерте-замандағы жапондықтар түр-түс спектрінен тек екі оппозициялық (қарама-қарсы) жұп құрайтын төрт-ақ түрлі негізгі түсті қабылдаған екен. Олар: **kuго** мен **si-го** және **awо** мен **aka**. Мұндағы **kuго**//**kuга** («черный», «темный») түркі тілдеріндегі **қара** (сондай-ақ **хура**, **құра**) түске, **siго**//**siга** («желтый», «белый», «светлый») түркі тілдеріндегі **сары** (немесе **сарығ**, **серик**, **сару** т. б.) түске, **awa** («голубой», «зеленый», «синий») түркі тілдеріндегі **көк** (сондай-ақ **гөк**, **көкө**, **кавак**) түске, **aka** («белый», «светлый») түркі тілдеріндегі **ақ** (сондай-ақ **ax**, **ағы**, **аху**) түске сәйкес келетіндігін дәлелдеушілер бар.

Жапондықтарда кездесетін түр-түс системасының бұл түрі, назар аударсақ, ғылыми негізге жанасатындығын көреміз. Келтірілген төрт түс спектр шкаласындағы бір-бірімен тектес әрі толқын саны шамалас бірнеше реңктерге өкілеттік етеді екен. Мәселен, көне жапон тіліндегі **awa** деп аталатын түс өзінің негізгі мағынасынан («көк», «көгілдір», «жасыл») басқа спектрдің қанықтау реңктеріне («күлгін көк» реңкі мен солғындау «сарғылт» реңкіне) сәйкес келеді екен. Басқалары да солай.

Бұдан шығатын қорытынды: табиғи болмысы, шығу тегі, пайда болу көзі ортақ түр-түстер мен түс реңктері әрбір халық тарапынан өзінше қабылданып, өзінше танылуына байланысты өзіндік жүйе (микросистема) құрып, сол халықтың тіліндегі атаулармен ғана аталады. Ол жүйелер мен атаулардың практикалық, теориялық мәні зор. Бірақ оларды бір ізге салып, тілара идентификация жасау өте қиын.

Түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне, келетін болсақ, түр-түс жүйесінің ортақ белгілерімен қатар, өзіндік ерекшеліктері аз емес. Осыған орай, қазақ тіліндегі түр-түс атауларының тілдік негізі, пайда болу жолы, лексикалық құрамы, морфологиялық тұлғасы, жасалу модельдері мен мағыналары арнайы зерттеуді талап етеді. Табиғи түр-түс пен мал түстерінің («масть») айырмашылығы неде, контрастивті түр-түстер мен жалпы түр-түс мағынасын беретін тілдің басқа да мүмкіншіліктеріне не жатады, түр-түс атауларының субстантивтенуі (заттануы) мен символикалық ауыс мағынада



қолданылуы т. б.— осының бәрі көбіне-көп дәстүрлі та-  
нымға байланысты мәселелер.

### ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ

Түр-түс атаулары — қазақ тілінде, басқа тілдер сияқты, біршама зерттелген категория (І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, М. Балақаев, С. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев, Ж. Шәкенов т. б.). Олар қазақ тілі мамандары тарапынан негізінен сын есім категориясы ретінде қаралып, сапалық сын есімге тән лексика-грамматикалық табиғаты мен мағынасы, қолданылу аясы анықталған.

Түр-түс атауларының негізгі көпшілігі көне замандардан келе жатқан түркі тілдеріне ортақ дүние болғандықтан, тіл біліміндегі оның зерттелу тарихында да белгілі ортақтық болатыны сөзсіз. Осыған орай, түр-түс атаулары — сапалық сын есім ретінде жиырмадан астам түркі тілдерінің бәрінде де лексика-грамматикалық және этимологиялық тұрғыдан зерттелген, анықталған және белгілі дәрежеде жүйеге түскен категория. Ол жөніндегі мағлұматтарды біз кез келген түркі тілдерінің грамматикасынан (Терентьев, Мелиоранский, Катаринский, Боровков, Қононов, Батманов, Дыренкова, Дмитриев, Басқаков, Убрятова, Ширалиев, Хыдыров, Мұсаев, Наджип, Покровская, Тенишев т. б.) табуымызға болады. Кейбір түр-түс атауларының шығу тарихы мен тілдік табиғатын қарастыратын зерттеулерді көбінесе орхон-енісей және орта ғасырлық жазба ескерткіштеріне арналған еңбектерден (Малов, Рамстедт, Ряснен, Щербак, Котвич, Боровков, Батманов, Юнусалиев, Айдаров, Құрышжанов т. б.), тарихи-салыстырмалы және этимологиялық сөздіктерден (Радлов, Ашмарин, Будагов, Наджип, Севортян, Егоров, Пескарский, ДТС т. б.) кездестіруге болады. Алайда, түр-түс проблемасын жан-жақты, түркі тілдерінің фактілерін негізінде тұлғалық, мағыналық срекшеліктерін аша отырып зерттеген еңбектер көп емес. Бұған байланысты академик А. Н. Қононовтың «Семантика цветообозначения», «Способы и термины определения стран света у тюркских народов», «Семантике слов «қара» и «ақ» в тюркской географической терминологии», шет ел тюркологтарынан В. Банг, А. Габэн, Л. Циртаутас, А. Джафароглу, Г. Дерфер т. б. еңбектерін атауға болады. Түр-түс атауларын

орыс тілі бойынша арнайы зерттеушілер қатарына Н. Б. Бахлина, А. П. Васильевич, Е. М. Вольф, Л. И. Грановская, Н. Д. Ньюберг, Р. М. Фрумкина, А. В. Михеев, Ф. Н. Шемякин т. б. ғалымдар жатады.

Ал қазақ тілінің өзіне келсек, сын есім категориясына арналған еңбектерде түр-түс атауларының негізгі ерекшеліктері, атап айтқанда: олардың түркі тілдеріне ортақ байырғы (базистік) лексика қатарына жататындығы, тілдегі қалыптасқан синтетикалық, аналитикалық және аналитика-синтетикалық модельдер арқылы жасалуы, тұлғалық, мағыналық жағынан дамып, сан жағынан толығып отыратындығы және олардың көркем шығарма тілінде, баспасөз бен ғылыми әдебиет тілінде кеңінен қолданылатындығы анықталып, біршама зерттелген. Айта кету керек, бұл қатардағы зерттеулердің көбі түркологияда қалыптасқан дәстүрлі бағдарлама, белгілі тәсіл бойынша жүргізілгендіктен бір-біріне ұқсас болып келеді.

Бұл еңбекте қазақ тіліндегі түр-түс атаулары мүлдем басқа түрғыдан қарастырылып, оның табиғатына тән ерекшеліктерін өзге қырынан көрсету мақсат етіледі. Атап айтқанда, тілдегі түр-түс атаулары сапалық сын есім ретінде грамматикалық шеңберде емес, лексикалық байлығымыздағы өзіндік орны мен сыр-сипаты бар, күрделі де жүйелі категория ретінде қарастырылады. Өйткені түр-түс атаулары бір қарағанда жалаң грамматикалық объект болып көрінгенімен, тамыры алыста жатқан, халықтың ұзақ тарихымен төркіндес, оның рухани, мәдени өмірімен астарласа келіп, эстетикалық талғам-танымымен, ұлттық психологиясымен, салт-сана, әдет-ғұрпымен ұласатын қоғамдық, филологиялық, этнолингвистикалық мәні зор мәселелер қатарына жатады. Сонымен бірге, түр-түс атауларының объективтік негізі бізді қоршаған табиғат пен оның құбылыстары болғандықтан, оған лингвистикадан басқа да көптеген ғылымдардың (мәселен, оптика, физика, медицина, физиология, психология, колориметрия т. б.) да қатысы барлығын айтуды мақұл көреміз. Осыған орай, тілдік фактілерге аталмыш ғалымдардың, әсіресе түр-түстану — колориметрия пәнінің қол жеткен табыстары мен әлеуметтік, қоғамдық, этнографиялық факторларды негіз ете баяндамақшымыз.

## ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛЫ

Қазақ тіліндегі жалпы түр-түс ұғымына қатысты атаулардың саны мыңнан асады екен. Олардың ішінде сөз тұлғасымен (түбір, туынды түбір, біріккен сөз түрінде) берілетін түр-түс атаулары (ақ, боз, сұр, қара, ала, ал, қызыл, сары, көк, жасыл, қоңыр, кер, құба, құла, торы, күрең, жирен, күлгін, шабдар, барқын, баран, қызғылт, көгілдір, көкше, сарғылт, сарғыш, ақша, ақшыл, зеңгір, бурыл, сұрғылт, көкшіл, сұрқай, қоңырқай, т. б.) — бәрі болып қырыққа жуық. Бұлардың сыртында түр-түстік мағына білдіретін сөздер мен сөз тіркестері (шымқай, қырмызы, шұбар, қожалақ, шаңқан, тұм, шикіл, қошқыл, секпіл, тарғыл, қылаң, жолақ, сағал, таңдақ (таңдақ), далаптай, анардай, аршыған жұмыртқадай т. б.) тағы бар.

Түр-түс атауларының сан жағынан қаншама көп болғанымен, сұрыптай келгенде бір топ негізгі, базистік сөздің шеңберінен шықпайтынын көрдік. Қалғандарының бәрі ұйтқы болып отырған осы 20 шақты түбір сөздің негізінде дамып (көк — *көгілдір*, *көкше*, *көкшіл* т. б.), туынды түбірге, немесе сөз тіркесіне (*қара көк*, *күлгін көк* т. б.) айналған жай және күрделі атаулар болып саналады.

«Қазақ тіліндегі түр-түс атаулары қалай пайда болды?» деген мәселеге байланысты оларды орыс тілінің кейбір фактілерімен салыстыра қарауды мақұл көрдік.

Мәселен, орыс тілінде тек бір сөзбен ғана берілетін түр-түс атауларының жалпы саны 150-ден аспайды. Қарап отырсаңыз, осылардың 80—90 проценті тілдік табиғаты айқын, заттық негізі белгілі атаулар екен. Оларды заттық негізіне қарай топтастыру да оп-оңай: өсімдік, жеміс-жидек негізінде (*зелень — зеленый*, *роза — розовый*, *свекла — свекольный*, *вишня — вишневый*, *малина — малиновый*, *гранат — гранатовый* т. б.); металл негізінде (*свинец — свинцовый*, *сталь — стальной*, *медь — медовый*, *бронза — бронзовый* т. б.); тұрмыс бұйымдары негізінде (*кирпич — кирпичный*, *табак — табачный*, *бутылка — бутылочный*); асыл тастар негізінде (*малахит — малахитовый*, *рубин — рубиновый*, *изумруд — изумрудовый*, *терракот — терракотовый*, *коралл — коралловый*); азық-түлік негізінде (*молоко — молочный*, *олифа — олифковый*, *кофе — кофейный*, *салат — салатовый*, *томат — томатный*, *горчица — горчичный*); табиғат құбы-

орыс тілі бойынша арнайы зерттеушілер қатарына Н. Б. Бахлина, А. П. Васильевич, Е. М. Вольф, Л. И. Грановская, Н. Д. Ньюберг, Р. М. Фрумкина, А. В. Михеев, Ф. Н. Шемякин т. б. ғалымдар жатады.

Ал қазақ тілінің өзіне келсек, сын есім категориясына арналған еңбектерде түр-түс атауларының негізгі ерекшеліктері, атап айтқанда: олардың түркі тілдеріне ортақ байырғы (базистік) лексика қатарына жататындығы, тілдегі қалыптасқан синтетикалық, аналитикалық және аналитика-синтетикалық модельдер арқылы жасалуы, тұлғалық, мағыналық жағынан дамып, сан жағынан толығып отыратындығы және олардың көркем шығарма тілінде, баспасөз бен ғылыми әдебиет тілінде кеңінен қолданылатындығы анықталып, біршама зерттелген. Айта кету керек, бұл қатардағы зерттеулердің көбі түркологияда қалыптасқан дәстүрлі бағдарлама, белгілі тәсіл бойынша жүргізілгендіктен бір-біріне ұқсас болып келеді.

Бұл еңбекте қазақ тіліндегі түр-түс атаулары мүлдем басқа түрғыдан қарастырылып, оның табиғатына тән ерекшеліктерін өзге қырынан көрсету мақсат етіледі. Атап айтқанда, тілдегі түр-түс атаулары сапалық сын есім ретінде грамматикалық шеңберде емес, лексикалық байлығымыздағы өзіндік орны мен сыр-сипаты бар, күрделі де жүйелі категория ретінде қарастырылады. Өйткені түр-түс атаулары бір қарағанда жалаң грамматикалық объект болып көрінгенімен, тамыры алыста жатқан, халықтың ұзақ тарихымен төркіндес, оның рухани, мәдени өмірімен астарласа келіп, эстетикалық талғам-танымымен, ұлттық психологиясымен, салт-сана, әдет-ғұрпымен ұласатын қоғамдық, филологиялық, этнолингвистикалық мәні зор мәселелер қатарына жатады. Сонымен бірге, түр-түс атауларының объективтік негізі бізді қоршаған табиғат пен оның құбылыстары болғандықтан, оған лингвистикадан басқа да көптеген ғылымдардың (мәселен, оптика, физика, медицина, физиология, психология, колориметрия т. б.) да қатысы барлығын айтуды мақұл көреміз. Осыған орай, тілдік фактілерге аталмыш ғалымдардың, әсіресе түр-түстану — колориметрия пәнінің қол жеткен табыстары мен әлеуметтік, қоғамдық, этнографиялық факторларды негіз ете баяндамақшымыз.

## ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛЫ

Қазақ тіліндегі жалпы түр-түс ұғымына қатысты атаулардың саны мыңнан асады екен. Олардың ішінде сөз тұлғасымен (түбір, туынды түбір, біріккен сөз түрінде) берілетін түр-түс атаулары (ақ, боз, сұр, қара, ала, ал, қызыл, сары, көк, жасыл, қоңыр, кер, құба, құла, торы, күрең, жирен, күлгін, шабдар, барқын, баран, қызғылт, көгілдір, көкше, сарғылт, сарғыш, ақша, ақшыл, зеңгір, бурыл, сұрғылт, көкшіл, сұрқай, қоңырқай, т. б.) — бәрі болып қырыққа жуық. Бұлардың сыртында түр-түстік мағына білдіретін сөздер мен сөз тіркестері (шымқай, қырмызы, шұбар, қожалақ, шаңқан, тұм, шикіл, қошқыл, секпіл, тарғыл, қылаң, жолақ, сағал, таңдақ (таңдақ), далаптай, анардай, аршыған жұмыртқдай т. б.) тағы бар.

Түр-түс атауларының сан жағынан қаншама көп болғанымен, сұрыптай келгенде бір топ негізгі, базистік сөздің шеңберінен шықпайтынын көрдік. Қалғандарының бәрі ұйтқы болып отырған осы 20 шақты түбір сөздің негізінде дамып (көк — *көгілдір*, *көкше*, *көкшіл* т. б.), туынды түбірге, немесе сөз тіркесіне (*қара көк*, *күлгін көк* т. б.) айналған жай және күрделі атаулар болып саналады.

«Қазақ тіліндегі түр-түс атаулары қалай пайда болды?» деген мәселеге байланысты оларды орыс тілінің кейбір фактілерімен салыстыра қарауды мақұл көрдік.

Мәселен, орыс тілінде тек бір сөзбен ғана берілетін түр-түс атауларының жалпы саны 150-ден аспайды. Қарап отырсаңыз, осылардың 80—90 проценті тілдік табиғаты айқын, заттық негізі белгілі атаулар екен. Оларды заттық негізіне қарай топтастыру да оп-оңай: өсімдік, жеміс-жидек негізінде (*зелень — зеленый*, *роза — розовый*, *свекла — свекольный*, *вишня — вишневый*, *малина — малиновый*, *гранат — гранатовый* т. б.); металл негізінде (*свинец — свинцовый*, *сталь — стальной*, *медь — медовый*, *бронза — бронзовый* т. б.); тұрмыс бұйымдары негізінде (*кирпич — кирпичный*, *табак — табачный*, *бутылка — бутылочный*); асыл тастар негізінде (*малахит — малахитовый*, *рубин — рубиновый*, *изумруд — изумрудовый*, *терракот — терракотовый*, *коралл — коралловый*); азық-түлік негізінде (*молоко — молочный*, *олифа — олифковый*, *кофе — кофейный*, *салат — салатový*, *томат — томатный*, *горчица — горчичный*); табиғат құбы-

лыстары негізінде (небо — *небесный*, огонь — *огненный*, ржавчина — *ржавый*, болото — *болотный*) т. б.

Осы принциптің негізінде орыс тіліндегі түр-түс атаулары ылғи байып, толығып отырады. Әрбір ақын-жазушының өз тұсынан енгізген жаңа атаулары да бар. Мәселен, М. А. Шолохов өзінің «Көтерілген тың» романында *волчий, голубиный, изморозный*, сондай-ақ *белоглазый, белоноздрый, желтоусый, черножилый* сияқты атауларды қолдану арқылы орыс тілінің көркемсөз палитрасын толықтыра түседі.

Түр-түс атауларын жасаудағы орыс тілінің заттық негізге сүйену принципі дәл осы тіл үшін керемет тәсіл болып саналады. Соның арқасында тек бір элементті түр-түс атауының саны қазірде жүз елуге жетіп отыр. Жаңадан жасалып жатқандары тағы бар. Осыған орай, қазақ тіліндегі түр-түс атауының тапшылығын сезінген жазушы Ғабит Мүсіреповтың мына бір құлаққағысы еске түседі: «Өсімдік көгі мен аспан көгі бір түстес бола алмайды. Тегінде, термин комитеті *зеңгір, көк, жасыл* деген атаулардың аздығынан араласа бермейтінін ескеріп, осы мәселені бір қарастырса болар еді. Орыс тілінде «шие түсті», «бөтелке түсті», «кофе түсті» деген қосымшалар бар ғой. Мүмкін, біз де осы маңынан бір-демелерді табармыз»<sup>1</sup>.

Бұл, әрине — ойландыратын жағдай. Дәл осы модельдерді қабылдамағанмен (оны сол күйінде қабылдау мүмкін де емес), осыған ұқсас, бірақ қазақ тілінің өз табиғатына сәйкес тәсілдерді дамыта түскен абзал. Мәселен, қазақ тілінің өзінде бір қызыл түстің әр алуан реңктері: *ал қызыл, шиедей қызыл, жосадай қызыл, қан қызыл, алтайы қызыл, шымқай қызыл, қырмызы қызыл* тәрізді дәстүрге айналған тіркестермен беруге болады. Сондықтан да ақын-жазушылардың, зерделі де зейінді зиялылардың осы бағыттағы творчестволық ізденістерін құптауға болар еді.

Қазақ тілінің табиғатына тән бір ерекшелік: көптеген түр-түс атауларының шығу тегі бүгінде белгісіз. Олардың кейбіреулерін этимологиялық жолмен анықтауға болса да, кейбіреулерінің құпия сырын ашу мүлде мүмкін емес. Мәселен, *ақ, боз, сұр, көк, кер, ал* тәрізді бір буынды түр-түс атауларын талдап, анықтап жатудың қажеті жоқ сияқты. Өйткені бұлар одан ары жіктеуге, морфемаларға бөлшектеуге келмейді. Демек,

<sup>1</sup> Ғ Мүсірепов. Заман және әдебиет. Алматы, 1982, 94-бет.

оларды көне түркі заманнан бері келе жатқан байырғы, ілкі түбірлер санатына жатқызуға болады. Көптеген түркі тілдерінде кездесетін бұл сөздердің түстік мағынасы да көне болса керек.

Бұл сөздердің шығу тегіне назар аударып көрейік.

**Ақ** сөзі түркі тілдерінде ақ//ах//ағ//а : қ формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топ мағына аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі түр-түстік мағына («белый»); оның төңірегіне: ақшыл («белизна»), көздің ағы («бельмо»), жұмыртқаның ағы («белок»), жарық түс («светлый»), шаштың, сақалдың ағы («седой», «седина»), ақ боз («сивый»), өңсіздік («бледный»), сүт тағамдары («молочные продукты»), боз түсті кездеме («бельевая ткань») т. б. мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза («чистый», «незапятнанный»), айыпсыз («невинный», «безгрешный»), ақжүрек, адал («честный», «чистосердечный»); 3) керемет, тамаша, ғажайып («прекрасный», «чудесный», «великолепный»)¹. «Ақ» сөзінің ауыс мағыналары мен символикалық қызметі туралы III тарауда толығырақ айтылады.

«Ақ» сөзінің этимологиясы жөнінде, оның заттық не түстік негізі жайында түркологтар арасында тиянақты пікір жоқ. Кейбір ғалымдар, мәселен, К. Менгес, М. Ряснен т. б. «ақ» (а : қ) сөзін қытай тілінен енген кірме сөз деп қарайды. Бұл пікірмен келісу қиын. Өйткені қытай тілінен түркі тілдеріне енген элементтердің таралу шегі белгілі региондармен шектеулі ғана. Ал «ақ» сөзі болса, барлық түркі тілдерінде кездеседі. Әрине, бұл көне де байырғы түркі сөзі.

**Ал** сөзі де біздің тіліміздегі көне түбірлерге жатады. Ол «ашық қызыл» мағынасында қазақ тілінде көбінекөп *қызыл, сары, қара, көк* түр-түс атауларымен тіркесе қолданылады: *ал қызыл, ал сары, ал қара, ал көк* т. б. Бұл сөздің төркіні туралы да талас көп. Кейбір авторлар «ал» сөзі монғол тіліндегі «гал» («от») сөзімен (мысалы, *гал шара* — «огненно рыжий», *гал бомбо* — «зажигательная бомба») байланысты деп қараса, енді біреулер — түркі тілдеріндегі *жалын, ялкун, йалун* («пламя», «зарница») сөзінің түбірі жал//ял//һал (ұйғыр тілінде: *һал тартмақ* — «қызару, қызғылттану») деп қарайды. Сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың (г//ж//й//һ)

¹ Э. В. Севортян. Этимологический словарь тюркских языков М., 1974, 116—117-беттер.

түсіп қалу заңдарын ескерсек, «ал» сөзінің о бастағы заттық негізі «от», «оттың жалыны» болуы ықтимал.

Осыған орай «ал» сөзін түркі тілдерінің өз төл сөзі деп қарауға негіз бар сияқты. Оның екі түрлі себебін тағы айтуға болады: біріншісі — «ал» сөзінің бүгінгі түркі тілдерінің көбінде-ақ (орысша «алый», «светло-розовый», «светло-красный», «ярко-красный» мағынасында) жеке-дара күйінде де, күшейткіш элемент күйінде де (*ал қызыл* — «ярко-красный», *ал қара көк ат* — «вороной конь», *ал сары* — «ярко-желтый» т. б.) қолданылуы болса, екіншісі — орыс, т. б. славян тілдеріндегі «алый» сөзінің түбірі «алды» мамандардың барлығы бір ауыздан түркі тілдерінен енген кірме сөз деп есептейді (Фасмер, Шипова). Кейбір этимологтар түркі тіліндегі «алтын» және монғол тіліндегі «алтан» сөздерімен жақындастырып, оларды *ал* («алқызыл») және *тұн* («қызылт мыс») түбірлерінен пайда болған (Пекарский) деп қараса, енді бір жерде алмұрт, алма, алқор, алша сияқты жемістердің бірінші сыңары *ал* — парсы сөзі деген пікір айтылады<sup>1</sup>. Бұл да ескеретін жағдай. *Алмұрт* (ал+моруд — «груша»), *алқор* (ал+қор — «чернослив»), *алша* (ал+ша — «алыча») деген сөздердің құрамындағы «алдар» шынында да «ашық қызыл», «солғын қызыл» мағынасында иран тілдерінде қолданылады. Ал «алма» сөзін бұл қатарға қосуға болмайды. Өйткені оның төркіні санскритпен байланысты екенін ғалымдар көптен бері-ақ айтып келеді. Бірақ «ал» сөзі славян тілдеріне енген сияқты, иран тілдеріне де енуі мүмкін ғой. Сондықтан біз «ал» түр-түс атауын түркі тілдерінің топырағында пайда болған деген пікірді қолдағымыз келеді.

**Көк** сөзіне келетін болсақ, оның түркі тектестігі, тіпті монғол, оның ар жағында бүкіл алтай (тұңғыс-маньчжур, жапон, корей) тілдеріне ортақ дүние екендігі көп талас тудырмайтын сияқты. «Көк» сөзі әр түрлі фонетикалық және семантикалық вариант ретінде бұл тілдердің бәрінде де кездеседі. Олай болса, бұл сөз өзінің тегі жағынан бүкіл алтай әлеміне ортақ дүние болып саналады.

Дәл бүгінге дейін бізге белгісіз жері: көк түс аспанға байланысты шықты ма, аспан (тәңірі) көк түске байланысты шықты ма деген мәселе. Алғашқы адамдар

<sup>1</sup> Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966, 34—35-беттер.



көк күмбезін оның түсіне қарап, «көк» деп атап кетуі қаншалықты заңды болса, керісінше, жер бетіндегі көк түсті заттардың бәрін аспан түсімен салыстыра отырып, жалпылама «көк» деген түр-түс атауын жасап алуы да мүмкін ғой.

Егер осы кейінгі пікірді мақұлдасақ, онда аспан түсінің бірде көк, бірде көгілдір, енді бірде көк жасыл, көк зенгір болып өзгеріп отыруына байланысты адам баласы (біз түркі тілдес бабаларымызды айтып отырмыз) олардың бәрін о баста бір ғана көк түспен белгілеген болуы да мүмкін. Түркі тілдес халықтардың көпке дейін «синий», «голубой», «зеленый» деген үш түрлі негізгі түсті «көк» деген бір-ақ сөзбен атап келуі де, көктен жасылды, жасылдан көгілдірді, немесе көк жасылды ажырата алмай, дальтоник атанып келуі де, міне, осыған байланысты болса керек. «Көк қауынды жей берме, ішің ауырады» деп балаларын сақтандыратын қазақ қауынның түсі көк емес екендігін білмей айтып тұрған жоқ, үйреншікті әдет, ертеден келе жатқан дәстүр бойынша айтып тұр. Бүгінде көк пен жасылдың өздерін ғана емес, оның барлық реңктерін де анықтап айтуға мүмкіншілігіміз бар.

**Боз** сөзі де түркі тілдерінің төл сөздеріне жатады. Түркі тілдерінде ол боз//бо : з//бос//бөз//бүз//бот тұлғаларында кездесіп, этимологиялық сөздіктің анықтауы бойынша<sup>1</sup> 11 түрлі мағынада қолданылады екен. Олардың негізгі номинатив мағынасы — ақ түстің бір түрі (орысша): «серый», «пепельно-беловатый», «беловато-серый», «белый», «бледный» т. б. Дәл осы мағыналарда кейбір түркі (тува, алтай, койбол т. б.) тілдері мен монғол тілдерінде *бор*, *боро*, *бора* сөздері де қолданылады. Түркі-монғол тілдеріне тән (р~з~с) ротацизм заңы бойынша кейбір ғалымдар (Т. Текин т. б.) «боз» бен «бор» сөздерінің төркіні бір деген жорамал айтады. Сонымен қатар «боз» (оның варианттары бос//бо : с//бот//бөз//бүз//мор т. б.) сөзінің архетипін А. М. Щербак по : с деп жобалайды. Осындай пікірлер бола тұрса да Э. В. Севортян «боздың» «бордан» шыққанын, не, керісінше, «бордың» «боздан» шыққанын анықтау қазірше қиын деп көрсетеді.

«Боз» сөзінің шеттен қабылдануы жөнінде бұрынсоңды пікір айтылған емес. Қайта мұның алтай тілдері-

<sup>1</sup> Э. В. Севортян. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1978, 172-бет.

не ортақтығы көбірек сөз болып жүр. Егер ротацизм (р~з~с) заңдылығын және боз//бор//бора (осыдан келіп боран//баран — түр-түс атаулары) сөздерінің түстік мағынасын ескерсек, түркі тілдеріндегі: *бор* («мел»), *боз жер* («жусан»), *бөрі* (қаз.), *бөрә* (ұйғ.)—«қасқыр», монғ. *бору*, *бор* («серый», «коричневый», «смуглый»), *пораң* (хак.), *бороң* (як.), *боро* (тув.)—«мутный», «туск-лый», «серый», «сивый», сондай-ақ славян тілдеріндегі *бусый*—«темносерый», «пепельный» (*босый волк* деген тіркесті салыстыруға болады), *бузан*—«белый аист» т. б. сөздерді боз//бор сөздерімен туыстас, ұялас деп қарауға болатын сияқты.

**Сұр** сөзінің табиғаты онша анық емес. Дегенмен оның тұлғасына және мағынасына қарап бірнеше жорамал айтуға болатын сияқты. Мәселен, түркі, монғол тілдерінде «серый» және оған жақын мағыналарда бірнеше сөз қолданылады. Қазақ тілінде *сұр* («серый»), қарақалпақ тілінде *сур* («серый», «бледный»), башқұрт тілінде *хоро* («серый»), алтай тілінде *боро* («серый», «сивый»— мал түсі), ноғай тілінде *куба*, *боз* («серый»), гагауз тілінде *боз*, *сур* («серый»), қарайым тілінде *сур* («рыжеватый»), чуваш тілінде *сара* («серый»), қалмақ тілінде *бор* («серый»), *көк буурл* («сивый») т. б.

Осыған қарап отырсақ, боз бен бор//бора//боро, сондай-ақ сұр//сур//сара//хоро және ку//куу//құба//куба сөздерінің бәрі де мағыналас екен. Ал енді тұлға жағынан боз бен бор>бора (осыдан келіп боран//баран//буыр>буырыл//буурыл) сөздері бір тектес те, сұр//сур//сара//хора сөздері бір тектес болуы мүмкін. Бұл арадағы варианттылық осы тілдердің өздеріне тән фонетикалық заңдылықтарға байланысты. Осылардың ішінен бізді қызықтырып отырғаны—«сұр» сөзінің этимологиясы. Тұлға мен мағына жағынан жақын тұрған сұр//сур//сара//хора сөздерін өзара төркіндес деп қарап, оны фонетикалық заңдылықтарға сүйене отырып дәлелдеуге болатын сияқты. Мәселен, о бастағы бір буынды сөздің кейде ашық, кейде жабық буын болуы ықтимал. Сонда чуваш пен башқұрт тілдеріндегі «сара» мен «хора» сөздерін «сұр» сөзінің ашық буынды варианты деп қарауға болады. Ал енді осы «сары (сарық)» сөзінің өзі *сар-ы*, *сар-ық*, *сар-ығ* түрінде жіктеліп, оның құрамындағы *-ы//ық//ығ*—сөз жасаушы көне жұрнақ болып саналады. Оның тағы бір дәлелі: *сар-ғай* (қаз.), *сар-ғар* (орта ғасыр тілдерінде) етістіктері. Сонда бүгінде өлі түбірге айналған «сар» бір тілде *сыр*

(*сар*-дың рекуцияланған варианты), маньчжур тілінде *sira* («желтый»), *сыр* — *сыра* («пиво»), *боз* — *боза* («буза»), екінші тілде *сор*, немесе *һор*, ал үшінші тілде *сұр* тұлғасында қалыптасқан. Осылайша тұлғалық жағынан жіктелудің мағыналық дифференцияға ұшыратуы тіл-тілде кездесіп тұратын құбылыс. Сонда, қазақ тіліндегі *сұр* («серый», «смуглый», «тусклый» т. б.), чуваш тіліндегі *сара* («серый»), башқұрт тіліндегі *һора* («серый»), сондай-ақ түркі тілдеріндегі *сыр* («бояу» — мағына жалпыға айналған) және *сары* («желтый», «светло-желтый», «серый») — бәрі де төркіндес түбірлер. Ал ұйғыр тілінде қолданылатын *сұр* (араб тілінен енген «вид, внешний вид, физиономия») қазақ тіліндегі *сұр* (сұры жаман, сұры қашу) және *сұр* (сүреңсіз т. б.) түбірлерімен тек тұлғасы ғана ұқсас омоним сөз.

Сөйтіп, «сұр» сөзін біз түркі тілдерінің төл сөзі және «сары» сөзімен төркіндес деп есептейміз.

**Кер** түр-түс атауының тілдік табиғаты жөнінде нақтылы пікір айту қиын. Бұл сөз тек малдың түсін ғана емес, сонымен қатар басқа заттар мен құбылыстардың да түсін білдіреді: *кер ат*, *кер дөнен*, *кер жағал*, *кер дала*, *кер жусан*, *кер марал*, *кер тікен* т. б. Бұл түбірді өзімен омонимдес екінші «кер» сөзімен шатастырмау керек: *кер заман*, *кер миық*, *кер адам* т. б. Бұл жердегі «кер» — *кері кету*, *керілу*, *кердең* дегендердегі «кер» түбірі.

«Кер» сөзінің мағынасын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «құла мен торының аралығындағы малдың түсі» деп анықтапты. Орыс тіліндегі жылқы түсі «карий» сөзін мамандар түркі тілдеріндегі «қара» сөзінен шыққан деп жорамалдайды. Шынында да орыс тілінде *карий* — «черный», «темный» мағынасын береді. Бірақ *карие глаза* дегенде нағыз қара емес, қара қоңыр түсті айтып тұр. Сондықтан біз орыс тіліндегі «карий» сөзінің төркінін «кер» сөзімен жақындастырып, ал «караковий» деген түсті, академик Қорштың пікіріне қосыла отыра, түркі тілдеріндегі жылқы түсі — *қара құламен төркіндес* деп қарауды мақұл көреміз.

Сонымен қазақ тіліндегі (барлық түркі тілінде кездесе бермейтін) «кер» түс атауы әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

**Ку** сөзі (дыбыстық құрамы «күу») бір қарағанда түр-түс мағынасын білдірмейтін сияқты. Бірақ жоғарыда келтірілген біраз тілдерде (мәселен, тува, ноғай т. б.) *ку//куу* сөзінің «серый», «беловатый» деген түстік

мағынасы айқын. Мұндай мағына қазақ тілінің өзінде де бар: шөптің, ағаштың, қурайдың, сүйектің т. б. заттардың күн табымен әбден кеуіп, бозарып, ақ сөңкеге айналған түрін қазақтар «қу» сөзімен — *қу сүйек, қу бас, қу шөп* т. б. деп атап, оларға түстік мағына береді. Мәселен, «қу» сөзі «ақ» деген анықтамасыз-ақ түсі аппақ құс екенін аңғартады. Осыған орай, *ақ қу, аққу* атауы түс атауларының заттануына байланысты пайда болып, ақ түсті құстың аты ретінде қалыптасқан. Мұндай заттанған сапалық сын есімдер тілімізде баршылық: *ақ* («сүт», «сүт тағамдары» мағынасында), *қызыл* («ет» мағынасында), *көк* («жеміс» мағынасында) т. т.

*Қу* атауы тіліміздегі «құба» және «құбақай» сөздерімен төркіндес. Ал > ала, құл > құла, қу > құба, сар > сара («сара жол», «саралану» деген сөздердегі) деген негізгі және туынды түбірлер бір замандардағы сөз жасау модельдерінің үлгісімен жасалса керек. Оны әлі де зерттей түсу қажет.

Түр-түс атауларының екі буыннан тұратындары (қара, ала, құла, сары, торы, жасыл, қызыл, күрең, шұбар, шабдар, жирен, теңбіл, баран, тарғыл, қошқыл, қоңыр т. б.) және солардың негізінде пайда болған үш буынды (қараша, бозғылтым, сарғылтым, қызғылтым, сұрғылтым, бозамық, қарамты, қызылша, көгілдір, көгілжім т. б.) атаулар да этимологиялық жағынан назар аударарды. Ең алдымен көзге түсетіні — бұлардың бәрі туынды түбірлер, яғни синтетикалық модель негізінде жасалған тұлғалық жағынан күрделі сөздер. Бірақ олардың барлығының морфемдік құрамын анықтау бүгінде мүмкін емес. Өйткені олар ұзақ тарихи даму процесінде дыбыстық жағынан да, мағына жағынан да өзгеріп, өзара кірігіп, жымдасып, қысқарып кеткен.

Дегенмен модельдік жүйемен қарастырғанда кейбіреулерінің о бастағы негізгі түбірін бөліп алып, салыстыра отырып анықтауға болатын сияқты.

Түр-түс атауларының құрамына байланысты біз жоғарыда, мысалы, *қызыл, жасыл* сөздері *-ыл, -іл, тарғыл, қошқыл* сөздері *-ғыл, -гіл, -қыл, -кіл, сары, торы* сөздері *-ы(қ), -ы(ғ)*, *бозаң, құбаң, күрең* сөздері *-аң, -ең, қара, ала, құла* сөздері *-а* сөз жасау модельдері арқылы пайда болған деп пікір айтқан едік. Бұл пікіріміз түркі тілдерінің табиғатына теориялық жағынан үйлесетін сияқты. Бірақ әлі де болса дәлелдей түсу керек.

Біз осы модельдердің бір-ақ түріне тоқталамыз.

Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі *қызыл* мен *жа-*

сыл сөздерінің түбірі «қыз» бен «жас» деген пікір көптен бері айтылып келеді. Сондағы дәлеліміз: бұлардың екеуі де **-ыл, -іл** моделі негізінде бүгінде жеке-дара қолданылмаса да, бөліп алып қарауға болатындығы.

Сонда «қыз» түбірі ерте замандарда синкретизм ретінде бірде етістік («краснеть», «пламенеть», «багроветь»), бірде сын есім мағынасында («красный», «багровый», «цвет пламени») екі ұдай қолданылған екен<sup>1</sup>. Сын есім мағынасында қолданылғандығын дәлелдеу үшін «қызар» етістігін алып, *боз — бозар, көк — көгер, ақ — ағар* моделі бойынша талдасақ та жеткілікті. Бұл модельдегі түбір тек зат есім, не сын есім ғана болуы керек. Сонда қазіргі қазақ тіліндегі «қызыл» сөзінің құрамындағы о бастағы дербестігін жойған «қыз» түбірінің төркіні айқындалмақшы. Ол тек «қызыл» түстің ғана емес, тіпті албыртып, қызара бөртеп тұратын, қызу қанды, сұлу реңді мағынасындағы «қыз» («девушка», «дочь») сөзінің шығуына да негіз болса керек.

Жоғарыдағы модель бойынша біз «жасыл» сөзінің ілкі түбірін «жас» деп қараймыз. Мұнда да о баста-ақ заттық және сындық, сипаттық мағына болған. Көне түркі ескерткіштерінің тілінде *йаш* (*jas*) «зеленый», «молодой» деген мағына аңғартқан<sup>2</sup>. «Жас» (*йаш*) түбірінің заттық мағынадан (балауса көк шөп) сипаттық, сындық (жалпы көк түс) мағынаға біржола ауысуында да **-ыл, -іл** моделі шешуші роль атқарған.

«Жас» түбірі «көк шөп», «көкөніс» мағынасында бүгінгі түркі тілдерінде де кездеседі. Мәселен, қазіргі азербайжан тілінде *йаш* — «дымқыл, сулы, көк» деген мағынада; ұйғыр тіліндегі *көк-яш, қыл-яш* деген қос сөздердің құрамындағы «яш» та осы түбір.

Жалпы түркі тілдерінде *жас//йаш* түбірінің мағынасы кең. Ол көп мағыналы сөздердің қатарына жатады. «Жас» сөзіне «зеленый», «молодой», «неспелый», «сырой», «влажный» мағыналары тән. Осының нәтижесінде бүгінде арасы алшақтап бара жатқан омонимдердің, бірақ о бастағы тегі бір сөздердің, табиғатын кейбір ғалымдар дұрыс көрсетеді. Мәселен, Н. Қарашева: «Жас сөзінің ...бастапқы мағынасы «жаңа шыққан көк өсімдік» деп ұйғаруға болады. «Жас» сөзінің жаңадан көгеріп шыққан өсімдікті білдіретін мағынасы жаңа өсіп келе жатқан балаға, одан кісінің өмір сүрген жыл саны-

<sup>1</sup> Древнетюркский словарь. М., 1969, 450-бет.

<sup>2</sup> Сонда, 245-бет.

на ауысқан. Көк өсімдіктің дымқыл, ылғалды болуымен, әсіресе таңертеңгі шық түскен кездегі күйімен байланысты, бұл сөз «көз жасы» деген ауыспалы мәнге де ие болған тәрізді»<sup>1</sup> деп көрсетеді.

Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, түр-түс атауларының жасалу жолдары, міне, осылай. Орыс тіліндегідей емес, бұлардың заттық негізін анықтау өте қиын. Бұл олардың көнелігінің нышаны болса керек.

### **ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ**

Табиғаттағы түр-түстердің құрамына сәйкес тілдегі түр-түс атаулары да күрделі болып келеді. Бұл сәйкестіктің шартты екенін біз ескерткенбіз. Дегенмен, тіл қауымы өзінің өмір тәжірибесінде көзімен көріп қабылдаған түрлі түстерді, олардың неше түрлі реңктерін мүмкін болғанынша дәл көрсетіп, тіл мүмкіншілігі арқылы дәл анықтауға тырысады. Құрамы мен мағынасы жағынан неше түрлі атаулардың тілімізде пайда болуы және бұдан кейін де жасала беретіндігі осы бір дәлділікке, нақтылыққа талпыну тенденциямызға байланысты болса керек.

Тіл өзінің ұзақ тарихи даму процесінде түр-түс атауларының белгілі бір жүйесін құрып және түр-түске қатысты лексикамызды сөз жасау модельдеріміз арқылы ылғи толықтырып, байытып отырады. Осының нәтижесінде тілдік қорымызда тұлғалық және мағыналық жағынан неше түрлі сөздер мен сөз тіркестері дүниеге келіп, атау ретінде қалыптасып, өзінің көпшілік қауымға түсініктілігімен, етене таныстығымен дәстүрлі түрде қолданыла бастайды.

Бұлардың басқа жағын былай қойып, тек тілдік табиғатын білудің өзі де қажет екендігін айтқымыз келеді. Оларды екі тұрғыдан: 1) тұлғалық және 2) мағыналық ерекшеліктеріне қарай қарастыруға болады екен.

### **ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Түр-түс атауларының тұлғалық ерекшеліктері дегенде біз ең алдымен олардың құрамына, яғни қанша сөзден және қандай сөздерден тұратындығына көңіл аударғымыз келеді. Өйткені түр-түстердің тұлғалық жа-

---

<sup>1</sup> Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966, 82—83-беттер.

ғынан күрделенуі олардың мағынасына тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, бір сөзден тұратын атаулар негізінен бір текті түстерді білдірсе, екі не одан да көп сөздерден тұратын атаулар әр текті, аралас түстерді көрсетеді. Ал туынды түбірлер мен біріккен сөздер түр-түстің неше түрлі реңкін анықтайды. Кейде бір сөзден тұратын атаудың өзі де қоспа, қосалқы реңктерді білдіруі мүмкін. Қысқасы, түр-түс атауларының тұлғалық жағынан дамып, күрделеніп, кемелденіп отыруы түр-түстің жаңа реңктерін анықтауға, оларды бір-бірінен ажыратуға, жіктеуге байланысты.

Түр-түс атауларын тұлғалық жағынан топтастыру үшін біз негізінен олардың құрамына енетін жеке сөздер мен сөз тіркестеріне көңіл бөлеміз. Осыған орай «жеке сөз» және «сөз тіркесі» деген ұғымдардың лексика-грамматикалық ерекшеліктерін білдірудің қажеттігі бар.

Түр-түс атаулары деп отырғанымыз — тұлға жағынан алып қарағанда сөздік қорымыздағы басқа сөздерден ешбір ерекше айырмашылығы жоқ байырғы да қарапайым сөздер, не осы сөздерден құралған тіркестер. Түр-түс мағынасын беретін бұл сөздер де, басқа сөздер сияқты, морфологиялық құрамы жағынан жай түбір, туынды түбір және біріккен сөз болып үш топқа бөлінеді. Ал сөз тіркестері болса, олар құрамы жағынан екі сөздең, үш сөзден және көп сөзден тұратын тіркестер болып бөлінеді. Түр-түс мағынасында қолданылатын жеке сөздерден де, сөз тіркестерінен де қиымыл, іс-әрекет етістіктері жасалады. Бұл топтардың өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес.

### БІР СӨЗДЕН ТҰРАТЫН ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ

Қазақ тілінде бір сөзден тұратын түр-түс атаулары олардың тілдегі жалпы санына қарағанда өте аз. Оларға, табиғи хроматты және ахроматты түр-түстер мен мал және хайуанаттар түстерін қоса есептегенде, мыналар жатады: ақ, ақша, ақшыл, ақшылдау, аппақ<sup>1</sup>; боз, бозаң, бозаңдау, бозша, бозғыл, бозғылша, бозғылт, бозғылттау, бозғылтым, бозшалау, бозамық, бозарыңқы, бозаңқыр, бозғылдау, бозалаң, бозаңқы; сұр,

<sup>1</sup> Орфографиялық ерекшеліктеріне байланысты екі-ақ сөз — аппақ және көкпеңбек — жеке сөз ретінде қаралып отыр. Басқалары (қып-қызыл, сап-сары т. б.) өз ретінде талданады.

сұрша, сұрғылт, сұрғылтым, сұрлау, сұрғылттау; **қара**, қараша, қарамты, қаралау, қаралаңқы; **қызыл**, қызылша, қызғылт, қызғылтым, қызылдау, қызғылттау; **көк**, көкше, көгілдір, көкшіл, көкшілдеу, көгеріңкі, көкпенбек, көгілжім; **жасыл**, жасылша, жасылдау; **сары**, сарыша, сарғыш, сарғыштау, сарғылт, сарғылтым, сарылау; **ала**, алаша, алалау, аламыш, аламыштау; **қоңыр**, қоңырша, қоңырлау, қоңырқай; **құба**, құбаша, құбаң, құбақай, құбақан; **торы**, торыша, торғыл, торғылт, торғылтым, торылау; **күрен**, күренше, күрендеу; **жирен**, жиренше, жирендеу; **шұбар**, шұбарша, шұбарлау; **тарғыл**, тарғылша, тарғылдау; **шабдар**, шабдарша, шабдарлау; **теңбіл**, теңбілше, теңбілдеу т. б.

Тіліміздегі бір сөзден тұратын түр-түс атауларының жалпы саны жүзге тамам екен де, олардың отыздайы қалған туынды түбірлердің жасалуына негіз болып отыр. Сонда бұлар тіліміздегі мыңға жуық атаудың оннан бірі ғана. Демек, түр-түс атауларының басқалары осы сөздердің басқа түске қатысты сөздермен өзара тіркесуі арқылы жасалады екен.

Бір сөзден тұратын түр-түс атауларының өздері де морфологиялық тұлғасы, құрамы және жасалу тәсілдері жағынан бірдей емес. Оларды морфемдік тұлғасына қарап, бір буынды (ақ, ал, көк, боз, сұр, кер), екі буынды (қара, ала, құла, сары, торы, жасыл, қызыл, күрен, шұбар, жирен, теңбіл, баран, тарғыл, қошқыл, сондай-ақ ақша, бозаң, бозша, бозғыл, сұрша, сұрғылт, қызғылт), үш буынды (қараша, бозғылтым, сарғылтым, қызғылтым, сұрғылтым, бозамық, қарамты, қызылша, көгілдір, қоңырқай, құбақай, теңбілдеу т. б.) деп топтастыруға болады. Төрт буынды атаулар (қаралыңқы, аламыштау, көгеріңкі) тілімізде бірлі-жарым ғана.

Бұл атаулардың бәрі де шығу тегі жағынан көпшілік түркі тілдеріне ортақ, ерте замандардан келе жатқан қазақтың төл сөздері болып саналады. Шеттен кірген сөзді бұлардың арасынан таба алмаймыз. Бір буынды және кейбір екі буынды ілкі түбірлер мен туынды түбірлер (мәселен, *ал*, *ақ*, *көк*, *боз* және *қара*, *сары*, *ала*, *торы*, т. б.) байырғы түбірлер болғандықтан тілімізде бірнеше туынды түбір жасауға негіз болып отыр (*боз* > *бозша*, *ақ* > *ақша*, *сұр* > *сұрқай*). Туынды түбірлердің бәрі тіліміздегі белгілі модельдер арқылы жасалған. Сөз жасаушы қосымшалардың біразы бүгінде көнеленіп, мағынасы күңгірттеніп, тек туынды түбір құрамында ғана қолданылады да, оларды этимологиялық талдау арқы-



лы ғана анықтауға болады. Мәселен, біраз атауларда **-ыл, -іл** (қыз-ыл, жасл-ыл), енді біреулерінде **-қыл, -ғыл** (тар-ғыл, қош-қыл, боз-ғыл), немесе **-ша, -ше** (ақ-ша, боз-ша, сұр-ша), **-аң, -ең** (боз-аң, күр-ең), **-ғылт, -гілт** (боз-ғылт, сұр-ғылт) т. б. кездесетін қосымшалар тілімізде бүгінде жеке-дара тұрып, жаңа сөз жасау процесіне қатыспаса да, олардың бір заманда модель ретінде қолданылғандығын аңғару қиын емес.

Осы фактілерге қарағанда бір сөзден тұратын түр-түс атауларының бәрі де тіл байлығымыздың көне қыртыстарына тән, тұлға жағынан көп өзгере қоймаған «консервативті» лексика санатына жатады екен. Оның тағы бір дәлелі: жоғарыда келтірілген туынды түбірлердің жасалуына негіз болып отырған кейбір бір буынды ілкі түбірлер (мәселен: **боз** > боз-аң, боз-ғыл, **ақ** > ақ-ша, **сұр** > сұр-ша) жеке-дара қолданылатын дербес сөздер болса, енді біреулері қазіргі уақытта дербестігінен айырылған, өлі түбірлер санатына енген. Мысалы, оларға: **қыз** > қыз-ыл, **жас** > жас-ыл, **сар** > сар-ы(қ), **тор** > тор-ы(қ), **күр** > күр-ең т. б. жатады.

Бүгінде қазақ тілінде қолданылып жүрген түр-түс атауларының қалған көпшілігі аналитикалық негізде қос сөздер мен тіркестер болып келеді. Сан жағынан бұл атаулардың көп болу себебі, жоғарыда айтылғандай, спектр жүйесінде хроматты және ахроматты негізгі түр-түстерден басқа да сан алуан реңктердің және әр текті, қосалқы, күрделі түстердің көп болуына байланысты. Тіл өзінің ұзақ даму процесінде, тіл қауымы өзінің мол тәжірибесінде бұл түр-түстердің бәрін болмаса да, ең қажетті дегендерін белгілі сөз тұлғалары мен сөз тіркестері арқылы атап отыруға тырысқан. Мәселен, біздің бақылауымыз бойынша, бір ғана қара түстің 40-тан астам реңкі, қызыл түстің — 30-дан астам, ақ түстің — 30-дан астам, көк түстің 20-дан астам реңкі бар екен. Бұл реңктердің біразын осы атаулардың негізінде жасалған туынды түбірлер білдірсе (мәселен: ақ < ақ-ша, көк < көгілдір, қызыл < қызғылтым, сары < сарғыш т. б.), олардың басым көпшілігі түр-түс атауларының өзара араласуы, комбинаторлық жолмен тіркесуі арқылы беріледі.

Тілімізде бұлардан басқа түр-түстердің қанықтығын, интенсивтігін, күштілігін білдіретін лексика-грамматикалық тәсілдер де жоқ емес. Мәселен: *қараның қарасы, қазанның күйесіндей қара, көмірдей қара, темір табындай қара, қара құрым, күйедей қара сияқты салыстыр-*

малы синтаксистік конструкциялармен қатар, лексикалық қайталау жолымен жасалатын түрі де бар: *қып-қызыл, сап-сары, жап-жасыл, қап-қара* т. б.

Сөз жасаудың бұл түрі лексикалық қайталау болып саналады да, жалпы сын есім категориясына тән қайталау (мәселен: әп-әдемі, тәп-тәтті, қап-қатты т. б.) күшейткіш мағына беретін **қайталама қос сөздер** деп аталады. Қайталама дейтін себебіміз: бұл конструкцияның алдыңғы сыңары — негізгі түр-түс мағынасындағы сөздің қысқартылып алынған бірінші буыны, Ол (қа-қара, жас-жасыл, сар-сары түрінде) жай қайталанып тұрған жоқ, «п» дыбысын не қосып алып (қа-п-қара), не ақырғы дауыссыз дыбысымен алмастырып барып (са-п-сары, қы-п-қызыл) қайталанып тұр.

Қазақ тілінде мұндай қайталама сын есімдер көп емес. Олар кейбір түр-түс атаулардан ғана (қап-қара, қып-қызыл, сап-сары, қоп-қоңыр, шұп-шұбар, сүп-сүр, боп-боз т. б.) жасалады. Олардың екеуі — *апнақ* пен *көкпеңбек* — дыбыстық жағынан ықшамдалып, өзгеріп барып, дәстүр бойынша бірге жазылады. Дегенмен олардың ықшамдалу заңдылығы бізге белгілі. Мысалы, *апнақ* формасы жоғарыдағы қағида бойынша *ап-ақ* болу керек еді. Бұлай айту ыңғайсыз болғандықтан «п» дыбысы қайталанып тұр. *Көкпеңбек* сөзіндегі өзгеріс күрделілеу: *көп-көк* болып қайталауда ең алдымен дыбыс ауысуы (метатеза) байқалады (кө-п-к-өк), ал соңғы *-бек* формантының табиғаты және негізгі *көк* сөзін *көң* түріне өзгертіп барып жалғануы біз үшін әлі анық емес.

## ЕКІ СӨЗДЕН ТҰРАТЫН ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ

Бұлар әр түрлі, әр тектес, әр алуан түстер мен реңктердің күрделі табиғатын анықтауға байланысты дүниеге келген құрамалы, күрделі атаулардың алғашқы тобына жатады. Алғашқы тобына дейтініміз, олар лексика-грамматикалық құрамы жағынан бір-біріне жақын, тектес, үйлес, немесе, керісінше, бір-бірінен мүлдем бөлек, қашық, алшақ жатқан екі түстің, екі реңктің синтезін, қосындысын, қоспасын білдіретін екі дербес сөзден ғана құралады. Олардың үш сөзден де, төрт сөзден де тұратын күрделілерін кейінірек айтамыз.

Сонымен, екі сөзден тұратын түр-түс атаулары қалай жасалады?

Алдымен ескеретін жайт: екі сөзден тұратын түр-түс атаулары екі түрлі. Олардың бір тобы — тіл дәстүрінде

терминдік мағынаға ие болған, тұрақты тіркес ретінде қалыптасқан, көпшілік қауымға түсінікті, етене таныс болғандықтан кез келген уақытта даяр материал ретінде пайдалануға болатын түр-түс атаулары да, екінші тобы — ондай тұрақтылыққа әлі ие бола қоймаған, негізінен ақын-жазушылардың шығармаларында ғана кездесіп, творчестволық ізденістің, талғам-танымның, өзіндік сөз саптаудың нәтижесі ретінде қолданылып жүрген атаулар.

Бірінші топқа жататын тұрақты тіркес түріндегі түр-түс атаулары өз ретінде: а) екі сыңары да (компоненті де) түр-түсті білдіретін сөздерден тұратын (мысалы: ақ боз, ақ құба, ақ ала, қара ала, қара көк, қара торы, көк ала, теңбіл көк, т. б.) және ә) бір сыңары түр-түс атауы да, екінші сыңары түр-түске қатысты, не басқа мағынадағы сөздерден тұратын (мәселен: тобылғы торы, шикіл сары, қан қызыл, торы қасқа, ақ жолақ, мақпал қара т. б.) атаулар болып екіге жіктеледі. Бұлар анықтауыш және анықталушы компоненттерінің тіркестегі орын тәртібіне қарай да өзара жіктелуі мүмкін (мәселен: торы қасқа — қасқа торы, сары қызыл — қызыл сары т. б.).

Енді осы топтарды жеке-жеке қарастырайық.

### **ЕКІ СЫҢАРЫ ДА ТҮР-ТҮСТІ БІЛДІРЕТІН АТАУЛАР**

**Ақ:** ақ ала, ақ құба, ақ құла, ақ сары, ақ сарғыл, ақшыл сары, ақ қызыл, ақ қызғылт, ақ сұр, ақшыл боз, ақшыл көк, ақшыл қызыл, ақ сарғыш, ақ боз, ақ бөрте, ақ бурыл, ақ қара, ақ шұбар, ақтаңгер, ақшыл сары, ақшыл сарғыш, ақшыл сарғылт, ақшыл сұр, ақшыл сұрғылт, ақшыл қызғылт, ақ ала; **ал:** ал қызыл, ал қара, ал қоңыр, ал сары, ал күрең; **ала:** ала шұбар, ала-құла, ала жасыл, ала көк, ала қызыл; **боз:** боз ала, боз ақ, боз жирен, боз шұбар, бозғыл сары, бозғылт сары, бозғылт сұр, бозғыл көк, боз жасыл; **жасыл:** жасыл көк, жасыл қара, жасыл сары, жасыл ала; **жирен:** жирен шабдар, жирен шұбар, жирен ала, жирен сары; **кер:** кер ала, кер торы, кер жирен, кер шабдар, кер құла; **көк:** көк ала, көк жасыл, көк теңбіл, көк бөрте, көк торы, көк жирен, көк шұбар, көк бурыл, көк сары, көкшіл сары, көкшіл сұр, көкшіл қызыл, көгілдір көк, көк зеңгір, көк сұр, көкшіл қызғылт, көкшіл күлгін; **күлгін:** күлгін көк, күлгін қызыл, күлгін қара, күлгін қоңыр, күлгін сары, күлгін сұр, күлгін жасыл; **күрең:** күрең қызыл, күрең

торы, күрең ала, күрең қошқыл, күрең қара, күрең көк; **қара:** қара ала, қара қоңыр, қара көк, қара бурыл, қара торы, қара күрең, қара шұбар, қара қызыл, қара қошқыл, қара кер, қара сұр, қара тарғыл, қара теңбіл, қара құла; **қоңыр:** қоңыр ала, қоңыр күрең, қоңыр күлгін, қоңыр қызғылт, қоңыр сары, қоңыр сұр, қоңыр сұрғылт, қоңырқай сұр, қоңырқай қызыл, қоңырқай жасыл, қоңыр көкшіл; **құла:** құла кер, құла торы, құла жирен; **қызыл:** қызыл ала, қызыл-жасыл, қызыл жирен, қызыл көк, қызыл күрең, қызыл күлгін, қызыл қоңыр, қызыл сары, қызыл сарғылт, қызыл сарғыш, қызыл шұбар, қызғылт сары, қызғылт қара, қызыл қоңыр, қызғылт сұр, қызғылт күрең; **сары:** сары ала, сары жирен, сары қызыл, сары қызғылт, сары шұбар, сары құба, сары құла, сарғыш боз, сарғыш жасыл, сарғыштау сұр, сарғыштау қоңыр, сарғыштау қызыл; **сұр:** сұр ала, сұр қоңыр, сұрша қоңыр, сұр жасыл, сұрғылт жасыл, сұр қызыл, сұр көк, сұрша күлгін, сұр сары, сұрғылт сары, сұр торы, сұр торғыл; **торы:** торы ала, торы жирен, торы көк, торы теңбіл, торы шабдар, торы құла, торы шұбар.

Түр-түс атауларының бұдан басқалары (бөрте, құба, тарғыл, теңбіл, шабдар, қошқыл, зеңгір, баран т. б.) кейбір тіркестерде кездескенімен, бастауыш-доминант ролінде көп қолданылмайды екен.

Екі сыңары да түр-түс мағынасында жұмсалатын, жоғарыда келтірілген, атаулардың тағы бір ерекшелігі — олардың кейбіреулері орын тәртібін алмастырып та қолданылады. Мәселен, келтірілген мысалдарды тағы бір рет сүзіп қарап шықсақ, доминанты **көк** түс болып келген тіркестердегі *көк ала, көк жирен, көк жасыл* атаулары енді бір жерде екінші сыңарларының ауанында, керісінше *ала көк, жирен көк, жасыл көк* түрінде де кездесетінін көреміз. Сондай-ақ мына тіркестерді салыстырып көруге болады: *сары қызыл — қызыл сары, шұбар ала — ала шұбар, күрең қызыл — қызыл күрең, жасыл ала — ала жасыл, зеңгір көк — көк зеңгір* т. б. Әрине, тіркес құрамындағы мұндай метатеза (орын алмастыру) қалай болса солай бола беретін факультативті құбылыс емес. Бұл арадағы алмасу түр-түс атауларының жалпы мағынасына, немесе мағыналық реңктеріне байланысты болса керек.

## БІР СЫҢАРЫ ҒАНА ТҮР-ТҮСТІ БІЛДІРЕТІН АТАУЛАР

Түр-түске байланысты лексикалық байлығымыздың үлкен бір көзі — бір сыңары ғана түр-түсті білдіріп, екінші сыңары ондай мағына бермейтін атаулар. Бұл топқа енетін тіркестерді жоғарыда қарастырған екі сыңары да түр-түс мағынасын білдіретін атаулармен салыстырғанда, олардың өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес екен. Ол қандай ерекшеліктер?

Ең басты ерекшелік: екі сыңары да түр-түс мағынасын беретін тіркестер, әдетте, түр-түстердің күрделі табиғатын, яғни олардың әр тектілігін, немесе әр алуан реңкін, анықтауға бейім тұрса, бір-ақ компоненті түр-түс білдіретін ондай тіркестер тілімізде екі түрлі қызмет атқарады екен: 1) негізгі түстің әр түрлі қасиетін (реңкін, қанықтығын, интенсивтігін, күшін, материалдық негізін т. б.) айқындай түсу, 2) анықтап тұрған түр-түстің өзін заттандыру (субстантивтендіру). Бұл тәрізді тіркестердің тағы бір ерекшелігі — түр-түс мағынасындағы сөз анықталушы ретінде, бірақ доминанттық роль атқарып, екінші орында тұрады да, оны анықтап тұратын сөз міндетті түрде бірінші орында тұруы қажет. Мәселен: *тобылғы торы, шой қара* т. б. Бұлардың орнын ауыстыруға болмайды. Өйткені ол, біріншіден, тіркеске тән тұрақтылықтың белгісі болса, екіншіден, ондай метатезаның бұл арада болуы мүмкін де емес. Ал, түр-түс мағынасын беретін сыңары бірінші орында тұрып, анықтаушы қызметін атқаратын сыңары екінші орында тұратын тіркестердің табиғаты мүлдем басқаша. Салыстырыңыз: *сары алтын, боз інген, қара айғыр* т. б. Бұл арада кейбір фактілердің табиғаты әлі зерттей түсуді қажет ететін сияқты. Ондай фактілерге алдыңғы сыңары түр-түс мағынасын беріп, кейінгісі соған мағыналық қатысы бар сөздерден тұратын біршама тіркестерді жатқызуға болады. Мысалы: *алашабыр, алабарқын, алабажақ, ала сапыран, ақ шаңқан, ақ торғын, ақ жарқын, ақ таңдақ, боз қылаң* сияқтылар.

Алдыңғы сыңары ғана түр-түсті білдіретін атаулардың мән-жайын сөз етуден бұрын ерекше назар аударатын бір жағдай тағы бар: ол анықтаушы ретінде келетін сөздердің табиғаты. Себебі кез келген сөз түр-түс атауының алдынан келіп, оның анықтаушысы бола алмайды. Бұл — тіл табиғатына тән берік жай. Сонда бұлар қандай сөздер?

Олар дәл түр-түстің өзін білдірмесе де, түр-түске бір

табан жақын, түр-түстік сипаттауыш қасиеті бар, оны (түсті) әр қырынан көрсете алатын сөздер. Оларға тіліміздегі, мәселен, *қына, тобылғы, қырмызы, қира, шикіл, жоса, қан, ніл, құрым* сияқты «ерекше» сөздер жатады.

«Ерекше» дейтін себебіміз: бұлардың біразы түстің, реңктің, бояудың әр түрлі қалпын, кондициясын, интенсивтігін, қанық-солғындығын білдіретін (қанық, ашық, солғын, тұм, қою, ашан, толық шымқай т. б.) болса, енді бір тобы (көмір, алма, анар, шие, өрт т. б.) өзінің сыртқы түсі, реңкі, бояуы арқылы өзі анықтайтын түртүске табиғи сәйкес, жақын, тектес болып келетіндігі.

Бұларды біз әрбір түске байланысты қарастырамыз. Ескерте кету керек: бұл келтірілген екі компоненттік тіркестер ойдан шығарылған жоқ. Басқа мысалдар сияқты бұлар да белгілі ақын-жазушылардың еңбектерінен, лексикологиялық зерттеулер мен қазақ тілінің сөздіктерінен алынды. Бұлардың мағынасын кейінірек арнайы сөз етеміз.

Төменде біз *қызыл, көк, сары* түстерге қатысты тіркестерді ғана қарастырамыз.

Анықтауыш сөздер	Анықталушы сөздер	Анықтауыш сөздер	Анықталушы сөздер
ашан ашық божбан бұжыр жылтыр зәңгі көмір көмірдей солғын қою күйе күйедей кіл қанық қайыс қожыр қою құжбан мақпал оқпан сүлік сүліктей сүмбіл қотыр бұжыр қарамай сіңір	<b>Қара</b>	айқын алма алмадай ашық әсіре әсем алтайы жоса жосадай зерен қалың қанық қан қандала қандаладай қою өрт өрттей нартай шымқай шиедей түлкідей тобылғы томар қына шоқ шоқтай	<b>Қызыл</b>

Анықтауыш сөздер	Анықталушы сөздер	Анықтауыш сөздер	Анықталушы сөздер
зеңгір ніл мұз мұздай тұздай балауса шымқай аспан көгіс мөлдір жалтыр теңіздей теңіз көл өндір торғын бұйра нілдей зен шұға қырғауыл қарағай	Көк	ашық айқын қира шикіл жуан алтын жапырақ құрым қалуен жұмыртқа сағым алтындай балуан жалтыр жылтыр шиедей қына шынық сағымдай сұлу солғын	Сары

Көріп отырмыз, түр-түсті анықтау жүйесінде **-дай, -дей, -тай, -тей** салыстырма моделінің де ролі зор екен. Түр-түсті сипаттауға тікелей қатысты сөздердің өз мүмкіншілігі жетпей жатқан жағдайда бұл конструкцияның тіліміздегі қызметі ерекше: олар түрлі түстер мен renkтердің тура мағынасына қосымша, үстеме, күшейткіш рең беріп, оларды нақтылай түсетін сияқты. Мысалы: сүттей *ақ*, *меруерттей аппақ* (тіс), *жұмыртқадай ақ* (дене), *алмадай қызыл* (бет), *көмірдей қара* (шаш), *сүліктей қара* (айғыр), *мұздай көк* (темір), *сағымдай сары*, *алтындай сары*, *анардай қызыл*, *нарттай қызыл*, *далаптай қызыл* т. б.

Бұл тәсіл орыс тіліндегі *вишневый, грушевый, гранатовый, серебряный, кофейный, молочный* т. б. осы сияқты атауларды беруге ыңғайлы тәсілдердің бірі болса керек.

Ал енді екі компонентті түр-түс атауларының тілдегі қызметіне келсек, олардың бәрі белгілі бір заттың, құбылыстың күрделі анықтауышы болып саналады. Мысалы: тобылғы торы ат, қара қасқа **айғыр**, шикіл сары **жігіт**, алтайы қызыл **түлкі** т. б. Екі компонентті күрделі түр-түс атаулары өзінің бұл синтаксистік қызметі жағынан жоғарыда қаралған бір сөзден тұратын атаулардан ешбір айырмашылығы жоқ. Түр-түстік анықтауыш-

тар мағыналық сипатына байланысты құрамы жағынан күрделене түсіп, үш сөзден де, тіпті кейде одан да кәп компоненттен жасалуы ықтимал.

### ҮШ СӨЗДЕН ТҰРАТЫН ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ

Бұл топқа жататын атаулар жоғарыдағы екі сөзден тұратын атаулардың дамыған, бір компонент қосылып күрделенген түрі. Бірақ бұл айтқаннан екі компонентті түр-түс атауларының бәрінен бірдей үш сөзден тұратын атаулар жасай беруге болады деген пікір тумаса керек. Ең бірінші көзге түсетіні: жалпы мағынаның ыңғайына қарай, яғни жалпы тіркестің екі түсті, үш түсті, немесе бір түстің екі-үш түрлі реңктерін бірден сипаттауына байланысты, компонент саны бірде жалғаса, ұласа, үс-темелене өсіп отырса, енді бірде комбинаторлы түрде өзара араласа өзгеріп отырады. Мәселен, *қара, боз, көк, сары, ала* т. с. с. түр-түс атауларын, сондай-ақ *шаңқан, айран, мұздай, теңбіл* сияқты түр-түске қатысты сөздерді пайдалана отырып, біз жоғарыдағы қаралған топтарда: алдымен *қара* (айғыр), *боз* (ат), *көк* (сиыр), *ала* (тана) түрінде бір қолдансақ, одан кейін оларды *мұздай қара* (айғыр), *шаңқан боз* (ат), *қызыл ала* (тана), *теңбіл көк* (сиыр) деп күрделендіре түссек, ендігі жерде олар үш компонентті тіркестерге айналады: *айран қызыл ала, мұздай қара көк, ақ шаңқан боз, қара ала көк, ал сары көк, қара көк жасыл, теңбіл қара көк* т. б.

Бұл тәрізді үш компонентті тіркестердің көпшілігі, әсіресе малдың түр-түсіне байланыстылары, заттану (субстантивтену) тенденциясына ие. Мысалы, *мұздай қара көк, теңбіл қара көк* дегеннен кейін *айғыр, ат* сөздерін барлық жағдайда, әсіресе сөйлеу ыңғайында, контексте, қайталап отыру кейде міндетті емес.

Сонымен үш компонентті түр-түс атауларының қазақ тілінде төмендегі (бірінші, не негізгі компонентіне қарай топтастырғанда) түрлері кездеседі: **ақ:** ақ шаңқан боз, ақ боз жирен, ақ боз шаңқан, ақ қаптал шабдар, ақша қардай ақ (түлкі), ақ торғын қызыл (бұлт); **ал:** ал күрең торы, ал қызыл күрең, ал қара көк, ал сары көк; **ала:** ала бас қызыл (сиыр), ала шабыр ақ (бұлт), жирен жал құла (дөнен); **көк:** көк бүйрек ақ (құман), көк орай жасыл (жайлау, көк сары ала; **қара:** қара ала көк, қара ала қасқа, қара көк жасыл, қара тарғыл теңбіл, жасыл қара қошкыл, қара көк жасыл, теңбіл қара қоңыр, ылаң қара қасқа (ат), қара жал көк (дөнен),



қай қара көк, мақпал қара қасқа, сүліктей қара кер;  
**қызыл:** қанық қызыл күрен, теңбіл қызыл жирен, қырмызы қызыл торы, алмадай ал қызыл, қан түсті қызыл, жауқазындай қызыл ала, қандаладай қызыл қоңыр, қызғалдақтай қызыл сары; **сары:** сарғалдақтай сары ала, жылтыр қызыл сары т. б.

Әрине, үш компонентті түр-түс атаулары екі компоненттілерге қарағанда әлдеқайда аз және тілде сиректеу қолданылады. Дегенмен бұл фактіні жоққа шығаруға болмайды. Рас, бұлардың кейбіреулері сирек қолдануына байланысты қолдан жасалынғандай көрінуі де мүмкін. Бірақ олардың тілде кездесетін фактілер екеніне күмәнданбау керек. Мысалы: Ақ боз шаңқан отау сән-салтанат, Ішінде бай-бәйбіше күліп ойнау... (Ә. Т.). Досқа қыс бойы қойға мінген ақ қаптал шабдар ғана қапты (Ә. Н). Оның беті қуанса да, қорықса да қызарып, балбыраған ал қызыл күренге айналады (Ж. А). Айналадағы жазық пен төбешіктің бәрі де ал қара көк (М. Ә).

Қазақ тілінде төрт компоненттен тұратын түр-түс атаулары да кездеседі. Бірақ олар сан жағынан үш компонентті атаулардан да аз. Сондықтан оларды арнайы қарап, талдап жатудың орнына көркем шығармалардан бірнеше мысал келтірумен шектелгіміз келеді. Төрге төселген қара ала сырмақтың үстінде... ақ таңдақ кер құба арқардың терісі жатыр (Ә. Әб.). Қол жағалай тігілген шағаладай ақ шаңқан боз үйлер... Алқа бел торы ала ат... т. б.

Төрт компонентті түр-түс атауларына қойылатын басты талап: олар төртеуі жиналып бір ғана күрделі (әр текті не әр түрлі) түр-түсті сипаттауы керек. Егер бұл тұтастық сақталмаса, тіркестегі сөздер жеке-жеке де, өзара жұптасып та бірыңғай анықтауыш қызметін атқарады, не қатыстықты білдіреді. Мысалы: **Ала құйын ақ тозаңды** үйіріп соғып, сонадайдан бой көрсетіп келеді. Целиноград — **Көк Есіл** — даланың әр өзені, Целиноград — **ақ бидай, ақ тары** (С. М). Бұл арадағы қарамен жазылған сөздер, әрине, күрделі түр-түс атауы бола алмайды.

Қорыта келгенде: жалпы тіл жүйесі мен сөз байлығының дамып, толығып, кемелденіп отыруы түр-түс лексикасына да тікелей қатысты, оның мағыналық һәм тұлғалық жағынан күрделеніп отыруына бірден-бір ықпал жасайды. Бұл процесті біз әсіресе екі және үш компонентті түр-түс атауларынан айқын көреміз. Түр-түс

атауының құрамы кеңейе берген сайын, оның қолданыс аясы тарыла береді екен, сондай-ақ олардың құрамы күрделенген сайын мағынасы да нақтылана түседі екен.

### ТҮР-ТҮС ЕТІСТІКТЕРІ

Тіліміздегі сан алуан түрлі түстер мен бояу-ренктердің атаулары заттар мен құбылыстардың тек түстік, ренктік сипатын ғана анықтап қоймай, оларға байланысты қимыл мен іс-әрекетті де білдіретін қасиетке ие. Басқаша айтқанда: табиғаттағы түр-түстердің бәрі де қатып қалған, өзгермейтін өлі дене, не тұрақты құбылыс емес, керісінше, өзгеру, құбылу, түрлену процесін басынан кешіріп отырған «жанды» дүние екен. Оларды қимыл-әрекетке келтіретін табиғаттағы жарық, сәуле көздері мен тағы басқа да құбылыстардың әсері болса, ол қимыл-әрекеттің тілдік мағынасын анықтайтын неше түрлі етістік тұлғалары болып саналады.

Тілдік фактілерге назар аударсақ, табиғаттағы түр-түстің бәрі болмаса да көбі «өзгеріске» түседі екен. Бірақ бұл арадағы «өзгерістің» мәні біздің дәстүрлі түсінігімізден, яғни бір түрдің екінші түрге, бір қалыптың екінші қалыпқа, бір сападан екінші сапаға ауысуынан, өтуінен, көшуінен басқашалау. Табиғи түр-түс заттық түрінен қимылға, әрекетке тек өз түсінде ғана ауысады екен. Мәселен, ақ түс *ағарады*, қара түс *қараяды*, боз түс *бозарады*, көк түс *көгереді*, қызыл түс *қызарады*, сары түс *сарғаяды*, қоңыр түс *қоңырланады*, не *қоңыр тартады*, жасыл түс *жасылданады*, не *жасыл тартады*, сұр түс *сұрланады*, ала түс *ала тартады*, не *аларады*, *алаланады*, күрең түс *күреңденеді*, *күрең тартады* т. б. Бірақ шабдар *шабдарланбайды* да *шабдар тартпайды*, *жирен жиренденбейді*, *кер керленбейді*, *кер тартпайды* т. б.

Байқап қарасаңыздар, түр-түстердің етістікке айналуы белгілі етістік форманттары арқылы жүзеге асса да, шаблон, штамп түрінде болмайды екен. Етістік тұлғаларының бұл салада белсенді қызмет атқаратындары: *-ар, -ер, -ай, -ей, -лан, -лен, -дан, -ден, -тан, -тен*, кейде *-сыра, -сірә* (мысалы: *ақсыра-, қызылсыра-*) форманттары, *-ла, -ле, -та, -те, -да, -де* (мысалы: *ақта-, көкте-, қарала-, қаранда-, ағаранда-, қызаранда-*) қосымшалары. Бірақ бұл тұлғалардың бәрі бірдей кез келген түр-түс атауына жалғана бермейді. Мәселен, *тарыны ақта* (сыртқы қауызынан айырып, ақ қалпына келтіру мағы-

насында), немесе *біреуді қарала* (айыбын мойнына қою, не жала жабу мағынасында) деп айтуға болатын болса, осы қатардағы *боз, сұр, көк* сияқты түр-түс атауларына **-та, -те** қосымшасын жалғап, ондай мағына ала алмаймыз: *бозда-, сұрла-, көкте-* (бұл арада көк түске бояу мағынасын айтып отырмыз).

Бұдан шығатын қорытынды: 1) түр-түстердің қимыл-әрекетке айналуы, негізінен екі түрлі жолмен — синтетикалық және аналитикалық — іске асады екен; 2) екеуі де тілдегі қалыптасқан дәстүр мен мағыналық ерекшеліктерді қатаң сақтайды екен; 3) барлық түр-түс етістіктерін синтетикалық және аналитикалық екі топқа жіктеп қарауға болады екен.

### ТҮР-ТҮС ЕТІСТІКТЕРІНІҢ СИНЕТИКАЛЫҚ ТҮЛҒАЛАРЫ

**Ақ:** ағар-, ақта-, ағарт-, ағаранда-, ақтал-, ақтат-, ақшылдан-, ақсыра-; **боз:** бозар-, бозаранда-, бозандат-, бозғылдан-, бозғылда-, бозалаңда-, бозаңғырлан-; **сұр:** сұрлан-, сұрғылттан-, сұршалаң-; **қара:** қарай-, қараңда-, қарандат-, қарала-, қарайт-, қаралан-; **қызыл:** қызар-, қызарт-, қызғылт-, тан-, қызылда-, қызылдан-, қызылсыра-, қызылсырат-, қызаранда-, қызарандат-; **көк:** көкте-, көгер-, көкшелен-, көкшілден-, көгеренде-, көксіре-; **жасыл:** жасылдан-, жасылдат-; **сары:** сарғай-, сарғайт-, сарғышта-, сарғыштан-, сарғылтта-, сарғылттан-; **ала:** алала-, алар-, алалан-, аламышта-, аламыштан- т. б.

Көбінесе малдың түсін білдіретін *қоңыр, құба, кер, құла, күрең, жирен, тарғыл, шабдар, теңбіл* сияқты түр-түстердің етістікке айналуы — бірлі-жарым қолданыстарды ескермегенде, сирек кездесетін құбылыс. Олардың табиғи түр-түстен заты бөлек екендігін осы арада аңғаруға мүмкіншілік бар: өзінің заттық, сындық қасиетін олардың өзгертпеуінде мән бар сияқты. Ол жайында малдың түр-түсіне арналған тақырыпта айтылады.

### ТҮР-ТҮС ЕТІСТІКТЕРІНІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ТҮЛҒАЛАРЫ

Түр-түс етістіктерінің аналитикалық мүмкіншіліктері аса көп болмағанмен, тіл тәжірибесіндегі қажеттікті атқаруда ол синтетикалық тәсілдің жетпей жатқан жерлерін толықтыра түсетін сияқты. Ал кейде ол синтетикалық тәсілдің синонимдік варианты іспеттес қызмет ат-

қаратындай. Мысалы: **ақ**: ақ тарту, аққа айналу, аққа көшу, ақ болу, ағараң тарту, ақшыл тарту, ақ түске бөлену, ақ түске шому т. б.; **боз**: боз тарту бозараң тарту, бозғылт тарту, бозға айналу, бозараң қағу т. б.; **сұр**: сұр тарту, сұрға айналу, сұрғылт тарту, сұр түстену, сұллана қалу т. б.; **қызыл**: қызыл тарту, қызылға айналу, қып-қызыл болу, қызарта түсу, қызарып кету, қызара бастау т. б.; **сары**: сары тарту, сарыға айналу, сары түске бөлену, сарғайып кету, сарғая беру т. б.

Басқа түр-түстерден де осылай жасалатыны белгілі. Айта кететін жағдай: түр-түс етістіктерінің аналитикалық тұлғалары процестің жалпы қалпын ғана емес, сонымен қатар оның басталуын, іске асуын, тез өтуін, интенсивтенуін, аяқталуын, тағы басқа динамикалық ерекшеліктерін білдіре алады. Мәселен, қара түстен жасалған: *қарая бастады, қарайып кетті, қарая қалды, қап-қара болды, қарауытайын деді* тағы басқа тіркестерден осыны байқаймыз.

Егер түр-түс атауларының бір сөзден, екі және үш сөзден тұратын есім формасындағылары тілімізде негізінен анықтауыш қызметін атқаратын болса, аналитикалық тіркестер түр-түстерді іске қосады, сөзге араластырады. Табиғаттың небір керемет көріністерін суреттеу бұл атаулардың осындай икемділігіне, әр қырынан көріне білетіндігіне байланысты. Бірнеше мысал келтірейік. Халық әнінде: Сары белден сарғайып таң атады, Сары майдай сарғайып қыз жатады... деген жолдар бар. Бірінші жолда *сарғаяю* атып келе жатқан таңның түсіне байланысты болса, екінші жолдағы *сарғаяю* «сарғая ұзақ күтудің» мәнін аңғартып тұр. Жидебайдан жиырма шақырым жердегі Шыңғыс кешкі шақта, ымырт жабыла **көкшілденіп**, суық тартып, алыстай береді (М. Ә). Қобыландының онсыз да күрең беті енді тіпті **күренденіп кетті** (Т. Е). Жаз еді ол кез, Шақырайған ыстық күн, **Күренденген** күнге түсті бұйра құм (Ә. Т). Кіммен **қара болсаң**, Сонымен **ақ бол** (мақал). Менің түрімді көрді де, күлімсіреген беті **қоңырланып сала берді** (Б. М).

Қарамен берілген синтетикалық тұлғалар мен аналитикалық тіркесердің атқарып тұрған қызметін аңғару кімге болса да қиын емес сияқты.

## Үшінші тарау

### ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түр-түс атауларының тілдегі қызметі, қолданылысы, мағыналық өзгерісі жағынан басқа сөздерден айырмашылығы, аса ерекшелігі жоқ. Түр-түс атауларының да басқа сөздер сияқты тура, номинативтік және ауыспалы, қосымша, қосалқы мағыналары болады. Басқа сөз таптарынан түр-түс атауларының ең басты айырмашылығына тек олардың категориялық белгісін — заттың сынын, сипатын білдіретін ерекшеліктерін ғана жатқызуға болады.

Қазақ тіліндегі түр-түс атаулары да лексикалық қорымыздағы мыңдаған басқа сөздер сияқты тілдің жалпы заңдылығы бойынша өзгеріп, дамып отырады. Егер зат есім, сан есімдер заттың өзін және санын білдірсе, түр-түс атаулары сын есім категориясы ретінде заттың сынын, сипатын білдіреді екен.

#### ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ АУЫС МАҒЫНАЛАРЫ

Басқа сөздер сияқты түр-түс атауларының да негізгі номинативтік мағыналарымен қатар көптеген ауыс мағыналарының болатынын жоғарыда айттық. Тіл тәжірибесі үшін оларды ауыс, субстантивтенген (заттанған) және символға айналған мағыналарында қолдандың маңызы өте зор.

Түр-түс атауларының бұл сыры жай уақытта байқала бермейтін, бірақ тілдің ұзақ даму тарихында қалыптасып, қолданыс дәстүріне айналған, оның күші мен құдіретін, әсерлілігі мен әсемдігін паш ететін керемет қасиет.

Бұл қасиетті ана тіліміздің өз заңдылығына, ішкі табиғатына сүйене отырып қарастырғанда түр-түс атауларының ауыс мағыналарының өзі бірдей емес екенін көреміз. Олардың бір тобы түр-түстің негізгі номинативтік мағынасына жақын, о бастағы семантикалық байланысын әлі де үзе қоймаған, логикалық қатыстығын түгел жоймаған сыбайлас («соотнесенное значение») мағыналар болып келсе, енді бір тобына бүгінгі таңда қатыстығы алыс, тіпті мүлдем байқалмайтын алшақ жатқан мағыналар жатады. Егер бірінші топқа жата-

тын мағыналардың пайда болуына тілдің метафора, метонимия, синекдоха т. б. заңдылықтары себепкер болса, екінші топтағы мағыналардың дүниеге келуіне салыстыра-салғастыра танудың шарықтау шегі болып саналатын логикалық абстракция негіз болады. Осыдан келеді де, мәселен, *қара* деген түске байланысты жиырмадан астам қосымша мағына, оның үстіне толып жатқан символикалық ұғымдар пайда болады екен.

Біз осы тарауда түр-түс атауларына тән тек олардың ауыс мағыналарын ғана қарастырып, негізгі номинативті, сондай-ақ символикалы мәніне арнайы тоқталмаймыз. Себебі кейінгі екеуі жайында еңбектің басқа жерлерінде толық айтылады.

Түр-түс атауларының тілімізде сан жағынан бір шама екендігі жайында жоғарыда ескертілді. Бірақ олардың бәрі бірдей ауыс мағынада қолданыла бермейді. Әсіресе малдың түр-түстері (*торы, жирен, құла, кер, шабдар* т. б.) тек өз мағынасында қолдануды қалайтын сияқты. Сондықтан біз негізгі деп танылатын (*ақ, қара, қызыл, көк, сары, ала* т. б.) түстердің ауыс мағыналарын ғана қарастыруды мақұл көрдік.

**Ақ. АҚ** — қараға қарама-қарсы түс. Бұл — *ақ* түстің негізгі түстік, реңктік (номинативтік) мағынасы. Мәселен: «*Ақ* серке қой бастайды, *Ақын* жігіт той бастайды» деген мақалдағы, сондай-ақ «*Ақ* жаулығы аның, *Ақ* көрпесі баланың» деген мақалдағы *ақ* атауы өзінің негізгі түстік мағынасын аңғартып тұр.

Бірақ бұдан барлық жағдайда бірдей *ақ* атауы тек *ақ* түсті ғана білдіруге тиісті деген ұғым тумаса керек. Керісінше, *ақ* атауының *ақ* түске қатысы бола тұрса да, одан алшақтап кеткен, тіпті логика-семантикалық байланысын, қатыстығын мүлдем үзген (метафоралық, метонимиялық) ауыс мағыналары мен символикалық мәнде қолданыстары тілімізде жиі кездесетін құбылыс. Оларды біз көбіне *ақ* атауы қатысқан жай және фразеологиялық тіркестерден, мақал-мәтел құрамынан, қос сөз, біріккен сөз, әсіресе топонимдер мен антропонимдер, этнонимдер саласынан жиі кездестіреміз.

*Ақ* түске байланысты ауыс мағыналардың біразын қазақ тілі негізінде қарастырып көрейік.

**Ақ** — сүт, сүт тағамдары. Сүт тағамдарына төрт түлік малдың сүтінен өндірілетін (айран, қатық, құрт, ірімшік, сары май, қымыз, шұбат т. б.) тағам, сусындар енеді. «Ауылға барып, *ақ* ішіп демалып қайттым» деген-

дегі *ақ* жалпылама сүт және сүт тағамдарын білдіріп тұр. *Ақсырау* — сүт және сүт тағамдарын сағыну, өксу.

**Ақ** — кей жерлерде «*әк*» («звесть») мағынасында қолданылады. Осыған орай *үйді әктеу* (*үйді ақтау*) деген варианттар кездеседі.

**Ақ** — «адал, таза, күнәсіз, пәк» мағынасында. Мысалы: *Жала жаптым — аққа* қара жақтым (бұл арадағы *ақ* — таза, күнәсіз, адал адам); *Аққа* зауал жоқ («ақ адамға пәле жоқ» мағынасында); «Айтқан жерде пәле жоқ, *Ақ* жүргенге жала жоқ» т. б.

**А** — әділ, әділетті, арамдығы жоқ, істің дұрысы. Мәселен: *ақ сөйле* («әділдігін айту, шындықты сөйлеу, бұрмаламау» мағынасында); *ақтық сөз* («шындық, әділетті сөз» мағынасында); *ақты аныққа шығару* («әділдікті, шындықты дәлелдеп шығару»); *ақ көңіл* («арамдығы жоқ, таза да әділетті адам») т. б.

**Ақ** — ізгі тілек, жақсылық, бақыт. Мысалы: *ақ тілек* («шын көңілден айтылған ізгі тілек»), *ақ жол тілеу* («сапардың, саяхаттың оң болуын, аман-есен оралуын тілеу» мағынасында); *ақ қас, мұңсыз бол!* (түшкірген жас балаларға үлкендердің айтатын «бақытты, мұңсыз, қайғысыз бол!» деген тілегі); *ақ босаға, ақ отау, ақ дастархан, ақ жаулық* — осылардың бәрі игіліктің, жақсылықтың нышаны ретінде қолданылатын тіркестер.

**Ақ** — асыл, таза, қоспасыз (болат, құрыш, алмас т. б. металл жайында). Мысалы: *ақ алмас, ақ семсер, ақ сауыт, ақ берен, ақ найза, ақ мылтық* т. б. сауыт-саймандардағы *ақ* олардың ақ түсін емес, тазалығын, асылдығын аңғартып тұр.

**Ақ** — бір қалыпты, бір деңгейде ұзаққа созылған құбылысқа қатысты. Мәселен: *ақ жауын* — жер мен көк бозғыл тартып, ұзақ уақыт себелеп жауатын жаңбыр; *ақ боран* — аспан әлемі мұнартып, үдей соғып ұзаққа созылатын боран; *ақ түтек* — қарды сыпыра соғып, бет қаратпайтын боран т. б.

**Ақ** — «тозу, жұтау, күйзелу» мағынасын аңғартады. Мысалы: *ақ сүйек қылу* (қатты қыстың, боранның малды жұтатып, шаруашылықты күйзелтіп кетуіне байланысты айтылады); *ақ сирақ жұт* (малды қырып кететін қатты аязды, боранды қыс); *ақ үрпілену* (малдың ерте суалып, жүдеуі); *ақ табан шұбырынды* (елдің азып-тозып, қаңғып кетуі) т. б.

**Ақ** — қасиетті, қастерлі. Мысалы: *ақ жауып, арулап көму* (өлген адамды қастерлеп, жақсы әдет-ғұрыптармен жерлеу, о дүниеге шығарып салу); *ананың ақ сүті*

(«адам баласының бойына сүтпен бірге тараған ізгі қасиет» мағынасында) т. б.

**Ақ** — хан, бек, төре тұқымына тәндігін, елден ерекшелігін, олардың байлығын, дәулетін, сәулетін аңғартады. Мысалы: *ақ сүйектер* — аристократтар төре, хан тұқымдары; *ақ орда* — жоғары тап, билеуші-төстеуші қауымның (ханның, бектің, патшаның, шұбар балақ шонжардың) мекені, ел басқаратын орталығы (резиденциясы); *ақ үй* — дәулет нышаны, бай адамдардың отыратын үйі (ертеректе ел киіз үйлердің *ақ-қара* түсіне қарап-ақ, байдың үйі ме, жоқ кедей-кепшіктің үйі ме, бірден анықтай алған); *ақ саусақ* — қара жұмыс істемей, өзін-өзі күтумен ғана шұғылданатын адамдар (көбінесе әйелдер).

**Ақ** — әйелге тән әдемілікті, келбеттілікті аңғартады. Мысалы: *ақ дидар, ақ жүзді, ақша бет, ақ сұпыдай, ақ сұңқарым* — Жібегім, Арқаның *ақ маралы, Ақтоты* т. б. теңеулер тіркестер.

**Ақ** түстің дәстүрлі қолданыстарынан өзгеше кейінгі дәуірде жаңа мағыналары да пайда бола бастағанын көреміз. Мәселен, кеңес дәуірінде «ақтар» деген сөз субстантивтеніп, социалистік революцияның жеңіп шығуына өлгенше қарсылық көрсеткен контрреволюционерлерді білдіретін ресми терминге айналды. Бұл өз ретінде Франция революциясы кезінде пайда болған ұғыммен байланысты (бұл революция кезінде де *ақ* және *қызыл* аталатын екі партия болған) екен.

Орыс тілінде «географиялық картадағы әлі ашылмаған, аты қойылмаған объекті» мағынасын беретін «белые пятна» тіркесі қазақшаға калька жолымен аударылып, осы мағынада қолданылып та жүр. Ал орыс тілінің өзінде: *ақ билет* — әскери міндеттен босатылған адамның ресми документі; *ақ қарға* — айналасындағыларға ұқсамайтын, мінезі жағынан сәйкес келмейтін адам. Немесе француз тілін алайық. Онда да: *ақ түн* — «ұйқысыз түн», ал *ақ* сөзінің *өзі* — «жеңіл, «жақсы», «көңілді», «құрметті» мағыналарын аңғартса, ағылшын тілінде: *ақ күң* — «бәрін істейтін қызметкер әйел», *ақ піл* — «өзіне көп көңіл бөлуді талап ететін адам».

**Ақ** түстің ауыс мағынада, символдық мәнде қолданысына басқа тілдерден тағы бір-екі мысал келтірейік. Мәселен, монғол шамандарының наным-сенімі бойынша *ақ* түс Күн мен Айдың, жалпы барлық қасиетті заттың символы болып саналады. Барлық монғол халықтарының арасына кеңінен тараған шаман құдайының, яғни



Жер мен оның бетіндегі жан-жануарлардың пірі, киесі, қамқоршысы *Цаган бүгэн* («Ақ шал») деп аталады екен, осы арадағы *цаган* сөзі *ақ шаған, ақ шаңқан* сөздерімен төркіндес сияқты. *Ақ шаған* да, *ақ шаңқан* да мағыналас плеонастік тіркестер. Ақ түсті мал монғолдар үшін де қадірлі, қасиетті, монғолдың тоғыз тарам, не тоғыз шашақты *ақ жалауы*, немесе *цаган сар* деп аталатын жаңа жылдың басы («*ақ ай*» деген тіркес) — осының бәрі ақ түске байланысты ауыс не символикалық мағыналар.

2. **Қара**, Бұл түстің анықтамасын түсіндірме сөздіктерде «ақтың қарама-қарсы түсі» деп беріп жүр. Бұл анықтамаға жалпы дау айтуға болмайды. Бірақ сол *ақ* түстің қарама-қарсы түсі ресми бекітілген бүкілодақтық эталонда көрсетілгендей «қара барқыт», «қара мақпал» түсіне сай ма, сай емес пе — оны айту қиын. Дегенмен халық ұғымындағы *қара* түсті біз оның негізгі, номинативтік мағынасы деп тануымыз шарт. Мәселен: *қара көмір, қара күйе, қара түтін, қара шаш, сүліктей қара айғыр* дегендегі «қаралар» оның негізгі мағыналары болып саналады.

Ал табиғатта, адам қоғамында басқа түр-түстер сияқты *қара* түстің де толып жатқан ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары бар. Бұл тек қазақ тіліне ғана емес, бүкіл түркі дүниесіне ортақ құбылыс. Түркі тілдеріндегі түр-түс атауларының мағынасын арнайы зерттеген академик А. Н. Кононов бұл тілдерде тек *қара* сын есімінің өзінде ғана 20 шақты қосымша, қосалқы, ауыспалы мағыналар бар екенін ескертеді. Олар орысша мынадай сөздердің баламасы ретінде қолданылады: 1) «темный», «мрачный»; 2) «суровый»; 3) «печальный», «несчастный»; 4) «скот» (о крупном скоте); 5) «толпа», «народ», «простой люд», «простолюдина» (т. е. ) «незначительный», «неаристократ»); 6) «войско»; 7) «суша», «земля»; 8) «холм», «сопка», «высокий бугор»; 9) «силуэт», «очертание», «контуры»; 10) «постный», «нежирный» (о мясном продукте); 11) «нецветной» (о черном металле); 12) «сильный», «могучий» (о человеке и животном); 13) «густой», «дремучий» (о лесе, джунглях); 14) «прозаичный» (о слове); 15) «загорелый» (о ноге); 16) «пеший», «босый» (о состязании в беге, о байгах); 17) «грунтовый» (о воде); 18) «обильный» (о поте) т. б.

**Қара** сөзінің түркі тілдеріндегі ауыс мағыналары шын мәнінде бұдан әлдеқайда көп. Ал қазақ тіліне ке-

летін болсақ, біз жинаған материалдарға қарағанда, олар отыз шамасында. Енді біз олардың біразына мысалдар келтіре отырып қарастырайық. Айта кететін жағдай: жоғарыда ескертілгендей, *қара* сөзінің түр-түс емес мағыналары тек белгілі сөз тіркестерінде ғана ашылып, айқындала түседі.

**Қара** — сиыр, жылқы, түйе сияқты ірі мал: *ірі қара мал, қара мал*; *Қара* малдың түп-түгел бәрі де аман («Айман — Шолпан»); **Қара** сөзі қазақ тілінде кейде жеке тұрып та, дәл осы мағынаны білдіреді: Токсан мың екен *қарасы*, нокта тимеген («Қаз. эпосы»). Кейде *қара* сөзі *қара аң* түрінде айтылып, ірі (ақбөкен, қарақұйрық, елік, тауешкі т. б.) аңдарды да білдіреді.

**Қара** — алыстан бұлдырап, қарауытып көрінетін бейне, жанды және жансыз зат тұлғасы («силуэт», «очертание»): Алыстан бір *қараны* көресің бе, Жаны жоқ қимылдауға денесінде; Сүйегі ішіндегі парша-парша. Бар екен жалғыз көзі төбесінде (Жұмбақ — «киіз үй»); *Қарасын* көрсетпей кету, *қарасы* өшу (бір заттың мүлдем көрінбей, жоқ болып кетуі).

**Қара** — хан, ақсүйектер, төре тұқымына жатпайтын, жалпы халық, не сол халықтың өкілі: *қарадан* шығып хан болған (жай халық арасынан шығып хан болған); *Қарахан* (*қара* халықтан шығып хан болған хан есімі); *қара қазақ* (мұнда да түр-түсінің қаралығы емес, «қарапайым қазақ» мағынасында айтылып тұр); *қара халық, қара тобыр, қара шаруа* (дене жұмыспен ғана шұғылданып, мал бағып күн көретін шаруа адамы); *қара тобыр, қара жұрт, қара бұқара* (бұлар да мағыналас сөздер). Мақал: Жауды *қара* қашырады, «Батыр» атақ Барақта қалады. Орхон-енисей ескерткіштерінде де *қара бұдүн, бұдүн қара* түрінде қолданылып, дәл осы мағынаны білдірген<sup>1</sup>.

**Қара** — серік, ес, жәрдемші (іні-қарындас, бауырлас адам): Артымда жалғыз *қараны*, Көретұғын күн қайда («Алпамыс»); бала болса да адамға *қара*, ес (бала болса да адамға серік, ес, жолдас).

**Қара** — майсыз, дәмсіз, қатықсыз, сүтсіз дайындалған ас (ет, көже, сорпа, нан, шай, т. б.): *қара сорпа* (майсыз сорпа); *қара көже* (*құрт, айран* т. б. қатық қатпаған көже); Қайғысы жоқ адамға *қара көже* балмен тең; *қара ет* (майсыз, көк, жасық ет); *қара нан* (қара түсті, бірақ майға пісірмеген нанның түрі); *қара*

<sup>1</sup> Древнетюркский словарь. М., 1969, 423—424-беттер.

*шай* (сүт, қаймақ қатып ағартпаған шай); *қара су* (қайнатқан, не қайнатпаған ауыз суы): *Қара су* іш — көңілің тыныш.

**Қара** — айыпты, кінәлі, қылмысты (адам): Бақыт баста тұрғанда, Білмесең де данасың, Бақыт құсы жөнелсе, Ақ та болсаң *қарасың* (фольк.).

**Қара** — жала, орынсыз айып (ел алдында маскара етуге байланысты). Мақал: Жаптым жала, жақтым *қара* (жала жауып, ел алдында маскара еттім). Осыдан: *қаралау* — айыптау, жала жабу.

**Қара** — адамға зиян келтіретін қасиетсіз мақұлық, ескі сенімге байланысты неше түрлі жын-шайтан, марғу, албасты іспеттес нәрселер: *қара басқыр!* (осылайша қарғау бар; саған бір *қара көрінер* (*сен пәлеге ұшырарсың мағынасында*); *қара, басып*, орнынан тұра алмай қалу (ұйықтап жатқан адамды, не ауру, екіқабат әйелдерді *қара басып* тұншықтырады, қинайды деген сенімнен туған ұғым).

**Қара** — 1) өлім-жітім, қайғы-қасірет, ылаң. Мәселен: не *қара* көрінді? дегенде біз «не басыңа күн туды, қандай қасіретке душар болдың?» мағынасын аңғарамыз. Отан соғысы жылдарында пайда болған *қара қағаз* тіркесі «өлім-жітім, қаза жайындағы хабар» деген мағына бергені елдің бәріне аян; немесе: *қара уайымға салыну* — «қатты қайғыру, қасіреттену»; 2) өлім-жітімге, қайғылы қазаға байланысты жамылатын, киінетін, тұтынатын азала зат, киім: *қара жамылу* «аза тұту, қайғылы күйді бастан кешіру» мағынасын білдіреді.

**Қара** — қою, қалың, тығыз (бұл көбінесе орманға, тоғайға байланысты айтылады): *қара орман* — «қалың орман, ит мұрыны өтпейтін қорыс, жыңғыл»:

**Қара** — ренсіз, қоңырқай, түр-түссіз. Мысалы: *қара металл* (түсті металл емес); *қара бақыр* (мыстан жасалған тиын, майда ақша).

**Қара** — жәй, қарапайым (өлең сөзден басқаша айтылатын) сөз, прозалық шығарманың тілі: *қара* сөз (ауызекі айтылатын сөз); Қазақта *қара сөзге* дес бермедім... (Абай). Демек, *қара сөз* мағынасы өлең сөзден де, *қызыл сөзден* де басқаша.

**Қара** — ауыр, зілбатпан: *қара уайым* (еңсені басқан қайғы-қасірет); *көңілім қара қазандай болды* (көңілім қатты қалды, сауықпастай ауыр таңба салды).

**Қара** — қатыгез, қаныпезер, ұятсыз, пиғылы жаман (адам). Мәселен, қазақ эпосындағы *Қарабай*, *Қарахан-дар*; немесе: *қара көңіл* (ойлағаны арамдық, істегені

қатыгездік); *қара жүрек* — бұл да сол мағынада: *қара бет* (ұятсыз).

**Қара** — жазу-сызу, хат, әріп таңбалары; сауат. Мысалы: *қара тану* — хат тану, сауатын ашу; *ақ, қараны танитын болдым* — сауатым ашылды, жазу-сызудан хабардар болдым.

**Қара** — жердің беті, қабаттары, топырағына қатысты («грунт», «почва» деген) ұғымдар. Мәселен: *қара жол* — ауыл арасын қосатын, жер бетіндегі шындалған (құмсыз, тассыз) жол (орысша: «проселочная грунтовая дорога»); *қара су* — ойпаттау, саздау, тегіс жердің астынан шығып ағатын су (орысша: «грунтовая вода»).

**Қара** — күшті, екпінді, тегеурінді: *қара дауыл* — жер бетіндегі заттарды қиратып, бұзып кететін, қатты соғатын дауыл; *қара күш* — тепсе тебінгі үзетін адамның, күшті хайуанның т. б. заттардың зор күші. Мақал: *Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар, Өзгенікі дегенде — «анау-мынау» ісім бар.*

**Қара** — желсіз, тымырсық қыс күндеріндегі қатты суық, қатқыл аяз, тоңазу. Мысалы: *қара суық* — бұрқасыны, бораны жоқ қыс күндерінде, күз айларында болатын суық; *қара аяз* — бұл да сол мағынада; *қара қатқақ* — қатты суықтың әсерінен ертелі-кеш қатып, тоңазып жататын жердің беті, мұзы, қары.

**Қара** — жаяулы-жалпылы (адамның өз аяғымен жүруге байланысты). Мысалы: *қара жаяу* — аяқ артарсыз жаяу жүріс; *қара жарыс* — жаяу жарыс (кейде үлкен аламан бәйгілердің алдында өткізілетін жақын жерге жарыстыруды да *қара жарыс* деп атаған); *қара желіс* — атты жорғалатпай, шаптырмай, текіректетпей бірыңғай желдіріп отыру т. б.

**Қара** — көңілсіз, сүренсіз; тұңғық терен, қалғып-мүлгіген, қараңғылық; бейғам. «Түн» деген ұғым қараңғылықты білдірсе де, қазақтар *қараңғы түнде*, немесе *жеті қараңғы түнде* деп плеоназм ретінде қолдана береді. Сонда осындағы *қара* сөзінің мағынасы дәл «қараның» өзі емес, көзге түртсе көргісіз, қараңғылықты, тірі жанның бәрі ұйқыға кетіп, қалғып-мүлгіген бейғам мезгілді аңғартатын сияқты. *Қара іңір* — кеш батып, ым-ырт жабылған, елдің қарасы көрінгенімен, бірақ кім екенін тануға болмайтын сүренсіз, көңілсіз уақыт; *қара кеш* т. б.

**Қара** — (көбінесе *қарашық* формасында айтылады) — ең жақын, ең қымбатты, ең аяулы. Мәселен: *көзімнің ағы мен қарасындай* — «ең абзал, қадірменім, қымбатты

екі адам» мағынасында. Бұл тіркестің пайда болуына о баста, әрине, көзге тән *ақ* түс пен *қара* түстің негіз болуы сөзсіз. Бірақ бұл түс атаулары бара-бара ол мағынасынан алыстап кеткен. Сондықтан бұл тіркесті қара көз қазақ та, көк көз, қой көз қазақтардың да айта беруі заңды.

**Қара** — жарлы-жақыбай, кедей шаруадан шығып, еңбекпен ысылып өскен. Мысалы: *қара табан, қара сирақ, қара кедей, қара борбай* — осылардың бәрінде де таптық мән бар сияқты. *Қара қазақ баласы* дегенде де оның түсін емес, қалың бұқара арасынан шыққан *оқымаған, сауатсыз, езілген таптың уәкілі* дегенді аңғартып тұр.

**Қара** — үлкен, қадірлі, қастерлі, қасиетті: *қара шаңырақ* — ел қадірлейтін әкенің, атаның, не бабаның отырған, не дәстүр бойынша кенжесінің еншісіне тиген үлкен үйі. ҚазМУ — білім ордасының *қара шаңырағы* (ауыс мағынада).

3. **Қызыл**. Бұл түстің анықтамасы да елге белгілі. Оның символикалық мәні де мол екенін төменде айтамыз. Ал *қызыл* түсінің қолданылып жүрген ауыс мағыналарына келсек, оларға төмендегілер жатады.

**Қызыл** — жалпы алғанда, малдың, хайуандардың, құстардың еті: мәселен, қазақтар «тісіме *қызыл* бастырмағалы көп болды» деп, өзінің біраздан бері ет жемей жүргенін білдірсе, аңшы-саятшылар лексиконында баптау кезінде бүркітті *қызылға отырғызу* (яғни оны түлету үшін жаңа сойылған малдың сыртына қаны шыққан жас етін жегізу), немесе *қызыл* (кесектеп тұраған жас етті) *жегізу* деген тіркестер қолданылады. Кейде ол ет *қызыл жем* деп те аталады. *Қызыл көрген қырандай, құстың тартқан қызылы* т. б. тұрақты тіркестер де осы орайда жасалған. «Ет» мағынасында қолданылған *қызыл* сөзінің негізінде *қызылсырау* (етті сағыну мағынасында) туынды тұлға пайда болғанын айтпаса да түсінікті.

**Қызыл** — қырманда үйілген астық. Мысалы: *қырман толы қызыл; қызыл тазалау* (қырмандағы бидайды жел өтіне үрлетіп, шөп-шарынан, шаң-тозаңынан айыру); *қызыл қырман қылу* (ауыс мағынасында: қырып салу, жайрату; ұлан-асыр етіп үйің-төгу) т. б.

**Қызыл** — жас нәресте, балапан, оның әлі қатаймаған кезі. Мысалы: *қызыл шақа балапан, қызыл қарын жас бала, қызыл қарын бұты шыт* т. б.

**Қызыл** — «қызылдар» формасында субстантивтеніп

барып, біздің елімізде болған революцияға, жаңа өмір құру ісіне белсене қатысушы революционерлерді білдіреді. Осыған байланысты *қызыл әскер, ызыл армия, қызыл сақшы, қызыл партизан* т. б. тіркестер орыс тілінен калька жолымен аударылып, тілімізде қазір қалыптасып кетті.

**Қызыл** — контоминация жолымен кейде *қызыл шарап* деген тіркес *қызыл* түрінде де айтыла береді: Тостағандарға *қызылдан* құйылды т. б.

**Қызыл** — жаңа кеңестік өмір салтына байланысты элеуметтік маңызы бар құбылыстарды аңғартады. Мысалы: *қызыл отау, қызыл мүйіз, қызыл поезд, қызыл керуен, қызыл тақта, қызыл бұрыш, қызыл алаң* (бұл тіркесте орыс тіліндегі «Красная площадь» тіркесіндегі «сұлу, көркем, көрікті» деген мағына байқалмайды); *қызыл кітап* т. б.

**Қызыл** — табиғат құбылыстарының кейбір қалпын білдіреді: *қызыл іңір, қызыл шұнақ аяз, қызыл жел, қызыл су* (еріген қардың суы), *қызыл арай* т. б.

**Қызыл** — шебер, көркем, жылтыр, айшықты (сөзге, тілге байланысты): Толғауы тоқсан *қызыл тіл*, Сөйлеймін десең өзің біл (Абай); *қызыл сөз* (шебер де шешен айтылған, бірақ тиянақсыз, байлауы жоқ, пәтуасы жоқ сөз) т. б.

**Қызыл** — адам іс-әрекетіндегі, табиғатындағы кейбір жағымсыз қылық, мінез. Мәселен: *қызыл көз* (пәле): («пәлеқор, жалақор, байбаламшы» адам); *қызыл ауыз, қызыл езу* («көп сөйлейтін мылжың» адам); *қызыл өңеш* («сөзуар», «даукес» адам); *қызыл шеке болу, қызыл тұмсық болу* («жанжалдасу», «төбелесу»); *қызыл кеңірдек болу* («бекер босқа бажылдасу, жанжалдасу») т. б.

**Қызыл** түстің мағыналық қолданыс шеңбері, әрине, осылармен ғана шектелмейді. Олардың түр-түстен басқа небір күрделі де көрікті ауыс мағыналары көбінесе жеке тіркестерде, өзара топтастыруға келе бермейтін символикалық қолданыстарда жиі байқалады.

Жалпы *қызыл* түстің өзі о баста Күннің, Оттың түсіне байланысты қабылданып, күні бүгінге дейін көптеген халықтар үшін солардың символы ретінде қасиетті түс болып саналады. Жоғарыда айтылған кейбір табиғи құбылыстардың (мәселен, *қызыл іңір, қызыл арай, қызыл шұнақ аяз, қызыл жел, қызыл су* т. б.) өздері де Күн мен Отқа қатыстығын аңғартып тұр. Бұл сөздің жер-су

және ру-тайпа аттарының құрамында келіп, космогониялық мағына беретіндігі жайлы кейін тоқталамыз.

*Қызыл* түстің басқа тілдердегі мағынасы да қызық. Мәселен, орыс тілінде *қызыл* («красный») «әдемі», «сұлу», «салтанатты» (Красная площадь) және «жас» (красный молодец — «бозбала», красна девица — «жас қыз») деген мағыналарды аңғартқан болса, ағылшын тілінде *қызыл хабар* («қызыл сиямен жазылған түнгі телеграмма»), *қызыл тіл* («сүзек ауруы») т. б. түрінде кездеседі екен. Қазақ тілінде де *қызыл* («краснуха») — шешек ауруының бір атауы.

4. **Көк.** *Көк* түстің де көп мағына беретіндігін көреміз. Оның негізгі бір себебі — жалпы түркі халықтары көпке дейін *көк* пен *жасылды* ажыратпай келгендігінде. Дегенмен қазақ және басқа түркі халықтары үшін *көк* табиғаттағы бір түс бола тұрса да, іс жүзінде бір-біріне жақын бірнеше реңктерге жіктелетіндігін көреміз. Оны «көк» деп аталатын заттар мен құбылыстардың нақтылы реңкіне қарай отырып берілген орыс тіліндегі аудармасынан да көруге болады. Мәселен, А. Н. Кононов түркі тілдеріндегі «көк» түстің мынадай орысша аудармаларын келтіреді: «синий», «голубой», «лазурный», «светло-зеленый», «сизый», «небесного цвета», «цвет молодой зелени», «серый», «сизый», «небо», «молдая трава», «зелень», «луг» т. б.

Қазақ тілінің өз фактісіне жүгінсек, *көк* атауы өзінің негізгі («синий», «голубой») мағынасынан басқа мынадай ауыс мағыналарда қолданылады екен:

**Көк** — аспан, аспан әлемі; аспан әлемін жайлайтын тәңірі. Мысалы: *төбесі көкке жету* («ерекше қуану», «мақтану»); *көктен тілегені (іздегені) жерден табылу* («жерден жеті қоян тапқандай қуану», «аяқ астынан мол табысқа кенеліп, қарық болу»); *көк соққыр!* (қарғау: космогониялық сенім-наным бойынша көктегі тәңірінің қаһарына душар болуды тілеу); *көкке көтерілу* т. б.

**Көк** — шөп, көгеріп тұрған өсімдік, көкөніс. Мысалы: *көк майса, көк шөп, көк орай шалғын, көк балауса, көкке аузы ілігу*; осыдан: *көгеру, көктеу, көк ату, көктем, көкпек* т. б.

**Көк** — әлі жас, піспеген, шикі. Мысалы: *көк түйнек, көк қауын, көк алма, көк өрім, көк сағал* («шала піскен»), *көк сабақ* («толық піспеген, дүмбілез»), *көк асық* («шынықпаған»), *көк өрік* (кей жерде: «көп өрік жеп іші

кепкенше, көк өрік жеп өле қалған жақсы» деген де сөз бар).

**Көк** — арық, жасық, майсыз, дәмсіз. Мысалы: *көк жасық* («арық ет»); *көк бақа қозы* («арық, ет алмаған қозы»); *көк қарын* («арық»); *көк шалап* («майсыз, дәмсіз, су араласқан сұйық айран, сусын»).

**Көк** — көнбіс, шыдамды, бірмойын; елеусіз, көптің бірі. Мысалы: *ол жүрген бір көк есек* («ол айтқанға көніп, айдағанға жүре беретін көнбіс»); *көк жұлын* («шабысқа шыдамды жылқы»); *көлденең жүрген көк атты* («елеусіз өз бетімен жүрген біреу») т. б.

**Көк** — қаһарлы, қайсар, айлалы, адуынды, ашушан. Мысалы: *көк айыл*, *көк долы*, *көк бет*, *көк дауыл*, *көк жендет*, *көк шұлан*, *көкжал бөрі*, *көк мүйіз* («іріп сүзіп, басқаға күн көрсетпейтін»); *көк азу* («азуы алты қарыс, бетіне адам келтірмейтін адуынды адам»); *көк түйнек* (ауру аты), *көк шешек* т. б.

**Көк** — езбе, мылжың, көп сөйлейтін. Мысалы: *көк езу*, *көк малта* (сын) *езу*, *көк мылжың* (бұлардың бәрі де «көп сөйлейтін мылжың, өзеуреп, бір айтқанын қайта айтып, өндіршектеп, елдің аузын аштырмайтындар») т. б.

**Көк** — сылбыр, жалқау, қалжыраған, топас. Мысалы: *көк желке болу*, *көк жұлын болу* («титықтау, қалжырау»); *көк тер болу* («болдыру, шаршап-шалдығу»); *көк иық болу* («болдыру»); *көк жалқау* («аяғын бір баспайтын еріншек»); *көк ми* («өз бетінше ойлана алмайтын, айтқанға түсінбейтін топас, милау») т. б.

**Көк** — найзағай (нажағай, көктен түсетін от). Мысалы: Ат байлаған ақырды, көк түскен жер тақырды... (Фольклор): төбесінен көк түскендей болу («аяқ астынан жағымсыз хабар естігендей болу, қатты таңғалу, ғажаптану»). *Көк* бұл арада қазақ тіліндегі *нажағай* (*найзағай*, *жасыл*, *жай*) сөздерінің қатарындағы синоним болып саналады.

*Көк* түсі, о баста көк аспан мен жер бетінде көгеріп өскен өсімдік дүниесіне қатысты ұғым болса да, дами келе басқа да, негізгі мағынаға көп ұқсас, жақын, қатысты ұғымдарды білдіре бастаған. Мағыналық дамудың бұл түрі, әрине, әрбір халықтың өз өміріне, өз дүниетанымына байланысты болмақшы. Осыған орай, басқа тілдерден мысал келтірейік. Мәселен, ағылшын тілінде: *көк үй* — «жылыжай» (теплица), *көк портфель* — «өзі жас, тәжірибесіз адвокат», *көк қол* — «тәжірибесіз адам», *көк ат* — «мінілмеген асау ат»; орыс тілінде: *көк*



(«зеленый») — «әлі тәжірибесі жоқ уыздай жас адам»; француз тілінде: *көк хабар* — «жағымсыз хабар, көңілсіз әңгіме»; монғол тілінде: *көк түс* бірде «қадір», «құрмет» білдірсе, бірде «ұнамсыз», «жағымсыз» мағынаны аңғартады; *көк күлкі* — «ажуа, ашы күлкі», *көк дауыс* — «жағымсыз, құлаққа түрпідей тиетін тарғыл дауыс» т. б.

**5. Сары.** Сары түстің де қазақ және басқа тілдерде негізгі түстік мағынасынан басқа ауыс мағыналары бар. *Сары* түс те о баста күннің, оттың, түсті (алтын, жез, қола, мыс) металдардың бейнесіне, реңкіне байланысты қалыптасқанымен, дами келе табиғаттағы, тіршіліктегі әр алуан құбылыстарға телініп, солардың сыр-сипатын аша түсуге мүмкіншілік алған. Солардың кейбір айқын танылатындарына тоқталайық.

**Сары** — кең дүние, ұшы-қиыры жоқ жалпақ дала. Мысалы: *сары дала, сары бел, Сарыарқа, сары жайлау, сары құм, сары аңыз, сары жазық, сары дүз.*

**Сары** — табиғи, физиологиялық кейбір құбылыстың ұзаққа созылуын, заттың ұзын, созылыңқылығын сипаттайды. Мысалы: *сары күз* (ұзаққа созылған күз); *сары төсек, сары жамбас* (аурудың ұзаққа созылуы); *сартап болу* (ұзақ жатудан, аурудан қатып-семіп қалу); *сары уайым* (уайым-қайғыға қатты берілу); *сана менен сарғаяу, сары ізіне шөп салу, сары аяз* (ұзаққа созылған қатты суық). *Сарғаяу күту* (ұзақ күту), *сары өзек уақыт, ұзын сары* т. б.

**Сары** — кексе әйелге, не жас бала, балапанға байланысты айтылады. Мысалы: *сары жілік, сары тіс, сары қарын* (әйел), *сарыгидір, сары ауыз балапан, сары мойын* (бала), *сары бала*; «Қара қазақ, *сары баланың, Қамы үшін қылыш сермедік*».

**Сары** — тіс қаққан, әккі болған, шыныққан. Мысалы: *сары тоқым ұры* (ұрлық істеуге кәніккен ұры); *сары табан* (еңбекке әбден шыныққан адам), *сары ауыз* (көрінген әйелге көз сүзіп, сөз айтатын еркек) т. б.

**Сары** — көп сақталып сарғайған, сүрленген, сірі болған не әбден қалыптасқан зат жайында. Мысалы: *сары май* (сары майдай сақтау — ұзақ уақыт сақтау); *сары сабан* (әбден сақталып, сүрленген сабан); *сары тора шақ* (кексе тартқан, жасы тоқтаған шақ); *сары табан қар* (күн көзінен еріп, жел өтінде қақталып, сіресіп қатып қалған қар) т. б.

*Сары* түстің бұдан басқа да ауыс мағыналарын біз басқа тілдердің фактілерінен көреміз. Мәселен, жалпы *сары* түс көп халықтарда «сатқындық, тұрақсыздық»

мәнімен қатар «ауру», «қайғы-қасірет» т. б. мағыналарды береді. Оның геосимволикалық, космогониялық мағыналары көбіне көп жер-су және ру-тайпа аттарынан ерекше көзге түседі.

6. **Ала.** Бұл түс те қазақ тілінде көптеген ауыс мағыналарда қолданылады екен. Оның себебін ойластырсақ, *ала түс* жалпы *ақ түс* тобындағы (*ақ, боз, сары, сұр, құла, құба, қылаң, бозғылт, сарғылт* т. б.) реңктер мен *қара-қоңыр түс* тобындағы (*қара, қоңыр, торы, кер, баран, күрең* т. б.) реңктердің араласуы арқылы пайда болуына байланысты неше алуан түр-түс гаммасын жасауында екен. Ал түр-түстің *ала-құла* әр тектес болып келуі олардың мағыналық жағынан да шеңберінің кеңеюіне, неше түрлі ауыс мағыналарда қолданылуына негіз болмақшы.

Ескерте кететін бір жағдай: *ала* атауымен келетін тіркестердің көбі *ала* сөзінің неше алуан (метафоралық, метонимиялық және символикалық) ауыс мағыналарының негізінде дамып, түр-түстік мағынадан қашықтап кеткендігін көреміз. Мәселен, «*ала ауыз*» немесе «алты бақан *ала ауыз*» деген фразаны алсақ, ол «әр түрлі түсті» деген ұғымнан абстракцияланып, «ынтымақ-бірлігі жоқ, пәтуасыз» деген мағынаға ие болып отыр. Осы жағдайды басқа тіркестерден де көреміз. Енді *ала түске* байланысты ауыс мағыналарды өзара топтастырып көрейік.

**Ала** — табиғат құбылысының, жыл, ай, апта, тәулік мерзімінің әр түрлі көрінісін анықтауға қатысады. Мысалы: *ала жаздай* (бүкіл жаз бойы); *ала кеуім, ала көлеңке* (жарығы аз елең-алаң кез, таң қараңғысы); *алағаншық күн* (аспанды бұлт шарлап, жер беті алабажақ болып тұратын күн); *ала көбең* (таң атып келе жатқан уақыт); *ала қанат қар* (әр жерде бір ақ тандақ болып жатқан қар); *ала құйын* (үйтқи соққан қатты жел, боран); *ала қыстай* (бірде қарлы, бірде қарсыз болатын қыс бойы); *ала сапыран уақыт* (қардың бір жауып, бір еріп жатқан кезі; а у ы с. жаугершілік, дүрбелең заман); *алағаншық боран* (қар араласа, үйтқи соғып, көз аштырмайтын боран) т. б.

**Ала** — бір-біріне сай келмейтін, жанаспайтын, *ала бөтен* заттар мен қарама-қарсы құбылыстарды анықтайды. Мысалы: *ала бөтен, ала бөлек* (елден ерекше, оқшау, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын); *ала көңіл* (көңілі жат, жұртты бөлек санайтын); *ала қозыдай бөліну* (өзара жік-жік болу, басы қосылмау) т. б.

**Ала** — араздасу, ала ауыз болу мағынасына қатысты. Мысалы: *ала көз болу* (өзара наразы болу); *ала тайдай бүлдіру* (ел арасын бұзу, араздастыру); *ала топалаңын шығару* (бықпырт тигендей, астан-кестенін шығару) т. б.

**Ала** — кейбір этнографиялық мәні бар сөздерді анықтайды. Мысалы: *ала жіп: біреудің ала жібін аттамау* (біреуге қиянат істемеу); *ала қап: ала қаптың аузын ашу* (барын аямай, түгел ортаға салу); *ала қоржын: ала қоржынын арқалау* (бет алды қаңғып, ел арасынан шығып кету) т. б.

**Ала** сөзінен туындайтын *алалау, алалық, алалаушылық, аланес, алаөкпе, ала аяқ* сияқты тұлғалар мен тіркестер түгелдей ауыс мағынада қолданылады.

Жоғарыда ескертілгеніндей, басқа түр-түстердің де белгілі ауыс мағыналары бар. Мәселен, *қоңыр* түсті алып қарасақ, өзінің («қоңыр») түстік мағынасынан басқа мынадай: *қоңыр күй, қоңыр дауыс, қоңыр күз, қоңыр кеш, қоңыр жел, қоңыр қабақ, қоңыр саз, қоңыр самал, қоңыр салқын, қоңыр тірлік, қоңыр үй, қойдай қоңыр, майда қоңыр, қоңыр тарту* сияқты тіркестермен келіп, әр түрлі құбылыстың небір жанға жайлы, құлаққа жағымды, жүрек тебіrentетін нәзік те әсерлі сәттерін, өмір-тіршіліктің жайбарақат, мамыражай, кейде, тіпті жұпыны да сыпайы қалпын суреттейтін ерекшеліктері көзге түседі.

**Түр-түс атаулының баршасына, оның ішінде, әсіресе, негізгі (ақ, қара, қызыл, көк, сары, ала) түстердің табиғатына тән ауыс мағыналары мен оларды қолданудың заңдылықтары, міне, осылар.**

### **ТҮР-ТҮСТІҢ САЛТ-САНА, ӘДЕТ-ҒҰРЫПҚА БАЙЛАНЫСТЫ СИМВОЛИКАСЫ**

Табиғаттағы түр-түстің барлығы әрқашан да бір заттың, құбылыстың түрін, түсін, өң-реңкін, сыртқы сипатын ғана анықтаумен шектелмейді екен. Сонымен қатар түр-түс атаулары мүлдем түр-түске қатысы жоқ, не одан бүгінде тым алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мән-мағыналарды, жөн-жосықтарды білдіретін де қасиеттерге ие. Солардың бірі — түстердің символикалық қасиеті.

**Символика** о баста көне гректердің «символ» (symbolon — «белгілі бір қоғам мүшелері мен әлеуметтік топтар үшін ғана түсінікті шартты белгілер») сөзінен

шығып, бүгінде «әр түрлі идеяны, түсінікті, ұғымды, ойды, сезімді, іс-әрекетті білдіретін шартты белгілердің жиынтығы» деген мағына береді. Түр-түстердің де қоғам өмірінде, дәстүрі мен әдет-ғұрпында, салты мен санасында, белгілі этностың, тіпті жеке адамдардың түсінігінде де осындай символикалық мәні барлығы байқалады. Түр-түс табиғатына тән бұл қасиетті білу кімге болса да қызықты, әрі қызығалықты.

Түр-түске қатысты осындай символикалық наным-сенімдер барлық халықтарда кездеседі және тіл біткеннің бәріне тән. Сондықтан да олардың жалпылық, ортақтық қасиеттерімен қатар, жеке тілдерге тән ерекшеліктері де баршылық. Түр-түс символикасына жататын тіл фактілерін салыстыра, салғастыра қараудың біз үшін қызықты жағы да, міне, осы ерекшеліктеріне байланысты болса керек.

Тіл-тілдегі түр-түс символикасын, яғни түр-түстердің шартты түрдегі символдарын қолдану шеңберіне, тематикалық-мағыналық, ұлттық, психологиялық, физиологиялық, тілдік тағы басқа да ерекшеліктеріне қарай өзара бірнеше топтарға бөліп қарауға болады.

Оларды түр-түстердің қоғам, немесе әлеуметтік шеңбердегі символикасы, халықтық, ұлттық, не халықаралық символика, әдет-ғұрыпқа байланысты символика, геосимволика т. б. деп бірнеше топқа бөлуге болады.

Айта кету керек, түр-түске байланысты «әр дәрежедегі, әр алуан, әр типтес символдардың пайда болуына о баста себеп болған не?» деген сұраққа: ең алдымен «жеке адамдардың өзін қоршаған табиғи түрлі түстер мен реңктерге көзқарасы, оларды сезінуі мен қабылдауы» деп, жауап берген болар едік. Өйткені табиғаттағы түрлі түсті бояу реңктері адамдардың бәріне бірдей, біркелкі әсер етпейтіні жоғарыда ескертілді. Адам түгіл оларды хайуанаттар да өзінше сезініп, өзінше қабылдайтыны да айтылды.

Сондықтан да біз түр-түс символикасын арнайы қараудан бұрын, жеке адамдардың, этностың, халықтың түр-түске деген физиологиялық түйсігін, психологиялық сезімін, эстетикалық таным-талғамын, творчестволық көзқарасын сөз етіп алғымыз келеді.

Қазақта *«Әр елдің заңы басқа, иттері — қара, қасқа»* деген мәтел бар. Оны жеке адамдар мен қауымның түр-түске әр түрлі көзбен қарайтындығына байланысты айтуға да болатын сияқты. Ол орыс тіліндегі *«На вкус и цвет товарища нет»* деген мақалмен де астарлас (*«Тал-*

ғам мен түр-түс таңдауда жолдастық жоқ» деген сөз бойы). Өмірден алынған бұл екі нақылдан «әр елдің, әркімнің өз талғамы, өзі ұнататын түрі мен түсі бар» дегенді аңғаруға болады.

Осыдан келіп, әрбір халық, этностық топ түстердің белгілі бір түрлеріне белгілі бір ұғымдар мен түсініктерді балауға, оларға өзіндік мән-мағына беруге тырысады. Түр-түстер арқылы қабылданған мұндай шартты символдық мәні бар белгілер ең алдымен сол әлеуметтік топтың, ру-тайпалардың, елдің, мемлекеттің, халықтың өздерін басқа өздері сияқты топтардан, тайпалардан, халықтар мен мемлекеттерден айрықша етіп көрсету мақсатынан, ұқсас болмау, қайткен күнде де олардан ерекшелену әрекетінен туған деп жорамалдауға болады.

Осы орайда біз халықтардың, соның ішінде түркі халықтарының басып өткен ұзақ тарихы мен ұлттық дәстүрлеріне, салт-сана, әдет-ғұрыптарына үңілсек, қоғамдық мәнге ие неше алуан түр-түс символикасының қызмет атқарып келгенін көреміз. Ерте кездердегі түркі мемлекеттерінің, хандық-патшалықтарының, ру-тайпа бірлестіктерінің, оның бергі жағында аталас рулардың, іргелес ауыл-аймақтардың өзіндік ру таңбалары мен ұрандары, тулары мен мөрі, сырт киімдері мен қару-жарақтары, эмблемалары мен гербтері, малдарына салатын ен-таңбалары болғаны белгілі. Бұл қоғамдық атрибуттардың біразына міндетті түрде түр-түстердің де қатысы бар. Оны біз әсіресе эмблема, герб, жалау-тулардан көбірек кездестіреміз. Мәселен, ертедегі қазақ өмірін айқын суреттейтін батырлық, лирикалық эпостардан біз әр түсті тулардың, батырлар киген сауыт-саймандардың өз түсі-реңкімен әр алуан символикалық қызмет атқарып келгендігін көреміз (ол жайында кейін толығырақ тоқталамыз). Осы орайда әрбір этностық топтың, елдің-жұрттың, халықтың өз дәстүріне сай түр-түстердің өзіндік мән-мәнісі анықталып, қоғамдық, әлеуметтік дәрежеге көтеріледі, ол жалпы қауым үшін ортақ ұғым, белгі ретінде таныла бастайды. Міне, осы орайда *ақ* түс пен *қара* түстің, *қызыл* мен *көк* түстің, *жасыл* түс пен *сары* түстің т. б. түстердің о бастағы номинативтік (түстік) мағынасынан мүлдем басқа субстантивтік, яғни заттық, материалдық, абстракты ауыс мағына-мәндері дамып, олардың тұрмыста қолданылу шегі кеңейе түседі. Мәселен, *ақ* түс пен *қара* түстерді

алып қарасақ, олардың тек қазақ топырағында ғана неше алуан символкалық мәнде қолданылғандығын көреміз. **Ақ** түс осы орайда — «тазалық», «әділеттілік», «мейірбандық», «бейкүнәлік», «пәктік», «көңілді өмір салты», «ағынан жарылу», «алғашқы адал ниет» т. б. мағынаны аңғартса, **қара** — «қайғы-қасірет», «ауыр тұрмыстың тауқыметі», «қаталдық», «қатыгездік», «кедейшілік-жалшылық», «қарапайымдық», «қалың бұқаралық», «нәсілі төмендік» т. б. мағыналарды білдіреді. Ал қоғамдық-әлеуметтік символиканың мәні түр-түстердің міне осындай ерекшеліктеріне байланысты дамып отырады.

Түр-түске байланысты әлеуметтік, қоғамдық символикалардың өзіндік жүйесі, дәстүрлі қолданысымен қатар пайда болу жолы, даму тарихы да болады.

Оларды бірнеше тақырыптық топқа бөліп қарастыруға да болатын сияқты. Айта кететін бір жайт: символикалық атрибуттардың (ту, эмблема, әскери форма, мемлекеттік герб, қала, ғимараттардың сәні, сырт көрінісі т. б.) толып жатқан түрлерінде түр-түс жағынан бір тектілік (мәселен, *қызыл, ақ, көк, жасыл, қара* т. б. жалаулар) сиректеу кездеседі де, көбінесе олар әр түрлі түр-түстің, бояу-нақыштың араласуы арқылы жасалады екен. Осының нәтижесінде қоғамдық символикалық атрибуттардың небір күрделі түрлерінің дүниеге келетінін көреміз. Мәселен, бір мемлекеттің өзіндік ерекшелігін білдіретін герб пен эмблемадан біз кейде бірнеше заттық бейнелермен қатар түр-түстік символикаларды да кездестіреміз.

Сонымен түр-түске байланысты қоғамдық-әлеуметтік символикаларды төмендегі бірнеше тақырыптық топтарға бөліп қарауға болатын сияқты.

**Гербтер.** Гербтер негізінен мемлекетке тән символикалық атрибуттарға жатады. Жер жүзінде қанша мемлекет болса, гербтердің саны да сонша. Бірақ олар бір-біріне еш уақытта дәлме-дәл ұқсамайды. Әлеуметтік символиканың негізгі принципі де осы. Бізді қызықтыратыны — мемлекет гербтерін жасауда түрлі түсті қатыстыру принципі. Бұл принципті біз федеративтік мемлекеттердің де, ұлттық мемлекеттердің де гербтерінен айқын көреміз. Мұндағы түрлі түстердің, айшықты белгілердің өзіндік мән-мағынасы бар. Мысалы, бұрынғы Одақ жалауының қызыл түсі жұмысшы-шаруа табының

қанының символы ретінде саналды. Сондықтан да қызыл түс барлық одақтас республикалардың жалауында, гербінде, эмблемасында, партия билетінің мұқабасында, комсомолецтер өңіріне таққан значокта, жас ұрпақ пионерлердің мойнына байлаған галстугінде, партия ұраны жазылатын маталарда міндетті түрде қатысып отырды.

Қызыл түс кеңестік дәуірдің, өмірдің бейнесі ретінде салт-санамызға еніп, бүкіл болмысымыздың символикасына айналды. Патшалық самодержавиені құлатудағы қанды күресте *қызылдар* мен *ақтар* келісімге келмес екі таптың өкілдері ретінде танылса, содан бері бүкіл кеңес елін, көп ұлтты кеңес халқын басқалар *қызыл* түспен байланыстырады.

Санамыз бен салтымызға енген *қызыл* түстің маңынасы кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдарда-ақ барлық ұлттық әдебиетке, сол заманның адамдарын, олардың іс-әрекетін, болмысын бейнелеуде, суреттеуде бейне бір лейтмотивке, көркемсөз өрнегіне айналғаны бәрімізге мәлім. Әсіресе 20—30-жылдардағы әдеби шығармалардан біз: *қызыл қыран*, *қызыл сұңқар*, *қызыл ер*, *қызыл қыр*, *қызыл дала*, *қызыл отау*, *қызыл астана*, *қызыл соқа*, *қызыл қырман*, *қызыл керуен*, *қызыл ұшқыш* сияқты жаңа теңеу-тіркестерді жиі кездестірдік. Олар сипаттық, сындық мағынадан көрі заманның жаршысындай естілетін әлеуметтік-саяси уран іспеттес тіркестер еді.

**Эмблемалар.** Егер гербтер негізінен мемлекет көлемінде оның дербестігін, басқа елдермен терезесінің теңдігін сипаттайтын әлеуметтік символика ретінде көбірек қолданылса, эмблемалардың қолданыс аясы одан әлдеқайда кең. Олар, негізінен — мемлекет құзырындағы өлкелер мен автономиялардың, облыстардың, аймақтардың, қалалардың, әскери құрамдар мен ресми мемлекеттік ұйымдардың, әр алуан мекемелердің өз ерекшелігіне сай етіп жасалған шартты символикалық белгілер. Ондай эмблема түріндегі символдар өмірде өте көп. Ауада, жер бетінде, суда және су астында әрекет ететін күрделі әскери құрамаларды бір-бірінен айыру, ажырату үшін ресми қабылданған эмблемалар мен қосымша белгілердің өзі қаншама десеңізші! Осы эмблемалардың бәрі де белгілі түр-түстердің қатыстығымен жасалғандығы баршамызға мәлім. Сондықтан да біз келе жатқан әскери адамның поғонына, петлицасына,

өңіріне, бас киіміне, жеңіне тағылған әр түрлі эмблема-ларға және олардың боялған түр-түсіне қарап, ұшқыш не танкист, жаяу әскер не теңізші, ракетші не шекара-шы, әскери инженер не әскери медицина қызметкері екенін бірден айыра аламыз. Мәселен — осындай эмб-лемалардың жасалуына қатыстырылатын неше алуан түр-түс пен бояунақыштарға қоғамдық мән беріліп, ел-дің бәріне түсінікті шартты символ ретінде қолданы-луында.

**Жалаулар, тулар, байрақтар.** Бұлар да — симболи-калық мәні бар қоғамдық атрибуттар. Әр түрлі жалау-лар, тулар, байрақтар да — герб, эмблема сияқты әрбір мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың, әскери құрамдар-дың т. б. мекемелердің дербестігін, басқалардан айырма-шылығын білдіретін шартты белгі. Бұл дәстүр тым ерте замандардан басталып, әр елде, әр жерде өзіндік ерек-шелігімен дамып отырады.

Ертеректе қазақ даласындағы ру-тайпалардың, хан-дықтардың өз жалауы, батырларының қолына ұстайтын өз тулары, той-жиын, ойын-тамашаларда қолданылатын байрақ-жалаушалары болған. Олардың түр-түстері де бірыңғай *қызыл, жасыл, көк, сары, қара, ақ* немесе ара-лас болып келген. Мәселен, бүкіл мұсылман елдерінде жарты ай суреті бар *жасыл* түсті жалау ислам дінінің символы болып саналса, *ақ* жалау барлық жерде бірдей «жеңілгенді мойындаудың», «бітімге келудің» символы болып танылады. Христиандардың жалауы крест суреті бар *ақ* (күміс) түсті жалау, буддизмнің символы — «қа-сиетті» жануарлар — айдаһар, піл, арыстан суреті са-лынған *қызыл сары* түсті. *Қара* жалау қайғылы қазаның хабаршысы іспетті ертеректе хан, батыр-бағ-лан, атақты игі-жақсылардың өліміне байланысты ша-ңырақтан, не үй іргесінен көтерілетін болған. Әскер қолбасшылары мен сардарлардың ту ұстап жорыққа шығуы, соғысқа аттануы сән-салтанаттық үшін емес, белгілі халықтың, ру-тайпаның намысын ту етіп көтеру-дің символы болған. Ол тудың жығылуы — жеңіліске ұшырап, еркінен, бостандығынан айрылудың белгісі бо-лып саналған. Әскери туды бүкіл елдің, оны қорғаушы әскери құрамдардың ар-намысы, қайсар ерліктің, же-ңімпаздықтың, жанқиярлықтың символы деп тану дәс-түрі күні бүгінге дейін барлық жерде де бірдей сақта-лып келеді.

Ту, жалау, герб, эмблема сияқты мемлекет символ-дарының бәрі, әрине, бір дәуірдің ғана жемісі емес.



Олардың пайда болу, даму, өзгеру тарихы бар. Деректерге қарағанда, ең алғашқы ту, эмблема және жауынгер формаларының мемлекет көлемінде қабылдануы үшінші Крест жорығына қатысушылардан көзге түседі. Мәселен, ол жорықта француздар мен испандықтардың жалауы — *қызыл*, ағылшындардікі — *ақ, сары* (алтын) түсті, итальяндықтардікі — *көк*, немістердікі — *қара* түсті болыпты.

Бүгінгі таңдағы дербес мемлекеттерді алып қарасақ, олардың да өздері белгілеп, қалап алған жалау түстері бар. Бұл түстердің бәріне де, әсіресе олардың орналасу тәртібіне, эмблемалық белгілерінің суретіне үлкен мән беріледі. Мәселен, бүкіл араб мемлекеттерінің жалауларының түр-түстері мен ондағы эмблема суреттерінде ортақтықты, одақтастықты, тектестікті білдіретін ұқсастықтар байқалады.

**Түрлі түсті кітаптар.** Еліміздегі баспаханалардан шығып жатқан мыңдаған кітаптардың мұқабасына назар аударсақ, түр-түс спектрінің барлық бояуын көруімізге болады. Бүгінгі полиграфияның мүмкіншілігі соншалық, бір де бір кітаптың тысын қайталамай шығаруға болады екен. Бұл, әрине — өскелең мәдениетіміздің жоғары талаптарына сай эстетикалық талғамымызға байланысты істеліп жатқан игілікті істердің айғағы.

Баспа конвейерінен шығып жатқан кітаптардың ішінде алтынмен апталған, мұқабалары *қызыл, жасыл* бояумен безендірілгендері де аз емес. Солай бола тұрса да, әлемге әйгілі болған «Қызыл кітап», «Жасыл кітап» және біздің елімізде ғана қабылданған «Алтын кітаптардың» қоғамдық символикаға айналғандығын атап айтуға болады. Бұл кітаптардың мұқабасы *қызыл, жасыл* түсті болып, алтынмен апталуы да мүмкін. Бірақ олардың әлеуметтік мән-мағынасы басқаша.

**«Қызыл кітап».** Қазіргі кезде бұл кітапты білмейтін адам жер бетінде кемде-кем. Өйткені ол әрбір елде, әрбір мемлекетте тек кейінгі 10—15 жыл беделінде ғана шыға бастаса да, айналамыздағы табиғатты қорғап қалудың игілікті де гуманистік бастамасы ретінде көпшілікке кеңінен танылып отыр. Бұл кітаптың негізгі мақсаты — мүлдем жойылған, не жойылып кету қаупі төнген жер бетіндегі өсімдіктердің, жан-жануар, бақашаян, құрт-құмырсқалардың атын тіркеп, соларды қайткен күнде де сақтап қалудың қамын ойлау, олардың өсіп-өніп, қалпына келуіне жағдай жасау. Бірақ

кітап өз атына сәйкес, барлық жерлерде қызыл мұқаба-лы болып шығуы міндетті емес.

Демек, бұл кітаптың аты болып отырған қызыл түс табиғатты «сақтап қалу, қорғап қалу» деген қамқорлықтың, гуманистік ұранның символына айналып отыр. Бұл ұранға бір ел ғана емес, бүкіл адамзат қоғамы болып-үн қосып отыр. Қоғамдық символиканың халықаралық дәрежеге көтерілуі деп осыны айтуға болады.

«Жасыл кітап». 1975 жылы Хельсенки қаласындағы көк жасыл бау-бақшаға бөленген Хесперия паркіндегі «Финляндия» деп аталатын ақ мәрмәрлі сарайда Европа елдерінің қауіпсіздігі мен өзара достық қарым-қатынасына арналған тарихи Кеңеске қатынасушы 33 Европа мемлекетінің және АҚШ пен Канаданың уәкілдері түгел қол қойып, *Қорытынды* акт жасаған еді. Сол тарихи документ мұқабасының түсіне байланысты осы күні «Жасыл кітап» («Зеленая книга») деп аталады. Алайда ол басында солай аталғанымен, бүгінде екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысын, мемлекеттер арасында ұзақ та баянды бейбітшілік орнатудың принциптерін паш етуші халықаралық символға айналып, сол арқылы әлемге әйгілі болып отыр.

«Алтын кітап». Біздің елімізде (барлық республика көлемінде) «Алтын кітап» («Золотая книга») деп аталатын құрметті документ бар. Бұл кітапқа өзінің қажырлы ісімен, ерен еңбегімен ел игілігіне үлес қосып, халық пен партияның құрметіне бөленген азаматтардың есімі жазылып, ескерткіш ретінде сақталады. «Есімі тарих беттерінде алтынмен (не алтын әріптермен) жазылу» деген сөздің бір мәнісін «Алтын кітапқа» ену деген де бере алатын сияқты.

Ал осы кітап шын мәнісінде алтын ба? Әрине, олай емес. Кітаптың алтынға баланып, аса биік құрметке бөленіп отыруында да символикалық мән бар. Ол — «халықтың қалаулысы, елдің елеулісі, еңбек ардагері» деген сөз. *Сары алтын, саф алтын* ертеден-ақ көп халықтар үшін асылдықтың, абзалдықтың нышаны болып саналады.

Салт-сана, әдет-ғұрыпқа байланысты түр-түс символикасы өте көп. Оның көп болатын себебі, біріншіден, жер бетіндегі этностық топтардың есепсіз көптігіне байланысты болса, екіншіден, олардың табиғаттағы неше алуан түр-түстерді өзінше бағалап, оларға өзіндік мағына-мән беруіне байланысты.

Қоғамдық-әлеуметтік символиканың тобына енетін

түрлі түсті заттарды біз көбіне-көп ұлттық дәстүрден, атап айтқанда әдет-ғұрыптан, той-тамаша салтанатынан, өлім-жітімге байланысты рәсім-қағидалардан, ырымшылдық, мифологиялық, астрологиялық, діни дүниетаным, сенімдерден т. б. толып жатқан үрдістерден айқын көреміз. Мұндай дәстүрлер, әдетте өте тұрақты, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға ауысып, ұзақ дәуір бойы сақталуы ықтимал.

Біз солардың кейбіреулеріне ғана тоқталып өтеміз. Көктемнің бірінші күні Болгарияда үлкен демей, жас демей, елдің бәрі бөркіне, өңіріне, кеудесіне *ақ* пен *қызыл* түсті шүберектен жасалған гүл шоғындай «**мартеница**» деп аталатын белгісін қадап алып, көшеге серуендеуге шығады. Бұл өте ертеден келе жатқан, басқа елдерде кездесе бермейтін, ұлттық дәстүр болып саналады. Ол туралы халық арасында айтылатын әңгімелерден ұғатынымыз: болгарлардың ертеден-ақ *қызыл* түсті — «бақыттың», *ақ* түсті «көп жасаудың, ұзақ өмір сүрудің» символы деп тануы. Ең алғаш мұндай «мартеницалар» ширатылған *ақ* және *қызыл* жіптерден шалып жасалған қарапайым белгі болғанмен, бара-бара ол шашақталып, домалақша, немесе адамның, хайуанаттардың бейнесіне ұқсас түйіліп, тиын-тебен тағылып жасалған бойтұмарға айналған. Ертеректе бұл белгіні болгарлықтар тек өздері ғана емес, сонымен қатар үй ішіне, жеміс ағаштарына, қорадағы малына дейін тағып, олардың аман-есен болуына, жемісті, төлді болуына ырым еткен: Ал жас балалары болса, мартеницаны көктем басында омырауына қадап алып, оны жыл құсы — ләйлектің жылы жақтан қайтып келуіне дейін немесе жеміс ағаштарының гүлденуіне дейін тағып жүрген. Бүгінде бүкіл Болгария бойынша көктем мейрамының қарсаңында сатылатын мартеницаларды елдің бәрі сатып алып, өңіріне қадайды, туыстарна жіберіп, мейраммен құттықтайды. Өйткені болгарлықтар *қызыл* мен *ақ* түстің бақыт әкеліп, ұзақ өмір сыйлайтын керемет «қасиетіне» шынайы сеніммен қарайды («Вокруг света»).

Үнді халқының дәстүрі бойынша өлген адамның сүйегі отқа жағылып (кремацияның бір түрі), күлі суға ағызылатынын қазір елдің бәрі-ақ біледі. Ал енді олардың сүйекті өртеуге алып барарда еркегін *ақ*, әйелдерін *қызыл* матаға (бізше: кебінге) орап, ұзын сырықтың ортасына салып, шандып байлап алып, ең жақын адамдары көтеріп апаратынын көпшілік біле бермейді. Ер-

кек адамды ақ матаға, әйел адамды қызыл матаға орап кебіндеу үнді елінің қоғамдық символикаға айналған салты.

Өлген адамды кебіндеп қою дәстүрі түркі халықтарының ішінде қазақтарда да бар ғой. Бірақ қазақ салтында марқұмның денесі тек ақ матаға оралады да, үнділердегі сияқты марқұмның жынысына байланысты кебін матасының түсі *ақ, қызыл* болып өзгермейді.

Қазақ әдет-ғұрпын көп зерттеушілердің бірі А. Диваевтың еңбектерінде ертеректегі қазақ дәстүрі бойынша жерлеудің түр-түс символикасына қатысты салты да сөз болады. Одан біз *қара, ақ, қызыл* түстердің қазаға байланысты синкретикалық қолданысының да болғанын аңғарамыз. Басқаша айтқанда, аталмыш түстердің бәрі қазақ өмірінде қайғылы қазаның, қара тұтынудың символы болып келген, яғни осы түстерге боялған мата, киім-кешек, үй жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдардың бәрі де символика атрибуттары болып саналған. Бірнеше мысал келтірейік. Мәселен, А. Диваевтың мәліметі бойынша ертеректе қазақ әйелдері бастарына *қара* және *қызыл* түсті орамал, желең жамылмаған. Өйткені мұндай орамалды тек күйеуі өлген әйелдер ғана жамылуға тиісті болған. Осыған қарағанда қайғы-қазға байланысты *қара жамылудан* басқа қаралы *қызыл жамылу* салты да болған екен.

Оны басқа да тұрмыс-салт әдеттерінен байқауға болады. Мәселен, Қазақстанның кейбір жерлерінде *қара* және *қызыл* түсті киімдерді киіз үйдің үстіне жаю болмаған. Өйткені ескі әдет бойынша марқұмның *қара* және *қызыл* түсті киімдерін үйдің сыртына, көрнекті жерге жайып қою үйдің ішінде өлік жатыр дегенді білдірген екен.

Қайғылы қазаға байланысты кейбір жерлерде *ақ* түсті де пайдаланған. Мәселен, күйеуі, не жақын туыстары өлген әйелдің үстіне *қара* түсті көйлек киіп, басына *қара* орамал жамылу салтымен қатар, кей жерлерде *ақ* жамылу салты да болған. Осыған орай Ғ. Мүсірепов өзінің «Жат қолында» деген романында (283-бет): «*Қара*» күйік пештер *қара* жамылған *қаралы* әйелдерді еске түсіреді. Игіліктің әйелі Айғаншаның осындай бір кезеңін көргені бар еді. Мына *қара* жамылғандардың бірі сол Айғанша болып шыға келмесін...» деп суреттесе, осы шығарманың енді бір жерінде: «Назыкеш басына *ақ* жамылып отыр. Қазақ әйелінің *қара* жамылғаны осы: *ақ* жамылады... Оң жақ қабырғаға шымылдық құры-

лыпты. Бұл да қаралының белгісі. Шымылдық ішінде әрине, өлік жатыр» (37-бет), — деп көрсетеді. Сонда, үш түстің — қара, қызыл және ақ — үшеуі де қайғылы қаза, азаға байланысты қолданылғаны ғой. Мұндай құбылысты ғылыми тілде түр-түстің символикалық синкретизмі дейді.

Ертеректе ел жақсысы қаза тапқанда шаңырақтан қара ала шашақты қара жалау көтеріп, жақындары қара жамылып аза тұтатын, оның мінген атын бір жылға дейін тұлдап, ер-тұрманына қара жабу жауып, көшқон кезінде жетелеп алып жүру сияқты әдеттерді біз тарихи романдардан жақсы білеміз. Сонымен қатар, өлген адамды ақ түсті кебінге орап, ақ жауып, ақыреттеп қою, ақ киізге салып, ақ шымылдық ішінен арулап алып шыққан жақын туыстары беліне ақ шүберектен белбеу байлап, қолдарына ақ таяқ ұстап ақырғы сапарға шығарып салу, тәбәрік деп топырақ басында ақ матадан жыртас үлестіру; ері қайтыс болған жесірдің қырық күннен кейін, не жылын бергеннен кейін, не жат елге келін болып кетіп бара жатқан қыздың басына ақ жаулық салу сияқтылардың бәрі де көп әдет-ғұрыпқа байланысты болса керек.

Мұнай түр-түс символикасындағы синкретикалық наным-сенімдер басқа әдет-ғұрыптардан да байқалып отырады. Мәселен, шешек аурумен жас балалар ауырғанда сол үйдің шаңырағынан қызыл жалау (не қызыл мата байлаған сырықты) шығарып қою, үйдің ішіне қызыл мата ұстап, қызылдап қою әдеті болған. Бұлардың бәрі мифологиялық, діни, астрологиялық т. б. наным-сенімге байланысты болса керек. Шешек ауруын түр-түсіне байланысты қызыл (кей жерде қызылша, қызамық т. б.) деп атап, бірақ сол сөздің өзін ауруы бар үйде ауызға алудан қорқып, оны өзі сияқты қызыл түсті ырымдармен кетіруге болады деп сенуі тағы бар. Шаңырақтан қызыл жалау көтеріп, үйді қызылмен қоршау әдетін тек соқыр сенімнің ғана салдары деп қарауға да болмайды. Бұл арада ауру жұқпалы, тез тарап, елді қырғынға ұшырататын оба болғандықтан, халық ол туралы көрші-қолан, ауыл-аймағын ескертуді де ұмытпаған, дала «карантині» ретінде ойлап тапқаны болу керек.

Тағы бір мысал келтірейік. Ертеректе қазақтар көкжөтелмен ауырған адамға көкқарғаның қауырсынынан бойтұмар жасап, көгершіннің, көк ешкінің, не көк тананың етінен пісіріп беріп емдесе, енді бірде ауру жат-

қан үйінің ішіне көк мата ұстап, *көкжәтел көк* түске байланысты, түс түсті жояды деп сенген.

Қазақ әйелдерінің құрақ құрап, көрпе, көрпеше т. б. үй заттарын жасауды өз кезінде өнер, іскерлік деп есептегені белгілі. Құрақ құрауды ерікпеннің ермегі, немесе жоқтықтың нышаны деп қарауға болмайтын бір жағдайды біз ескері бермейміз. Түрлі түсті кездеменің қалдықтарын өзара қиыстыра, қиюластыра құрақ құрап отырған анамыз, әжелеріміз бала, немерелеріне «мынау қызыл, мынау көк, ал мынау жасыл» деп айта отырған, жас баланың әуесқойлығын пайдаланып, оны табиғаттағы сан алуан түр-түсті тануға, жадында сақтауға баулыған. Құрақ көрпе мен оюлы сырмақты, гүлі көз тартарлық қалы кілем мен жеті түсті түскиізді көріп өскен осындай жастар үшін бұл өнер көп нәрсені аңғартқан.

Мұндай ырымдар ел арасында өте көп болған. Олардың біразы әлі де кездеседі. Бірақ бұрынғыдай сену, нану және қолдану қазір жоқ. Дегенмен түр-түске байланысты символикалардың халық өмірінде болғанын біз фольклор, эпос, тарихи аңыз-ертегілерден, көркем шығармалардан жақсы білеміз.

Түр-түске байланысты қоғамдық символдардың енді бір тобы бүгінгі өміріміздегі тұрмыстық заттардан, мәдени атрибуттардан, әскери, спорт, дәстүрлі салтанат т. б. салалардан кездесіп отырады. Мәселен, үш түстің қатынасуы арқылы қабылданған қоғамдық символикадан жол қатынасы саласында кеңінен қолданылатын **светофорды** алайық.

Бүгінгі таңда светофордың автомобиль, теміржол т. б. транспорт саласында атқаратын орасан зор қызметі бәрімізге белгілі. Үлкен көшелерде, көшенің бұрыштарында, темір жолдарда көрнекті етіп орнатылған светофорлардың бәрі үш түстен тұрады және мұндағы әрбір түс өзіне тән мәнімен қоғам мүшелеріне түсінікті, сондықтан да олар — орындалуға міндетті символикалық шарттар. Мәселен, *қызыл* түс «жол жабық, жүруге болмайды» дегенді аңғартса, *сары* түс «сәл кідіре тұрыңыз» дегенді, ал *жасыл* түс «жол ашық, жүруге болады!» дегенді білдіреді. Осы шартты белгіні қоғам мүшелерінің біреуі біліп, екіншісі білмесе, әсіресе оны транспорт жүргізушілер қатаң сақтамаса, қауіп-қатердің ауылы алыс емес. Светофордағы үш түстің біреуі жанбай қалса да транспорт үшін қиын. Ортадағы *сары* түстің бір жанып, бір өшіп тұруы — «бұрынғы тәр-

тіп бойынша өз реттеріңмен өте беріңдер» дегенді білдіреді. Ал тек **қызыл** түстің өзі ғана жанып тұрса, «бұл жолмен әрі қарай жүруге болмайды», **жасыл** ғана жанып тұрса, «жол ашық, жүре беруге болады!» (қосымша: «кесе-көлденендеп өтуге болмайды!») дегендерді аңғартады. Осыдан келіп, орыс тіліндегі «зеленая улица» деген ұғымды қазақ тіліне «жасыл көше», «жасыл жол» деп калька жолымен аударып та жүрміз. Ал қазақтың байырғы дәстүрінде жолаушыға «жолың болсын!» мағынасында «ақ жол тілейді». Алысқа кеткен жолаушының құрметіне немесе сапардан аман-есен оралған жақын адамының қуанышына байланысты жас нәрестенің атын «Ақжол», «Ақжолтай» деп қою әдеті де болған.

Сөйтіп, күнде көріп жүрген светофорымыз үш түстен тұратын қоғамдық символикалар қатарына жатады екен.

Төрт түсті символикалар қатарына кешегі Ұлы Отан соғысында жарақаттанудың, контузия алғандықтың белгісі — **қызыл, сары, көк, қара** түсті (ұзындығы — 4—5, жалпақтығы — 1 см) ленталарды жатқызуға болады. Ол ленталардың жарақаттанған, контузия алған жауынгерлер гимнастеркасының оң жақ өңіріне тағып жүруге хұқылы. Сонда бұлар нені білдіреді? **Қызыл** түсті лента — «жалпы жарақат», **сары** түсті лента — «ауыр жарақат», **көк** түсті лента — «жалпы контузия», **қара** түсті лента — «ауыр контузия» болғандықты көрсетеді. Осы күнге дейін Отан соғысына қатысқандардың арасында осы лентаның төртеуін де тағып жүргендер бар. Символика мәнін біле білген адам соған қарап-ақ, от кешкен жауынгердің ажал аузынан қаншалық азап шегіп барым, аман қалғанын ішінен ұғып, түсініп тұрады.

**Бояулар.** Түр-түстер мен бояулардың атаулары бірдей: **қызыл түс — қызыл бояу, қара түс — қара бояу** т. б. Өйткені түр-түс пен бояу бір-біріне қатысты ұғымдар. Бірақ екеуінің табиғаты бір емес. Түр-түс жалпы табиғи жолмен пайда болған неше түрлі заттар мен құбылыстардың өзіндік түстері мен реңктері болып саналады да, бояу болса, сол табиғи түр-түсті өз қалпында қайталап, дәл етіп беру үшін, көшіру үшін қажетті әр түрлі химиялық элементтерден қолдан жасалынатын бояуыш заттар. Бояу-сырлар, бояушы заттар («красители» дегендер) құрамына, жасалу тәсіліне (технологиясына), қолданылу мақсатына байланысты әр түрлі: ұнтақ, не қиыршық (кристалл) күйіндегі құрғақ бояулар, сумен езілетін қатырған бояулар (акварель), не қою

(гуашь) бояулар, майлы бояулар. Олар қолданылуына қарай өз ретінде көркемсурет бояулары («художественные краски») және құрылыс материалдарына, тұрмыстық заттарға, тоқыма бұйымдарына белгілі реңк беруге, т. б. қажетті **бояулар мен сырлар** болып екіге бөлінеді. Бұлардың барлығы — табиғаттағы түр-түстер мен реңктерді қазіргі уақытта дәл бере алатын және химия өндірісінде жасалынатын заттар.

Бояу, сыр және бояғыш заттар ертеде де болған. Олардың біразын, басқа шығыс халықтары сияқты, қазақтар да көптен бері-ақ қолдан жасап, пайдаланып келді. Осындай бояу-сырлардың небір ғажап түрлерін және оларды жасаудың тәсілдері мен қолдану әдістерін біз Қазақстан жерінде сақталған көне ғимараттар мен құрылыстардан, керамика басқа да бұйымдардан айқын көреміз. Біздің заманымызға дейін сақталған кейбір қыл қалам шеберлерінің қолтумаларын (суреттерін, миниатюраларын қабырға суреттерін т. б.), халық шеберлерінің жасаған жиһаздары мен асыл бұйымдарының бояу-нақыштарын көргенде әркім-ақ таң қалады.

Бояудың тұрмыста қолданылатын саласы көп-ақ. Қазақтар күні кешеге дейін тері илеп, тон тігу; былғары илеп, аяқ киім тігу; ер-тұрман жасау; жіп иіріп, кілем, алаша тоқу; кесте тігу; жүнді бояп, ши орау; ағаш бояп, киіз үйдің сүйегін жасау; қыз-келіншектердің бетін, тырнағын, қасын бояп жасануы т. б. — осы сияқты қажеттіктердің барлығын өтеу үшін керегін табиғаттан іздеген және іздегенін таба да білген. Мәселен, киіз үйдің кереге, уық, шаңырағын бояу үшін жосаны, алманың кепкен жапырағын қайнатып жасаған қойыртпақты, тон-шалбар тігу үшін иленген теріні бояуға *сары* түсті томар бояуы мен *қызғылт сары* түсті ойран бояуын, тырнақ бояйтын қынаны, қас бояйтын сүрмені, бет бояйтын ендік, опа және далапты т. б. қазақтар кеңінен пайдаланған. Олардың бәрін тексеру, технологиясын анықтау, әрине, этнографтардың болашақ міндеті. Халық жадында қалғандарынан тағы да: теріні кептірген талдың, анардың және рауаштың қабығын қайнатып бояйтынын, боялған терінің бояуын сіңіру үшін ашудасты пайдаланғанын, онсыз да *ақ* киізді алыстан көз тартып тұратын *ақ шаңқан* түске айналдыру үшін оған *ақ* сүйекті талқандап, қайнатып, әкпен араластырып қоса басуды т. б. әдістерді айтуға болады.



## ТӨРТ ТҮЛІК МАЛДЫҢ ТҮР-ТҮСТЕРІ

Қазақ халқы ертеден-ақ мал бағумен күнелтіп келе жатқан халықтардың қатарына жатады. Сондықтан да оның өткендегі мәдени-рухани өмірі мен дүниетанымы, салт-санасы мен әдет-ғұрпы мал шаруашылығымен тікелей байланысты. Осыған орай олар төрт түлік малдың түр-түсін саралап, оны әрі дәл анықтап, өзіне сәйкес ат қойып, оны қолдана білуге ерекше мән беріп келді. Өйткені бұл жағдай дала халқының өмір-тіршілігіне аса қажетті атрибуттардың бірі болып саналды. Мінер аты мен түйесін, сауын сиырын көп мал арасынан түстеп танымаған, тіпті қора-қора қойын түр-түсіне қарап ажыратпаған малшы қазақ ертеректе сирек кездескен. Әсіресе жылқы малын түр-түсіне қарап сағалап, әр түсті атауына сай тап басып танып, оны таратуға келгенде қазақтар алдында жан салмаған. Осылайша өмір талабынан туып, ғасырлар бойы қалыптасып, дәстүрге айналған төрт түлік мал түр-түсінің сан алуан атаулары бүгінде тіл байлығынан ерекше орын алады.

Байқап отырсақ, қазақтар төрт түлік малдың төртеуінің де түр-түсін анықтауға зор мән берген. Осыған байланысты тілімізде жылқының да, түйенің де, сиырдың да, қой-ешкінің де өздеріне лайықты түр-түс атаулары бар. Бірақ төрт түлік малдың ішінде түстеп тану жағынан ерекше орын алатыны — жылқы малы. Оның негізгі себебі — әр түліктің табиғи түгіне («экстерьеріне»), немесе сыртқы түсіне (орысша — «масть») байланысты болса керек. Ала-құлалық көбіне-көп жылқы малына тән де, басқа малдардың түсі негізінен бірыңғай болып келеді.

Сонымен қатар, төрт түлік малға тән түр-түс атауларының жалпы табиғаттағы түр-түс атауларымен сәйкес келетіндері де (*ақ, боз, сұр, қара, қызыл, көк, сары, қоңыр* т. б.), табиғатта жоқтары да (*шабдар, торы, жирен, құла* т. б.) бар. Осындай ерекшеліктерге қарап, орыс тілінде малдың түр-түс атауларын (мәселен, *гнедая, саврасая, каурая, буланая, игрневая* т. б.) хроматты, ахроматты категория ретінде көп зерттемейді.

Шынында да, малдың түр-түсіне байланысты айтылатын атаулардың кейбіреулері түр-түстік мәнде қолданылғанымен және табиғаттағы түр-түстерге сәйкес келгенімен олардың өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Бұл атаулардың жасалуы, тілдік табиғаты арнайы этимологиялық зерттеулерді талап етеді. *Қызыл жалау* және

қырмандағы *қызыл*, *қызыл* ат және *қызыл сиыр* дегендегі *қызыл* сөзінің мәні бірдей емес. *Ала ат, ала сиыр, ала қой, ала ешкі* табиғатта болғанымен, *ала түйе* жоқ, «*Сиыр сары болмас, түйе торы болмас*» деген мақал да түйе ішінде *торының* болмайтынын аңғартады. Жалпы түр-түстерге байланысты кейбір атаулар (ақ, қара, сары, қызыл т. б.) болмаса, малдың түр-түс атаулары адамға қатысты айтылмайды. Айтылса да, белгілі тіркесте, сөз ыңғайында ғана кездеседі. Мәселен, *торы* адамға байланысты тек *қара торы* тіркесінде ғана айтылады. *Жирен* деген анықтама адамға байланысты да (*жирен сақал, жирен шаш* түрінде) қолданылады. *Шабдар* ат, *шабдар* бет: Төртбақ, теке көз, *шабдар* бет қараны көрсең, бұл Арыстанбайдың Мұқашы екен дей бер (Б. М.). Кейде беті *күрең тарту, шашы құлалану* сияқты тіркестерді кездестіруге болады. Бірақ жоғарыдағы фактілердің бәрі малдың түр-түсі мен табиғи түр-түс арасында түстік ұқсастық болса да, тектестік жоқтығын көрсетеді.

Солай бола тұрса да, біз төрт түлік малдың түр-түс атауларын өз еңбегімізде қарауды мақұл көрдік және әрбір түліктің өзіне тән түр-түстік ерекшелігін анықтауға көңіл бөлеміз.

Қазақта «*Ақтылы қой, алалы жылқы*» деген тұрақты сөз тіркесі бар. Махамбет оны «Алалы жылқы, ақтылы қой, Андыған бөрі жемей ме...?» деп келтіреді. Осыған қарағанда мал бағушы қазақ үшін мал түсінің де өзіндік мәні болғаны ғой. Әдеби-фольклор деректеріне қарасақ, қазақтар ертеректе қой малының бір текті боз түстісін ұнатса, жылқы малының түрлі түсті болғанын қалаған. «*Ала қойды бөле қырыққанның жүнге жарымайтыны*» елге түсінікті; оның үстіне бір тектес ақ жүннің қазақ үшін қажеттігі тағы бар ғой. Бірақ дәл осы арада ақтылы қой — мыңғырған байлықтың нышаны болса, жылқы малының алалы-құлалы болуы (тіпті ертедегі кейбір байлардың жылқысын түр-түсіне қарай үйірге бөліп, «қара қасқадан бір үйір, қара көктен екі үйір, теңбіл көктен үш үйір» деп масаттануы) жай байлық емес, сәнді де салтанатты байлықты көрсеткен.

«Алпамыс» эпосындағы: «Өз алдына бір бөлек, *Торысы* мен *қарасы*, Андай болып көрінген *бозы* менен *аласы*» деген шумақтар да осыны аңғартады. Немесе: «*Бидайықта ақтатыр, Ақты, бозды қой жатыр*» деген сөздер (бұл да сол эпоста) — қойдың *ақ, боз* түрлеріне мән бергендік. Қазақ салтында, әрине қара қойдың да,

ақ сары бас қойдың да өзіндік мәні бар. *Ала-құла* көп жылқының ішінде *қара қасқа*, *көк теңбілдер* мен *шаңқан боздар* мал танитын қауымның ерекше ілтипатына ие де, ал қойдың *қоңыры*, жылқының *торысы* — әдеттегі түсініктен басқаша, көптің бірі болудың, кейде қарапайымдық пен қарабайырлықтың, тіпті жуастықтың символы ретінде де аңғарылады. Мысалы: *Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең, Адалдыққа бар елдің зоры Бәкең* (Абай) деген фразеологизмнен біз осы мағынаны ұғамыз.

Енді төрт түлік малға тән түр-түстерді жеке-жеке қарастырып көрейік.

### ЖЫЛҚЫНЫҢ ТҮР-ТҮСІ

Жылқы малы — қазақтар үшін төрт түлік малдың ішіндегі ең қастерлісі, қасиеттісі. Сондықтан да болу керек, жылқы малының жасына, тұқымына, жынысына, мінез-құлқына, тісіне, дене бітіміне, арық-семіздігіне, іс-әрекетіне т. б. толып жатқан ерекшеліктерімен қатар, түр-түсіне байланысты да көптеген атаулар пайда болып, сөз қорымыздан орын алады.

Байқап отырсақ, жылқы малына тән түр-түс атаулары тек оларды бір-бірінен айыру, ажырату үшін ғана емес, сонымен қатар олардың сынын, сыр-сипатын анықтауда да, жақсы-жаман қасиеттерін білдіруде де белгілі қызмет атқарады екен. Жылқы жайын жақсы білетін атбегілердің айтуына қарағанда, жылқының түр-түсі, сырт көрінісі маңызы зор белгілердің біріне жатады. Жылқының түр-түсіне қойылатын дәстүрлі шарттар мен талғам-талаптар жайында ел арасында аңыз-әңгімелер де жоқ емес. Мәселен, Қазақстан жылқышыларының арасында болып, жылқышы қауыммен сұхбаттасқанда Кеңес Одағының маршалы М. С. Буденный айтты деген бір әңгіме мынадай: жақсы атта он бес түрлі белгі бар екен. Сол белгілердің бәрі түгел бойынан табылған жылқыны ғана нағыз жылқы деп атауға болады екен. Он бес түрлі белгі үш қасиеттен тұратын бес төркінге барып саяды. Жақсы ат сынының **бірінші төркіні** — ер мінезді еркек те, одан алынатын үш белгіге: жайдары мінез, күш және шыдамдылық жатады; жақсы ат тегінің **екінші төркіні** — сұлу әйел де, одан алатын үш белгі — салыңқы кең кеуде, әсем де ыңғайлы қозғалыс және әдемі **түсі**. Әйел көркі — оның шашы, қас-кірпігі қандай әдемі болса, аттың түгі де сондай көз тартарлық

көркем болу керек. Аттың түгі көріксіз, күлге аунаған-дай көмескі болса, оның мүсін-тұлғасы қаншама сұлу болып келсе де, көрікті болып көрінбейді. Демек, кекілінің, құйрық-жалының бітімін, түгінің түс-ажарын жақсы жылқы әйел сипатынан алуға тиіс екен. Жақсы ат сынының **үшінші төркіні** — қоян болып саналады да, одан алынатын қасиеттерге етсіз дене, жеңіл басы мен кең ашылған көзі және ұшқырлығы жатады. **Төртінші төркінге** — түлкі және оның үш белгісі: октай тік жүріс, дұрыс біткен қос құлақ, түбі жуан, ұшына қарай бір тегіс жіңішке біткен сұлу құйрық жатады. **Бесінші төркін** — есек: есек тұлғасынан алатын сипаттарға оның етсіз жақ сүйегі, тік біткен төрт аяғы, қобыланып біткен дөңгелек тұяғы жатады («СК»).

Шынында да, жылқы малы — үй хайуандарының ішіндегі ең сұлуы. Оның сырт тұлғасы мен түр-түсін сұлу әйелге балау халық дәстүріне жат емес. Атақты Құлагерді «Атығай-Қарауылға олжа салған, Бота тірсек, **қыз сағак**, сандал керік» деп сипаттаудың да мәнісі, міне, осыған байланысты болса керек.

Қазақ тілінде жылқы малының түр-түсіне байланысты арнайы атаулар мен оған қатысты сөздер, сөз тіркестері көп-ақ. Сонымен қатар жылқы малының күрделі түр-түсін, небір көркем бейнесін суреттеу қажет болған жағдайда жаңа атаулар жасап алуға тіліміз өте бейімді.

Жылқы малының түр-түстерін сөз етуге байланысты ескеретін тағы бір жағдай: оның түр-түсі жасына байланысты өзгеріп, құбылып отыратындығы. Жылқының құлын, тай кезіндегі түсі құнан, дөнен шыққанда, бесті болғанда өзгеріп кетуі ықтимал. Мәселен, көк тай өсе келе боз дөнен болуы мүмкін т. с. с. Сондықтан түр-түстің жылқы жасына да қатысы бар екен.

Қазақ дәстүрінде жылқы малының түр-түсін үш топқа бөліп қарау бар. Олар: *қылаң, баран және ала түстер*. Мәселен, этнограф-ғалым Х. Арғынбаев *қылаңға ақ боз, боз, бурыл, көк бурыл, теңбіл, құбақан, сары, құла, құла жирен, шабдар, көк, сұр, құла кер, нар қызыл, қызыл, сары қызыл түстерді, баранға — торы, қара, қара көк, қара сұр, қоңыр, жирен, күрең түстерді, ал алаға — сары ала, сұр ала, көк ала, кер ала, қара ала, қоңыр ала, күрең ала* т. б. жатқызады. Сонымен қатар ол алыстан қарағанда жылқының денесіндегі *бозғыл* түктер басым болса, ол *қылаңға, қошқыл* түктер көбірек болса, *баранға* қосылып кететінін ескертеді. Осы

түстердің бәрінен ерекше және сирек кездесетін түс — шұбар. Ол да өз ретінде боз шұбар, көк шұбар, қара шұбар т. б. болып өзгереді.

Сонымен, жылқы малының түр-түсін мағына және тұлға жағына қарап, бір сөзден тұратын жалаң атаулар және екі, үш не одан да көп сөзден тұратын күрделі атаулар деп үлкен екі топқа жіктеуге болатын сияқты. Жалаң атаулардың да, күрделі атаулардың да анықтайтыны жалпы жылқының түсі болғандықтан, ол сөз ыңғайына қарай, нақты түрде: құла жылқы, торы айғыр, жирен құнан, көк дөнен, қара кер бие, шабдар байтал, көк теңбіл ат, ала тай т. б. деп те, кейде бұл атаулар заттанып: бәйге торы, боз жорға, сандал көк, көк шолақ, торы теңбіл, сары қасқа т. б. болып та қолданыла береді.

### ЖЫЛҚЫ ТҮСІН БІЛДІРЕТІН ЖАЛАҢ АТАУЛАР

Қазақ тілінде мұндай атаулардың саны 20-дан астам. Біз олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, қолда бар әдебиеттерге сүйене отыра, мағына-анықтамаларын беруді мақұл көрдік<sup>1</sup>. Ескертетін бір жағдай: бұл жөнінде айтылып жүрген пікірлер мен келтіріліп жүрген анықтамалар әлі күнге дейін бір ізге түсе қойған жоқ. Ал түр-түс атауларын жылқы түсімен, түгімен салыстыра отырып дәл айтып берушілер халық арасында азайып бара жатыр.

**Ақ** (ақ ат, ақ тай, ақ дөнен, ақ жорға т. б.) — денесінің түгі түгел ақ түсті болып келеді: кей жерлерінде, мәселен, тұмсығы мен сауыры, аяғы мен қолтық асты, құйрық-жалы сәл басқа реңкте (сұр, қызғылт, көкшіл т. б.) болуы да мүмкін. Бірақ ол реңктер жалпы ақ түстен айрықша бөлініп көзге ұрып тұрмауы керек.

**Ала** (ала ат, ала айғыр, ала жорға, ала бие т. б.) — жылқының негізгі түгінің (торы, жирен, көк, сары т. б.) ара-арасында ретсіз орналасқан үлкенді-кішілі ақ, ақшыл дақтары бар түс.

<sup>1</sup> Біз малдың түр-түсін анықтауға байланысты «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» (10 томдық), Ш. Жанәбіловтың «Қазақша мал атауларын» (1982), С. Толыбековтың «Қочевое общество казахов в XVII и в начале XX века» (1971), Х. Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очеркін» (1969), Ф. Себеповтың «Термины верблюдоводства у казахов», Ә. Жақыловтың «Түйе малына байланысты диссертациялық зерттеуін» т. б. еңбектерді пайдаландық.

**Баран** (*баран ат, баран айғыр, баран жылқы т. б.*) — денесінің негізгі түсі *торы, қара, қоңыр, жирен* болып келеді де, басы (кұлақ түбі, тұмсығы) мен сауыры *шиетүстес қызғылт, қошқыл*, ал жал-құйрығы мен сирақтары *қара* болады. Жылқының **баран** түсіне жақын түстер: *құла, құла кер, қара, қара кер, күрең, торы т. б.* Сондықтан Ақан сері өзінің «Күлагер» әнінде: «Алдыңғы ат *баран* болмай, *қылаң* болды, Жығылмаса *Күлагер* қайда деймін» деп, бәйге алдында *қылаң* түстің келе жатқанын көріп шошиды.

**Боз** (*боз ат, боз айғыр, боз дөнен, боз жорға т. б.*) — *қылаң* түсті жылқының бір түрі, яғни ол ақ пен сұр түстің екі арасындағы ақшыл *қылаң* түске жатады. Боз жылқының тұмсығы мен сауырында, аяғы мен колтық астында, жалы мен құйрығында сұрғылт, қызғылт, көкшіл реңктер болуы мүмкін. Бірақ олар жалпы боз түстен бөлініп, көзге ұрып тұрмайды.

**Бурыл** (*бурыл тай, бұрыл ат т. б.*) — жылқы денесінің негізгі (*жирен, қара торы, құла т. б.*) түсінің түгіне ақ қылшық араласып, ал басы (тұмсығы, құлағы) мен аяғында болмайтын түс.

**Жирен** (*жирен ат, жирен айғыр, жирен байтал, жирен қасқа, жирен тай*) — сыртқы қылшық-түктері бір-ыңғай сарғыш қызыл болып келген, құйрық-жалы сәл өзгешелеу жылқы түсі.

**Кер** (*кер ат, кер айғыр, кер дөнен т. б.*) — құла мен торының аралығындағы жылқы малының түсі. Торы түктің бетінде сәл ғана сарғыш қылшықтары байқалады. Мысалы: *Кер құлыншақ* ойнайды ат болдым деп, Ұзатқан қыз жылайды жат болдым деп (Айтыс).

**Көк** (*көк дөнен, көк байтал, көк шолақ т. б.*) — түгі нағыз көк емес, қоңырлау көк денені, әсіресе басаяғын көкшіл қылшықтар басқан жылқы түсі. Жоғарыда айтылғандай, құлын кезінде қоңыр, күлгін, сұр болып келетін бұл түс бара-бара өзгеріп, бозара түседі. Мысалы: «*Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?*».

**Күрең** (*күрең ат, күрең айғыр, күрең жорға т. б.*) — дене түгі қызғылт қоңыр, құйрық-жалы қара қоңыр қылшықты шымқай қара аралас жылқы түсі. Мысалы: Келеді қой артында Қыстаубай шал, Ақырын қамшы *күреңіне* (С. Мәул.). *Күрең жорғам* астымда, Сұр домбырам қолымда (Жамбыл).

**Қара** (*қара ат, қара айғыр, қара жорға, қара дөнен т. б.*) — сыртқы түгі түбіне дейін шымқай қара, ұшы жылтыр қылшықты болып келетін жылқы түсі. Мыса-

лы: Қара арғымақ қартайса, Қарға адым жер мұң болар (мақал).

**Қоңыр** (*қоңыр тай, қоңыр ат, қоңыр бесті* т. б.) — қара мен қызылдың аралығындағы қою күрең түс. *Қоңыр* да — *баран* тобына жататын түс. Басқа түске қарағанда *қоңыр* жылқы малына байланысты сиректеу қолданылады. Ол көбінесе сиыр, қой малының түсіне қатысты айтылады. Мысалы: Осы малды бағарлық бұт артары бір ғана *қоңыр* ат (М. Ә.).

**Құба** (*құба айғыр, құба жорға* т. б.) — ақшыл сары, бозғыл сұрқай түс. Жылқы малына байланысты *құба* сирек қолданылады. Сондықтан да *сұр ат, құба ат, құла аттарды* айыру қиын. Мысал: Найзадай қатқан *құба айғырды* жетелеп келіп, алдына тартты (Д. Д.). Құба да *қылаң* тобына жататын түстердің бірі. Ол көбінесе: *ақ құба, құба жон* («бледный», «пепельного цвета») мағынасында қолданылады.

**Құла** (*құла айғыр құла ат, құла бие* т. б.) — басы мен денесі жылтыр сары, немесе құрым сары ренде болып, аяқтары мен жал-құйрығы қара, арқасынан құйрығына дейін созылған жіңішке қара жолағы бар жылқының түсі. Сары мен жиреннің арасындағы жылқының түсі. Мысалы: Бас бәйгені алған *құла аттың аты-жөнін*, кімнің аты екенін жамырай сұраған ел (С. Б.).

**Қызыл** (*қызыл ат, қызыл бие, қызыл дөнен* т. б.) — ақ аралас көкшіл түс. Жылқының түгінде көкшіл қызылт қылшықтар болғанымен қызыл ат түсі табиғаттағы қызылдан басқаша. *Қызыл жылқының* түсі *қызыл сиырдың, қызыл нардың* түсінен де бөлек. Сиыр, түйе малдарының қызылы — ашық қоңыр түс болып келеді. Мысал: ...Жонынан маса тайып жығылғандай *қызыл айғыр* екі құлағын тігіп, үрке қарап, одырайып тұра қалды (З. Ақ.). Қызыл аттың түсі көк аттың түсіне ұқсайтын жері бар. Бірақ қызыл аттың түгінде ақшыл қылшықтар көбірек те, көк аттың түгінде көкшіл қылшықтар молырақ болады.

**Қылаң** — жоғарыда айтылғандай, дене түгінде бозғылт, сұрғылт, көкшіл, ақшыл, сарғылт қылшығы бар жылқы түстерінің жалпы атауы. Мысалы: Келбеттер жылқының ар жағынан орағытып, сондарынан ерген кілең *қылаң жылқыны* шұбырта еліне қарай беттеген еді (Ә. Әб.). Дегенмен *қылаң* көбіне-көп *қылаң сары, қылаң боз, қылаң торы* түрінде негізгі түстің ренкін білдіру үшін қолданылады.

**Сары** (*сары ат, сары дөнен, сары айғыр* т. б.) — сыртқы түгінің бәрі бірыңғай сарғылт, жал-құйрығы ақшыл сары болып келген жылқы түсі. Кейде сары аттын жал-құйрығы дене түгінен қаралау болып келетіні де болады екен. Оны мына мысалдан да көруге болады: Оның астында қара жал, қара құйрық, семіз тоқ *сары аты* бар (С. С.).

**Сұр** (*сұр жорға, сұр дөнен, сұр қасқа* т. б.) — дене түк бітісі ақ көкшілдеу болып, бас-сирақтары, жал-құйрығы қаралау, шоқтығынан құйрығына дейін арқасында қара жолағы бар және жауырыны, тірсегі, сирағы кейде көлденең жолақты болып келетін жылқы түсі. Мысалы: Маман бай әкем аты, Атым Айман, *Сұр жорға* алтын тұмар мен жайлаған (Батырлар жыры). Жылқының түгіндегі қылшықтардың өзгеруіне байланысты *сұр түс сұр жирен, сұр торы, сұр қасқа* т. б. болуы да мүмкін: Бектер мінер *сұр қасқа*, Шаба алмаса, ұр басқа (Батырлар жыры).

**Тарғыл** (*тарғыл ат, тарғыл бие* т. б.) — денесін ақ жолақ теңбілдер басқан, бірақ өзінің түсі жирен, құла, торы, шабдар болып келетін жылқының түсі. Бұл түсті *ала* (ат) деп те атайды. Бірақ тарғылдың аладан бір айырмашылығы үлкенді-кішілі дақ-теңбілдер ретсіз орналаспай, белгілі бір бағытта (арқасынан бауырға қарай; шоқтығынан қолтығына, алқымына қарай т. б.) қатарласа жатуында.

**Теңбіл** (*теңбіл айғыр, теңбіл дөнен* т. б.) — қара, көк, қызыл, сұр, боз түсті жылқының денесінде шоқ-шоқ болып тұратын негізгі түстен өзгеше ақ таңдақ, көк таңдақ, сұр таңдақтар. Олар, әдетте, жылқының сауыры мен шоқтығында, саны мен мойнында болады. Жылқының негізгі түсі көк болса, *теңбіл көк*, қара болса, *теңбіл қара* т. б. аталады. *Теңбіл* де *шұбар* түстің бірі. Бірақ оның *ала, шұбар, тарғыл* түстерден сәл де болса айырмашылығы бар.

**Торы** (*торы ат, торы тай, торы қасқа* т. б.) — түк бітісі тобылғы түстес, жал-құйрық, сирақтары қара қошқыл болып келетін жылқы түсі. *Торы түс* қазақ жылқысында өте жиі кездескендіктен *торы* атауы да жиі қолданылады. Шынында да, қазақ тілінде торыға байланысты *қара торы, құла торы, кер торы, тобылғы торы* сияқты атаулар көп.

**Шабдар** (*шабдар ат, шабдар бие, шабдар жылқы* т. б.) — сыртқы түгі ақшыл сары болып, жал-құйрығы ақ қыл мен қара қылдар араласып бурыл болып көріне-



тін жылқының түсі. *Шабдар* — торыға да, жиренге де жақын түс. Бірақ олардан жал-құйрығының бурыл, күлгін, не мүлдем ақшыл түсімен ажыратылады. Басқаша айтқанда: *шабдар* — құйрық-жалы сарғыш келген құла жирен.

**Шұбар** (*шұбар ат, шұбар тай, шұбар айғыр, байшұбар* т. б.) — денесінің қылшығы ақ келіп, арасында майда теңбілі (қара, торы, жирен т. б.) бар, не қылшығының басқа түсте болып, арасында ақ теңбілі бар жылқының түсі. Мысалы: *Шұбар бесті* басын шайқап тастап, өреки соққан дауылға қарсы есіле шапты (С. С.).

Жылқы малының түсіне байланысты бір сөзден тұратын негізгі атауларға, міне, осылар жатады. Түр-түстің басқа реңктері осы келтірілген атаулардың өзге түстің мағынасы бар сөздермен тіркесуі арқылы жасалынады.

### ЖЫЛҚЫ ТҮСІН БІЛДІРЕТІН КҮРДЕЛІ АТАУЛАР

Жылқы түсін білдіретін күрделі атаулардың саны қазақ тілінде өте көп. Біз олардың негізгілерін ғана атап өтеміз.

Күрделі атаулардың санатына екі, үш, не одан да көп сөзден тұратын түр-түс аттары жатады дедік. Бұлардың өздерін де тұлғалық және мағыналық жағынан екі топқа бөліп қарауға болады. **Бірінші топ** — негізгі екі түр-түс атауының өзара тіркесуі арқылы жасалған күрделі атаулар; **екінші топ** — негізгі түр-түс атауларының біреуі, не екеуі қатысып басқа сөздермен тіркесуі арқылы жасалған күрделі атаулар. Оларды компонент санына байланысты 1) екі компонентті, 2) үш және көп компонентті (күрделі) түр-түс атаулары деп те топтастыруға болады.

**Екі компонентті түр-түс атаулары.** Бұл топқа екі сөзден тұратын атаулар жатады да, олар екі түстің қосындысын білдіретін күрделі атаулар болып саналады. Қосарланып, күрделеніп тұрған түсті анықтаушы тіркестің ең соңғы компоненті сол түстің доминанты болып есептеледі. Мәселен, *қара кер, құла кер* дегендегі түстердің доминанты — *кер* де, алдындағы *қара* мен *құла кер* түсінің қосымша реңкін, бояуын анықтаушы сыңарлары. *Мақпал қара, жылтыр қара, сүліктей қара, тобылғы торы, кер торы, қара торы* дегенде де осы жағдай. «Қара» мен «торының» табиғатын айқындап тұр. Ал



егер екі компонентті атаудың ең соңғы сөзі түр-түстің өзін білдірмесе, онда негізгі мағынаға екеуі де ортақ болады. Мәселен: *қара төбел, ақ бақай, көк мойын* деген тіркестердегі *қара, ақ, көк* түстер жылқының түсін түгел емес, белгілі бір бөлшегін ғана (төбелін, бақайын, мойнын) анықтап тұр.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып екі компонентті түр-түс атауларын былайша жіктеуді мақұл көрдік: 1) екі компоненті де негізгі түсті білдіретін атаулар және 2) екі компонентінің біреуі ғана түр-түсті білдіретін атаулар.

а) **Екі компонентті де негізгі түсті білдіретін атаулар.** **Ала:** *қара ала* (черно-пегая), *черно-пестрая*), *торы ала* (гнедо-пегая), *көк ала* (серо-пегая), *күрең ала* (буро-пегая), *жирен ала* (рыже-пегая), *шұбар ала* (чубаро-пегая), *сары ала* (рыже-пегая) т. б.; **боз:** *ақ боз* (светло-серая), *шаңқан боз* (ярко-белая, чисто-сивая); **бурыл:** *қара бурыл* (темно-чалая, вороно-чалая), *көк бурыл* (серо-чалая).

Аударма тәжірибесін ескере отырып, шама-шарқымыз келгенінше күрделі түр-түс атауларын орысшаға аударып беруге тырыстық. Бірақ барлық жағдайда орысша баламасы дәл берілді деп айтуға болмайды. «Көш жүре түзелер» дегендей, келешекте ел пікірін ескере отырып жөндеуге болатын шығар деп ойлаймыз. **Жирен:** *ақ жирен* (светло-рыжая), *көк жирен* (рыже-серая), *қара жирен* (темно-рыжая, каре-рыжая), *құла жирен* (саврасо-рыжая), *қызыл жирен* (сиво-рыжая); **кер:** *құла кер* (саврасо-мухортая), *қара кер* (темно-мухортая, караковая, карая); **көк:** *қара көк* (темно-серая, иссиня-черная), *қызыл көк* (рыже-сивая), *күрең көк* (темно-сивая); **күрең:** *қызыл күрең* (серо-бурая), *қара күрең* (темно-бурая), *көк күрең* (серо-бурая); **қара:** *қара көк* (темно-серая); **қоңыр:** *қызыл қоңыр* (светло-серая), *қара қоңыр* (темно-бурая); **құла:** *құла жирен* (светло-рыжая); **қызыл:** *күрең қызыл* (буро-сивая), *көк қызыл* (темно-серая), *сары қызыл* (рыже-соловая), *ақ қызыл* (светло-серая); **сары:** *ақ сары* (светло-саврасая), *көк сары* (серо-соловая), *қызыл сары* (темно-соловая); **сұр:** *қара сұр* (каре-серая), *көк сұр* (темно-мышастая); **торы:** *кер торы* (гнедо-мухортая, темно-гнедой), *құла торы* (саврасо-гнедая), *қара торы* (гнедо-карая, вороная); **шабдар:** *жирен шабдар* (рыже-игреневая), *қара шабдар* (темно-игреневая); **шұбар:** *қара шұбар* (вороно-чубарая), *жирен шұбар* (рыже-чубарая), *құла шұбар* (сав-

*1-сурет.* Қосымша түр-түстердің бір-бірін әсірелеп көрсетуі. Бір мезгілді қарама-қарсылықтағы көк түстің өзгерісі. Хроматты түр-түстердің әсерінен сұр түстің оларға қарама-қарсы рең алуы.



*2-сурет.* Қосымша түр-түстердің араласу нәтижесі.



егер екі компонентті атаудың ең соңғы сөзі түр-түстің өзін білдірмесе, онда негізгі мағынаға екеуі де ортақ болады. Мәселен: *қара төбел, ақ бақай, көк мойын* деген тіркестердегі *қара, ақ, көк* түстер жылқының түсін түгел емес, белгілі бір бөлшегін ғана (төбелін, бақайын, мойнын) анықтап тұр.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып екі компонентті түр-түс атауларын былайша жіктеуді мақұл көрдік: 1) екі компоненті де негізгі түсті білдіретін атаулар және 2) екі компонентінің біреуі ғана түр-түсті білдіретін атаулар.

а) **Екі компонентті де негізгі түсті білдіретін атаулар.** **Ала:** *қара ала* (черно-пегая), *черно-пестрая*), *торы ала* (гнедо-пегая), *көк ала* (серо-пегая), *күрең ала* (буро-пегая), *жирен ала* (рыже-пегая), *шұбар ала* (чубаро-пегая), *сары ала* (рыже-пегая) т. б.; **боз:** *ақ боз* (светло-серая), *шаңқан боз* (ярко-белая, чисто-сивая); **бурыл:** *қара бурыл* (темно-чалая, вороно-чалая), *көк бурыл* (серо-чалая).

Аударма тәжірибесін ескере отырып, шама-шарқымыз келгенінше күрделі түр-түс атауларын орысшаға аударып беруге тырыстық. Бірақ барлық жағдайда орысша баламасы дәл берілді деп айтуға болмайды. «Көш жүре түзелер» дегендей, келешекте ел пікірін ескере отырып жөндеуге болатын шығар деп ойлаймыз. **Жирен:** *ақ жирен* (светло-рыжая), *көк жирен* (рыже-серая), *қара жирен* (темно-рыжая, каре-рыжая), *құла жирен* (саврасо-рыжая), *қызыл жирен* (сиво-рыжая); **кер:** *құла кер* (саврасо-мухортая), *қара кер* (темно-мухортая, караковая, карая); **көк:** *қара көк* (темно-серая, иссиня-черная), *қызыл көк* (рыже-сивая), *күрең көк* (темно-сивая); **күрең:** *қызыл күрең* (серо-бурая), *қара күрең* (темно-бурая), *көк күрең* (серо-бурая); **қара:** *қара көк* (темно-серая); **қоңыр:** *қызыл қоңыр* (светло-серая), *қара қоңыр* (темно-бурая); **құла:** *құла жирен* (светло-рыжая); **қызыл:** *күрең қызыл* (буро-сивая), *көк қызыл* (темно-серая), *сары қызыл* (рыже-соловая), *ақ қызыл* (светло-серая); **сары:** *ақ сары* (светло-саврасая), *көк сары* (серо-соловая), *қызыл сары* (темно-соловая); **сұр:** *қара сұр* (каре-серая), *көк сұр* (темно-мышастая); **торы:** *кер торы* (гнедо-мухортая, темно-гнедой), *құла торы* (саврасо-гнедая), *қара торы* (гнедо-карая, вороная); **шабдар:** *жирен шабдар* (рыже-игреневая), *қара шабдар* (темно-игреневая); **шұбар:** *қара шұбар* (вороно-чубарая), *жирен шұбар* (рыже-чубарая), *құла шұбар* (сав-

*1-сурет.* Қосымша түр-түстердің бір-бірін әсірелеп көрсетуі. Бір мезгілді қарама-қарсылықтағы көк түстің өзгерісі. Хроматты түр-түстердің әсерінен сұр түстің оларға қарама-қарсы рең алуы.



*2-сурет.* Қосымша түр-түстердің араласу нәтижесі.



3-сурет. Бір-біріне ұқсас түстердің үйлесімділігі.



4-сурет. Бір-бірінен алшак түстердің үйлесімділігі.



5-сурет. Жылкылар.



расо-чубарая), *торы шұбар* (гнедо-чубарая), (*боз шұбар* (серо-чубарая) т. б.




ә) Екі компоненттің біреуі ғана түр-түсті білдіретін атаулар. Бұл тіркестерге енетін компоненттің не алдыңғысы (анықтауышы), не артқысы (анықталушысы) негізгі түстің қосалқы мағына-мәнін білдіру үшін қолданылады. Оларға: *қасқа, төбел, жал, танау, бақай, бас, бауыр, сауыр, айыл, табан, қаптал, мойын, тобық, тұяқ, аяқ, сирақ, құйрық, тірсек, бел, тайпақ, ысқаяқ, меңді, жалпақ, әсем, сұлу, кербез, қан, шаңқан, тобылғы, сүлік, мақпал, шал, ор* сияқты не жылқының мүшелерін, не оның ерекше белгілерін не мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, көркін т. б. сипатын білдіретін сөздер жатады. Мысалы: *қара қасқа, көк қасқа, торы төбел, боз төбел, ақ жал, қара жал, ақ танау, қызыл танау, ақ бақай, ала бас (айғыр), сары бауыр, көк сауыр, көк айыл, ақ табан, ақ қаптал, көк мойын, сары мойын, ала аяқ, ақ сирақ, тайпақ қара, ысқаяқ қара, мақпал қара, сүліктей қара, тобылғы торы, қан жирен, маңғаз торы, меңді жирен, кербез торы, әсем қоңыр, көк шолақ, тепең көк, сандал көк, көк сандал, кер жайдақ, бәйге күрең, кер бедеу, саяқ торы, сұр жорға, боз жорға* т. б.

Бұл тіркестердің бәрі де тілде қалыптасқан тұрақты тіркестер санатына жатады. Бұлардың бір ерекшелігі: өзінен кейін, мәселен, *ат, бие, айғыр, тай, дөнен, бесті, құнан, байтал* сияқты жылқы атауларының тұруын талап етпейді. Демек, олар заттану (субстантивтену) процесіне ұшырап отыр. Бірнеше мысал келтірейік: Отырды ер Көтібар гүл-гүл жайнап, Белдеуге *бәйге күрең* қойды байлап (Айман — Шолпан). Келгенін аттың жеке әркім көрер, Қосып тұр Маман батыр үш *көк мойын* (Айман — Шолпан). «Жете алмаса өз атың, *Сандалкөкті*<sup>1</sup> мін», — дейді (Қыз Жібек). Сонан кейін оған жетектегі бесті айғыр *теңбіл көкті* мін, — деді (М. Ә.). Үйірі қысырақтың *мақпал қара*, шашынды күндіз жуып, түнде тара... (С. С.). Итбайдың *Қоянкөгі*<sup>2</sup> келе жатты (С. М.).

Үш және одан да көп компонентті түр-түс атаулары. Жылқы малының түр-түсін білдіретін бұл күрделі атау-

<sup>1</sup> *Сандалкөк, Көксандал* эпостағы тұлпардың аты болғандықтан бірге жазылып тұр.

<sup>2</sup> Бұл да — жылқының ресми аты.



5-сурет. Жылкылар.

расо-чубарая), торы шұбар (гнедо-чубарая), (боз шұбар (серо-чубарая) т. б.

ә) Екі компоненттің біреуі ғана түр-түсті білдіретін атаулар. Бұл тіркестерге енетін компоненттің не алдыңғысы (анықтауышы), не артқысы (анықталушысы) негізгі түстің қосалқы мағына-мәнін білдіру үшін қолданылады. Оларға: қасқа, төбел, жал, танау, бақай, бас, бауыр, сауыр, айыл, табан, қаптал, мойын, тобық, тұяқ, аяқ, сирақ, құйрық, тірсек, бел, тайпақ, ысқаяқ, меңді, жалпақ, әсем, сұлу, кербез, қан, шаңқан, тобылғы, сүлік, мақпал, шал, ор сияқты не жылқының мүшелерін, не оның ерекше белгілерін не мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, көркін т. б. сипатын білдіретін сөздер жатады. Мысалы: қара қасқа, көк қасқа, торы төбел, боз төбел, ақ жал, қара жал, ақ танау, қызыл танау, ақ бақай, ала бас (айғыр), сары бауыр, көк сауыр, көк айыл, ақ табан, ақ қаптал, көк мойын, сары мойын, ала аяқ, ақ сирақ, тайпақ қара, ысқаяқ қара, мақпал қара, сүліктей қара, тобылғы торы, қан жирен, маңғаз торы, меңді жирен, кербез торы, әсем қоңыр, көк шолақ, тепең көк, сандал көк, көк сандал, кер жайдақ, бәйге күрең, кер бедеу, саяқ торы, сұр жорға, боз жорға т. б.

Бұл тіркестердің бәрі де тілде қалыптасқан тұрақты тіркестер санатына жатады. Бұлардың бір ерекшелігі: өзінен кейін, мәселен, ат, бие, айғыр, тай, дөнен, бесті, құнан, байтал сияқты жылқы атауларының тұруын талап етпейді. Демек, олар заттану (субстантивтену) процесіне ұшырап отыр. Бірнеше мысал келтірейік: Отырды ер Көтібар гүл-гүл жайнап, Белдеуге бәйге күрең қойды байлап (Айман — Шолпан). Келгенін аттың жеке әркім көрер, Қосып тұр Маман батыр үш көк мойын (Айман — Шолпан). «Жете алмаса өз атың, Сандалкөкті<sup>1</sup> мін», — дейді (Қыз Жібек). Сонан кейін оған жетектегі бесті айғыр теңбіл көкті мін, — деді (М. Ә.). Үйірі қысырақтың мақпал қара, шашынды күндіз жуып, түнде тара... (С. С.). Итбайдың Қоянкөгі<sup>2</sup> келе жатты (С. М.).

Үш және одан да көп компонентті түр-түс атаулары. Жылқы малының түр-түсін білдіретін бұл күрделі атау-

<sup>1</sup> Сандалкөк, Қөксандал эпостағы тұлпардың аты болғандықтан бірге жазылып тұр.

<sup>2</sup> Бұл да — жылқының ресми аты.

лардың жасалуына көбіне-көп жоғарыдағы екі компонентті атаулар негіз болады. Сонда бұларға қосылатын үшінші және төртінші компоненттер жылқының онсыз да күрделі түр-сипатына не үстемелейді деген сұрақ тууы мүмкін.

Біздің байқауымызша, бұл тәсіл түр-түске үстеме мағына артудан гөрі, оны дәлірек айтып, анықтай түсуді мақсат ететін сияқты. Мәселен, бақайының ағы бар торы жылқыны *торы ат* дей салсақ, жылқының құлағында ойнап өскен қазақ үшін тым жалпылама, дәл аталмаған болар еді. Сондықтан да ол жылқы түсін оның барлық түр-түс, мінезіндегі, дене бітісіндегі көзге ұрып тұрған ерекшеліктердің бәрін тізіп айтуға бейім тұрады. Мысалдар: *ақ бақай торы; жалпақ бел жирен, ақ жал торы; маңғаз қара жирен, көк жал қара, мұздай қара көк, ақ танау қара* (айғыр) т. б.

Әрине, мұндай тіркестердің бәрін ұдайы қолданылатын қалыптасқан, тұрақты тіркес деп айту да қиын. Олар көркем сөздің бейнелеу, суреттеу, әсірелеу талаптарына сай әрбір ақын-жазушының талғам-танымына, шеберлігіне байланысты жасалады: *ақ танау торы төбел* (айғыр), *ақ айыл қара төбел* (бие); *шал құйрық ақ боз* (ат) т. б. Мысалы: Қойда болған қозы едім, Жылқыда *шаңқан боз едім* (Батырлар жыры): Ол асыққанымен астындағы *алқа бел торы* аяғын басар емес (Ә. Нұрп.).

Кейде «жүзден жүйрік, мыннан тұлпар» атанған жорға, сәйгүліктер жерінің, бапкердің, иесінің атымен де аталып, жалпы жылқы құдіретін сыйлап өскен халықтың тапқырлығын, талғампаздығын паш етеді. Мысалы: Құлбектің *Құла торысы*, Итбайдың *Қоянкөгі*, Ақтайлақтың *Көкқасқасы*, Алтынбайдың *Қарақасқасы* деп аталатын жүйріктер бапкерлері Құлбек пен Алтынбайдың атын шығарса, кезінде (20-шы жылдары) бүкіл Алматы облысы бойынша бәйгенің алдын бермеген *Көкбайтал*, жүз жасаған Жамбылдың бір тойында бас бәйгеге ие болған *Бұланқара* мен *Желмая* сияқты атакты аттардың небір керемет аталыстарын көптеп келтіруге болар еді. Кейде жылқы малының осындай күрделі анықтамасы семантикалық контаминация заңы бойынша, керісінше, қысқарып барып заттанады: *торы ат* деудің орнына *торы*, *көк жорға ат* деудің орнына — *көк жорға* деп қысқартып айту дәстүрі бар. Мысалы: Ауыздығын да білеміз. Арқалы ақын-жырау мен дарынды ән-тартқан божының сәл босай бергенін айтады (М. Ә.).

Айта кететін бір жағдай: жылқы малына деген құмарлық пен құштарлық қазақ арасында тек оның түр-түсін анықтаумен ғана шектелмей, бүкіл жан-дүниесін, жүріс-тұрысын, дене-мүшесін, мінез-құлқын ерекше бір сезімталдықпен мүлт кетірмей байқап отыру тағы бар. Қазақ даласында атақ-даңқы шықан осындай небір сәйгүлік, тұлпар-тарпандардың асыл қасиеттері мен көз тартар сұлу көркі, топ жарған жүйріктігі мен шайқалған жорғасы асқақ ән мен әсем күйдің арқауы болғандығын да білеміз. Арқалы ақын-жыраумен дарынды әнші-күйшілер ер қанаты — аттың тұлғасынан шабыт алып, оның өрен өнерін ән сазына, күй-ырғағына қосып келгендігін біз халық арасына кеңінен тараған: «Кербезкер», «Ақбозат», «Бозжорға», «Құлажекей», «Сұржекей» сияқты күйлердің, «Қулагер», «Телқоңырттай», «Екіжирен», «Ақкербез», «Топайкөк», «Бурылтай», «Маңмаңгер» «Жайқоңыр» деген әндерден айқын көреміз.

Атағы аңызға айналған ер қанаты — тұлпарға, қамал бұзған қазанатқа, батырлар мінген пыраққа ат қойғанда қазақ атамыз тым ерте кезде-ақ оның түр-түсіне ерекше мән берген екен. Қобыланды батырдың *Тайбурыл* тұлпары, Төлеген мінген *Көкжорға*, Қамбар мінген *Қарақасқа*, Қоран қалмақтың *Ақсандалы* мен *Көксандалы*, Тарғынның *Тарланы* т. б. осының айғағы.

Кейде ән-күй атынан, әдеби мұрамыздан біз дүлдүл тұлпар емес, жәй жабының, жұлде алған жүйрік емес, қамшыны мың басқанда, аяғын бір баспайтын «Тепеңкөктің», жал-құйрығы төгілген тұлпар емес, Кенен мінген «Көкшолақтың» да, *бәйге күреңмен* қатар «*Қойшыторының*» да бейнесін көреміз.

Осының бәрінен біз аттың жалпы аты емес, жалқы атын, оның түрі мен түсі, сымбаты мен сыны арқылы сипатталған, сондықтан да ел есінде ұзақ сақталатын әсерлі де әсем, бейнелі де көркем «есімінің» терең сырын аңғарамыз.

#### Жылқы малының түр-түс атаулары және олардың орысша баламалары:

Ақ — белая  
Ала — пегая  
Баран — карая, темная  
Боз — белая, серая  
Бурыл — чалая  
Жирен — рыжая  
Кер — мухортая, карая, караковая

Көк — серая  
 Күрең — бурая  
 Кара — черная, вороная  
 Қарагер — караковая  
 Қоңыр — темно-серая, темно-бурая, бурая  
 Құба — мышастая  
 Құла — саврасая, буланая  
 Қызыл — сивая  
 Қылаң — сизая  
 Сары — соловая  
 Сұр — мышастая, серая  
 Тарғыл — тигровая, пятнистая, зебристая  
 Теңбіл — крапчатая  
 Торы — гнедая, караковая  
 Шабдар — игреневая  
 Шұбар — чубарая

### ТҮЙЕНІҢ ТҮР-ТҮСІ

Түйе малы — төрт түлік малдың ішінде жылқыдан кейінгі тіршілік үшін мәні зор, көшуге де мінуге қолайлы, еті мен сүті жұғымды азық жүні киім-бұйым жасауға таптырмайтын шикізат болып саналатын қастерлі де қасиетті мал.

Түйе малы басқа түліктерге қарағанда түгінің түр-түсі жағынан айырмашылығы бар. Әсіресе жылқы, сиыр малдары сияқты алақұла, қара ала, тарғыл, шұбар, жирен, торы т. б. түстер түйеде кездеспейді. Түйе түгі басқа малдардікі сияқты жыл мезгіліне, жасына қарай өзгеріп отырғанымен, тек *ақ-боз* бен *қара* түстің аралығындағы бірыңғай *қоңырқай* реңктерден тұрады. Қазақстанда өсетін түрлі тұқымды түйе малын арнайы зерттеп, ол жайында көп мәлімет берген марқұм Ш. Жанәбіловтің «Қазақша мал атаулары» атты еңбегінде де түйе малының түр-түс атауларынан он шақтысы ғана көрсетіледі.

Бір ескеретін жағдай, түйе малының түгі жасына қарай (бота, тайлақ, құнанша, дөненше, буыршын т. б.) бір өзгерсе, күйіне, қондылығына және жыл мезгіліне байланысты түлеуіне қарай (*ит жүн, жабағы, боздақ, өлі жүн, тірі жүн, шуда, көтерілген жүн, қылшық*) тағы да өзгеріп отыруы мүмкін. Бірақ қанша өзгерсе де, әсіресе басы мен аяқтарының, өркеші мен мойын түктерінің әр түрлі реңкке енуіне қарамастан, түйе малының түр-түсі ақ пен қара арасындағы бірыңғай қоңырқай болып келетіндігін айттық.

Мәселен, *ақ түйе* (*ақ атан, ақ нар, ақ інген, ақ бота, ақ тайлақ* т. б.) дегенде қазақтар сырт түгі бірыңғай

ақшыл болып келетін түйе түсін көз алдына елестетеді. Бірақ ол борлаттай, ақ шаңқан, немесе ақ шағаладай аппақ түс емес. Ондай түсті түйелер кездеспейтін көрінеді. Оны былай қойғанда, табиғатта жалпы ақ түйелердің өздері де сирек кездеседі екен. Сондықтан болу керек, ақ түсті аруана, ақ інген, ақ буралар қазақ дәстүрінде жалпы төрт түлік малдың басы, киелі, қасиетті жануар болып саналған. Ондай ақ түсті түйені қадір тұтып, ерекше мәпелеп бағуының себебі де осында болса керек. Ақ түсті түйені сою — өте сирек болатын, тек бір қатал сертке, ырымға байланысты істелетін дәстүр. Мәселен, қазақта «ақ түйенің қарны жарылғанда» деген тұрақты тіркес бар, ол — ертеде кіндігінен бала көрмей жүріп, әйелі ұл тапқанда, қанды майданнан азамат елге сау оралғанда немесе өлім аузынан аман қалғанда «соям» деген сертке байланысты ақ атанның құрбандыққа шалынып, ауыл-аймақтың қуанышқа кенеліп, көл-көсір дәм-тұзға елдің қарық болуына байланысты пайда болған тіркес. Бұл ақ түсті түйенің сирек кездесіп, оның қадірлі болуының тағы бір дәлелі.

**Қара түйе** (қара бура, қара нар, қара тайлақ, қара інген т. б.), Ш. Жанәбіловтің пікірінше, түгі қара қошқыл болып келген түйе; демек ол нағыз шымқай қара емес. **Қызыл нар** — таза қанды лөкті таза тұқымды аруанаға, не біртуардың інгеніне шегергеннен туған түйе. Мұндай нардың түгі қызылдау, өзі күшті, өркеші артына қарай бейім...». Демек, түйе түсіне байланысты қызыл — ақшұлан, күлгін қызыл түс және ол тек нар түйелерде ғана кездеседі екен. **Қараша түйе** — қылшық жүні қараға айналған қос өркешті түйелердің түсі. **Көк түйе** деп аталатын түйе шын мәнісіндегі шымқай көк түсті түйе емес, ақшыл көк, бозалаңға жақын түстегі түйелер. **Боз інген** дегендегі боз шымқай ақ емес, ақшыл көкке жақын түс. **Сары түйе** — түгінің түстері бірыңғай сары, сарғыш болып келетін түйе түсі. Ақ сары атан мен сары аттың, не сары ешкінің түсі сары болса да бірдей болмайтын көрінеді.

Түйе малын түстеп атаудың тағы бір дәстүрі олардың басына, қапталына, сауырына, иығына, құйрық, құлақ, ерін, танау, маңдай түгіне, қасқасына, басқа түр-түс ерекшелігіне байланысты болып келеді. Мәселен: **ақ бас нар** — денесіне қарағанда басының түгі ақ не боз болып келетін нар түсі; **ақ сары бас атан** — бас түгі, маңдай, ерін жағы ақшылдау болып, құлақ, мойын, жақ тұсының бәрі сары, не сарғылт болып келетін атан-

ның түсі. **Қасқа бас түйе** — маңдай түгі тұмсығының (кеңсірігінің) үстіне дейін *ақтау* болып келетін түйе түсі. **Ақ қаптал түйе** — ауыр жұмыстарға көп салынып, арқасын жазы-қомша қажап, қапталы кетіп, жүні түскен және оның орнына *ақ жүн шығып ала-құла* болып тұрған түйе түсі. **Ала бас нар** — жаратылысынан ақ басының кей жерлеріне *ақшыл* түк бітіп, жалпы денесінен *алаланып* тұратын түйенің түрі.

Түйе малына қатысты түр-түс атаулары — негізінен осылар.

### ҚОЙ-ЕШКІНІҢ ТҮР-ТҮСІ

Төрт түліктің ішінде уақ малға жататын қой мен ешкілерді де түр-түсіне қарай ажырату дәстүрі бар. Қой — ешкіге қарағанда ала-құлалығы аз мал; ол ең көп дегенде он шақты түстен аспайтын сияқты. Мәселен, қой малында *боз, қара, көк, ала, ақ сары бас, қара қасқа, қоңыр* т. б. түстер болса, ешкі малына: *ақ, боз, көк, сары, жағал (сағал), бөрте, тарғыл, ала, қасқа, шұбар, теңбіл* т. б. түстер тән. Демек, қойдың түр-түсін ешкіден табуға болады екен де, ал ешкіге тән түр-түстің бәрін бірдей қойдан таба алмаймыз. Осылайша өзара жіктелуіне қарамастан қазақтар қой-ешкі малын бір түлікке жатқызады да, түр-түс жағынан «Ақтылы қой, алалы жылқы» дегендегі «ақтылы қой» тобына бірге енгізеді.

Қой-ешкінің түр-түсі тек олардың сыртқы жүн-түгіне ғана емес, сонымен қатар олардың жасына, жыл мезгіліне байланысты түлеуіне, тұқым-тегіне байланысты да болса керек. Мәселен, қазақы *қара* қойлар бар да, *қара* түсті қаракүл қойлары тағы бар. Бір қарағанда бұлардың түстері бірдей болғанымен өзара дәлме-дәл келе бермейді. Құйрығы тегенедей қазақы *қара* қойлар *қара* түсінің қанықтығымен ерекше көзге түссе, қаракүл қойларының түсі неше алуан (*қызғылт, қоңыр, көк-шіл*) құбылмалы реңкімен ерекшеленеді екен. Ал енді жаңадан туған *сұр* қозы, *көк* қозы, *ақ* қозылардың өсе келе, *қара* қой, *қоңыр* қой, *боз* қой болып өзгеріп кететінін малшы қауымы жақсы біледі.

Дегенмен, қой малына тән жалпы түс дегенде халқымыз негізінен үш — *ақ, боз, қоңыр* — түсті аузына алады: «ақтылы қой», «қойдай қоңыр», «боз жусандай боз қойлар». Қой малының басқа түстеріне байланысты халықтың ырымы мен наным-сенімі де жоқ емес. Мәселен, *ақ сары* бас қойды құрбандыққа шалу, ырым жа-



сап, құдайы айту ертеден келе жатқан әдет. Бірақ осы әдеттің неліктен қой басының *ақ сары* түсіне қатысты болғанын дәл айтып беру оңай емес. Әйтеуір, күні бүгінге дейін дінге сенушілер істің жақсылықпен бітіп, қуанышпен аяқталуын тілегенде, алласына жалбарынып, «*ақ сары бас, ақ сары бас!*» деп, құрбан шалатынын ескертіп жатады. Кей жерлерде қара қойдың етін жемеу әдеті болса, енді бір жерлерде, керісінше, оны құнарлы, жұғымды, күн сәулесін өзіне мол сіңірген қасиетті тағам деп есептеп, босанған әйелдің қалжалығына сойылады; ал кейде қара қойды сойып жіберіп, қара шешек келген балаларды орап емдеу әдеті де бар.

Қазақта «*Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды*» деген аталы сөз бар. Осындағы *ала* қой түгінің де *ала* болатындығын бір ескертсе, екіншіден, қой түсінің бір-тектілігін (*ақ, боз, қоңыр* қойларды) мыңғырған байлық-берекенің нышаны деп түсінетін қазақта *ала* түс онша бір жағымды түс болып саналмайды. Тұрмыс қажеттігінде де қой жүнінің *аласынан*, бірыңғай *қарасы*, не *ағы* жақсы болатыны айтпаса да түсінікті.

Қой түсіне байланысты *көк* (ісек, қошқар, кепе т. б.) түс табиғаттағы *көк* түстің дәл өзі емес. Мұнда да, жылқы малы сияқты, *көкшіл* қылшығы бар *боз* жүнді қойлар *көк* қой деп аталады. Бірақ *көк* ісек пен *көк* серкені қатар қойып қарасаңыз, *көк серкенің* «көктігі» әлдеқайда басым жатады.

Қойдың түсі «*көк ала ма, жоқ көк, ала ма?*» деген сұрақ қазақ тіліндегі «*көк, ала қойдай, көк шымшықтай*» деген тұрақты тіркеске байланысты тууы мүмкін. Өйткені *көк* пен *аланың* арасындағы тыныс белгісіне байланысты тіркестегі қойымыз «*көк ала*» түсті бір-ақ қой болуы да, немесе «*көк*» және «*ала*» түсті екі, не одан да көп қой болуы ықтимал. Бұл жұмбақтың шешімі қазақ қойының *көк ала* түсінің болуы, не болмауына байланысты. Байқап қарасақ, қазақта бір қойдың әрі *көк* түсті, әрі *ала* түсті, екеуін қосқанда «*алапес*» болуы мүмкін емес екен. Сонда дұрысы «*көк, ала қойдай, көк шымшықтай*» болуы керек. Бұл түс біреуден қатты таяқ жеп, бет-аузы көгеріп, әр жері қанталап, қызарып, бозарып тұрған әлеміш түріне ұқсас бірнеше *ақ* қойлар мен *ала* қойлардың түсін көз алдымызға елестетіп тұрған сияқты. Сондықтан ең дұрысы: бұл фразеологизмді «*көк-ала қойдай, көк шымшықтай*» деп жинақтау мағынасын беретін қос сөз ретінде дефис арқылы жазған абзал.

Ешкі малы түр-түсінің ала-құлалығы жағынан қойдан айырмашылығы бар. Ала қойдан да ала ешкінің алалығы әлдеқайда айқын, ашық болып келеді. Кейбір ақ серке мен ақ қошқарды салыстыра қарағанда ақ серкенің ақтығы тым қанық болатындығын аңғару қиын емес. Ешкі де басқа малдар сияқты жыл мезгіліне, жасына байланысты түлеп, түгін сәл де болса өзгертіп, құбылтып отыратындықтан олардың төл кезіндегі түстері мен ересек кезіндегі түстері арасында айырмашылық байқалып отырады.

Дегенмен, осындай ортақ ерекшеліктері бола тұрса да, ешкі малының өзіне ғана тән, қойдан ала бөтен түр-түстері де жоқ емес. Мәселен: шұбар туша, бөрте шыбыш, тарғыл теке, сағал-жағал ешкі, ақ сұр ешкі, сары лақ т. б. Ешкі арасында да, қой сияқты, сары қасқасы, ақ төбелі, теңбіл қарасы, қара шұбары, ақ бастысы, ақ қаптал, ақ ауызы кездесіп отырады. Бөрте, сағал түстер басқа малдарда көп кездеспейді.

Қара ешкіге байланысты ырым да бар. Мәселен, шошынып ауырған адамды қара ешкінің өкпесімен қақтыру әдеті болған.

### СИЫРДЫҢ ТҮР-ТҮСІ

Төртінші түлік — сиыр малының да өзіне тән түр-түстері бар. Олар: ақ тана, қара өгіз, көк бұқа, тарғыл сиыр, ала тайынша, қызыл құнажын, қоңыр бұзау, шұбар торпақ т. б. түрінде қолданылады. Сиыр малы қаншама ала-құла болып келсе де, төрт түлік малдың түр-түсін түгел қайталай алмайды. Жылқыға тән құла, жирен, торы, күрең түстер сиырға байланысты айтылмайтын сияқты. Ал бір атаумен аталатын қызыл ат пен қызыл сиырдың табиғаты бірдей емес. Қызыл сиырдың шынайы түсі тобылғы тәрізді (жылқыда тобылғы торыға жақын) қызғылт сары реңкке саяды.

Ала сиыр мен шұбар сиырларды жалпы түгінен өзгеше болып көрінетін ақ, қара, қоңыр т. б. түстес үлкенді-кішілі, ұзынды-қысқалы, ретті-ретсіз таңдақ, жолақ, теңбілдеріне қарап айыруға болады.

Мал түсін анықтаудағы алғашқы тәжірибе ретінде бұл жерде де Ш. Жанәбіловтың сиыр малының түр-түсіне берілген анықтамаларына сүйене отырып, негізгілерін атап шығайық: қара сиыр — сыртқы түгі бірыңғай қара болып келетін сиыр; қара қоңыр сиыр — жүні аса қара емес, қоңыр түс аралас болып келген сиыр; қы-

**зыл сиыр** — сырт жүндері бірыңғай *қызыл* болып келетін сиыр; **ала сиыр** — сырт жүні бір тектес *қоңыр* не басқа түсте болып, оның әр жеріне (арқа-жонына, қапталына, сауырына т. б.) *ақ, сары* түстер араласып келетін сиыр; **көк сиыр** — сырт жүні *шымқай көк*, немесе *бурыл* болып келетін сиыр; **тарғыл сиыр** — негізгі сырт түктері *сарғыш* болып, оның үстіне жолақ-жолақ, бүртік-бүртік *қара* қоңыраулы түк өскен сиыр; сүттілік сиырдың *тарғыл* түсіне, не тұқымына байланысты болды ма екен, әйтеуір, қазақ арасында: «Сиыр алсаң танып ал, танымасаң *тарғыл* ал» деген мақал бар; **сары ала сиыр** — *ақ* түктеріне қарағанда *сары, сарылау* түктері көбірек болып келетін сиыр; **ала сиыр** — арқа жүні *ақ*, басқа жері *қара*, немесе дене түгінің бір жері *ақ*, екінші жері *қара* болып келетін сиыр т. б.

Төрт түлік малға байланысты малшы қауымның жақсы білетін әрі жиі қолданатын түр-түс атауларына негізінен, міне, осыларды жатқызуға болады. Әрине, біз бұл арада малға түр-түс атауларын түгел қамтыдық деп айта алмаймыз. Олар халық арасынан түгел жиналып, қағазға қатталып, белгілі бір жүйеге түскен емес. Бұл — болашақтың игілікті істерінің бірі. Төрт түлік малға, әсіресе, жылқы малына байланысты түр-түс атауларының мейлінше көп, бай болуының тағы бір себебі көркем шығарма шеберлерінің қолданысына, ізденісіне, өмір танымына байланысты десек, тіл байлығының бұл қайнар көзін әлі де аша түсіп, тереңірек зерттеу қажет сияқты.

Түр-түс әлемінде арнайы зерттеуді қажет ететін салалардың бірі — жалпы хайуанаттар дүниесі деп білсек, оған енетін (біз қарастырған төрт түлік малдан басқа да) толып жатқан жан-жануарлар бар емес пе? Адам баласы өзін қоршаған табиғаттағы осындай ұшқан құс, жүгірген аң, судағы балықтар мен жер бетін қаптаған құрт-құмырсқа, бақа-шаяндардың көбіне ат қойып, айдар таққанда, ең алдымен олардың түр-түсіне назар аударған. Сондықтан да болар, ат берудегі номинациялық принциптердің бірі түр-түске қатысты болып келеді.

Бір ғажабы, хайуанаттар мен жәндіктер атауларына қатысты түр-түстік анықтамалар тек өзіне тән грамматикалық анықтауыш қызметін ғана емес, сонымен қатар екі түрлі өте қажетті қызмет атқарады екен: 1) күрделі атау құрамына қатысып, семьялас, кластас, типтес хайуан мен жәндіктерді өзара жіктеп, бір-бірі-

нен ажырату, айыру үшін дифференциалдық қызмет атқарса, 2) сол күрделі атаудың құрамына еніп, хайуандар мен жәндіктердің тікелей атына айналып кетеді. Мәселен, бірінші жағдайда: не көп, жер бетінде жылан көп, сондықтан қазақтар оларды бір-бірінен: *ақ жылан, қара жылан, қара шұбар жылан, қара сұр жылан, сұр жылан, сары жылан* деп түр-түсі арқылы ажырата берсе, екінші жағдайда: *қарақұйрық, сарышұнақ, көкжал, ақиық* түрінде қолданылып, хайуанат, жәндіктердің біртұтас атына айналып кетеді екен. Баскаша айтқанда, бұл — *қара* дегенді алып тастап, тек «құйрықты», немесе *сарыны* алып тастап, тек «шұнақты» қолдануға болмайды деген сөз.

Әрине, жалпы тілдің, ондағы атаулардың күрделене дамуында түр-түс анықтауыштарының белгілі заттың атауына айналуы бірден бола бермейтін процесс. Осыған орай тіл фактілеріне назар аударсақ, шынында да, кейбір екі-үш сөзден тұратын күрделі атаулардың құрамындағы түр-түс анықтауыштары бірде қолданылып, бірде қолданылмайтын факультативті дәрежеде жүргендері де байқалады. Мәселен, *ақбөкен* деуге де, *бөкен* деуге де болады; сондай-ақ *аққу* — *қу*, *ақтиін* — *тиін*, *ақ шағала* — *шағала* деп айту тіл тәжірибемізде бар. Бұл — даму процесіне тән заңды құбылыстардың бірі.

Кейде түр-түс атаулары өзінің мағыналық әсерлілігіне, образдылығына, бейнелеуіш ерекшелігіне және қолданыс жиілігіне байланысты тұрақты сөз тіркестерінің құрамында атау ретінде ұшырап отырады. Мәселен, қыран құсқа байланысты қазақ арасында: *Алтайдың ақиығы, Қарағайдың қызыл балақ сарысы, Түменнің сары құсы*, немесе *жаман сары, ақ сары, қой сары* сияқты, көзіне байланысты — *ақ шегір, құм шегір, сұр шегір* т. б. тіркестер кеңінен тараған. Мұндай тіркестер жүйрік ат, ұшқыр тазы, сырттан иттер жайында да, аңшылар машығына айналған елік, таутеке, құлжа, қабан, алтайы қызыл түлкі, малды ауылды қан қақсататын қанды ауыз қасқыр, жолбарыс т. б. аңдар жайында да көптеп кездеседі.

### **ТҮР-ТҮС ЖӘНЕ ТОПОНИМДЕР, ЭТНОНИМДЕР, АНТРОПОНИМДЕР...**

Түр-түстердің өмірде қолданылмайтын саласы жоқ екенін жоғарыда айттық. Шынында да, табиғатта әр түрлі түстер мен бояулар болмаса, өмірдің өзі күңгірт,

солғын, тіпті көңілсіз болар еді. Табиғат өзінің сан алуан түр-түсімен, бояу-нақышымен қанша көрікті болса, ол сол көркімен адамды да, адам қоғамын да, тұрмыс салтымызды да көріктендіріп тұрады. Түр-түс атауларының қолданыс аясының соншама кең болуы олардың тек өз мағынасында ғана емес, сонымен қатар көптеген ауыс мағыналарда қолданыла беретіндігінде екен.

Осыған орай біз түр-түс атауларының жер-су, ру-тайпа және адам есімдерінде қолданысына қысқаша тоқталып өтпекшіміз.

### **ТҮР-ТҮСТЕРДІҢ ЖЕР-СУ, РУ-ТАЙПА АТТАРЫНДАҒЫ МӘН-МАҒЫНАЛАРЫ**

Біз жоғарыда түр-түстердің символикалық мәніне, олардың қолданыс ауқымы және өмір салтындағы алатын орны мен атқаратын қызметіне тоқталдық.

Алайда түр-түс мүмкіншілігі мұнымен шектелмейді екен. Біз қарастырған түр-түстердің тілдегі ауыс мағыналары мен символикалы мәндерінен тыс атқаратын. бірақ көзге түсе бермейтін басқа да қызметі жоқ емес. Оны біз әсіресе кең-байтақ өлкеміздің тарихи шежіресі іспеттес жер бетіне «жазылып» қалған аттарынан да, ру-тайпа ретінде осы өлкеде ғасырлар бойы жасап келген, өсіп-өне бүгінде «қазақ халқы» деп аталатын ұлан-ғайыр ұрпақ қалдырған ата-бабаларымыздың аты-жөнінен де біршама байқаймыз. Ол — жер-су мен ру-тайпа аттарындағы түр-түс атауларының космогониялық бағыт-бағдарды аңғартатын қасиеті.

Космогониялық мағына мен геосимволика — өзара жақын ұғымдар. Космогония жалпы космос әлеміне қатысты ұғымдарды білдірсе, геосимволика жер бетіне, географиялық объектілерге қатысты символикалық ұғымдарды білдіреді. Біріншісінің ауқымы екіншісіне қарағанда әлдеқайда кең. Дегенмен бұлардың біз қарастырғалы отырған жер-су аттары мен ру-тайпа аттарында, әсіресе, төрт құбыла, бағыт-бағдарды анықтауда өзара сәйкестіктері көп.

Мәселені ашығырақ айтқанда, мыңдаған жер-су аттары мен жүздеген ру-тайпа аттарында өте жиі кездесетін түр-түс атаулары барлық жағдайда бірдей түр-түстік қолданылмай ол ұғымдардың әр түрлі табиғи жағдаймен сәйкестігің, географиялық ерекшелігін, бағыт-бағдарын, орын-жайын анықтауға қатысады екен. Ендігі жерде әңгіме осы жайында болмақ.

## ТҮР-ТҮС ЖӘНЕ ЖЕР-СУ АТТАРЫ

Қазақ тіліндегі жер-су аттарының құрамында кездесетін түр-түс аттары көптеген жағдайда дүниенің төрт бұрышын, батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін, сондай-ақ белгілі бір географиялық объектінің екінші бір объектіге қатыстығын, алыс-жақын, жоғары-төмен болып орналасуын анықтауы тек қазақ тіліне, немесе тек қазақ халқына ғана тән ерекшелік деп қарауға болмайды. Бұл бүкіл түркі әлеміне ортақ, көне замандардан келе жатқан космогониялық, геосимволикалық дәстүр болып саналады.

Бұл саладағы арнайы зерттеулерге назар аударсақ (Қононов), ондай дәстүр тіпті көптеген басқа тілдерге де тән екен: оны Қиыр Шығыстағы, Орталық Азия мен Индия халықтарының тілдерінен де кездестіруге болады. Мәселен, А. Н. Қононовтың зерттеуіне қарағанда, қытай, иран халықтарында *көк*, *көгілдір* және *жасыл* түстердің батысты, *сары* түс — орталықты, жер кіндігін (мұны қытайлықтар «император түсі» деп те атаған), *қызыл* түс — оңтүстікті, *ақ* түс — шығысты, *қара* түс — солтүстік, терістіктің геосимволикасы болып саналған.

Айта кететін бір жағдай: түр-түстердің геосимволикалық, немесе космогониялық мәні барлық халықтарда бірдей болмаған. Мысалы, американдық индеецтері шығысты, керісінше, *қара* түспен, оңтүстікті — *ақ* түспен, батысты — *сары* түспен (кейде *қызыл* түспен), солтүстікті — *көк* түспен белгілегені мәлім. Кейде түр-түс атауларымен белгілі халықтың, мемлекеттің, ұлыстың тұрған географиялық орын-жайы емес, солардың өздері белгіленген. Мысалы, «Шара туджи» деп аталатын монғолдардың XVII ғ. шежіресінде «бес түрлі түсті» және «төрт бөтен ел» жайында ескертпе бар. Бұлар — XIII ғасырдағы Монғол империясының құрамына енген елдер, халықтар. Ол жайында шежіреде былай деп жазылады: «...в год коня родился хубилган Чингис-хаган и покорил пять цветных и четыре чужих народов». А. Н. Қононов белгілі деректерге сүйене отырып, мұны былай түсіндіреді: «бөтен, бұратана» ел деп отырған — монғолдар жаулап алған азиялықтардан басқа халықтар да, «бес түстілерінің» *көгі* — монғолдар, *қызылы* — қытайлар, *қарасы* — тибеттер, *сарысы* — түркістандықтар, яғни Орта Азиялықтар, ағы — корейлер екен»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> А. Н. Қононов. Семантика цветообозначений в тюркских языках. Кітапта: Тюркологический сборник. М., 1978, 160-бет.

Түр-түске байланысты бұл ерекшеліктер түркі халықтарының өздерінде де бірдей емес. Мәселен, көне ұйғырлар тілінде жазылған ескерткіштерде: шығыс — *көк, жасыл* (оның символы — айдаһар), батыс — *ақ* (оның символы — жолбарыс), оңтүстік — *қызыл* (символы, — сауысқан), солтүстік, терістік — *қара* (символы — жылан) арқылы белгіленген екен. Азияны мекендеген көне көшпенді халықтарда: қызыл түс — оңтүстік, қара түс — солтүстік, терістік, көгілдір түс — шығыс, ақ түс — батыс, сары түс — белгілі бір аймақтың, өлкенің орталығы.

Қазіргі түркі халықтар тіліндегі мындаған жер-су атауларын өзара салыстыра қарағанда да олардың құрамындағы түр-түстердің беретін, анықтайтын мән-мағыналары бірдей емес екен. Оларды зерттеу, әрине өз алдына жеке мәселе. Дегенмен, бұл салада түркі тілдеріне ортақ ұғымдар да жоқ емес. Мәселен, *ақ* түстің батысты білдіруіне байланысты бір кездерде Каспий теңізін түркі халықтары *Ақ теңіз* («Батыс теңізі») деп атаған екен. Ертедегі монғол, түркі халықтарының Русьті *Ақ, Қара* деп бөлуі де бекер емес: *Ақ Русь* («Белая Русь») — батыстағы Русь те, *Қара Русь* («Черная Русь») — оңтүстік-батыстағы Русь. *Қара* теңіз гидронимі жөнінде толып жатқан пікірлер бар. Олардың бірі *Қара теңіз* «Қатал, қатыгез теңіз» деген ұғымды білдіреді десе, Батыс қолжазбаларында (XIII ғ.) — «Ұлы теңіз» болып аударылған, енді бір жерде ол — «Солтүстік теңіз» дегенді білдірген. Дәл осы сияқты, *Қарақұм* атауы жайында да, *Ақтеңіз, Қызылтеңіз, Ақтоғай, Ақтау, Ақеділ, Сарыөзен, Қызылсу* т. б. толып жатқан топонимдердің түр-түстік геосимволикасы мен космогониялық мәні жөнінде пікірталастары жоқ емес.

Қазақ тіліндегі жер-су аттарында да түр-түске байланысты компоненттер көп кездеседі және олардың барлығы түр-түстік мағына беріп түр деп үзілді-кесілді айту қиын. Бұл саладағы зерттеулерге (Қойшыбаев, Әбдірахманов т. б.) қарағанда құрамында *ақ, қара, қызыл, көк, сары, боз, ала* т. б. түр-түс атаулары кездесетін топонимдер түстік мағынадан алшақтап, бағыт-бағдарды және неше түрлі заттық түсініктерді білдіретін геосимволика, космогония дәрежесіне көтерілгендігін аңғарамыз. Енді соларға мысал келтірейік.

«*Ақ*» компонентті жер-су аттары қазақ топонимикасында өте жиі және топонимикасында өте жиі және топоним түрлерінің (жер, су, тау, қала, мекен, дала т. б.)

бәрінде де кездесе береді екен. Мысалы: *Ақсу, Ақтоғай, Ақсай, Ақкөл, Ақбұлақ, Ақжар, Ақтерек, Аққобы, Ақшеңгел, Ақмола* т. б.

Енді осындағы *ақ* сөзі біздің түсінігіміздегі «ақ» түсті білдіріп тұр ма, әлде басқа мағынада да қолданылып тұр ма? Бұл сауалға топонимист ғалымдар «түр-түстен басқа мағынада да қолданылады» деп жауап береді. Шынында да мәңгі қар басып, мұз қаптап жатқан таулардан нәр алып, оның жылғалы қойнауларымен етекке қарай құлай ағып жатқан асау сулардың көп жерде «ақсу» атануы кездейсоқ болмаса керек. А. Н. Кононовтың пікірі бойынша, бұл жердегі *ақ* су түсінің ақтығын көрсетіп тұрған жоқ, керісінше, ол «ағынды, ағыны қатты тау суы» дегенді аңғартады екен. *Ақсай* деп аталатын гидроним де осыған орай бір кездерде ағыны қатты тау суы аққан арна, сай болғандығын аңғартады.

Әрине, *ақ* түстің гидронимге қатысты мағынасы тек осымен ғана шектелмесе керек. Ол *Ақбұлақ, Ақжылға, Ақтұма, Аққайнар, Ақбастау* сияқты атауларда «таза, мөлдір, қар суы» деген ұғымдарды беруі де даусыз. Ал *ақ* түстің мекен-жай, тау-жыра, фауна мен флораға байланысты қолданылуы бұл мағыналардан мүлдем өзгеше болуы да мүмкін. Мәселен, Е. Қойшыбаевтың «Қазақ топонимикасының қысқаша түсіндірме сөздігінде» (Алматы, 1974): *Ақадыр* (Қарағанды обл.) «жемшөбі мол тау сілемі» дегенді аңғартады, *Ақбике* (Арал теңізіндегі арал) — «алыстан көрінетін төбе, дөнес», *Аққия* (тау етегі) — «шөбі шүйгін беткей», *Аққұм* (Балқаш көлі бойындағы құмды алқап) — «желмен суырылып, жылжып отыратын құм», *Ақкемер* — «суымен шайылып, бір жағынан қара жайдақталған өзен жағасы» т. б. Осының керісінше, *Қаракемер* (Алматы обл.) — «су орып, өзен арнасының төмендеуіне байланысты өте биік болып кеткен жаға» — «подмытый водой берег, круча» — (Юдахин).

Осы зертеушінің түсіндіруі бойынша *қара, көк, сары, қызыл, боз, ала* т. б. түр-түс атаулары қатысқан Қазақстан топонимдері түр-түстің сыртында төмендегідей бір қатар мағыналарды білдіреді екен:

**Қара:** 1) «жердің астынан, тегіс жерден шығып жатқан су» (подземная грунтовая вода): *Қарабұлақ* (гидроним); *Қарагем* (Шығыс Қазақстан обл.); *Қаракешу, Қарасу, Қаракөл* (Қызылорда обл.); 2) «шөп өспейтін, қуаң жер» («местность с бедной кормовой травой»): *Қарадала* (көп жердің аты); *Қарақұдық* (шөпсіз жердегі құдықтардың аты); *Қарасай* («шөбі құнарсыз сай»);



3) «жер, жермен тектес», «қалың» («земля, суша», «толстый слой»): *Қарақұм* (көп жерде бар); *Қараөткел* («топырақты өткел»); *Қарасаз* («топырақты саз»); 4) «қалың, қою, жиі» («густой, плотный, густонаселенный»): *Қаратұрық* (Алматы обл. «густонаселенный»); *Қарашалғын* (Целиноград обл. «шөбі мол, шалғынды жер»); 5) «төбелі, жоталы ойпат» («холмистая низина»): *Қараой* (Алматы обл.); *Қаратөбе* (Орал обл.) және т. б.

**Қызыл:** 1) «тар шатқал» («узкая расщелина»): *Қызылауыз* (Іле мен Жоңғар Алатауында); 2) «түбі көрініп жатқан саяз су»; «қардың еруінен пайда болып, жайылып ағып жатқан су» («вода, принимаемая оттенком размываемого грунта»; «талая вода от растаявшего снега, растекаемая по поверхности почвы»): *Қызылсу* (көп жерде), *Қызылкөл* (Орал обл.); 3) «жұқа, майда, жеңіл» («тонкий, поверхностный, легкий»): *Қызылқұм* (Сырдария бойында) т. б.

**Көк:** 1) «таза, шөп өспеген, тақыр» мағынасында («чистое поле»): *Көкжайдақ*; 2) «көтеріңкі, биік», «аспан тектес» («высокий», «небесный», «ясновидимые верхи»): *Көкше*, *Көкшетау*, *Көкқайрақ* (Алатау асуы), *Көкарал* (Арал теңізінде: алыстан көрінетін биік арал); *Көкбұлақ* (көп жерде: таулы, биік жердегі бұлақтар); *Көкжайлау* (Алатауда: биік жайлау); *Көкқия* (биік қия); *Көксеңгір* (аспанмен таласқан биік тау шоқысы); *Көктөбе* (әр жерде бар, көптеген төбелердің ішіндегі биігі) т. б.

**Сары:** 1) «биік қырат, кең даланың жоталы жоны» («холмистая степь», «возвышенность», «распростертая гребень», «широкий, просторный»): *Сарадыр* (дала), *Саржота* (көп жерде), *Сарқан* (Ақсу өзенінің тармағы); *Сарқаптал*, *Сармал* (Павлодар обл.: кең өзен); *Сарыарқа* (Орталық Қзақстан); *Сарыбел* (көп жерде: кең асу мағынасында); *Сарыкөсір* (Алматы обл.: өзеннің кең алқабы); *Сарыжал*, *Сарысу* (кең өзен) т. б.

**Боз:** 1) «кең байтақ дала», «тын жер» («степь, целина»): *Боздала*, *Боздақ* (даланы жердегі тау, төбе); *Бозарық* (далалы жерде қазылған арық); 2) «дала шөбі» («степная трава»): *Бозарал* (дала шөбі өсетін арал); *Бозжон* (дала шөбі өскен жон); *Бозой* (дала шөбі өсетін ойпатты жер); *Бозтөбе* (боз өскен төбе); 3) «мұзды, мұзы бар» («ледяной»): *Бозкөл* (мұзды көл) т. б.

Түрлі түс әкімшілік орталығы мен мекен-жайына

байланысты да кеңінен қолданылған. Бір-ақ мысал келтірейік.

«Түрлі түсті ордалар. Түрік халықтарының, тайпаларының өткен тарихына көз салсақ, мемлекет астанасы, хан ордасы деп аталатын талай ордалар болған. Олар бір-бірінен *ақ, қызыл, көк, алтын* сияқты анықтауыш сөздер арқылы ажыратылған. Сонда бұл сөздер ордалардың түр-түсін білдіріп тұр ма, әлде оларда басқа сыр бар ма?

Орта ғасырдағы Қазақстан тарихынан *Ақ Орда, Көк Орда, Жүз Орда, Алтын Ордалардың* болғаны бізге мәлім. Шыңғысхан көзі тірі кезінде өзі жаулап алған ұлан-байтақ жерлерін балаларына бөліп бергенде, үлкен ұлы Жошының еншісіне Қазақ жері тиген. Бұл жерлер Жошының өзі өлгеннен кейін оның баласы Батуханның және оның інілерінің үлесіне ауысады. Монғол дәстүрі бойынша Жошының бас мұрагері — Батуханның ордасы (резиденциясы), яғни Ұлыстың сол жақ қанатындағы өлкенің орталығы *Ақ Орда* болып аталады. Жошының кенже ұлы — негізгі мұрагер Орда Ишеннің үлесіне Ұлыстың оң қанатындағы *Көк Орда* тиеді. Тарихшылардың айтуына қарағанда *Көк Орда* о баста Қазақстанның шығыс аймағы Алакөл мен Ертіс бойларында болады да, кейін Сырдария жағасындағы Сығанақ қаласына ауысады, ал *Ақ Орда Көк Орданың* батысында, яғни Жайықтың арғы бетіндегі Сарай қаласының маңында болады. Сөйтіп, өз кезінде *Ақ Орда* (кейін — Алтын Орда) Жошыхан ұлысының оң қанатындағы хан әулетінің батыс орталығы, ал *Көк Орда* осы ұлыстың сол қанатындағы шығыс орталығы болып есептелген<sup>1</sup>.

Бұл арадан да *ақ* түстің «батыс», *көк* түстің «шығыс» мағынасындағы геосимволикалық қызметі айқын көрініп отыр.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан біз түр-түстерді жер-су, мекен-жай атауларына байланысты тағы бір қырынан көріп отырмыз және түр-түс табиғатына тән бұл ерекшеліктердің өте көне замандардан бері келе жатқан дәстүрлі құбылыс екеніне де көзіміз жетіп отыр. Осы құбылыстың тағы бір қырын ру-тайпа аттарынан да байқаймыз.

<sup>1</sup> Т. Султанов. О терминах Ак-Орда, Кок-Орда и Иуз-Орда.— Изв. АН Каз ССР, серия общ. наук, 1972, вып. 3, 71—74-беттер.

Қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалар мен адам аттарына назар аударсақ, бұл салада да түр-түстердің өте жиі қолдаңылғандығын көреміз. «Ру-тайпа, адам аттарына (этнонимдер мен антропонимдерге) түр-түс атауларын қолданудың қаншалықты қажеті болды екен олар өткен замандағы бабаларымыздың өңін, реңкін, денесінің түсін, бояу-реңкін білдіру үшін қажет болды ма екен?» деген заңды сұрақ туады.

Бұл сауалға бірден-ақ жауап беруге болатын сияқты. Өйткені антропонимдер мен этнонимдерді зерттеуші ғалымдар түр-түстің табиғатына көптен бері-ақ ерекше назар аударып, оның бұл салада да ауыс мағынада, заттанған геосимволикалық мәнде қолданылатындығын анықтаған болатын. Мәселен, Н. А. Баскаков «Название народа от цвета почвы той территории, на которой живет народ, или от внешнего вида, цвета волос, лица данного народа является очень спорным объяснением» деп көрсетеді.

Шынында да қолдағы бар этнонимикалық, антропонимикалық материалдарға назар аударсақ, оларды *ақ, қара, қызыл, сары*, сияқты түр-түстермен өзара дифференциациялау негізінен екі түрлі жағдайға; 1) бір ру не тайпаға енетін тармақтардың, ұрпақтардың өздерін өзара бөліп-бөлшектеу принципі олардың генетикалық ерекшеліктеріне, түр-түсіне емес, географиялық жағдайына, мекен-жайына байланысты болса, 2) бір атаның балаларына қойылған аттардың өзара ұқсастығы мен ұйқастығын сақтауға, сөйтіп олардың генетикалық туыстығын, жақындығын көрсетуге байланысты екен. Мәселен, қазақ халқының құрамындағы көне рулардың бірі тарихтан жақсы белгілі *Қаңлы* руы болып саналады. Қазақ шежірелерінде осы қаңлыларды *Қара қаңлы, Сары қаңлы, Ақ қаңлы, Қызыл қаңлы* деп төрт топқа бөліп қарау дәстүрі бар. Байқап отырсаңыз, қаңлылардың осылайша бөлінуінің себебі, әрине, олардың түр-түсіне байланысты емес. Бұл жерде, әдетте айтылып жүрген *Сары қаңлы* Келдібектің бірінші әйелі — *Сары* бәйбішеден туған да, екінші әйелі — хан қызынан *Қара қаңлы* туған екен деген жобалардан гөрі, олардың бір орталыққа сәйкес батыс, шығыс, оңтүстік және солтүстік аймақтарды мекен етуіне байланысты аталған деген тұжырым дәлірек сияқты.

Ал енді, екінші принципке келетін болсақ, оған, мәселен, *Ақ наймандардан тарайтын Жебел-Мендінің Байсары, Қойсары, Тойсары, Бисары* деп аталатын алты ұлдың төртеуін жатқызуға болатын сияқты. Мұнда да біз жалпы «сары» деп аталған этностық тармаққа, не есімдердің өзара ұқсастығына байланысты топтастыруды байқап отырмыз. Бұл тәсіл қазақ этнонимдері мен антропонимдерінде жиі кездеседі. *Ағарыс, Бегарыс, Жанарыс* немесе *Ағымсары, Сегізсары, Ақсары, Құрсары* т. б., міне, осы тәсілдің жемісі. Ал географиялық орнына, мекен-жайына байланысты түр-түстен анықтау көбінесе ру-тайпалардың құрамында кездесе керек. Егер бір рудың, не бір тайпаның атынан екі не одан да көп түр-түстік анықтау кездесе, онда бұл, сөзсіз, геосимволикалық не этногенетикалық мәнге ие. Мәселен, *Ақ қыстық және Қара қыстық, Ақ керей — Қара керей, Қызыл бөрік — Қоңыр бөрік* т. с. с.

Атап айтуымыз керек, ру-тайпа аттарындағы бұл ерекшелік те көнеден келе жатқан дәстүрдің жұрнағы. Ал ертеректе түркі тілдес халықтар да өздерін түр-түспен айырған, солардың бір тобы өздерін «көк түрк» деп атап кеткен. Осыған қысқаша шолу жасайық.

**«Көк түрк».** Бүгінгі түркі халықтарының көне тарихына қатысты осы тіркестің мән-мағынасын қалай түсінеміз? Бұл атаудың орхон-енисей ескерткіштерінің табылуымен байланысты және олардың ішінде Күлтекін мен Білге қағанға арналған жазбалардың оқылуынан кейін (1893—1895) ғалымдар назарын өзіне көбірек аударып келе жатқаны мәлім. Осы тіркестегі *түрк* этнонимін анықтап тұрған *көк* сөзі әдеттегі аспан реңкіне ұқсас түсті білдіріп тұр ма, әлде онда басқа бір сыр бар ма? Бұл сөзге ерекше мән беріп, әркімнің өзінше жорамал айтып, таласуының себебі — көне дәуірде жасаған түркі тайпаларының этникалық құрамы, саяси-әлеуметтік, географиялық жағдайы, мемлекеттік құрылысы, шығу тегі т. б. толып жатқан мәселелердің *көк* сөзінің мәніне барып тірелуінде.

Мәселен, кейбір ғалымдар *көк түрк* (*köktürk*) атауын «көк» сөзінің негізгі түр-түстік мағынасына сәйкес «голубые тюрки» деп аударса (В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, В. Банг т. б.), енді біреулері оларды аспанның өзіне, көк тәңіріне қатысты «небесные тюрки» деп

(З. Томбац т. б.) аударып, оның мәнісін бұл тайпалардың, не этностар бірлігінің «ерекше қасиетіне, тектілігіне, таза қандылығына» байланыстырғысы келеді. Осыған орай, жерде туып, жер бетінде тіршілік ететін қарапайым халықты VII—VIII ғасырларда жасаған бабаларымыз «*қара бұдун*» деп атаған болса, «тәңірі тектес» («небесные божественные тюрки»), немесе «көк (таза) қанды» («тюрки голубой крови») түркілерді «көк түрк» деп атауы заңды деушілер де (мәселен, А. Н. Бернштам) бар. Енді бір топ ғалымдар *көк түрк* этнонимі «еркін, ешкімге бағынбайтын түркітер» деген мағынаны білдіреді десе, тағы біреулері (Ф. С. Фасеев) «жоқ, олай емес, *көк* сөзі «көк орай шалғын», «көк майса жайылым» деген ұғымға байланысты, сондықтан да ол «мал бағатындар», «көшіп-қонып жүретіндер», яғни «көшпенді түркілер» деген ұғымды білдіретінін дәлелдегісі келеді. «Көк түрк» атауы жайындағы дәстүрлі көзқарастың бірі — «көк» сөзінің бағыт-бағдар мағынасында қолданылуы. Олардың өзі екі түрлі: біріншісі — «көк түрк» элементінің төрт бұрышын түгел жайлаған Түрк қағанатындағы тайпалардың жиынтығы десе, екіншісі — оның белгілі бір бөлшегі ғана деп қарау. «Көк» сөзінің географиялық ұғым ретінде (бағыт-бағдар, орын-жай мағынасында) қолданылуын құптайтындар көп. Солардың бірі — неміс ғалымы А. Фон Габэн өз пікірін былай деп дәлелдейді: 552 жылы Орталық Азияда негізі қаланған Түрк қағанаты о бастан-ақ екі бөлімнен тұрған еді. Бас қағанның («верховой каган») хан ордасы Монголияның солтүстік-шығысына орналасты да, оның батысындағы одақтасы Ыстықкөл маңында болды. Түрк қағанатының шығысынан табылған («Күлтекін», «Білге қаған» атты) үлкен ескерткіштер өз халқын «*көк түрк*» деп атаған. Сол дәуірде Орталық Азияны мекендеген түркі тайпалары бүкіл сыртқы әлемді (макрокосмды) және ішкі дүниені (микрокосмды) шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстіктен тұратын төрт шаршы, төрт жақты дүние деп таныған (қазақтардың «дүниенің төрт бұрышы», «шартрап», «төрт құбыласы тең» деген сөздері осыдан қалған болса керек). Сонымен қатар әрбір жақ (тарап) сол кездің өзінде-ақ түр-түспен, немесе жан-жануарлар атымен белгіленген екен. Сөз етіп отырған *көк түс* шығыс

бағыттың символы болып саналған. Демек, көк түркілер көне түркі мемлекетінің шығысын жайлағн «шығыс түркілері» деген ұғымды берген дейді А. фон Габэн. Осы пікір шындыққа жанасатын сияқты. Өйткені түр-түс атауларының мұндай геосимволикалық мәні түркі халықтарының мәдени тарихынан, топонимінен, антропонимінен, этнонимінен жиі кездеседі.

Сонымен, түр-түс табиғатының біраз сыры жер-су және ру-тайпа атарынан да байқалады екен. Бұл, әрине, зерттеп отырған құбылыстың тамыры тым тереңде жатқандығын білдіреді. Тұлға жағынан ылғи дамып, мағына жағынан толығып, қемелденіп отыратын кез келген сөз сияқты түр-түс атаулары да әрбір тілдің ұзақ даму жолының жемісі болып саналады.

## Төртінші тарау

### ТҮР-ТҮСТІҢ ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ ОРНЫ

Тілімізде түр-түстің араласпайтын, қатыспайтын саласы кемде-кем. Өмірдің өзі соны талап етеді. Табиғаттағы, қоғам өміріндегі бірде-бір құбылыстың бояусыз, реңксіз, өңсіз, түссіз болмайтыны бәрімізге белгілі. Бірақ сол бояу-реңктерді өмірдің қай саласында қай түрде және қалайша қолдануды бәріміз біле бермейміз және оны білуді қажет деп ойламаймыз да.

Ал енді тіліміздегі түр-түске байланысты фактілерді жинап, жүйелі түрде қарастырған адамға оның халқымыздың дүниетанымымен бірге туып, біте қайнасқан, ғасырлар бойы қалыптасып, дәстүрге айналған небір тамаша өзіндік өрнектері байқалады. Табиғаттағы өзіміз білетін *ақ, қара, қызыл, жасыл* сияқты қарапайым түр-түстер мен олардың неше түрлі реңктері өз орнымен, талапқа сай қолданылып, тіл фактілерімен өріліп отырған жағдайда, олардың қоғам өміріне тигізетін ықпалы, адамдардың эстетикалық таным-талғамын тәрбиелеудегі қызметі орасан зор болмақшы.

Осыған байланысты бір түр-түстің жалпы табиғатымен қатар, оның өмір-тіршілігімізде атқаратын сан алуан қызметін, орнын, қолдану өрісін білуіміз де керек. Мәселен, біл тіліміздегі түр-түс атауларының ылғи бір затты, құбылысты анықтап, сипаттап, суреттеп, әсерлеп тұратын қызметін жақсы білеміз. Бұл олардың анықтаушы қызметіне тән табиғи қасиеті. Ауызекі тілде болсын, көркем шығармада болсын, түр-түс атаулары қалай болса солай ретсіз бейберекет қолданыла бермейді. Оның да белгілі задылығы бар, ол ақын-жазушы қауымынан, бейнелеп сөйлегісі келген шешендер мен зиялылардан зергерлерше шебер қолдануды талап етеді. Бұл өнердің бір көрінер биігі — тіліміздегі мыңдаған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер. Түр-түске байланысты түсініктерді өзінің тура мағынасында қолдану бар да, оларды образ жасау, бейнелеу тәсілі ретінде ауыс мағынасында, халықтың әдет-ғұрпы мен салт-санасына тән этнографизмдік және қоғамдық символика мәнінде пайдалану тағы бар. Міне осы мәселелерді толығырақ қарастыруды біз төртінші тараудың үлесіне беріп отырмыз. Онда, атап айтқанда, «Түр-түстер нені анықтай-

ды?», «Түр-түс атаулары және көркемсөз», «Түр-түс және фразеологизмдер», «Түр-түс және мақал-мәтелдер», «Түр-түс және жұмбақтар» т. б. мәселелер қаралады.

### ТҮР-ТҮСТЕР НЕНІ АНЫҚТАЙДЫ

Тілдегі түр-түс атауларының бәрі де лексика-грамматикалық белгісі бойынша сапалық сын есім болып саналады да, негізінен анықтауыштық қызмет атқарып, өзі анықтайтын сөзінің алдында тұрады. Бұл — грамматикалық жалпы қағида.

Солай бола тұрса да, түр-түс атаулары жалпы нені анықтауға тиіс, қандай заттар мен құбылыстадың түр-түстік сипатын білдіре алады деген мәселе қазақ тілінде бұрын-соңды арнайы сөз болған емес. Біздің білетініміз: түр-түс атаулары өзінің сапалық сынды білдіруіне байланысты қолымызбен ұстап, көзімізбен көре алатын, дене мүшелерімізбен сезе алатын заттар мен заттық қасиетке ие әр алуан құбылыстардың түр-түсін, реңкін, бояуын, сырт көрінісін, өңін, шырайын тағы басқасын анықтауға тиісті. Басқаша айтқанда, түр-түс атауларының жалпы мәдени, рухани өмірімізде қатыспайтын, араласпайтын саласы жоқ екен. Бірақ бұдан болмыстағы заттар мен құбылыстардың бәрі түр-түстік анықтаманы бірдей қабылдай береді деген қорытынды тумады. Солардың ішінде түр-түстің табиғатын әр қырынан ашуды, анықтауды көбіне-көп талап ететіндері — көз арқылы қабылданатын заттар мен құбылыстар екен. Мысалы, *ақ қар, ақ мақта, ақ сұңқар, қара жорға, қара жер, қара бұлт, қызыл жалау, қызыл ат, қызыл сиыр*, (мағыналары басқа-басқа), *сары алтын, сары шаян, жасыл орман, жасыл желек, көк аспан, көк түтін, көк дауыл, күлгін шәлі* т. б. Ал енді, құлақ арқылы естілетін, ішкі сезім, көңіл арқылы ғана қабылданатын абстракты құбылыстар түр-түстік мінездемені көп талап етпейді. Дегенмен, тілімізде *қоңыр* түске байланысты *қоңыр үн, қоңыр дауыс, қоңыр ән, қоңыр күй, қоңыр саз, қызыл сөз, қызыл тіл, тарғыл дауыс*, сондай-ақ *қара күш, қара көңіл, қара тілек, ақ тілек, ақ көңіл, ақ сезім, ала мерей, сұрғылт ой* сияқты тіркестер баршылық. Мұның себебін біз түр-түс мағынасының дамуы мен абстракциялануына байланысты деп білеміз. Ал, түр-түстердің кейбір табиғат көріністеріне, атап айтқанда, уақытқа, жыл мезгіліне (*ала жаздай, қызыл іңір,*



қоңыр күз), ауа райына (қара суық, қызыл аяз, көк аяз, шұнақ аяз) және басқаларға қатыстығын біз сол құбылыстардың өзіне тән түр-түстік ауыс мағынасына байланысты деп білеміз. Мысалы, қоңыр күз дегенде көз алдымызға жер бетіндегі өсімдіктердің бәрі сарғайып, қурап, қоңыр тарта бастаған күз мезгілі елестейтіні белгілі.

Сонымен, «қазақ тіліндегі түр-түс атаулары анықтайтын, сипаттайтын заттар мен құбылыстарға не жатады?» деген сауалға қайта оралсақ, оларды төмендегі топтарға жіктеп қарастыруға болатын сияқты.

### ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ

Бұл топқа, әрине, жер бетінде өсіп-өнетін өсімдік түрлері жатады: пайдалы және жабайы шөптер, дақылдар, мәдени өсімдіктер, ағаштар, көкөніс, жеміс-жидектер, гүл-бәйшешектер. Олар саны мен түрі жағынан қаншама көп болса, түсі мен реңкі, бояуы мен түрі жағынан да соншама көп екені мәлім. Сондықтан өсімдік дүниесіне және басқа салаларға қатысты түр-түс атауларын өзара бірнеше топқа жіктеп қарауға да болатын еді. Бірақ оның дәл осы арада қажеті жоқ сияқты. Оларды біз негізгі түр-түс атауларына (ақ, қара, сұр, боз, қызыл, сары, жасыл, көк т. б.) байланысты ғана қарастыруды мақұл көрдік.

**Ақ:** <sup>1</sup> ақ шешек, ақ мақта, ақ бидай, ақселеу <sup>2</sup>, ақ сора, ақ тікен, ақ таспа, аққайың, ақ жалбыз, ақ жуа, ақ жусан, ақ жүгері, ақ жүзім, ақ изен, ақ көгіс, ақ қаңбақ, ақ мия, ақ өлең, ақ сарымсақ, ақ сасыр, ақ шеңгел, ақ шешек, ақ ши, ақ шатыр, ақбүйрек, ақбілек, ақжүрек, ақжыл, ақкелін, ақкөбеп, ақкөз, аққатпа, аққой т. б.

**Қара:** қарағаш, қара андыз, қара арша, қара бидай, қара бидайық, қара бүлдірген, қара бұрыш, қара жеміс, қара жидек, қара жусан, қара жүгері, қара жүзім, қара қамыс, қара қияқ, қара қоға, қара мойыл, қарақат, қара өлең, қара өрік, қара самырсын, қара тал, қара терек, қара тікен, қара шалғын, қара ши, қара үйеңкі, қарабас шөп, қарабауыр, қарабез, қарабұға, қараған т. б.

<sup>1</sup> Бұл мысалдар түсіндірме, екітілдік, терминологиялық, диалектологиялық, орфографиялық сөздіктерден алынып, өз материалдарымызбен толықтырылды.

<sup>2</sup> Атаулар орфография ережесіне сәйкес берілді.

**Боз:** боз ағаш, боз жусан, боз арша, боз көде, боз қарағай, боз қараған, боз қонақ, боз қылтық, боз тал, боз тікен, боз шаған, боз шалғын, боз бұға, бозбұғы, бозғалдақ, бозкілем, бозқонақ, бозшағыл т. б.

**Қызыл:** қызыл арша, қызыл бидай, қызыл бұрыш, қызыл жыңғыл, қызыл тал, қызыл таспа, қызыл тікен, қызыл шиө, қызыл алма, қызыл гүл, қызылбояу, қызылбас, қызылөзек, қызылқат, қызылқұйрық, қызылтамыр, қызылдәрі, қызылтаңдай, қызылша, қызылшөп, қызыл ағаш т. б.

**Сары:** сары андыз, сары тал, сары шағыл, сарыбауыр (шөп), сарыкөбен, сарысадақ, сары гүл, сары тал, сары арша, сары шытыр, сары қурай, сары қайың, сарыбуын (шөп), сары қалуен, сары қараған, сарытоқаш (шөп) т. б.

**Көк:** көк бұршақ, көк гүл, көк қамыс, көк желек, көк кекіре, көк қызғалдақ, көк майса, көк өрім, көк пияз, көк тал, көк тамыр, көк терек, көк түйнек, көк тұқыл, көк тікен, көк шай, көк шалғын, көк шешек, көк шөп, көкбас, көкбас райхан, көкбас шөп, көкдәрі, көкдөнен, көкемарал, көкжаулық көкзен, көкзенгір т. б.

Өсімдік дүниесіне байланысты түр-түс атауларынан көбіне-көп қолданылатындары бірінші орында *қара* түс, екінші орында *ақ* түс, үшінші орында *көк* түс екен. Одан кейінгі орындарды *қызыл*, *боз* түстер алады. Өсімдік дүниесі болғандықтан біздің көбірек күткеніміз, әрине, *жасыл* түс еді. Алайда іс жүзінде олай болмай шықты: *жасыл орман*, *жасыл желек* деген бірнеше тіркестерден басқасын біз кездестіре алмадық. Оның себебі: ертедегі түркі тайпаларының, соның ішінде қазақ ру-тайпаларының да, *жасыл* түсті *көк* түстен ажырата алмайтын дальтоник болуына, осыған орай «жасыл» атауының «көк» атауынан әлдеқайда кейін пайда болуына байланысты болса керек.

### ЖАН-ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ

Бұл саладағы түр-түс атауларын да жоғарыдағы принцип бойынша жан-жануар дүниесін өзара жіктеп, жіліктеп жатпай-ақ, негізгі түр-түстермен тіркесіп келуіне қарай қарастырғымыз келеді. Мал, хайуанаттар түр-түстері де осында қаралады.

**Ақ:** ақ аю, ақ балық, ақ бақай, ақ боз (ат), ақ жал (құнан), ақ жапалақ, ақ иық (бүркіт), ақ киік, ақ қаптал (айғыр), ақ қасқа (байтал), ақ қоян, ақ құр, ақ

лэйлек, ақ дегелек, ақ марал, ақ марқа, ақ сусар, ақ сұңқар, ақ тарлан, ақ түйғын, ақ тұнжыр, ақ жылан, ақ тышқан, ақ шабақ (балық), ақ шортан, ақ шолақ (ат) т. б.

**Қара:** қара ауыз (дөнен), қара аю, қара сона, қара бақай, (жүйрік), қара барқын (ат), қара бауыр (ат), қара бауыр (тышқан), қара бурыл (тай), қара бүржіт, қараторғай, қара көк (жүйрік), қара күрең, қара қаптал (ат), қара қарға, қарақұйрық, қара қасқа (ат), қара қоңыз, қара құлақ (құлын, қасқыр), қарақұрт, қара-күйе, қара мал, қара нар, қара сүлік, қара тоқылдақ, қара торы (ат) т. б.

**Боз:** боз жорға, боз қасқа (ат, сиыр, қой), боз қоңыр (жылқы), боз інген, боз жирен (жылқы), боз көжек, боз жапалақ, боз қой, бозторғай, бозшымшық, боз ешкі т. б.

**Қызыл:** қызыл ат, қызыл сиыр, қызыл балық, қызыл күрең (ат), қызыл қанат (балапан), қызыл суыр (тышқан), қызыл шақа (балапан), қызыл бас (үйрек), қызылқұйрық (торғай), қызыл балақ (қыран) т. б.

**Сары:** сары маса, сары сүйек (жылан), сары ауыз (балапан), сары ала (қаз), сары сиыр, сары ешкі, сары тай, сары шымшық, сары төбет, сары қоңыз, сары шұнақ (тышқан), сары шаян, сары жирен (жылқы) т. б.

**Сұр:** сұр ат, сұр жылан, сұр қоян, сұр төбел (жылқы), сұр бүржіт, сұр күшік, сұр тышқан, сұр дуадақ, сұр кесіртке, сұр қарлығаш, сұр қасқа (ат), сұр қасқыр, сұр қауырсын, сұр тазы, сұр тарғақ, сұр торғай т. б.

**Көк:** көк айыл (қасқыр), көк жал (ат, қасқыр), көк кептер, көк көгершін, көк көбелек, көк қарға, көк қасқа (ат), көк мойнақ (ит), көк серек (қасқыр), көк серке, көк айғыр, көк тайлақ, көк қой, көк тырна, көк үйрек, көк шағала, көк шақа (балапан), көк бөрі, көк шұлан (қасқыр), көк шыбын, көк шымшық т. б.

### АСПАН ӘЛЕМІ

Аспан әлемі дегенде біз ең алдымен тіршілік көзі — күнді, көк күмбез астындағы ай мен жұлдыздарды көз алдымызға келтіреміз. Аспан денелерінің көрінуі мен көрінбеуіне байланысты болатын қараңғы мен жарық т. б. түр-түс құбылыстары да осы салаға жатса керек. Бірақ олар көп емес. Мысалы: *қызыл күн- қараңғы түн, көк күмбез, көк аспан, көгілдір аспан, жарық ай, жарық жұлдыз, Сарыжұлдыз, Ақбозат (жұлдыз), қара түн, ақ таң, ақ күн, ақ нұр, ақ сәуле, ақ түн, ақ шапақ, қара*

құрым (кеш), қара көлеңке, қара түнек, көк әлем, көк тәңірі, көк жұлдыз, көк сәуле, боз аспан, боз ала (таң) т. б.

Аспан әлеміне қатысты тілдік фактілерге сүйеніп айтарымыз: жер бетіндегі дүниенің бәріне өзінің жарық сәулесін төгіп, олардың түр-түсін өз бояу-нақышымен көрсетуші — күн болғандықтан аспан әлеміндегі басқа денелердің бәрі негізінен жарыққа, қараңғыға байланысты ақ, қара және көк (көгілдір) түрінде ғана жарқырап, не қарауытып көрінетіндігі байқалады.

### ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

Табиғат құбылыстарына біз ауа райын (жаңбыр, қар, жел, бұлт, тұман т. б.), нажағай, тасқын, жер сілкіну, кемпірқосақ т. б. жатқызамыз. Бұларға байланысты да тілімізде біршама түр-түс атаулары бар. Біз олардың негізгі түр-түске қатыстыларына ғана мысал келтіреміз.

**Ақ:** ақ боран, ақ жауын, ақ қаптал (боран), ақ қырау, ақша бұлт, ақ сұр (бұлт), ақ бұлт, ақша қар, ақ түтек (боран), ақ жаңбыр, ақ қала (қар соқпағы), ақ қаншық (боран), ақ толқын, ақ сағым, ақ бұршақ, ақ мұнар, ақ жалын, ақ борасын т. б.

**Көк:** көк дауыл, көк мұз, көк сағым, көк тайғақ, көк тұман, көктем, көкше мұз, көкжиек, көк мұнар, көк түтін, көк толқын, көк жауын, көк нөсер, көк өрт, көк жалын (от), көк ағыс, көк аяз, көк бұлт, көк долы (жел), көк салқын, көк сен, көк ұшқын т. б.

Табиғат құбылыстарына байланысты түр-түстің осы екі негізгі түрі (ақ, көк) көбірек қолданылады екен. Табиғат құбылыстарының қалған түр-түстермен тіркесуі әлдеқайда аз. Мәселен, **қара:** қара жел, қара боран, қара суық, қара қатқақ қара нөсер, қара дауыл т.-б.; **жасыл:** жасыл найза (найзағай), жасыл жаз, жасыл жалын, жасыл мұнар, жасыл ұшқын, жасыл толқын т. б.; **сары:** сары жел, сары сағым, сары жалқын, сары таң; **боз:** боз тұман, боз қырау; **қызыл:** қызыл жел, қызыл мұз, қызыл таң, қызыл жалын, қызыл шұнақ (аяз), қызыл жел т. б.

### ЖЕР МЕН ОНЫҢ БЕДЕРІ

Шартты түрде алынып отырған бұл тарауға тек жер мен жердің бедеріне ғана (тау, қырқа, жазықтық, ой-

пат, ой-шұңқыр) емес, сонымен қатар жер жыныстары (тас, құм, топырақ, саз-балшық), жер асты байлықтары (темір, көмір, алтын, күміс, жез, мыс, асыл тастар т. б.) мен химиялық заттар (тұз, мұнай, минералдар), сондай-ақ су қоры (теңіз, өзен, көл, бұлақтар) да енеді.

**Ақ:** ақ балшық, ақ қыш, ақ малта, ақ металл, ақ құм, ақ тас, ақ болат, ақ бұлақ, ақ дала, ақ жазық, ақ жайлау, ақ жамбы, ақ күміс, ақ құм, ақ құмайт, ақ меруерт, ақ мәрмәр, ақ топырақ, ақ беріш, ақ маржан, ақ тақыр, ақ төбе, ақ жота, ақ темір, ақ алтын, ақ тұз т. б.

**Қара:** қара алтын, қара балшық, қара бақыр, қара жер, қара құм, қара құмық, қара су, қара топырақ, қара тікен (тұз), қара батпақ, қара лай, қара теңіз, қара көл, қара жол, қара төбе, қара қаптал, қара тас, қара тау, қара саз, қара биік, қара жоң, қара құдық, қара темір, қара сұрме, қара тақыр, қара жота т. б.

**Қызыл:** қызыл алтын, қызыл құм, қызыл су, қызыл топырақ, қызыл теңіз, қызыл тас, қызыл жота, қызыл бұйрат, қызыл жар, қызыл жартас, қызыл меруерт, қызыл мәрмәр, қызыл мыс, қызыл қия, қызыл бұлақ т. б.

**Көк:** көк зеңгір (тау), көк төбе, көктас (малахит), көк темір, көк шойын, көк теңіз көк көл, көк төбе, көк бұйрат, көк өзек, көк шым, көк адыр, көк айдын, көк алқап, көк алмас, көк арал, көк бел, көк белес, көк болат, көк бұлақ, көк дала т. б.

**Сары:** сары топырақ, сарадыр, сарарқа, сары алтын, сардала, сары құм, сары жаз, сары жота, сары жартас, сары қыш, сары тас, сары теңіз, сары бел, сары су, сары шағыл, сары ой т. б.

Бұл салада да **сұр** (сұр топырақ, сұр тас, сұр дала т. б.); **боз** (боз жер, боз дала, боз белес, боз топырақ т. б.) және **жасыл** (жасыл көк, жасыл теңіз т. б.) түр-түстері сирек кездесетіндігін көреміз.

### **АДАМҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТҮР-ТҮСТЕР**

Адамға байланысты ұғымдарға біз ең алдымен оның дене мүшелерін, сыртқы тұлғасын, іс-әрекетін, физиологиялық қасиеттерін, ішетін тамағы мен киетін киімін, ойлау, сөйлеу қабілетін, туыстық қатыстарын, ауруын т. б. ерекшеліктерін енгіземіз. Түр-түс атауларының бұл салада қолданылуын түгел қамту мүмкін емес. Сондықтан біз олардың негізгілерін ғана қамтуға тырыстық.

**Ақ:** ақ байпақ (киім), ақ білек, ақ жарқын, ақ желен, ақ жаулық, ақ мандай, ақ иық, аққұба, ақ ниет, ақ

пейіл, ақ сары, ақсақал, ақ саусак, ақ сүт, ақ сүр (өнді), ақ тамақ, ақ ірімшік, ақауыз (ауру), ақжолтай, ақ жүрек, ақ құйрық (шай), аққұман, ақсарыбас (ырым), асүйек, ақтандақ (ауру), ақ ару, ақ бәтес, ақ бөпе, ақ бұғақ, ақ дидар т. б.

**Қара:** қара нан, қара халық, қара адам, қара азу, қара азық, қара қас, қара шаш, қара айдар, қара ақыл, қара аяқ, қара қазан, қара қазақ, қара сирақ, қара борбай, қара бала, қара бақай, қара барқыт, қара мақпал, қара батыр, қара басы, қара бауыр, қара бәйбіше, қара бет, қара көз, қара бөрік, қара бұқара, қара білек, қара торы (жігіт), қара дәу т. б.

**Қызыл:** қызыл ауыз, қызыл көз, қызыл кеңірдек, қызыл тіл, қызыл сөз, қызыл езу, қызыл дәрі, қызыл бұрыш, қызыл ер, қызыл ет, қызыл жаулық, қызыл жасак, қызыл шырай, қызыл жүз, қызыл иек, қызыл өңеш, қызыл қабақ, қызыл көмей, қызыл қан, қызыл қарын, қызыл мақпал, қызыл маржан, ызыл мауыт т. б.

**Көк:** көк ауыз, көк бас, көк барыт, көк бет, көк езу, көк көз, көк бауыр, көк долы, көк ерін, көк ет, көк етік, көк жейде, көк желке, көк жөргек, көк кесе, көк көйлек, көк көрпе, көк кіреуке, көк масаты, көк мауыт, көк ми, көк мылжың т. б.

**Сары:** сары ауыз, сары қарын, сарыгідір, сары ауру, сары төсек (ауру), сары бауырсақ, сары май, сары жамбас, сары көз, сары қазы, сары қаймақ, сары қымыз, сары құман, сары мұрт, сары нәсіл, сары ожау, сары сақал, сары рең, сары самауыр, сары су (ауру) т. б.

Бұл салада да жиі қолданылатын негізгі түстерге *ақ, қара, қызыл, көк* түстер жатады екен. Басқа *боз* (боз-бала, боздақ, боз көже, боз көз, боз өкпе, бозамық т. б.), *сұр* (сұр түс, сұр жұмыскер, сұр жігіт, сұрша қыз, сұр жүз, сұр мерген, сұр шұға т. б.) өте сирек кездеседі де, *жасыл* түсті мүлдем қолданылмайды десе де болады.

### ҚОҒАМҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТҮР-ТҮСТЕР

«Қоғам деген сөзге өте көп ұғым енеді. Біз бұл топқа адам баласының бірлесе, қауымдаса өмір сүруіне қажетті шаруашылық, кәсіпшілік, егіншілік т. б. салаларына, қоғамдық қарым-қатынасқа байланысты, материалдық және рухани мәдениетке, өнер-білімге, әдет-ғұрып, салт-санаға, діни көзқарасқа, тіршілікке қатысты қолданылатын түр-түстердің әдетке айналып, тұрақтанғандарын ғана енгізіп отырмыз.

**Ақ:** ақ құлақ, ақ құйрық (ақша), ақ орда, ақ отау, ақ шаңқан (үй), ақ үй, ақ жайлау, ақ банды, ақ адал (мал), ақ алмас, ақ семсер, ақ алтын (мақта), ақ берен, ақ жалау, ақ жер, ақ қағаз, ақ сабын, ақ сауыт, ақ табан (сойыл), ақ табан (шұбырынды), ақ үйлі (аманат), ақ өлім, ақ сұпы, ақ найза, ақ бата т. б.

**Қара:** қара шаңырақ, қара албасты, қара аруақ, қара балта, қара берен, қара бояу, қара бұқара, қара дуана, қара жалау, қара жау, қара жамылған, қара заман, қара заң, қара зұлмат, қара зындан, қара күйме, қара кілем, қара үй, қара күрке, қара қағаз (өлімді хабарлаушы), қара мылтық, қара құдық, қара өлім т. б.

**Қызыл:** қызыл жалау, қызыл әскер, қызыл сақшы, қызыл армия, қызыл асаңа, қызыл байрақ, қызыл бояу, қызыл жоса, қызыл жұлдыз, қызыл кітап, қызыл кірпіш, қызыл диплом, қызыл қарындаш, қызыл қырман, қызыл отау, қызыл керлен, қызыл май т. б.

**Сары:** сары жалау, сары садақ, сары былғары, сары қыш, сары сайтан, сары жасын (оқ), сары сүргін, сары тоқым (ұры), сары тора (шақ), сары жұрт, сары аңыз т. б.

Бұл салада да *сары, көк, боз, сұр* түстер аз қолданылады. Онда да олардың ауыс мағынасын көбірек аңғарамыз. Мысалы, «сары тоқым» тіркесі әбден әккі болған баукеспе ұрыға байланысты, «сары жұрт» тіркесі «ескі, көне қоныс орны», «қалың ел мекен-жайы» мағынасында қолданылып жүр.

## ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Жоғарыда біз түр-түс атауларының ана тілімізде қандай заттар мен құбылыстарды сипаттай алатынын байқадық. Тіліміздегі түр-түс атауларының қатысымен жасалған неше мың анықтауыш тіркестерден бүкіл табиғаттың тамаша көрінісін: аспан әлемі мен жер бетін, жүгірген аң, ұшқан құстардың мың түрлі түр-түсін, адам және адам қоғамының бейнесі мен сан алуан құбылысын өзінің табиғи бояу-нақышымен тануға мүмкіншілік алдық. Егер осы құбылысты сөз арқылы емес, көз арқылы танып-білсек, қаншама эстетикалық ләззат алған болар едік.

Осыншама көп, түрлі түсті бояудың тіршілік көркі, өмір өрнегі ретіндегі тамаша қызметі, байыптап қарасақ, тек бір затты екінші заттан, бір құбылысты екінші құбылыстан, өзімізді басқадан, өзгені өзімізден түстеп

ажырата білу үшін ғана емес (мыс.: *қара ат, боз ат, көк ат* немесе *ақ тас, көк тас, қара тас* т. б.), сонымен қатар олардың тылсым сырын терең аша түсуге, кез келген зат пен құбылыстың, сайып келгенде, ұлы табиғатпен тектес, ұқсас екендігін өзімізге де, өзгеге де паш етуге арналған.

Бұл — мәселенің тек бір-ақ жағы. Мәселенің екінші, мәнді де маңызды жағы — осыншама бай тілдік фактіні пайдалана, қолдана білуімізде. Басқаша айтқанда, түрлі түсті дүниемізді өз бояу-нақышымен, әр қырынан жарқырата, мың құбылтып көрсете білуде. Сондықтан да бұл мәселе тілді тұтынушы қауымның талғам-талабына сай сөз зергерлерінің сөз ұстарту шеберлігіне де байланысты болса керек.

Ана тіліміздің түр-түс лексикасының байлығымен біз жоғарыда таныстық. Одан аңғаратынымыз: әрбір түстің өз өрнегімен өмірде алатын орны, атқаратын қызметі бар екен. Табиғат, қоғам өмірінің әр саласына сәйкес әрбір түс пен реңктің атқаратын қызметі де, қолданыс жиілігі де әр түрлі болады екен.

Біздің жинаған материалдарымызға қарағанда, барлық салада ең көп қолданылатын түс — *қара*, одан кейінгі — *ақ*, одан кейін — *көк*, төртінші орында — *қызыл*, бесінші орында — *сары* т. т. Бұл түр-түс атауларын қолданудағы объективті фактор болса, оның субъективті көріністері де жоқ емес. Мәселен, біреуге *ақ* түстің, екінші біреуге *көк* түстің, ал үшіншісіне *қызыл* түстің ұнауы, немесе сол түстерге боялған заттардың (киім-кешек, кілем т. б.), табиғи құбылыстардың (аспан, бұлт, гүл, орман т. б.) әр түрлі әсер етіп, ұнамды, ұнамсыз болып көрінуі — өмірде кездесетін жағдай. Жеке адамның түр-түске деген «көзқарасы» тек оның физиологиялық, психологиялық, эстетикалық таным-талғамына ғана емес, сонымен қатар рухани дүниесіне, мәдени-білім дәрежесіне, мінез-құлқына, ұлттық ерекшелігіне, тіпті жасы мен жынысына да байланысты болады екен. Мәселен, қазақта «Қыздың көзі қызылда» деген мақал бар. Бұл арадағы қызыл түске деген құмарлық, әрине, адамның жасы мен жынысына байланысты екенін аңғару қиын емес. Жас қыздардың қызылды-жасылды көйлек киіп, мойнына алқызыл моншақ тағынуы елдің бәріне аян. Сондай-ақ жас келіншектердің киген киімінің, ұстаған үй жиһаздары мен тұтынған бұйымдарының (кілем, көрпе-жастық, орамал, сәукеле, шымылдық, түскізі, текемет т. б.) бояу-нақышы айқын, қанық, түрлі



түсті болып келеді. Ал мосқал, не карт әйелдер болса, «жасы келген адамға қызыл-жасыл жараспайды» деп, көбіне-көп қоңыр түсті киім-кешекті қалайды. Ал еркектер қауымы ертеректе бас киім, сырт киімдердің қоңырын, қарасы мен солғын түстілерін көбірек ұнатқан. Түрікменстандағы базарларға бара қалған адам осы күнге дейін әйелдер жағы алыстан айшықтанып, қызыл ала болып, еркектер жағы қара қоңыр болып, айқын екі түске бөлініп тұратындығын байқайды. Кейде ашық, қанық түсті жақсы көруді тек адамның жасы мен жынысына ғана емес, сонымен қатар оның мінез-құлқына да (жеңілтектігіне, әлеуекештігіне, есалаңдығына) байланыстырады (мыс.: орыс тілінде «Дурак любит красный цвет» деген сөз бар). Сондай-ақ, қара түстерді (қара, қоңыр, сұр, көк, қошқыл т. б.) ұнатуды, керісінше, салмақтылықтың, мінезі ауырлықтың, байсалдылықтың, ойшылдықтың, кейде тіпті қаталдықтың нышаны деп тану да бар.

Түр-түске байланысты мұндай жеке адамдардың басына ғана тән (индивидуальды) қасиеттерді ескеру, оларды зерттеу медицина, психология, физиология пәндерінің міндеттеріне жатады. Алайда, ондай ерекшеліктердің біразын тіл мамандары да байқай алады екен. Мәселен, жеке адамның ұнататын, не ұнатпайтын түр-түстерін білудің бір жолы — олардың жазғандарына (көркем шығармалары мен публицистикалық еңбектеріне) талдау жасап, әр түрлі түстер мен реңктерді қолдануын анықтау. Ақын-жазушының қай түсті қанша рет қайталауы мен қай ыңғайда көп, не сирек қолдануы зерттеуші назарынан тыс қалмау керек және ол статистикалық-есептеу тәсілдерін пайдалануды талап етеді. Ақын-жазушы стиліне байланысты тұжырым жасау үшін зерттеушілердің ескеретін бір жағдайы: бірде-бір қаламгер түр-түсті алдын ала сайлап, таңдап алмайды, қолданыстың барлығы стихиялық түрде іске асады. Демек, ол түр-түстерді әдейілеп емес, жеке басының таным-талғамына сай қолданады. Міне, осыған байланысты автор тілінің ерекшелігі мен стильдік мәнері қақында тұжырым айтуға болады.

Осы мәселені арнайы зерттеген лингвист ғалымдар орыс ақын-жазушыларының ішінен, мәселен, М. Горькийдің *қызыл* түсті, И. Куприннің *сары* түсті, Паустовскийдің пейзаж бояуларына тән *көк, көгілдір, жасыл* түстерді елден ерекше көбірек қолданатынын анықтаған болатын. Сол сияқты М. Шолоховтың «Көтерілген тың»

атты романының тілін арнайы зерттеген ғалым М. А. Ляпина жазушының ең көп, әрі жиі қолданатын сөз тіркестері қара түспен, одан кейін ақ түспен, үшінші орында сұр түспен келетінін дәлелдеп шыққан.

Дәл осындай жағдайды біз қазақ ақын-жазушыларының сөз қолданыстарынан да байқаймыз. Мысалы, біздің жинаған материалдарымызда С. Сейфуллин өз шығармаларында *қызыл*, І. Жансүгіров — *көк, жасыл*, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісовтер — *қара түс* атауларын көбірек те жиірек қолданатынын көреміз.

Түр-түстерді қолдану тенденциясы дегенде екі түрлі жағдайды ескерген жөн: біріншіден, бір түстің атауын қайталап, оны жиі қолдану; ол автордың белгілі түске құмарлығын, әуестігін аңғартады, оны статистингвистикада қолданыс жиілігі дейді; екіншіден, белгілі бір түсті әр алуан сөздермен қиыннан қиыстыра, орынды да образды тіркестіре білу; бұл арада біз ақын-жазушының өзіне тән сөз саптау тәсілін, стильдік ерекшелігін аңғарамыз.

Бұл ерекшеліктердің артында автордың өз басына тән психологиялық, эстетикалық, творчестволық ерекшелігі, сондай-ақ дүниетанымы, ой толғанысы, мінез-құлқы (байсалдылық, батылдық, ойшылдық т. б.), көңіл күйі (реніш, қуаныш, күйіну, сүйіну) т. б. қасиеттері тұруы сөзсіз. Мәселен, *ақ* түске байланысты: *ақ аю, ақ алмас, ақ балшық, ақ бата, ақ жалау*; *қара* түске байланысты: *қара күш, қара түн, қара нан, қара топырақ* т. б. тіркестерді біз тіл тәжірибесінде әбден тұрақтанған, елдің бәріне етене таныс тіркестер деп есептейміз. Бірақ көркем сөз саласындағы творчестволық ізденістер тіл байлығының бұл мүмкіншіліктерінен толық пайдалана отырып, оларды басқа қырынан көрсетуге, немесе жаңа тіркестер жасауға тырысады.

Талантты ақын-жазушыларымыздың түр-түс атауларынан небір соны тіркестер жасап, орынды да образды қолдануына бірнеше мысал келтірейік: Мінеки, енді тілеген, *Қызыл күнге* жеттік біз: Партия бас, *Қызыл батыр* жаңа өмірді қалап жатыр (С. С.). Жігер білек, жау жүрек *Қызыл қыран*. Үйрен, оқы, жас түлек, Ойна, жайна (І. Ж.). Сол көптің ішінде *«ақ сирақ»* боп қалғанның бірі — осы Қараша (М. Ә.). Менің қолымда *қара гүреш* ақша жоқ (Ғ. Мүс.). Кенет Аққозы қойнынан *қара құранды* суырып алды (І. Е.). Екі күн, бір түн дыбыссыз, тынымсыз жауған қар жер жүзін *ақ бүлдеге*

бөлеп тастады (Ғ. Мұст.). Қазір нағыз шөйік кезі... *ақ ауыз шағы ғой* (Ә. Нұрп.). т. б.

Көріп отырғандай, жаңа да соны тіркестерді өз ыңғайында қолданып, түр-түс атауларымыз бен ұғымдарымыздың өрісін кеңейту ақын-жазушы шеберлігіне байланысты екен.

Бірақ түр-түс атауларын қолдану дегенді біз қаламгерлердің бояу-нақышқа әсіре қызыл сөзге әуестігі деп түсінбейміз. Лексикамыздың бұл байлығын жете меңгеру — табиғат құбылысын, адам мен қоғам өмірінің сан қырларын жетік білу. Қоғам мен табиғат заңдылығын білмей, жалаң суреткерлікке салыну, түр-түс байлығын, онды-солды пайдаланып, ылғи ауысып, құбылып отыратын реңктердің нәзік табиғатын аңғармау — суреткерліктің емес, жай «суретшіліктің» машақаты.

### ТҮР-ТҮС ЖӘНЕ КӨРКЕМ СӨЗ

**Табиғат суреттері.** Ғылым мен техниканың қарыштап дамуы арқасында бүгінгі таңда адам баласы өзінің қасиетті мекені — планетаға жарық космостан қарап тамашалауға мүмкіндік алып отыр. Сонау ғарышта айлап емес, жылдап ұшып жүрген совет космонавтарының айтуына қарағанда әлемде Жерден сұлу нәрсе жоқ көрінеді. Көгілдір көк жібекке оралған көк жасыл шардың бұл көркін тамашалау әрине, космонавтардың ғана үлесіне тиген. Ал жер бетін мекен еткен адам баласына өзін қоршаған табиғат: аспан — көгілдір түске бөленген көк күмбез, көз ұшы жететін көкжиекке дейін созылып жатқан қара қоңыр кер дала, көк жасыл орман, айдынды шалқар көл-теңіздер. Жылдың төрт мезгіліне сай төрт түрлі түсі барын да білеміз: *ақ түс* қысқа тән, *қоңыр түс* — күзге, *сарғыш көк* — ыстық жазға, *көк жасыл* — көктемге тән түстер. Жылдың төрт мезгіліне байланысты ұшқан күс пен жүгірген аң, құрт-құмырсқа, бақа-шаяндар да өздерінің түсін өзгертіп, өмір сүрген ортаға бейімделетіні көптен-ақ белгілі. Өрісін ауыстырған ақбөкеннің жыл мезгіліне қарай түлеп, түгін өзгертуі, дала қыраны мен тау қыранының өз ортасына лайық өсуі, боз даланы мекендейтін бозторғайдың секпіл жұмыртқасын өзі түстес шөп арасына жасыратын әдеті, тау-тасты сұр жыланның мекендейтіні, орманды жерді қара шұбар жыланның жайлайтыны, құмды жердің кесірткесі құм түсті болатыны, көгорай шалғында жайылған көк қасқа шегіртке мен гүл-бәйшешекті аралап,

ұшып-қонып жүрген қызыл ала көбелектер — осының бәрі табиғат заңына сәйкес тіршілік көріністері. Фауна-ның флораға сәйкес өзгеру қасиетін зоологтар «сақтаныш реңктер» («защитный цвет»), немесе «бүркеніш реңктер» («маскировочный цвет») деп атаса, ондай түстер адам мен соғыс техникасын жау көзінен тасалау үшін де қажет. Мәселен, жауынгерлер шөп түсті халаттар кесе, әскери самолеттер жер бетінің түсіне лайықты қоңыр, қоңыр жасыл, көк, сары түстерге боялады.

Аспанда ұшқан құстар мен жерде жортқан аңдар сияқты, теңіз, көл түбіндегі балықтар да су түсіне сәйкес өмір сүреді екен. Мәселен, теңіз түбін зерттеген американ биологы Байб су астындағы сәуле мен түр-түс реңктерінің өзгеріп, ауысып отыратынын былайша суреттейді: «Біз су түбіне түскенімізде алтын түсті сарғылт дүние күтпеген жерден жасыл түске айналды. Ол өте шымқай жасыл, күңгірт түске ауысты. Суға алғаш батқанымызда көзімізге спектрдің жылы (қызыл, қызғылт, сары) сәулелері түспей қойды; біраздан соң жасыл түстер сары реңктерді жойып жіберді. 60 м тереңдікке шөккенімізде судың түсі жасыл көк, немесе көкшіл жасыл түсте еді. 160 м тереңдікте ол қою көк түспен боялғандай болды, 300 м жеткенде судың түсі қара көк, қара бозғылға айналды. Ал көк түс жойылған кезде, оның орнын күлгін түс басты. Спектрдің бұл соңғы түсі — ғажайып нәрсе<sup>1</sup>. Әр деңгейде әр түрлі түсті балықтар тіршілік етеді екен.

Аспан әлеміне байланысты біз қандай түстерді білеміз. Халықтың түсінігі бойынша: аспан — *көгілдір*, жұмыртқадай жұмыр жер көк өгіздің мүйізінде тұр, аспан сол көк өгіздің түсіне ұқсайды. Шолпан — үлкен *ақ* жұлдыз. Есекқырған — *сары*, немесе *сарғыштау* жұлдыз, Марс — салқын жұлдыз, түсі *қызыл* шұнақ аяз тәрізді. Сондықтан оны халық Қызылжұлдыз деп те атайды. Темірқазық — *жарық*, Сұлусары (Ригель) жұлдызы — *көгілдір*, Альдебаран («Көгалдай, мергеннің Көкшапағы») — жосадай *қызғылтсары*, Артур жұлдызы («Қойшының қоңыр жұлдызы») — *қызыл қоңыр*. Ақбозат — *ақ* түсті, Көкбозат — *көк* түсті жұлдыздар.

Ал осындай халық арасына кең тараған аңыз-әңгімелердің бірінде: Ай мен Күн — егіз туған керемет сұлу екі әйел екен. Әсіресе Ай сұлуырақ болыпты. Күн қыз-

<sup>1</sup> Я. Перельман. Қызықты физика. 2-басылуы. Алматы, 1956, 233-бет.

ғаныш білдіріп, оның бетін тырнап алыпты-мыс. Содан бері Ай бетінде дақ пайда болған. Халықтың аса қадір тұтатын жұлдызы — Шолпан. Таңның атуын, Күннің бауын халық сол Шолпанға қарап анықтай білген. Аспан әлеміндегі түр-түстерді халық осылай бақылап, өзінше анықтап келген.

Қыста қатты жауын жауып, арты аязға айналғанда жұт болып, мал қырылатынын білген халық, ол көбіне-көп қоян жылында болады деп санайды. Осындай жұттардың бірін *Қоянкөк* деп атаған. Дала жалшы, диқандары мен аңшылары жыл мезгілін, әр түрлі маусымды, тәулікті, сондай-ақ бағыт-бағдарды жұлдыздарға қарап айыра білген. Мәселен, ақ таңдай ала бұлт болып шұбатылып жатқан Құсжолының орналасуына, ақпа жұлдыздардың (метеориттердің) түр-түсіне, санына байланысты ертеде түн мезгілін анықтаған. *Темір қазық жас-танбай... ерлердің ісі бітер ме?* деген жолдардан түн асып, жортуылда жүрген жауынгер өзінің төрт құбыласын Темірқазыққа қарап анықтайтынын аңғару қиын емес.

Табиғат құбылыстарының бірі — полярлық шұғыла («северное сияние»). Полярлық шұғыла — электрондар ағымының атмосфера ауасының жоғары сирек қабаттарымен жүруінен пайда болатын жарқыл. Күннен келген электрондар көбінесе жер шарының магниттік полюстерінде күшті болғандықтан ол полярьеде жиі байқалады. Мәселен, солтүстіктен шыққан қызыл шұғыла Темірқазықты басып өтіп, құбылаға қарай жайылып, аспан әлемін жосадай қызыл жалынға бөлейді. Оның көкжиекпен шектескен шеті қойдың қою қанындай қошқыл қызыл түске енсе, оның үстіңгі жағы доғаша иіліп, жоғарылаған сайын бұл түс су араласқан қан сияқты солғындап, бара-бара ашық қызылға айналады. Оның әр жерінде алқызыл, шиедей қызыл, сарғыш, жасыл жусанның түсіндей шоқ-шоқ шұғылалы елестер байқалып тұрады. Осы бір сан түрлі сәулелі бояудан адам көз ала алмай қарап тұрғысы келеді<sup>1</sup>.

Мұндай фактілерді көптеп келтіруге болады. Қорыта айтсақ, композиторға да, суретшіге де, ақын-жазушыға да шабыт беретін, музыканың сиқыр сазына, қыл қаламның сан алуан бояу-нақышына, көркем сөздің көркіне арқау болатын дүние — ең алдымен бізді қоршаған табиғаттың өзі.

<sup>1</sup> Х. Әбішев. Аспан сыры. Алматы, 1966, 240-бет.

**Адамның өзін-өзі суреттеуі.** Айналадағы табиғатты біршама танып болған адам өзін танып-білуге көп әрекет етіп келеді. Ол өзінің адамдық қасиетін, рухани дүниесі мен мінез-құлқын, жүріс-тұрысы мен т. б. ерекшеліктерін танып-білумен ғана шектелмей, сыртқы пішінін, бет-әлпетін, реңін, шырайын, денесінің (көзінің, қас-кірпігінің, шашының, сақал-мұртының т. б.) түсін анықтауға да қатты көңіл бөлген. Осының нәтижесінде тілімізде жүздеген түр-түстік тіркестер, теңеулер, салыстырулар пайда болған. Олардың біразын біз жоғарыда анықтауыш сөз ретінде келтірдік.

Ал сол тіркестерді тіл дәстүрінде, көркем шығарма тілінде адамдарды жаң-жақты сипаттау үшін, кейіпкерлердің портретін, бейнесін, тұлғасын жасау үшін қолдана білу — шеберліктің нышаны. Оның қайнар көзі, әрине, халық ауыз әдебиетінде, ескіден келе жатқан жыр-дастандарда жатыр. Олардың небір тамаша нұсқасын халық ақындарының бай мұрасынан, тілімізде қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа сақталып келе жатқан фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден іздеп табуға болады.

Мәселен, тіліміздегі *сын тағу, сын айту, сынақтан өткізу* деген тіркестердің бүгінгі мағынасын «сын» деген сөздің күні кешеге дейінгі қолданысымен салыстырғанда арасы жер мен көктей. Бұл сөз ертеректе сұлу қыз, көркем жігіт, жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тауыға байланысты айтылып, олардың сын-сымбатына, көркі мен түр-түсіне, жақсы-жаман қасиетіне қатысты ұғымды білдірген. Кешегі қазақ даласында осы қасиеттерді тап басып, тани білетін, байыбына жетіп, саралай білетін зерделі де зерек сыншылар болған. Бірақ ол сыншылар мен бүгінгі сыншылардың түп мақсаты бір бола тұрса да, міндеті басқа-басқа. Дәстүрге айналған осындай сынның талаптарына адамның реңін, шырайын, дене мүшелерінің түр-түстерін анықтау да енді. Осыған орай бұрынғы сыншылар әрбір түстің, реңктің қадір-қасиетін, мән-мағынасын көркемдік танымы мен сұлулық эстетикасы тұрғысынан қарады. Әрбір түстің өзіндік мәнін айыра білді.

Түр-түске қойылатын талаптың бірі сұлулық идеялына байланысты болды. Мәселен, ұлттық дәстүр бойынша халық қаса сұлу бейнесінен әрқашанда контрасты үш түстің — *ақ, қара, қызыл* түстердің ашық та қанық реңктерін көруді қалады. Осыған орай: ақ маңдай, ақша бет, ақ тамақ, ақ саусак, ақ білек, ақ бармақ, ақ

бұғақ, ақ дидар, ақ жүз, ақ тән, ақ төс, ақ тіс, ақ құба  
өң, қара көз, қара қас, қара шаш, мойылдай қара мұрт,  
сүмбіл қара шаш, қызыл ерін, қызыл рең, қызыл шырай  
т. б. тіркестер пайда болып, оларды дәстүрлі түрде қол-  
данып келеміз. Әрине, қазақ әйелдерінің бәрі бірдей ақ  
құба, қара көзді, қолаң қара шашты, оймақ ауыз, қызыл  
бет, қызыл ерін бола бермейді. Олардың ішінде қарасы  
да, қара торысы да, бидай өңдісі де, сарысы да, шикіл  
сарысы да, сондай-ақ сұрша көздісі де, қой көздісі де,  
көк көздісі де бола береді. Олардың бәрі де өзінше әсем,  
өзінше көркем, тіпті сырт пішіні сүреңсіздеу келсе де,  
бірақ ішкі дүниесімен, бай мінезімен сұлу көрінетіндер  
қанша. Жан сұлулығы мен тән сұлулығын бағалай біл-  
ген халық бұл қасиетті де ескерген. Алайда, дәстүрдің  
аты — дәстүр: қаса сұлу бейнесінен ақ, қара, қызыл  
түстердің контрасты үйлесімін іздеген қазақтар оларды  
сұлулықтың нышаны деп білген. Мәселен, славян ха-  
лықтары үшін алқызыл ақша бет, көк көз, алтындай ақ  
сары шашты әйел — сұлулықтың идеалы. «Орыс сұлуы»  
дегенде көз алдына ең алдымен осындай бейне елес-  
тейді.

Ал енді бет-әлпеті, шырайы, дене мүшелерінің түр-  
түсі басқаша болып келсе, ежелден қалыптасқан дәстүр  
тұрғысынан олар бізге мүлдем басқаша әсер етіп, өзге  
ұғым тудырған болар еді. Мәселен, *қара көздің* орнына  
*қызыл көз*, не *ақ көз* десек, *қара қастың* орнына *ақ қас*  
десек, қалай түсінген болар едік. Мұндағы *қызыл көз*—  
«пәлеқор», *ақ көз* — «батыл», *ақ қас* — «бақытты, қай-  
ғысыз» (Түшкірген балаға айтылатын «Ақ қас, мұңсыз  
бол!» деген тілек осыдан шыққан) адам деген ұғымдар-  
ды білдіреді.

Демек, сұлу әйелді суреттеуге жалпы емес, белгілі  
түр-түс атауларының ғана қатысы бар екен. Осының  
бір үлгісін «Абай жолынан» келтірейік: «Олардың ал-  
дына ұзын бойлы, ақ ажары айқын көрінген қыз келді.  
Қоюлау қасы, қолаң қара шашы да шырайын аша түс-  
кен. Шаш реңінен өңі басқа, үлкен нұрлы сұрша көзі  
бар сұлу сәнді қыз. Ұзындау біткен аппақ жұмыр мойын  
да жас сұлудың толықтығын байқатады. Тамақ астын-  
дағы ақ бұғағы бір толқып сәл білінеді. Саусақтары  
салалы, аппақ сүйріктей боп, ұштары үшкірлене біткен...  
Мағрипаның көп қонақ үстіне кіргенде екі беті ду етіп  
қызарып, қып-қызыл еріндері ұялғандай жымып, ап-  
пақ кесек тістерін көрсетті...»

Көріп отырмыз, бүгінгі қазақ классик жазушылары

да сұлу портретін жасағанда халық дәстүрін сақтап отырады.

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бірақ шынайы шеберлік әрбір ақын-жазушының өз талғам-танымына, табиғат сыйлаған дарынына байланысты болса керек. Көркем шығармада түр-түс атауларын қалыптасқан дәстүр ретінде пайдалану бар да, қатып қалған шаблон жоқ. Творчествода көркем сөздің басқа тәсілдері сияқты, түр-түс атаулары да дарындылыққа, шеберлікке есігін кең ашатын тіл байлығымызға жа-тады.

Қазақ ақын-жазушыларының тілі, стилі осы тұрғыдан арнайы зерттелген емес, бірақ зерттеуге тұрарлық, әрбірінің өзіне тән сөз саптау шеберлігі, өнеге-үлгі етіп ұсынуға болатын жақтары аз емес. Кейбір қалам қайраткерлерінің туындыларын оқып отырып, түр-түс атауларының соншама бай мүмкіншілігіне, оларды құбылта, құлпырта пайдаланғанына таң қалуға болады.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін ақын-жазушылардан мысал келтірейік.

Мысалы, Ғ. Мүсірепов «Алғашқы адамдарда» жасы он жетіге жаңа келген жас қыз Шәйзаның ауыр жағдайын, күйкі де көңілсіз өмірін былай суреттейді: «Өмірдің уы Шәйзаның балаң ойына түгел жайылғандай, уланғандай болады. Қоңыр көлеңке үйдің қоңыр сәулесі Шәйзаны да қоңырландырып, сұрғылтқа тәндік түс берді. Үй де қоңыр, көлеңке де қоңыр. Қоңыр үйдегі тұрмыс та қоңыр. Қоңыр үйдегі Шәйзаның ойы да қоңыр. Қоңыр ойлы Шәйзаның әні де қоңыр... Қоңырлатып, ыңырсып өлең айтып отырады. Өлең емес, қоңыр күймен ішіндегі зарын төгіп отырады...»

Осы бір қысқаша суреттемеде автор *қоңыр* атауын 14 рет, оған жақын *сұрғылтты* бір рет қолданып, қаншама жаңа тіркестер жасап отыр. Бірақ «қоңыр» сөзі қанша қайталанса да, бір жерде де басы артық тұрған жоқ. Сөз зергерлігінің күші де осында болса керек.

Ендігі мысалды дарынды ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармаларынан келтірейік. Мұнда да автордың өмір көріністерін сан алуан бояулармен көмкерілген сөз маржандарын әр қырынан ойната, жарқылдата суреттеуі өзіне назар аударады. Ақын түр-түс атауларын әр алуан контекстерде, кейде шығарманың өн бойында қайталай отырып, ойдың дәл табылған бояу-нақышын барған сайын күшейте, үдете отырып, поэзияның әсерлі де әсем қасиетін паш етеді.



Мәселен, Мұқағали Мақатаев өзінің «Райымбек, Райымбек» атты дастанында қара түсті білдіретін атауды былайша қолданады:

Қара таудың басынан көш келеді,  
Қара жорға шайқалып бос келеді,  
Қара күнді жамылып, қара қазақ,  
Қара түнді басынан кешкен еді.  
Қара қайғы көрсетпей ештеңені,  
Қара жауы қанатын кескен еді.  
Шұлғау болып қыздардың төсектері  
Талай қара шаңырақ өшкен еді.

Мұқағалидың поэзиясын сөз ете келіп, Әбділда Тәжібаев: «Ол бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын» деп, сөзімізге да сергек ақынның ерекше дарынын аңғартады.

Бұл келтірілген мысалдардан түр-түс атауларын қолданудың ерекше қыры мен сырын көріп отырмыз. Анығырақ айтқанда: тек бірақ түстің — қоңыр, қара — бүкіл шығарманың не тұтас ойдың фабуласы ретінде ұдайы қайталанып отыруы арқылы суреттелуші образға тән сан алуан сын мен сипаттың, көрік пен көріністің сыры ашыла сияқты, сол арқылы автордың пікір-тұжырымы да еселене дамып, күшейіп, шегелене түскендей.

Көркем шығармада түр-түс атауларын қолдана суреттеудің басқа да тәсілдері жоқ емес. Солардың бірі — бір түсті екінші түспен салыстыра, салғастыра отырып, күшейіп көрсету, теңеу-теңдестіру арқылы белгілі бір түстің қанықтығы мен солғындығын, ашықтығы мен күңгірттігін, зат пен құбылыстың реңі мен реңкін, бояу-нақышын әсірелеп көрсету. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында Жібектің портретін сипаттау үшін қолданылған мына тәсіл әсерлі де әсем:

Қыз Жібектің ақтығы,  
Наурыздың ақша қарындай,  
Ақ бетінің қызылы,  
Ақ тауықтың қанындай;  
Екі бетінің ажары  
Жазғы түскен сағымдай...

Сондай-ақ эпостардағы: «Қара жерге қар жауар, қарды көр де, етім көр, Қар үстіне қан тамар, қанды көр де бетім көр...» сияқты салыстырулар күні бүгінге дейін өзінің эстетикалық мәнін жойған жоқ.

Түр-түстің көркемдік элементі көркем сөздің әсерлі құралы екенін мысалдармен дәлелдеуге болады. Бірақ

табиғат көркін, күнделікті өмір сипатын, адам бейнесі мен олардың арасындағы қарым-қатынастарды, қоғамдық құбылыстарды бейнелеу, сайып келгенде, шеберлікке байланысты.

Түр-түстерді әр түрлі мағынада да қолдануға болады. Мәселен, Абай шығармаларында: «Ағын жесен, ақылың жаннан асар, Сары жесен, дәулетің судай тасар», немесе: «Сол желіккеннен желікті, Жынды сары жоғалды. Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме, Қызыл келсе, қызықпа, оңғаққа ерме...», немесе: «Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез, Жыртаң, тыртаң, қызылдан шығады әрекет...» деген жолдар бар. Осындағы *ақ*, *сары* мен *қызыл* түске Абай қандай мән беріп отыр. *Ақ* — ақылдылық, *сары* — байлық, *қызыл* — жеңілтектік. «Алпамыс» жырында Алпамыс батыр өзін еліне танытпау үшін диуана болып келіп, Мафия сақаудың төрт ділдәні жасырып қалғанын: «Ділдәмді бер, сақау қар, Сары қызым біліпті» деп сезіп қойып, бұлтартпай ұстап алды. Сондағы «*Сары қыз*» — диуананың «көріп кел, біліп кел» серігі.

Түр-түстің бұл тәрізді мағыналары жоғарыда қаралды.

Кейде белгілі бір құбылысты суреттеу үшін нақтылы түр-түс атауының қолданылуы міндетті емес екен. Яғни бір заттың, не құбылыстың түсін екінші сөзбен, астарлы түрде де айтуға болады екен. Мысалы: *көзі ботаның көзіндей, еліктің көзіндей, өлетін қойдың көзіндей, өлген балықтың көзіндей, өлерменнің көзіндей, сүзеген бұқаның көзіндей, қой көзді* т. б. осы сияқты толып жатқан салыстырмалы теңеулерден біз неше түрлі көздің сипатымен қатар, олардың түс-реңктерін де аңғарып отырамыз. *Ботаның көзі* мен *еліктің көзіндей көздер* — қарақаттай қара көздер; *қой, балық, өлерменнің көздері* — жанары кетіп, бозғыл тартқан көздер; *бұқаның көзі* — қарасынан да ағы мол, аларған көз. Бұл көздердің түр-түсі контексте айқын көрінеді. Мәселен, Б. Майлин: «Жоқ, ол — өлген балықтың көзі секілді бозғылт еді...» деп суреттесе, Ғ. Мүсірепов тағы бір көзді: «Ит көрген мысықтың көзіндей шатынаған сары ала көз бен қымсынбай қараған ойлы көк көз тура қарасып аз ғана ұғысты да, үнсіз айырылысты» деп сипаттайды.

Ал енді «жалпы қазақ жазушыларының көзімен қарағанда көздің қандай түр-түсі бар және олар көркем шығармаларда қалай суреттеледі?» деген сұраққа жауап бере отырып, шығармалардан нақтылы мысал келтіріп,

анықтай түсейік: *Мөлдір қара көзін күн бетін бүркеген ұшпа бұлттай көшкен ойлар, бір басып, бір ашылып кетіп тұр* (Ғ. Мұст.). Әкеңді көргем жоқ, өлді деп есітім, шешенді көрдім, *көзі көмірдей қара*, ажарлы кісі еді (Б. М.): *Ашық қара көзді*, келте мұрындау, сұңғақ бойлы Айғанша... (Ғ. Мүе.). Дәрігер әйел Абайға өзінің қажып талған, мұңшыл *қара көк көзімен ұзақ қарап алды* (М. Ә.).

Дәл осы жағдайды біз адамның бет-әлпетіне, шырайына, өңіне, жүзіне, түр-түсіне байланысты да нақтылы мысалдар арқылы көрсете аламыз: Тапалтақ, толық денелі, *ақ сарғылт өңді* бұл жігітті мен көптен білем (С. М.). *Жаз!*— деді *ақ сұр өңі* кенеттен қызара түскен Шорман (Д. И.). *Ақшыл сары нұрлы өңінің бояуы* қашып, тұқыл тартқан (Т. А.). *Ажары ақшыл қызыл айбарлы* екен, Өзіне сұйық мұрт ұнайды екен (Ә. Т.). Кәрі анасының қазіргі *жүзі көкшіл сұрғылт* тартса да, бір түрлі бір зор тыныштыққа жеткен тәрізді (М. Ә.). Зейнептің қиғаш көздері сиқырлы күлім қағып, ашаң келген *ақ құбаиша бетіндегі ал қызыл шырай* ойнады (Ә. Қ.). Басқасын былай қойғанда, тек қана беті, денесі қара адамдарға байланысты: *шомбал қара, шойын қара, тақыр қара, жылтыр қара, сіңір қара, ысқаяқ қара, сіріңке қара, тайпақ қара, қалмақ қара, зәңгі қара, қожыр қара, бұжбан қара* т. б. толып жатқан «қаралардың» болуы портрет жасау шеберлігінің нышаны болса керек.

Кейде бір мүшенің бірден қарама-қарсы екі түрлі түске ие болуының да өзіндік сыры бар. Мәселен, *ақ табан, қара табан, ақ көңіл, қара көңіл, ақ өлім, қара өлім, ақ бет, қара бет* т. б. Контраст түс болғанымен бұл тіркестердің мағыналары антоним болмауы да мүмкін. Айталық, *ақ бет пен қара беттің контрасты түр-түстік мағынасымен бірге ауыс мағынасы тағы бар. Қара бет* — «ұятсыз», «үлкен ұят істеген қылмыскер» дегенді де білдіреді. Бұл сияқты контраст түстер табиғат, өсімдік, жан-жануарлар дүниесінде де жиі кездеседі: *ақ мал, қара мал, ақ от, қара от, ақ өлең, қара өлең* т. б. Мәселен: Күзектің *ақ от, қара отын* қыс түспей малға жақсылап жегіздік (М. Ә.). *Ақ малым үшін айыптаймын ба?* (Ғ. Мұст.). Жиырма жылқы өлді осы қыстан, *Қара малдың түп-түгел бәрі* де аман (Батырлар жыры)

Түр-түс етістігін қолдануда да осындай мағыналық дифференциация жиі байқалады. Мәселен, қазақ тілінде көздің әр түрлі түске өзгеруіне байланысты: *көзі бо-*

зару, көзі қараю, көзі көгеру, көзі ағару, көзі қызару сияқты тіркестер кездеседі. Осылардың негізгі номинативтік (түр-түстік) мағынасынан басқа ауыс мағынасы тағы бар. Мәселен, адамның көзі ауырғандықтан, ұйықтамағандықтан қызаруы да, немесе біреудің қолындағы жақсы затты көріп қызығудан қызаруы да мүмкін. Екіншісі — «қызарудың» ауыс мағынасы. Ал «көзі қараюдың» тілде көбіне-көп ауыс мағынасы ғана белгілі: 1) қарны ашқандықтан әлі кету, талықсу, нашарлау; 2) қатты құмарту, ыза кернеу, еркінен айрылу, есі кету т. б.

Қорыта айтарымыз: түр-түс әлеміне байланысты біздің ұғымымыз бен тіл байлығының үлкен бір саясы — түр-түс атауларының шынайы өмірі халықтың бай рухани қазынасы — фольклор мен бүгінгі таңда жан-жақты дамып, кемелдене түскен көркем сөз өнерінде. Бұл саланы арнайы зерттеп, оның творчествоға қажетті көзін ашу тілші, әдебиетші қауымның ардақты борышы.

Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің біразы түр-түс атауларының қатысуымен жасалған. Бұл, әрине, заңды құбылыс. Ал заңсыздық, керісінше, түр-түс атауларының фразеология құрамында болмауы.

Күнделікті қарым-қатынасымызда біз жүздеген тұрақты сөз тіркестерін (фразеологизмдерді) қолданып отырамыз. Бірақ солармен бірге туып, біте қайнасып кеткен түр-түс атауларына мән бере бермейміз. Ал шынында оларсыз сол фразеологизмдердің жасалуы, тұрақты тіркес ретінде көркем сөз құралына айналуы мүмкін еместігін аңғармаймыз. Мәселен, «*ақ безер де, көк безер*» деген фразеологизмді өзімізше өзгертіп, «*ала безер де, қара безер*» деп қолдансақ, ол өзінің мәнін жойған болар. Өйткені *ақтың* да, *көктің* де, тіпті кез келген түстің фразеологизм құрамында өзіндік орны, атқаратын қызметі, аңғартатын мағынасы бар. Фразеологизм табиғатына тән тұрақтылықты біз түр-түс атауларының орын тәртібі мен мән-мағынасынан да іздеуіміз керек.

### ТҮР-ТҮС ЖӘНЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Түр-түс атаулары қатысқан фразеологизмдердің екінші бір ерекшелігі: олардың (түр-түс атауларының) номинативтік негізгі мағынасынан көрі, ауыспалы (метафоралық, метонимиялық), яғни заттық, абстрақтылық

мағынасында көбірек қолданылуы. Мәселен, «ақ» дегені — алғыс, «қара» дегені — қарғыс фразеологизмін байқап қарасаңыздар, бұл жерде ақ пен қара түр-түс мағынасында қолданылып тұрған жоқ. Мұндағы ақ — «айыпсыз, күнәсіз», қара — «айыпты, күнәлі» деген мәнде айтылып тұр. «Ақ, қарасын ажырату» да — осы мәнде фразеология. Ал енді: «көздің ағы мен қарасындай» деген фразеологизм де көздің түсін айтып тұрған жоқ, мәселе бұл жерде бірінен бірін бөліп қарауға әсте болмайтын, ең жақын екі адам жайында болып отыр.

Қазақ тілінде түр-түс атауы араласқан фразеологизмдер тұлғасы мен мағынасы жағынан әр түрлі. Солардың бәрін тәптіштеп, талдап жату біздің міндетімізге жатпайды. Біздің мақсатымыз: осылардың тілімізде, әсіресе көркем шығарма тілінде өз ретімен, мағыналық, тақырыптық жүйесіне қарай, образ жасаушы, бейнелеуші тәсіл ретінде, экспрессивті, эмоциональды тілдік құрал ретінде қолданылуын қарастыру.

Ана тілімізде түр-түс атаулары ауыс мағынада қолдану дәстүрінің қаншалықты дамығандығын алдыңғы тараулардан көрдік. Олардың тұрақты сөз тіркестері, әсіресе идеомалар құрамындағы мағыналарында да көптеген ерекшеліктер байқалады. Мәселен, тіліміздегі «көз» деген сөзді алып, оған қара, ақ, қызыл, көк түстерді теліп, қара көз, ақ көз, көк көз, қызыл көз сияқты тіркестерді жасап көрейік. Бір қарағанда осындағы түр-түс атаулары көздің неше түрлі реңкін анықтап тұрған сияқты. Бұл ойымыздың да негізі жоқ емес. қара көз, көк көздердің өмірде бары рас қой. Бірақ ақ көз бен қызыл көз жайында дәл осылай деп айта алмаймыз. Дегенмен, көздің осы төрт түрі де қазақ тілінде тұрақты тіркестер санатына жатады.

Талдап көрейік. Мәселен, қара көз тіркесі көзі қара адамдарға айтылып, қазақ ұғымында, әсіресе әйелдер қауымына байланысты, сұлулықтың нышанын білдіреді. Осы тіркесті енді «өзіміздің қара көз ғой» деп қолдансақ, ол адамның басқа ұлттарға емес, қазаққа тәндігін, өз ұлтымыздың уәкілі екендігін аңғартады. Дәл осы сияқты көк көз, қазақ арасында да көк көздер бола тұрса да, орыс халқының уәкілін мезгейді. Ал қазақтар ақ көз деп әдетте көзін ақ шел басқан адамдарды айтуы мүмкін. Бірақ бұл арадағы ақ көз көбіне-көп фразеологиялық мәнде қолданылады да, ол «ұрымтал, нар тәуекел, қайтпас қайсар» адамдарды білдіреді. Көзі аурудан қызарып жүретін адамдарды ел арасында

«қызыл көз бәленше» деп айтуы ықтимал. Бірақ бұл тіркес фразеологиялық мәнде жиі қолданылады: *қызыл көз*, немесе *қызыл көзді пәле* дегенде біз «ылғи тырнақ астынан кір іздеп, біреудің үстінен арыз айтып, жамандап жүретін пәлекәт адамды» көз алдымызға елестетеміз. Оның көзінің қызарып тұруы, не қызыл түсте болуы мүлдем міндетті емес.

Көріп отырмыз, төрт түрлі түстің көздің ауыс мағынасы арқылы фразеология дәрежесіне көтерілуі, міне осындай семантикалық процестерге тікелей байланысты.

Ал енді көзге қатысты осы төрт тіркесті түр-түс бояулары арқылы қимыл, әрекетке келтіріп көрейік: *көзі қараю*, *көзі көгеру*, *көзі ағару*, *көзі қызару*. Бұл тіркестердің жалпы ұқсастығы болмаса, жоғарыда келтірілген *қара көз*, *көк көз*, *ақ көз* және *қызыл көздермен* мағыналық сәйкестігі, қатыстығы жоқ. Олай дейтін себебіміз: көздің *қараюы*, *көгеруі*, *ағаруы*, *қызаруы* көздің түсіне байланысты емес, бұл өзгерісті кез келген (қой көзден де, бота көзден де т. б.) көзден байқауға болады.

Бұл — мәселенің бір жағы. Екінші жағы: түр-түстен жасалған етістіктер «көз» қатысқан фразеологиялық тіркеске қандай ауыс мағыналар үстеп тұр — соны анықтау. Бұл арада *көздің қарасы* екі түрлі мағына артады: біріншіден, *көз* кейде шаршап-шалдығудан, көзге ауыртпалығы түсетін бірыңғай майда істен, кітап оқудан, немесе ашығып, жүдеуден *қараюы* мүмкін де, екіншіден, ол адамның бір нәрсеге ансары қатты ауғанда, айла-амалы, тағаты таусылғанда *қараюы* мүмкін. Ондай халге душар болған адам, әдетте тәуекелге бой ұрады. Бұл мағыналардың екеуі де ауыс мағыналар. Бірақ бұлардың идиоматикалық дәрежесі бірдей емес.

*Көзі көгеру*, *көзін көгерту* фразеологизмі де осы тәрізді. Мұнда да көздің түсін өзгерту деген ұғым тумайды. Көзін көгерту — «көп күттіріп, қинау, тәубасын аузына келтіру, зарықтыру, мүсәпір ету». Мұның мәні «көзіне көк шыбын үймелетуге» бір табан жақын.

Қазақ тілінде *көзін ағарту* деген тіркес сиректеу қолданылады. Оның мәні; «ақ» түстің жақсы да игі мағынасына қатысты — «күткені келіп, қуанышқа кенелу, бақытты болу». Кей жерлерде *көзі ағару*, керісінше, «құдайын танымау» мәнісінде қолданылады.

Ал енді *көзі қызару*, *көзін қызарту* тіркесіне келсек, бұл жерде де негізгі мағынасынан мүлдем алшақ жатқан ауыс мағына байқалады: «бір нәрсеге әуестік сезі-

мін оятып, қызықтыру», «қызыққан нәрсесін ала алмай, қолына түсіре алмай, іштей талпыну».

Байқап қарасақ, түр-түс атауларын етістікке айналдырып та, тіл мүмкіншіліктерін дамытып, қолданыс өрісін кеңейте түсуге болады екен. Сондықтан да бұл тәрізді фразеологизмдердің сөз шеберлеріміздің бейнелеу тәсілдерінде, көркем образ, портрет жасауда, табиғат құбылыстарын суреттеуде алатын орны ерекше зор.

Бұл саладағы фразеологизмдердің тағы бір ерекшелігі: олар о баста белгілі бір затқа немесе құбылысқа байланысты дүниеге келсе де, дами келе қолданыс аясын кеңейте түседі, тіпті мүлдем қатысы жоқ басқа заттар мен құбылыстарға да ауысып, тілдің керемет икемділік қасиетін паш етіп отырады. Мәселен, қазақ саятшылары мен құсбегілерінің лексиконында *Алтайдың ақ иығы* (кейде *«ақиығы»* болып бірге жазылады, мәселе, әрине, онда емес) деген тіркес бар. Қыран бүркіттің қауырсын-қанаттарына дейін қалт жібермей қадағалап, оған ерекше мән беріп отыратын саятшы қауым бұл тіркес арқылы Алтай өлкесін мекендейтін екі топшысының ұшар басында екі *ақ жолағы* бар текті бүркітті атап отыр. Бұл — өз алдына мәселе. Халықтың даналығы мен білгірлігі осы тіркесті адамға қолдануынан да айқын көрініп тұр. *Ақ иық қыранға* ендігі жерде өзінің өнерімен, ақындығымен, сері-салдығымен де қазақ даласына әйгілі болған азаматтарын теңейді: *Арқаның ақ иығы Ақан сері, Біржан салдар*, міне, солар.

Түр-түспен келген фразеологизмдердің тағы бір ерекшелігі: әсіресе *ақ* пен *қызыл*, *ақ* пен *қара* тәрізді контрасты түстерді алма-кезек қолданып, қарама-қарсы қою арқылы небір өмір көріністерін суреттеуде, логикалық ойды әсерлі де, нақышты да етіп беруде таптырмайтын тәсіл. Оған *«Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығу»*, *«Ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс»*, *«Көздің ағы мен қарасы»* сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Бұл тәрізді мәселелердің бәрін тәптіштеп қарау — фразеология табиғатына бағышталған арнаулы зерттеулердің міндеті. Сондықтан біз, талдауды аяқтап, төменде түр-түске қатысты фразеологизмдердің тізімін келтірумен ғана шектелеміз. Айта кететін бір жағдай: тізімге тек ауыс мағынада қолданылатын негізгі түстерге ғана (*ақ, қара, қызыл, көк, сары, боз, ала, қоңыр*) қатысты фразеологизмдер енді және олардың өзі де толық емес. Ішкі алфавит тәртібі сақталған жоқ.

## «Ақ» түске байланысты фразеологизмдер:

Ақ адам	Ақ күн
Ақ айыл	Ақ қар, көк мұз
Ақ айран	Ақ құю
Ақ арулап қою	Ақ құйын
Ақ ауыз	Ақ құлақ
Ақ бармақ	Ақ мал
Ақ бата	Ақ неке
Ақ батасын беру	Ақ ниет
Ақ безер де, көк безер	Ақ орда
Ақ бейіл	Ақ жер
Ақ бөкеннің таңындай	Ақ жерден қара болу
Ақ көз есер	Ақ жол
Ақ езу	Ақ қас
Ақ етек	Ақ жолтай
Ақ етіне ащы таяқ	Ақ жуып арулап қою
Ақ жайлау	Ақ жұмыртқа, сары ауыз
Ақ жамылу	Ақ сарай
Ақ жарқын	Ақ саусақ
Ақ жаулық	Ақ сауыт
Ақ жауын	Ақ сенім
Ақ желең	Ақ сирақ жұт
Ақ жем	Ақ сары бас (құдайы)
Ақ жем болу	Ақ отау
Ақ алмас	Ақ өлең
Ақ алтын	Ақ өлім
Ақ ару	Ақ пейіл
Ақ жұмыс	Ақ періште
Ақ нық	Ақ сайтан
Ақ нық болу	Ақ сақал
Ақ кебінге орану	Ақ түйенің қарны
Ақ киізге көтеру	жарылу
Ақ көбік қылу	Ақ семсер
Ақ көз	Көзі ағару
Ақ көз ерлік	Көзінің ағы мен қарасы
Ақ көйлек	Толғамалы ақ найза
Ақ көкірек	Ақ сапты болат найза
Ақ көңіл	т. б.

## «Қара» түске байланысты фразеологизмдер:

Қара дүрсін	Қара тану
Қара басы	Қара күш
Қара хан басы	Қарақұс (көкжелке)
Қара басу	Қара жер



Қара жол  
Қара су  
Қара тұз  
Қара тікен тұз  
Қара сабын  
Қара жамылу  
Қара тұтыну  
Қара қағаз  
Қара тер  
Қара құлақ  
Қара жаңбыр  
Қара боран

Қара қатқак  
Қара балта  
Қара кездік  
Қара пышақ  
Қара мылтық  
Қара жалау  
Қара үзу  
Қара байыр  
Қара ниет  
Қара сирақ  
Қара борбай  
Қара көріну т. б.

**«Қызыл» түске байланысты фразеологизмдер:**

Қызыл тіл  
Қызыл шұнақ аяз  
Қызыл ет  
Қызыл танау болу  
Қызыл отау  
Қызыл мүйіс  
Қызыл өңеш  
Қызыл ат  
Қызыл тер  
Қызыл қыран  
Қызыл көзді пәле  
Қызыл кеңірдек болу  
Қызыл мұз

Қызыл жем  
Қызыл бастырық  
Қызыл көрген бүркіттей  
Алтайы қызыл  
Әсіре қызыл  
Қызыл су  
Қызыл табан болу  
Қызыл дау  
Қызыл май болу (ат)  
Қызыл иек  
Қызыл қия  
Қызыл бидай  
Қызыл ұшыру

**«Көк» түске байланысты фразеологизмдер:**

Көк айыл  
Көк мылжын  
Көк езу  
Көк етікті мен көне  
етікті  
Көк ала мылжын  
Көк дауыл  
Көйлегі көк, тамағы тоқ  
Көк есек  
Көк аяз  
Көк бақа  
Көк ала қойдай, көк  
шымшықтай  
Көк дауыл  
Көк өрім  
Көк сауыт

Көк сабын болу  
Көк сақал  
Көк соққан  
Көк жалқау  
Көк ми  
Көк жамбас  
Көк желке  
Көк жиек  
Көк жұлын  
Көк жасық  
Көк ит  
Көк соқпа болу  
Көк тайғанақ  
Көк жал  
Көк ет  
Көк бет

Көк сүт  
Көк шөп

Көк тиін  
Көк көз т. б.

**«Сары» түске байланысты фразеологизмдер:**

Сары уайым  
Сары табан  
Сары тап  
Сары ауыз  
Сары жел  
Сары су  
Сары тоқым ұры  
Сары ізіне шөп салу  
Сары кідір

Сары қарын  
Сары езу  
Сары бала  
Сары шұнақ (тышқан)  
Сары сүйек құда  
Сары ала ту  
Сары жүн оқ  
Сары жебе  
Сары су т. б.

**«Боз» түске байланысты фразеологизмдер:**

Боз жорға (байлықтың  
салты)  
Боз інгендей боздау  
Боз қасқаны шалу

Боз биенің сүтіндеі  
Боз бала  
Боз жаңбыр  
Боз өкпе т. б.

**«Ала» түске байланысты фразеологизмдер:**

Ала жаздай  
Ала білек қол  
Ала жылан, аш бақа  
Ала жібін аттамау  
Ала көз  
Ала көңіл  
Ала қалжың  
Ала қанат қар  
Ала қаптың аузын ашу  
Ала қозыдай болу  
Ала қол  
Ала қыстай  
Ала тайдай білдіру  
Ала топалаң

Алалы жылқы; ақтылы  
қой  
Ала білек қол  
Ала балта  
Ала ту  
Ала құйын  
Ала көз болу  
Ала сапыран  
Ала қаншық боран  
Ала бөтен  
Ала қыздай  
Ала шапқын  
Ала аяқ  
Ала ауыз  
Ала болу т. б.

**«Қоңыр» түске байланысты фразеологизмдер:**

Қоңыр күз  
Қоңыр дауыс  
Қоңыр салқын  
Қоңыр жел  
Қоңыр саз  
Қоңыр күй

Қоңыр ән  
Қоңыр көлеңке  
Қоңыр дала  
Қойдай қоңыр, қозыдай  
момын т. б.

## ТҮР-ТҮС ЖӘНЕ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Мақал-мәтелдер — халық даналығы. Олар белгілі бір халықтың дүниетанымын, табиғат, қоғам құбылыстарын өз тұрғысынан бағалауға, қоғамдық қарым-қатынасты, салт-сананы, әдет-ғұрыпты, наным-сенімді анықтауға арналған сай ғасырлық тәжірибенің жиынтығы. Сондықтан да мақал-мәтелдердің мәдени, рухани өмірімізге қатысы жоқ саласы кездеспейді. Тіл мүмкіншілігін мейлінше кең пайдаланып, ылғи толығып, толассыз дамып отыратын осы қазынамыз түр-түс атауларын да мол қамтиды екен.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің түр-түске қатыстығын, олар арқылы небір көрікті де көркем образ-бейнелердің дүниеге келуін, небір күрделі құбылыстардың сыры мен қырын ашудағы олардың атқаратын ерекше қызметін арнайы зерттесе артық болмас еді.

Дегенмен, мақал-мәтелдердің түр-түс әлеміне қатыстығын сөз еткенде айтпай кетуге болмайтын жағдайлар да бар. Солардың бірі — мақал-мәтел жасаушы түр-түске қатысты тіркестердің көбі өздерінің түстік мағынасында қолданылмауы. Кез келген осындай тіркесті ашып қарасақ, бірден байқала бермейтін, бірақ түп негізі, дүниеге келу жолы тіпті арыдан басталатын экономикалық, әлеуметтік, этнографиялық салт-санамен астарлас жатқан ұғымдарға, түсініктерге барып саятынын көреміз. Мәселен, төменде келтірілген мақал-мәтелдердің құрамында *ақ сауыт, ақ серке, ақ түйе, ақ сөз сияқты* тіркестер кездеседі. Бір қарағанда бұлар түр-түстік мағына беріп тұрған сияқты. Енді оларды мақал-мәтел құрамында қарастырайық. *«Ақ серке қой бастайды, Ақын жігіт той бастайды», «Ақсауыттың жағасы бар, жеңі жоқ. Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ», «Ашамай нарға жарасар, Ақ түйе барға жарасар», «Ақ сөз ащы болады, Ғайбат сөз тәтті болады».*

Бұл тіркестердің біразын біз фразеологизмдерді талдағанда қарастырған едік. Сонда аңғарғанымыз: *ақ түйе* мен *сары серке* түсінің тек ақтығымен ғана емес, сонымен қатар олардың халық наным-сенімінде «малдың басы, киелі», немесе «мал бастайтын көсемі» болумен де ерекше мәнге ие болуында. Сондай-ақ, *ақ сауыт* пен *ақ сөз* тіркестері де түс мағынасын білдіріп тұрған жоқ. *Ақ сауыт* — болаттың, не асыл темірдің ең тазасы мен берігінен жасалған сауыт. *Ақ сөз* — шындықты ашып айтатын, бүркемесі жоқ адал сөз.

Осындай қасиетті біз Ғарша мақал-мәтелдің бойынан таппасақ та көпшілігінен-ақ кездестіреміз. Демек, бұдан шығатын бір қорытынды: мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер — өзара тығыз байланысты. Ғасырлар бойы қалыптасып, өзінің ауыс та бейнелі мән-мағынасымен санамызға әбден сіңген фразеологиялық тіркестер мақал-мәтелдердің жасалуында, біріншіден, «құрылыс материалы» болып есептелінсе, екіншіден, олар мақал-мәтелдердің нақыш-баяулармен жарқырай түсуіне, оларға образдылық пен эстетикалық сипат беруге әсерін тигізеді.

Түр-түске байланысты мақал-мәтелдердің бұдан басқа да ерекшеліктері жоқ емес. Бірақ олар да өз алдына, арнайы зерттеуді талап етеді. Сондықтан біз бұл арада да мақал-мәтелдердің тізімін келтірумен ғана шектелеміз де, олардың қолданысындағы неше түрлі авторлық-оқказионалды өзгерістерін сөз етпейміз.

Ескертпе: кейбір мақал мен мәтелдің құрамында бір емес, екі, не одан да көп түр-түс атауы кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайда біз оларды алдымен айтылатын түр-түс атауына байланысты келтірдік. Мақал-мәтел тізімінде де алфавит тәртібі сақталған жоқ.

### **«Ақ» түске байланысты мақал-мәтелдер:**

Ақ серке қой бастайды,

Ақын жігіт той бастайды.

Ақ бөкенді жатыр деме,

Көшпелі елді отыр деме.

Ақ ит, қара ит —

Бәрі бір ит.

Ашамай нарға жарасар,

Ақ түйе барға жарасар.

Аққа зауал жоқ.

Ақ қар көп болса,

Ақ нан көп болар.

Аталы сөзге арсыз жауап қайырар.

Ақ пен қараны шыны айырар.

Ақ сұңқар ұшар жем үшін,

Ер жігіт туар ел үшін.

Ақ сөз ащы болар,

Ғайбат сөз тәтті болады.

Сақалға ақ түсті,

Көңілге дақ түсті.

Жауын бар жерде қақтың қадірі жок,  
Қауын бар жерде ақтың қадірі болмас.  
Ұжданы ақтың — жүзі ақ.  
Аштың көңілі ақ ұнда,  
Тоқтың көңілі сағымда.  
Ағын суы бал татыр,  
Ақ шабағы май татыр.  
Опаға барған ағарар,  
Жосаға барған қызарар.  
Ақымақ ұл әкесінің шашын ағартады.  
Ағын су арнасын табады,  
Ақ адам орнын табады.  
Ақ бидайдың қадірін ашыққанда білерсің,  
Ағарғанның қадірін қыс шыққанда білерсің.  
Ананың алды — ақ жайлау.

**«Қара» түске байланысты мақал-мәтелдер:**

Қасапшыға мал қайғы,  
Қара ешкіге жан қайғы.  
Жауды қара қашырды,  
«Батыр» атақ Барақта қалды.  
Өрмекшінің торы —  
Қара шыбынның соры.  
Кемеңгер келістіден шығар,  
Қара байыр желістіден шығар.  
Қарау қара басының қамын ойлайды.  
Айғырдан туған жампоз бар, нар демесең  
нанғысыз,  
Қарадан туған жігіт бар ханға күнін салғысыз.  
Кәрі атың мақтаған қара жаяу қалар.  
Қара жерге қарыз арқаламайды.  
Қара жерді жамандама — қайтіп сонда барарсың,  
Қауым елді жамандама — қарғысына қаларсың.  
Қазанға жолама, қарасы жұғар,  
Жаманға жолама, жаласы жұғар.  
Қайғысы жоқ адамға қара көже балмен тең,  
Қайғысы көп адамға кең дүние жермен тең.  
Қара көзден нұр тайса, қарға адым жер мұң болар.  
Жаман адам — құлқынның қара қабы,  
Жақсы адам — адалдықтың тағы.  
Жақынды жаралама,  
Алысты қаралама.  
Қара күн басына тумай қара су кешпе.

Қарын ашқанда *қара* нан да май татыр,  
Шөлдегенде *қара* су да бал татыр.

Қайғысыз *қара* суға семіреді.  
Қара суда қаймақ болмас,  
Қас шеберде оймақ болмас.

### «Қызыл» түске байланысты мақал-мәтелдер:

*Қызыл* тілден ашығанда у тамар,  
Басылғанда бал тамар.

Қыздың көркі *қызылда*.  
Ананың көзі қызында,  
Қыздың көзі *қызылда*.  
Ашуы қысқанның көзі *қызарар*,  
Ашуы басылса, жүзі *қызарар*.

Қиядағы *қызыл* түлкіні  
Қияннан соққан бүркіт алар.

Өнер алды — *қызыл* тіл.  
*Қызыл* гүл де қурайды.  
Қисық бұтаққа да *қызыл* жиде бітеді.  
*Қызыл* жұлдыз күндіз де, түнде де жарқырайды.  
Қылымсыған қыз *қызыл* көйлек киеді.

### «Көк» түске байланысты мақал-мәтелдер:

Күн сіркіресе, *көк* дүркіреді.  
Сәуір болса, күн күркірер,  
Күн күркіресе, *көк* дүркірер.  
Көбік қарда түлкі ойнар,  
Көк көрпеді жылқы ойнар.  
Жаманның тілі ащы,  
Көк мияның гүлі ащы.  
Көк судың тоғы болмас.  
Көп ұнатса, *көк* тоқтыны сойып ал.

### «Сары» түске байланысты мақал-мәтелдер:

Сабыр түбі — *сары* алтын,  
*Сарғайған* жетер мұратқа,  
Сабырсыз қалар ұятқа.  
Сағыныш — *сары* ауру, үміт — талшық.  
Сараңдық — *сары* ауру,  
Сараңның асын *сары* ит ішеді.  
Сараңның етін сасыған соң *сары* күшік жейді.

Ел-жұрттың қадірін іс түскенде білерсің,  
Сары тонның қадірін қыс түскенде білерсің.  
Сиыр сары болмас,  
Түйе торы болмас.

**«Ала» түске байланысты мақал-мәтелдер:**

Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды.  
От басы ала болса,  
Кереге бас сайын пәле болар.  
Алтау ала болса, ауыздағы кетер,  
Төртеу тату болса, төбедегі келер.  
Ала аяқ күніне алпыс аттайды.  
Жылан шаққан адам ала арқаннан аттамайды.  
Адам аласы ішінде,  
Мал аласы сыртында.  
Ақымақтың ала, құласы болмайды.  
Бір биеден ала да, құла да туады.  
Көздің аласынан сөздің аласы жаман.

**«Боз» түске байланысты мақал-мәтелдер:**

Боларында болып өт,  
Боз жорғадай желіп өт.  
Қартайғанда кәрі боз жорға шығарыпты.  
Боз жорға — байлықтың салты.  
Шағала келмей жаз болмас,  
Шаңқан болмай боз болмас.  
Сауын саусаң бие сау,  
Боз қырау түспей суалмас.  
Боз қырауда бойыңды көрсет,  
Боз қырауда қойыңды көрсет.  
Көктем шыға қойыңды көрсет.

**ТҮР-ТҮС ЖӘНЕ ЖҰМБАҚТАР**

Мақал-мәтелдер сияқты, жұмбақтар да халық даналығына жатады, фольклордың кіші жанрларының санатына енеді. Бірсыпыра жұмбақтар халық жұмбақтары болып саналады да, авторсыз жасалып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан рухани дүниеміздің қорына орын алады. Тілімізде белгілі ақын-жазушылар тарапынан жасалып, дүниеге келген жұмбақтар да аз емес. Олардың мақал-мәтелден ерекшеленетін бір жері осы. Жұмбақ табиғаты, әдетте, өзінің образдылығы, мәнерлілігі және ылғи ауыс мағынада қолданысымен көз-

ге түседі: Міне, осы орайда жұмбақ жолдарының неше алуан бояу-нақыштарымен бірге өріліп, асыл тастай әр қырынан бір көрінуі, тыңдаушысын неше сакка жүгіртіп, ойландырып-толғандырып отыруы ғажап-ақ. Жұмбақ табиғатынан біз тек дарынды ақынның бейнесін ғана емес, сонымен бірге тыңдаушысын (кейде қарсыласын, айтыскерін) тапқырлыққа баулитын ойшыл ақынның, тұрмыс салтын терең білетін, дүниетанымы кең, өмір тәжірибесі мол ақынның творчестволық ой-өрісін аңғарамыз. Сондықтан да тапқыр да тартымды шыққан қазақ жұмбақтарының жастар үшін тәрбиелік мәні өте зор.

Тілімізде неше алуан түр-түс атауларын біз авторы белгілі, белгісіз толып жатқан жұмбақ бойынан кездестіргенде, ойға орала беретін бір мәселе: мұнда да ол атаулардың көбінесе ауыс мағынасында қолданылуы. Егер фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде түр-түс атаулары өздері қатысты сөздердің алдында, не артында тұрып, олардың мән-мағынасына үстеме мағына қосса, жұмбақтарда бұл тәсіл көбінесе салыстыру, ассоциация арқылы шендестіру жолымен ғана іске асады. Бірақ мысал келтіреміз: тілімізде «Қара сиыр қарап тұр, қызыл сиыр жалап тұр» деген жұмбақ бар. Осындағы қара сиыр — қара қазан, қызыл сиыр — оның астында жанған от. Сонда қара мен қызылдың сиырмен тіркесуі, әрине, сиырдың түр-түсін анықтау үшін емес, мүлдем басқа образдарды (қазан мен от) жасау үшін қажет болып тұр. Ал енді қара сиыр мен қара қазанды, қызыл сиыр мен қызыл отты жақындастыра, бір-бірімен шендестіре келіп, ортақ образ табу тек халық даналығына тән қасиет.

Қазақ жұмбақтарының табиғатына тән ерекшеліктер, әрине, осымен ғана шектелмесе керек. Оларды арнайы зерттеу қажет дегенде біз осы жағын еске аламыз.

Ескертпе: келтірілген жұмбақтар С. Аманжолов пен Т. Жанұзақовтардың (Алматы, 1959) және Ә. Табылдиевтің (Алматы, 1985) жинақтарынан алынды. Мұнда да алфавит тәртібі сақталмаған.

### **«Ақ» түске қатысты жұмбақтар:**

Ақ сандығым ашылды,

Ішінен жібек шашылды (Күннің көзі).

Айдалада ақ отау,

Аузы-мұрны жоқ отау (Жұмыртқа).



Ортасында ақ көлдің,  
Қара көлге тап болдым (Көздің ағы мен қарасы).  
Ақ қойым тұрып кетті,  
Қара қойым жатып қалды (Қар мен жер).  
Жайған жастық сөгілді,  
Аппақ мамық төгілді (Қар).  
Ақ сарайын талқандап,  
Ақ шатырлы бір қала,  
Шықты біреу талтандап (Балапан).  
Суда жүзіп жүр дана (Кеме).  
Үйімізде салбырап,  
Ақ алмұрт тұр салбырап (Электр шамы).  
Аспанға жайып қойған,  
Ақ мақтам ғайып болған (Ақша бұлт).  
Айдалада ақ шатыр,  
Ақ шатырдың ішінде  
Қызыл көзді шал жатыр (Аспан, күн).  
Ақ күшігім арбадан қарғып түсті (Түкірік).  
Ақ күшігім жүгіре-жүгіре семірді (Ұршық).

**«Қара» түске байланысты жұмбақтар:**

Қара сиырым қарап тұр,  
Қызыл сиырым жалап тұр (Қазан мен от).  
Қараспанның тауында киік кетіп барады,  
Қол-аяғын бауырына жиып кетіп барады  
(Тұман).  
Айтайын айт дегенде, ая батыр,  
Болғанда асты гауһар, үсті шатыр.  
Қазандай қара тастың дәл түбінде,  
Бір түрлі адам таппас зәһәр жатыр (Малдың өті).  
Айтайын бір жұмбақты сізге, батыр,  
Өзінің асты кеуек, үсті жалтыр.  
Қазандай қара тастың бауырында,  
Бір сүйір адам таппас зәрлі жатыр (Жылан).  
Қара суда суат жоқ,  
Қалың талда бұтақ жоқ (Көз бен кірпік).  
Шылдыр-шылдыр жүгенім,  
Сұлу қара дөненім (Шамбау).  
Табан, табан, табан ат,  
Қашан көрсен, жарау ат.  
Өрге салсақ, шабан ат,  
Қара жерде табандап,  
Омбы қарда шабады-ақ (Шаңғы).

Қармақ қолы тарамыс,  
Бойы толған қара күш (*Көтергіш кран*).  
Қос ішекке қонақтаған қаланы,  
Қара тұлпар алға сүйреп барады (*Поезд*).  
Қабакта қара бурам шөгіп барады (*Қазан*).  
Қара үй, қара үйдің ішінде ақ үй,  
Ақ үйдің ішінде бес бала,  
Бесеуінің қолында бес айна (*Етік, ақ байпақ,  
бес саусақ, бес тырнақ*).

Қара тайым мықты,  
Қара бием сүтті (*Қазан, ошақ*).  
Қара күшігім қабаған,  
Артына киіз жамаған (*Қақпан*).  
Қара бием қалт етті,  
Қабырғасы жалт етті (*Шалғы*).  
Қара күшігім қаңқ етті,  
Дауысы Бұқараға кетті (*Мылтықтың даусы*).  
Қара таудың басында,  
Қиік кетіп барады.  
Қол-аяғы бауырына  
Тиіп кетіп барады (*Тұман*).  
Бір жатқан зор кемеңгер қара кісі,  
Қимылдар сол кісіден елдің тісі.  
Талқандап беті, жүзін тырнасаң да,  
Бір ауыз ұйттің деу емес ісі (*Жер*).

### **«Қызыл» түске байланысты жұмбақтар:**

Ақ дуалдың ар жағында қызыл ат,  
Байлауынан бір босамас қызыл ат (*Тіс пен тіл*).  
Мен тұрып бір таяқты қолыма алдым,  
Ішіне қошқыл қызыл бояу салдым.  
Қызарып сол бояудан шыққан таяқ,  
Ұрғанда созылады, қайран қалдым (*Темір*).  
Қызылдан киген киім, баста қалпақ,  
Саусағы төртеу болған, емес жалпақ.  
Үстіне неше түрлі тон жамылып,  
Басады мас адамша талтақ-талтақ (*Қораз*).  
Жаздай інге тығылып,  
Жатқан қызыл түлкіні,  
Құйрығынан суырып,  
Әкелді әкем бір күні (*Сәбіз*).  
Жер астында қызыл қыз отыр (*Сәбіз*).  
Екі тақта арасында,  
Қимылдайды қызыл тақта (*Тіл*).

Қызыл сиырды байлап салдым,  
Көк сиырды айдап салдым (От, түтін).  
Жанады жалын, түтінсіз,  
Жатады жайнап қызыл шоқ.  
Өшіріп отты тастасаң,  
От орнында күлі жоқ (Электр плиткасы).

**«Көк» түске байланысты жұмбақтар:**

Кездеспейді екеуі,  
Көк аспанда мекені (Ай мен күн).  
Көк көйлекті жеңешем,  
Көлбең-көлбең етеді,  
Желмен ұшып кетеді,  
Жер түбіне жетеді (Түтін).  
Көк лағым көгенде жатып семіреді (Қауын).  
Көк шатырда қол орақ,  
Өмірі ормас ол орақ (Жарты ай).  
Алыстан көрдім көк белді,  
Жарқырап жатқан көп көлді.  
Жақындап келдім, жоқ болды (Сағым).  
Түрлі сәуле төгілген,  
Көпір көкте керілген (Кемпірқосақ).  
Көк жиекті шай табақта,  
Алтын алма тербелер.  
Кейде бүркер алма жүзін,  
Ұлпа мақта перделер (Күн, бұлт).  
Көк итім бар қабаған,  
Артына киіз жамаған (Киіз есік).  
Көк итім көкке қарап ұлиды (Түтін).  
Көк өгізім жүреген,  
Мүйізін көкке тіреген (Түтін).  
Көк лағым көген сүйрейді (Ұршық).

**«Сары» түске байланысты жұмбақтар:**

Көктем, жазда басына,  
Сары қалпақ киеді.  
Күзге қарай қалпағы,  
Қалқып ұшып кетеді (Бақбақ).  
Сары қозы, ақ қозы,  
Ортасында дәні бар.  
Көрсең егер оны жеп,  
Балдай тәтті дәмі бар (Өрік).

Сарайдағы *сары* айғыр,  
Сарнап-сарнап кісінер (*Күннің күркіреуі*).  
Аспанда *ақ сары* құс шу салады,  
Жабысып тақыр жерден су алады.  
Адамнан су алғаны тым өзгеше,  
Дуылдатып денеге у салады (*Безгек масасы*).  
*Сары* балам ішкері,  
Сақалдары тысқары (*Сәбіз*).  
Асты тақта,  
Үсті тақта,  
Арасы *сары* мақта (*Нан*).

### «Ала» түске байланысты жұмбақтар:

*Ала* арқанның жетпес жері жоқ (*Көз*).  
Су ішіне өрмек құрдым,  
*Ала* жаздай өрмек қылдым (*Ау*).  
Дүниеде бір кемпір бар тіпті кәрі,  
Жіп төгіп, өрмек құрып, тоқыр шәлі  
Алады айламен *ала* бүркіт,  
Табындар немене екен мұның бәрі (*Өрмекші*).  
Желі басында бес бие,  
Бесеуі де жас бие.  
Құлындары *құла ала*  
Құлақтары *сары ала* (*Егін басы*).  
*Ала* күшік үй айнала жүгіреді,  
Екі басы ішке кіреді (*Басқұр*).

### Сөз соңы

Түр-түс табиғатына байланысты айтар ойлар осымен аяқталады. Оқырман қауымға ұсынылып отырған бұл еңбек түр-түс табиғатын ашуға бағышталған арнайы ғылыми зерттеу емес, көпшілікке жалпы мағлұмат берер дүние болғандықтан мәселенің мән-жайы түгел ашылмауы мүмкін.

Алайда авторлардың мақсаты түр-түс табиғатының өте күрделі құбылыс екенін, атап айтқанда өмірдің өзімен өзектес жатқан, тілмен бірге туып, біте қайнасып, сөз байлығының сан алуан саласымен мидай араласып

кеткен етене құбылыс екенін анықтауға барып саяды. Тіліміздегі мындаған түр-түс атауы тіл байлығымыздың сүбелі саласы, көркем сөз шеберлігін шыңдай түсуге, тілдік мүмкіншіліктердің өрісін кеңейте түсуге қажетті, әсерлі де әсем, бейнелі де айшықты сөз өрнегі болып саналады. Әрине, ұшы-қиыры жоқ, ұлан-асыр дүниенің бір құшаққа сыя алмауы да, әлі де өз нақыш-бояуын таппаған, ширата түсуді қажет ететін ой-тұжырымдардың болуы да мүмкін. Бірақ түр-түс табиғатына байланысты бұл еңбекті алғаш қолға алып, азды-көпті пікірлерін ортаға салып отырған авторлар ойына «Көш жүре түзелер» деген халық даналығы орала береді. Ол үшін оқырман қауымның әділ сынымен айтар ақылы қажет-ақ.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века, Алма-Ата, 1971.
- Азербайев Э. Вопросы тюрко-японских языковых связей (фонетико-лексическое исследование). АКД, Алма-Ата, 1975.
- Артюшин Л. Ф. Цветоведение. М., 1982.
- Бахилина Н. Б. История цветообозначения в русском языке. М., 1975.
- Бернштам А. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрков VI—VIII вв. М.—Л., 1946.
- Блюмфильд Л. Язык. М., 1968.
- Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. т. I, СПб, 1869.
- Волков Н. Н. Цвет в живописи. М., «Искусство», 1984.
- Врадий В. Краски у Горького. СПб, 1903.
- Грановская Л. М. Прилагательные обозначающие цвет в русском языке XVII—XX вв. АКД, М., 1964.
- Джадд Д., Вышедекий Д. Цвет в науке и технике. М., 1978.
- Демидов В. Парадоксы цветового зрения. «Знание — сила», 1963, № 10.
- Добржанский Ф. Г. К вопросу о наследовании мастей у киргизской лошади. Л., 1927.
- Ивенс Р. М. Введение в теорию цвета. М., 1964.
- Кенесбаев С. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.
- Койчубаев Е. Нецветовая сущность топонимических компонентов *ак, қара, көк, сары*.— Всесоюзная конференция по топонимике СССР. Тезисы докладов и сообщений. Л., 1965.
- Кононов А. Н. О семантике слов «кара» и «ак» в тюркской географической терминологии. ИАН Тадж. ССР, отд. общ. Наук, 1954, вып V.
- Кириллов А. Е. Цветоведение. М., 1987.
- Кононов А. Н. Способы и термины определения стран света у тюркских народов. В кн.: Тюркологический сборник, М., 1978.

- Маргулан А. Казахская юрта и ее убранство. М., 1964.
- Миронов Л. Н. Цветоведение. Минск, 1984.
- Никонов В. А. Введение в топонимику. М., 1965.
- Нюберг Н. Д. О происхождении цветковых понятий. В кн.: Проблемы физиологической оптики. М., 1948, т. VI.
- Радлов В. В. Опыт словаря тюркской наречий. СПб. т. I, 1893.
- Рудин Н. Г. Руководство по цветоведению. М., 1956.
- Фрейлинг Г., Ауэр К. Человек, цвет, пространство. М., 1973.
- Фрумкина Р. М. Цвет, смысл, сходство. Аспекты психо-лингвистического анализа. М., 1984.
- Hasan Egep. Fürkque gök kelimesinin türevleri. — Lean Deny arpagani. Ankara, 1958.
- Хасиев З. А. Термины верблюдоводства в западной группе диалектов и говоров азербайджанского языка. АҚД, Баку, 1976.
- Шемякин Н. Ф. Язык и чувство познания. В кн.: Язык и мышление. М., 1976.
- Щербак А. М. Название домашних и диких животных. В кн.: Историческое развитие лексики тюркских языков. М., 1961.
- Шипова Е. И. Словарь тюркизмов в русском языке. Алма-Ата, 1976.



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз . . . . .	3
Бірінші тарау	
Түр-түс табиғатын танып, білу . . . . .	5
Екінші тарау	
Түр-түс табиғатын дәстүрлі түрде тану . . . . .	26
Үшінші тарау	
Түр-түс атауларының тұлғалық ерекшеліктері . . . . .	
Түр-түс атауларының мәні мен мағынасы . . . . .	60
Төрт түлік малдың түр-түстері . . . . .	88
Төртінші тарау	116
Түр-түстің дүниетанымдағы орны . . . . .	
Түр-түс атауларын қолдану . . . . .	126
Әдебиеттер тізімі . . . . .	157



Учебное издание

**Кайдаров Абдуали, Ахтамбердиева Зинаида,  
Омирбеков Байтурсын**

**ЦВЕТОВЫЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ В ЯЗЫКЕ**

*(на казахском языке)*

Редакторы *Н. Сапарбекова*  
Суретшісі

Көркемдеуші редакторы *Б. Табылдиев*  
Техникалық редакторы *О. Рысалиева*

ИБ № 141

Теруге 5.11.91 жіберілді. Басуға 7.08.92 қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>.  
Баспаханалық № 2 қағаз. Әріп түрі «әдеби», «Шығыңқы басылыс. Шартты  
баспа табағы 8,4+0,42 түсті сурет. Шартты бояулы беттаңбасы 10,4. Есептік  
баспа табағы 8,3+0,164 түсті сурет. Таралымы 3200 дана. Тапсырыс № 3261.  
Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Ана  
тілі» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Кітап»  
полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы,  
480124, Алматы қаласы, Гагарин проспекті, 93-үй.



